

ЎЗБЕКЎЛИ
және
МЎДЕНИ МАЙДАН

BEST
SELLER

8-басылым



ӨЗБЕКӘЛІ
ЖӘНЕ
МӘДЕНИ МАЙДАН

Алматы – 2025

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 (5Қаз)
Ө 25

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ ЖОБАСЫ

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы мәдениетп, тарихты және
этнографияны қолдау қоғамдық қоры

Ө 25 **ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН:** Отбасы хрестоматиясы.
С.Керімбай, Ә.Наби. 8-басылым. – Алматы: «Отбасы» Баспа
үйі, – 2024. – 384 б.

Бұл кітапта мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібектің
қызметі мен болмысына экзистенциялық талдау жасала-
ды. Өзбекәлі жайлы естеліктер мен оқиғаларды сараптай
отырып, оның мәдениет саласындағы жанқиярлық күресі
баяндалады.

Кітапта мемлекет құрудағы және ұлттық идеология
жасаудағы мәдениет пен мәдени қайраткердің рөліне
басымдылық беріледі. Соны насихаттау әрі экзистенция
мақамында талдау арқылы оқырманның кеудесіне ұлттық
құндылық пен патриоттық сезімді ұялатады.

Кітап қазақ мәдениеті мен танымына қызығатын оқыр-
манға арналады.

ISBN 978-601-08-3532-0

© «Отбасы» Баспа үйі
© Абзал Құспан



2022 жылдың күзі. Телефоным шыр етті. Құлағыма тоссам, тұтқаның арғы жағынан:

– Аға, сәлем бердік! – деген бойжеткеннің нәзік үні шықты.
– Көп жаса! Айта бер, – дедім.

– «Білгім келеді» деген студенттер клубынан хабарласып тұрмын. Ертең кезекті жиынымыз. Соған келіп Өзбекәлі Жәнібек жайында әңгіме айтып бере аласыз ба? – деп қолқа салды.

Ол кезде Өзбекәлі жайлы жалпылама білгенім болмаса, өміріне терең бойламаған едім. Әлгі қыз қиылып қоймады.

– Жарайды, білгенімді айтып берейін, – дедім.

– Ендеше ертең кешкі сағат жетіде Жамбыл кітапханасында күтеміз, – деп жылы қоштасты.

Келесі күні кітапханаға ертерек бардым. Жиынға дайындалуым керек. Өзбекәлінің «Тағдыр тағылымы» деген кітабын алып, оқи бастадым. Сол кезде алғаш рет оның өмірінің ұңғыл-шұңғылымен таныстым. Әсіресе Торғай облысының мәдени өрлеуі мен экономикалық дамуы қатты таңғалдырды. Сол бөлімдегі ең қызық деректерді түртіп алдым да, кешкі отырысқа тас түйін дайын отырдым. Клубқа жүзге жуық студент жиналды. «Иә, Құдайым, тіл мен жақты сүріндірме» деп іштей сиынып алдым да, әңгімені бастай жөнелдім.

«Құдайдың құдіреті адам арқылы көрінеді» деген сөз-

АЛҒЫСӨЗ

жетік білмейтін сияқтысың. Саған сол дәуір мен оның замандастары жайында аз-кем ақпарат берейін, – деді де бір сағатқа жуық тарихты тарқатты. Кітапта аты аталмай кеткен жұмбақ типтердің бетпердесі сыпырылып, оқиғалар анықтала түсті. Сахнаның арғы бетін тамашалағандай көзім шайдай ашылды.

– Інім, енді саған бұйымтайым бар. «Ел үшін туған ерлердің қалам ұстаған ақында алынбаған ақысы бар» деген. Сол ақысын өте! Осы істі қолға алған екенсің, Өзбекәлі жайлы еңбек жаз. Жаңа бұын оны танып өссін. Өзағаңмен замандас болып, оның көзін көріп, қызметтес болған кісілер қазір де тірі. Соларға хабарлас та, сұхбаттас. Деректерді жинап ал! Телефон нөмірін тауып берейін. «Сенімөн жолықсын» деп өтініш те білдірейін. Шаршадым деме! Жатпай-тұрмай осы істі қолға алып, абыроймен ақтап шық! Жастар оның өнегелі өмірінен шабыт алып, Өзбекәлі сияқты мәдениет үшін күресетін қайраткер болсын! – деді.

Осылайша мойныма еріксіз борыш жүктеді. **Адамдық борышты** арқалаған МӘҢГІЛІК БОЛМЫСТЫҢ бір қасиеті осы. Оның өміріне жанап кетсең, өзіңнің де мойныға бір борышты арқалатып жібереді.

Құрметті оқырман! Бұл кітапты оқып біткенде сіздің де мойныңызда бір борыштың ілініп тұратынына күмәніңіз болмасын. Бірақ ол борыштан шошымаңыз. Бұл сіздің бағыңыз болуы әбден мүмкін.

Нұрбах Рүстемовпен ауызша ұағдаластық. Іздегенге – сұраған. Бір айдан соң, 2022 жылдың желтоқсан айында Алматы қаласында Өзбекәлі Жәнібекті еске алу шарасы ұйымдастырылды. Өзбекәлі атамыздың ұрпағы осы жиынға мені шақырды. Өзбекәлінің әлеміне тереңдеп кіре бастадым. Түрлі дерекке қанығып, балаларын көріп, бір жасап қалдым.

Жиыннан соң Өзбекәліні зерттеу сапарым басталды. Елші мырза сөзінде тұрды. Жасы келіп, күтімге мұқтаж боп отырған кірпияз қариялардың бәрін дерек беруге көндірді.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

Асыққанымыз қандай жақсы болған! Себебі ең жас куәгердің өзі бұл кезде жетпіс бес жаста болатын.

Алдымен Алматыда тұратын Никара Абаевамен жолықтым. Сосын ат басын Қапшағайға бұрып, Нұрлан деген тұысымен таныстым. Астанада Тоиған Ізім, Қойшығара Салғараұлы, Ниетжан Өзбекәліұлы, Мұхтархан Манапов және Мырзатай Жолдасбекпен сұхбаттастым. Атырауға барып Гүлжан Талпақованың әңгімесін тындадым. Қостанайда Ибраһим Ағытайұлымен тилдестім. Шымкентте Раиса Райымбекованың үйінде қонақта болдым. Түркістанға келіп Өзбекәлінің немере інісі Нұржан Серіммен жүзбе-жүз сөйлесудің сәті түсті.

Маған сұхбат беруге келіскен кісілердің бірі Сергей Терещенко еді. Онымен хабарласқан кезімде: «Қазір қарбаласпын. Келесі айда хабарлас! Айтып беремін», – деген. Өкінішке қарай ол кісі он күннен соң о дүниеге аттанып кете барды.

Астанада Абылайхан Қалназаров деген жігіт те біраз ақпарат жинауға көмектесті. Оның үйінде қонақта болдық. Өзі Өзбекәлінің ауылдасы, мәдениеттанушы, философ. Ол да «Өзбекәлінің лидерлік стандарты» деген кітап жазуға ниеттеніп жүр екен.

Әрі қарай кітапханада отырып, Өзбекәлі жайлы жазылған деректерді ақтардым. Байқағаным, Өзбекәлітануда жазушы, ғалым Құлбек Ергөбек көп естелік сақтап қалуға тырысқан. Ол Өзағанның соңғы сәтіне дейінгі оқиғаны хаттап, кәдімгі жылнамашы құсап жазба жүргізген. Осы деректерді назардан өткізіп, оқиғаларды рет-ретімен қойып, қолдан келгенше экзистенциялық талдау жасауға тырыстық.

Құрметті оқырман! Бұл кітапты соңына дейін оқып шықсаңыз, Өзбекәлі Жәнібектің мәңгілік БОЛМЫСЫМЕН әсерлесесіз. Бәлкім, сіздің де іштей ыдырап, мәні мен маңызы қаша бастаған сүреңсіз өміріңізге Файыптан сәуле түсіп, мағыналы ғұмыр кешуіңізге септігі тиіп қалар...



ШАҢҚОБЫЗ

ҚЫЗДАРҒА ҚОРҒАН ТАБЫЛДЫ

- Қаулының жобасына неге қол қоймадың?
- Григорий Андреевич, солярка сасыған қызға қандай жігіт жолайды? Қыздың келешегін ойлау керек. Мыңдаған еркек офисте қағаз кеміріп отыр. Трактор айдайтын адам табылмаса, соларды жіберейік. Керісінше, қыз-келіншектер кеңсеге ауысса, ұқыптылық пайда болады, – деді ол.
- Сол сәтте М.Батраков орнынан ұшып тұрып:
- Көрдіңіз ғой, Григорий Андреевич, бітіп тұрған шаруаны комсомол хатшысы әдейі қиындатып отыр, – деп безілдеді.
- Сіз әлі де түсінбей тұрсыз. Мен трактор бригадасына қарсы емеспін. Бригада құрылсын! Жұмысын жасай берсін! Бірақ бригаданы қыз-келіншектен жасақтауға үзілді-кесілді қарсымын!
- Неге қарсысың? Олар барса не болады?
- Ештеңе болмай ма?
- Не қылады екен?!
- Ендеше өзіңіз әйеліңіз бен қызыңызды тракторшының курсына жіберіңіз. Сіз жіберсеңіз, мен құжатқа қол қоямын. Бірақ олай етпейтініңізге сенімдімін. Біреудің әлпештеген

ӨЗБЕКӘЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

әйелі мен еркелеткен қызын ауыр жұмысқа үгіттеп, егіске айдап салу – оңай іс. Кезек өзіңе келгенде кібіртіктеп қаласың, – деді қаймықпай.

Оның кескінінен «мен тірі тұрғанда ешбір қазақ қызы трактордың рөліне отырмайды» деген кесінді рай білініп тұрды. Содан болар, мысы басып М.Батраковты ықтырып қойды. Ол айтарға сөз таппай тосылды.

Осы кезде үнсіз отырған Г.Рогинец сынып кетп ме, әлде аяқ астынан шыншыл болып шыға келді ме, белгісіз?! Бірақ:

– Хатшы дұрыс айтады. Әйелден бригада құруға мүдделі адамның бірі – мен. Сөйте тұра оған қарсымын. Соғыс кезінде талай әйел тракторға отырған. Солардың 30 пайыздан астамы кейін бала көтере алмай қалды. Осыны ескермесе болмайды, Григорий Андреевич, – деп мұның жағына шықты.

Бұдан соң олардың алдыңғы арыны басылып, жұмсарып сала берді. Ақылдаса келе:

– Арнайы қаулы керек емес. Қыз-келіншектен бригада құрғысы келгендер алдымен оған жағдай жасасын. Сосын барып бұл мәселеге қайта айналып соғамыз, – деп тарасты.

Бұл дау 1965 жылдары Григорий Андреевич Мельниктің кабинетінде болып жатыр (ол 1963-1972 жылдар аралығында Орталық комитеттің хатшысы болған). Дау былай басталған: республикалық «Казселхозтехника» бірлестігі «қыз-келіншектен егістікке трактор бригадалары құрылсын» деген кесір ұсынысты өкіметке ұсынған.

М.Батраков – осы қаулыны ұсынған бірлестіктің төрағасы. Ал Г.Рогинец – Ауыл шаруашылығы министрі. Осы үш мықтымен тіресіп отырған отыз төрт жастағы Комсомол хатшысы – Өзбекәлі Жәнібек. Біздің кітаптың басты қаһарманы осы жігіт ағасы болмақ.

Комсомолдың қырсық хатшысы карьерасын бәйгеге тігіп, не үшін өкіметпен тіресіп отыр? Себебі ол «қыз-келіншек бригадасы» дегеннің астарында «қазақ қыз-келіншегі» деген солақай саясат жатқанын жақсы біледі. Мұндай ауыр

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

жұмысқа жегілгенде үлбіреген қазақ қызының нәзіктігінен төрт-бес жылда түк те қалмайды. Бұл жұмыстың ауырлығы табиғаты қолайлы оңтүстік аймақта онша білінбейді. Бірақ ауа райы қатал солтүстік өлкеде трактор айдаған әйелдер бала таппайтын бедеу болып қалатын. Бір қызығы, ақжүрек Рогинец мұны жақсы біледі және ол да бұл қаулыға қарсы.

Дәл осы уақытта орыстың қыз-келіншектері Алматыға пропискаға бірден тіркеліп, оп-оңай пәтер алып, астың асылын ішіп, тонның қамқасын киіп, сенбі-жексенбіде Медеуде коньки теуіп жүретін. Бұл қаулының түбін қазсаң, жіптің ұшы кремльге тіреледі. Ондағы сұмбайы коммунистер Қазақстанда мәдени геноцид жүргізіп жатқан. Яғни қазақ жұртын сталиндік кезеңдегідей аштықпен қырып, тұрпайы жолмен атып, итжеккенге айдап, физикалық түрде жоя алмайтын. Қолайлысы – мәдени геноцид жүргізу.


Ол былай болады: қазақтарды қалаға жолатпайды. Жігіт тұрмақ, қызының өзін оқуға түсірмей, қара жұмысқа жегеді. Жолы болып қалаға орнықса да, баласын қазақша оқытуға мүмкіндік бермейді. Қазақ мектебі мен балабақшасын қолдан тұншықтырады.

Осыншама тегеурінді мәдени геноцид күшінде тұрғанда отыз төрт жастағы Өзбекәлі қорықпай өкіметтің саясатына қарсы қимылдап тұр. Ол биліктің тетігін жақсы біледі. Ереже бойынша комсомолдың бірінші хатшысы қол қоймаса, партияның ешбір қаулысы жүзеге аспайтын.

Алматыдағы коммунист көсемдер мұндай қарсылыққа алғаш рет тап келіп тұрса таңғалмаңыз. Себебі бұдан бұрын да жоғарыдағы шенеуніктер ешкіммен ақылдаспай, желігі басылмаған жастарға ұнай кететін түрлі ұран ойлап тауып, комсомолдарды елдің кез келген түкпіріндегі қара жұмысқа сұраусыз сала беретін. Өзінен басқаны жағымсыз жұмысқа жегу – Ресей империясынан мирасқа қалған дерт. Әріге бармай 1916 жылдың «Июнь жарлығын» еске алыңыз. Ақ патша бұрынғы үдесін жұтып, қазақтарды I дүниежүзілік

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

соғыстың қара жұмысына жеккен. Торғайдағы көтеріліс содан шықты. «Теңдік» әпергіш «әділ» совет өкіметі орнаған соң да, қазақтың бағы жанбады. Қазақ ұландарын советтік ұрандармен көрінген саланың қара жұмысына жұмсай беретін. Өзбекәлі комсомолдың бірінші хатшысы болған соң осындай қауіпті қаулылардың желкесін қиды. Оның аргументі мен аруағының үстем түскені сонша, сол кездегі орталық комитеттің екінші хатшысы Н.Титов Өзбекәлімен санасып қана қоймай, қолдауға мәжбүр болды. Ол кезде екінші хатшы – Қонаевтан кейінгі екінші адам. Биліктегі мұндай ықпалды кісіні ықтыру немесе дегеніңе көндіру оңай шаруа емес. Бәлкім, қауіпті...



ЖЕҢІГЕН

ҰРДА-ЖЫҚ ҰРАН

1963 жылдардың басында Семей облысының Шұбартау ауданында басталған «қой бағу» ұраны бірнеше жылда Қазақстанды жайпап кетті. Ұранның әсерлі болғаны сонша, мектепті алтын медальға бітірген оқушының өзі қой бағып, өкіметке ет өткізуді абырой санаған. Осындай ұранның тұзағына түсіп қалған аңғал қазақтың бірі – тарихшы Қойшығара Салғараұлы. Кітап жазу барысында онымен сұхбаттастық. Ол

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Торғайда Өзбекәлімен істес болған екен. Сұхбатта бұй деді:

«Мектепті жақсы оқыдым. Кітапты бір оқысам, түгел жаттап аламын. Мені бәрі Алматыға барып, ғылым қуып, ғалым болады деп ойлаған. Аудан деңгейінде танылып та қалған шамам бар. 1957 жылы «Лениншіл жас» газетіне қой бағуға кетіп бара жатқан жастардың тартымды фотолары шықты. Ол кезде тоғызыншы класта оқимын. Сол ұранға елтіп, жатсам-тұрсам «100 қойдан 130 қозы алу» деген арманға матамалдым. Сабағым нашарлап кетті. Кітап оқуға деген ынтам азайды. Мектепті бітіре сала өзім сұранып, малға аттандым. Сол жылдары екі-үш жыл қой бақпасаң, аттестатыңды бермейтін. Кіммен сөйлесем де: «Өкіметке ет керек», – деп күлініп сөйлеймін.

Бір күні ауылға бұрыннан таныс, көзі ашық райкомның бір басшысы келеді. Ол Қойшығараны көріп:

– Әй, сен бала, мұнда не істеп жүрсің? – деп сұрады.

– Не істеп жүргені қалай? Қой бағып жүрмін, – дедім майданның шебінде тұрған жауынгер құсап.

– Мен сені ғалым болады деп ойласам, – деді ол күрсініп.

– Отанымыз СССР-ге ет керек! Ол үшін мал басын көбейту қажет. Бұл да бір ғылым, – деп соғып тұрмын.

– Әй, басты қатырма! Қойды жаздың басына дейін бағасың. Сосын Алматыға оқуға жіберем. Дайындала бер.

– Мен бармаймын. Бәріміз оқу құсақ, малды кім бағарды? Өкіметке кім ет береді?

– Сен бала, не білесің? Мұның астарында қисық саясат жатыр. Елге шамшырақ болып, жол көрсететін өзіңдей ақылды азаматтар қой бағып, жайына кетп. Ертең осының кесірінен ел азады. «Ақылдының мал табуға септігі жоқ, ақымақтың мал табуға кемдігі жоқ» деген. Қойды кез келген адам баға алады. Тілің мен жағыңа сүйенбей, Алматыға бар! Не саясат екенін барғасын көресің, – деп ашуланды.

Райкомның айтқаны айнымай келді. Сол кездегі Киров атындағы ҚазМУ-ге тускен соң қазақ ұлтының қандай ая-

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

нышты хәлде екенін көзбен көрдім. Журналистиканы бітіріп, тұлғалармен тілдескенде бұл тақырыпқа терендей түстім. «Бақсам, бақа екен» дегендей, қазақтың төл тарихын оқуға тыйым салынған екен. Осыған ерегесіп, мен кейін тарих ғылымына ауысып кеттім».

Дәл осындай оқиға Әбіш Кекілбаевтың да басынан өткен. 1955 жылы Нұртас Ондасынов «мәдени айдауға» ұшырап, қызметі төмендетіліп, Гурьев облысы Атқару комитетінің төрағасы болып бекітіледі. Бірақ тағдыры оны талантты жазушының бағын ашу үшін мұнда әкелгендей көрінді. Себебі сол жылы мектеп бітірушілерді қой бағуға жіберіп жатқан. Нұртас мұның алдында ғана Әбіштің бір мақаласын газет бетінен оқып, жазу қабілетін байқаған еді. Бір күні ол қой бағып жүрген жастар бригадасының тізімінен Әбіш Кекілбаевтың атын оқып қалады. Дерек оны өзіне шақырып, мән-жайды түсіндіреді де, Алматыға оқуға жібереді.

* * *

Бірде Өзбекәлі Кентауға жиынға барды. Облыс басшысы:

– Жақында Кентаудың жастары мал бағуға аттанады. 100 қойдан 130 қозы алатын батырлар бізден де шығады, – деген ұранды түйдек-түйдегімен төгіп тұр екен. Мұны естігенде Өзбекәлінің қаны басына шапты. Шыдай алмай:

– Білдей облыс басшысысыз. Сізді түсіне алмадым. Біз қазақ жастарын өнеркәсіптің сан саласына беиімдей алмай жатырмыз. Маманданған қазақтың саны санаулы. Аз қазақты тиімді пайдаланудың орнына оларды неліктен қалаға емес, қырға қуып жатырсыз? – деді.

– Жо-жоқ, мені дұрыс түсінбедіңіз. Қой бағуға қазақтар ғана емес, өзге ұлт өкілі бірге аттанады, – деп басшы ақталғандай болды.

– Осы сөзіңізге өзіңіз сенесіз бе? Қойшылыққа қазақтан басқа орыс не татарды, гректі жібере алмайсыз ғой. Әлде

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Степановты ұмытып қалдыңыз ба? – деп ұраншыл басшының аптығын басып тастады.

Себебі мұның алдында ғана мамандығы слесарь Степанов деген орысты Созақ ауданындағы «Құмкент» совхозына қойшы қылып жіберген. Безіп кетпесін деп жағдайын да жасаған. Ол соның өзінде бұл шаруаның азабына төтеп бере алмапты. Бір ай болмай жатып Шымкенттегі жылы ұясына тайып тұрған.

Осындай оқиғаның бірі Отырар ауданында да жүріп жатты. Шәулдір ауданының басшысы Тайбеков мектеп бітірген жастардың қолына комсомолдың қызыл туын ұстатып, қойшы ауылдарға лек-легімен аттандырып жатқан. Өзбекәлі оған да тосқауыл қоюға тырысып:

– Ең болмаса, қыздарға тиіспендерші. Қойшыға күйеуге тисе, онсыз да қойшы болады ғой. Бәрін бірдей малға салатындай бастарыңа не күн туды? – дегенде ісіне адал парто-рг:

– Амал жоқ, тапсырма солай! – деп шынын айтып қойды.

Өзбекәлінің «қойшыға тисе, онсыз да қойшы болады» деген ымбалын былай пайымдауға болады. «Жас жігітпң бәрін қойға құдың. Олар енді оқи алмайды. Өмір бақи қойшы болады. Енді оқыған қызың да амалсыз қойшымен тұрмыс құрғанда оның да оқуы жайына қалады. Яғни «жапалақпен тасты ұрсаң да жапалақ өледі, таспен жапалақты ұрсаң да жапалақ өледі» деген ақиқатты астарлап тұр. Ол кезде мек-тепті жаңа бітірген он жеті жасар қызды айдалаға апарып, еркектердің арасында қой бақтыру қауіпті болатын. Қорғансыз қызға үнемі қатер төніп тұратын. Олардың талайы абыройдан айырылып, аборт жасатып, тағдырын күлталқан қылды. Осы нүктеде Шыңғыс Айтматовтың «Қош бол, Гүлсарысын» еске алыңыз.

Бұл оңбаған ұран ұлы жемісін жылдам берді. Бір жылдың ішінде-ақ қаладағы үлкен оқуға аттанатын қазақ жастарының саны екі есеге кеміп кетті.



ДАУМЛАПАЗ

МӘДЕНИ МАЙДАННЫҢ БАСТАЛУЫ

Қалай десең де, қазақты қараңғы халыққа айналдыру процесі іске қосылды. Миы коммунистік партияның идеологиясымен ұланып қалған облыс пен аудан басшылары астына «Волга» мініп, қолына қызыл тү алып ұрандатып шауып жүрген. Мұндай үлкен маховикке жалғыз Өзбекәлі қарсы тұра алмайды. Оның үстіне сол кездегі Қазақ ССР-нің бірінші хатшысы үнсіз қалды.

Ұранға елтіген жастар лек-лек болып қойшы ауылға аттанып жатқан. Жамандықты көш жерден сезетін Өзбекәлі мұның түбі ұлттық апат екенін түсінді. Яғни қазақтар Канаданың алыс аймағында түкке жарамай, резервацияда қалып қойған байырғы ұлттың өкілдері (үндістер) сияқты екі буын ауысқан соң мал баққаннан басқа түк білмейтін мешеу ұлтқа айналары хақ.

Өзбекәлі енді күрестің басқа тәсілін тандады. Қойшылар оқу-ағарту өнімдері мен мәдени құндылықтан кесіліп қал-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

мас үшін оларды осы әлсіз тарапынан қолдап, қолпаштап, мәдени өніммен қамтамасыз ету жағын қолға алды. Алдымен портативті радиоқабылдағыштар жөнелтілді. Енді кез келген қойшы Қазақ радиосы мен Шалқардың таратқан ақпаратын жайлауда жүріп-ақ қиналмай тыңдайды. Мүмкін болған аймақтарға шағын электростанциялар орнатты. Қойшылар сығырайған майшамнан құтылып, цивилизацияға жалғанып алды. Көшпелі моншаға тапсырыс көбейді. Ыстық су арқалаған үлкен көліктер шопандарды аралап, апта сайын отбасымен моншаға түсіретін. Сол заманның орасан байлығы – ағаш жиһаздарды да жеткізіп берді. Оқу-тоқу ісінде қарайып қалмасын деп жайылымдарда оқу пункттерін ашты. Газет-журнал мен көркем әдеби шығармаларды жылдам жеткізу жолға қойылды. Осы стратегияның ұтымды болғаны сонша, кейбір шопандар қаладағы онша-мұнша оқымысты қазағыңмен аттан түспей сөйлесетін деңгейге дейін жетті.

Әдетте қоғам идеалсыз өмір сүре алмайды. Олар болмаса, тәжірибесіз жас бұын жігері мен қайратын баянсыз іске сарп қылады. Абайдың сөзімен айтсақ, болмасаң да ұқсап бағатын бір тұлға керек. Ауыл-аймақтағы қазақ жастарының бәрі 100 қойдан 130 қозы алатын Социалистік Еңбек Еріне жаппай еліктей бастаған. Провинциядағы дилетант ақындар мен композиторлар оларға өлең арнап, идеалға айналдырып жатқан. Оқушылар бұл өлеңдерді жатқа оқып, ұранға елтіп «Өскесін қойшы боламын!» деп кеудесін ұрып мақтанатын. Сол кезде әр ауылда әнге қосып, мақтанып айтатын өз шопаны бар еді.

Шопан ер, естіп пе ең Мұқан ерді?
Неше рет осы топқа талай келді.
Омырауда қос ордені жарқылдаған,
Шіркін-ай, жақындатқан алыс жерді.
Жүз қойдан он мың қойды өзі өсіріп,
Осындай бір тамаша өнім берді.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

* * *

Атақты шопаным бар Біргебаев,
Табысы қанаттанған ірге жайып.
Жүз қойдан жүз қырықтан төл өсірді,
Табыскер өресі өскен елге лайық.

* * *

Туып өскен жерімде
Күн құлағы шығып тұр.
Тана қашып, тай тоқтап,
Саулық егіз туып тұр.
Жүз саулықтан жүз елу
Қозы өсіріп беріп тұр.
Шопандар мен жылқышым
«Құтты құрық» болып тұр.
Қартабаев Сатылған,
Еңбектері ағылған.
Жүз биеден жүз құлын
Аман-есен қосылған.

Бұл – қауіпті тенденция. Ұлт өзінің интеллектуал потенциалын бір ғана кәсіптің жолында жоғалтатын түрі бар. Сол кездегі геройлар туралы ел ішінде мынадай күлкілі әңгіме бар:

Бірде Бауыржан Момышұлы пойызбен жол жүріп келе жатып, Еңбек Ері жұлдызын омырауына таққан бір кісімен сапарлас болыпты. Пойыз қозғалып, ұзақ жолға бет алған кезде Баукең:

– Ал енді таныспаймыз ба, бір үйге тіреу болғандай бойсойыңыз бар екен, кім боласыз? – депті.

Баукеңнің сөзіне бейтаныс қазақ ыңырана жауап беріп:

– Кім екенімді көрмей отырсың ба, герой боламын! – дейді. Бұл жауап Баукеңе ұнамады да, қатқылдау үнмен:

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

– Бұл Батыр атағын не үшін алдыңыз? – деп сұрайды.

– Жүз биеден жүз құлын алғаным үшін! – депті бейтаныс қазақ. Сонда Баукең:

– Айғыр шапты, байтал тапты, оған сенің қандай қатысың бар? Герой атағын саған емес, жүз биеге жүз құлын таптырған айғырға беру керек. Текке мақтанып отырсың. Ал мына мен Москва түбінде – Волоколамск тас жолында қалың жауды жайратсам да, омырауыма медаль таққам жоқ. Бірақ халық қойған Батыр атағым бар! – деген екен.

Мұны естігенде бейтаныс қазақ орнынан атып тұрып:

– Баукең екенсіз ғой, ағасы менен бір әбеспк кетп, кешіріңіз! – деп қолын алған екен деседі.

* * *

Совет өкіметі кезінде қолдан жасалған қаһармандар ғана насихатталған. Осының кесірінен қазақтың жас буыны өмірдің асыл мұратын дұрыс көздей алмайтын. Өмірде шалыс басу, адасу, шатасу, сәтсіз қартаю, абыройсыз өлу деген сияқты экзистенциялық апаттың бәрі даңқы өшпес батырлар мен болмысы өлмес әулие, хазірет, ишан және бишешендерді танымағаннан басталатын. Осындай қауіпті түсінетін кейбір зиялылар қолынан келгенше ықпал ету аймағын пайдаланып, студент шәкірттерінің санасына енгізуге тырысатын.

Актер Тоқсын Құлыбеков мынадай естелік айтады:

«Біз сегіз бала екінші курстан бастап Асқар Тоқпановта оқыдық. Тоқпановтың әр сабағы Абайдан басталатын. Бірде ол менен:

– Сен қай жақтансың? – деп сұрады.

– Талдықорғаннан, – дедім.

– Наймансың ба, жалайырсың ба?

– Жалайырмын.

– Жалайырдың игі жақсыларынан кімді білесің?

– Нұрмолда Алдабергенов – екі марте Еңбек ері, Жазылбек

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

Қуанышбаев... (бізде Талдықорғанда қызылшадан батыр болғандар көп қой, солардың атын да тізіп ала жөнелейін).

– Әй, атаңа нәлет!– деді бір кезде Асекең, – Ескелді, Балпықты неге айтпайсың? Қабан жырауды неге айтпайсың? Бақтыбай ақынды неге айтпайсың? Сенің «дважды геройларың» маған бес тиынға да керегі жоқ. Маған өкіметпң қолдан жасаған геройларын айтпа!

Содан кейін маған екі сағат Ескелді, Балпық туралы лекция оқыды. Осыдан бастап осы әулиелерді біле бастадым».

* * *

Өзбекәлінің бағына орай Ілияс Омаров деген шенеунік оны қолдады. Ол Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы төрағасының бірінші орынбасары болатын. Ол Өзбекәлінің мәдени ағарту жоспары мен жобаларын қуаттады. Әдебиетте Олжас Сүлейменов, Тұманбай Молдағалиев, Сәкен Жүнісов сияқты жас таланттардың төбе көрсеткенін есіне салды. Сөйтп де: «Сен осыларға қамқоршы бол!» – деп Өзбекәліге тапсырды.

«Іздегенге – сұраған» деген осы. Жас талант көрсе танытқысы келіп тұратын Өзбекәлі дарынды жастарды идеалға айналдырумен шындап шұғылданды. Көп ұзамай Олжас Сүлейменовтің даңқы дүрілдеді. Артынша оған еліктейтін қазақ жастарының шоғыры пайда болды. Олжас сияқты Алматыда білім алу, әдемі киініп журу ауылдағы оқушының арманына айналды.

Ал Тұманбай болса, Өзбекәлі ұйымдастырған комсомолдар бюросына разы болғаны сонша, ол бірде: «Болашақта менен танымал ақын шығатын болса, осы бюроға өлгенше қарыздар боламын», – депті. Осы бюроға қатысқан Тайыр Жароков Өзбекәлінің жас таланттарға көрсеткен жәрдеміне қызығып: «Әй, Өзеке, жастарға қамқор болғаның дұрыс. Бірақ біз сияқты кәрі комсомолдарды да ұмытпасаңшы», – деп ағынан жарылыпты.



ОРТЕКЕ

ҒАНИ МҰРАТБАЕВ ФЕНОМЕНИ

Өзбекәлі Жәнібек 1956 жылы ауданнан көтеріліп, Шымкент облысының комсомол ұйымына бірінші хатшы болып келді. Қазақ жастарына идеал табу деген проблема бұл кезде шегіне жетіп тұрған. Осыдан жиырма жыл бұрын қамыстай қаулап шыққан Алаш арыстарын Сталин баудай қырған. Репрессиядан аман қалған сол кездегі атқамінер қазақтың бәрі алаштықтарды ұмытпаған. Олар жайлы шағын жиындарда сыбырлап қана сөйлесетін. Сол кезде ұмыт бола бастаған қазақтың бір арда азаматын ұлықтауды қолға алды. Ол – Ғани Мұратбаев.

Осы бір таңғажайып тұлғаның атаусыз кетіп бара жатқаны Өзбекәлінің арқасына аяздай бататын. Одан басқа танымал тұлғаны жарнама жасау қауіпті. Атылмасаң да, айдалып кетесің. Тым болмағанда карьераға мәңгі бақи крест қойылады. Ол кезде Өзбекәлің тұрмақ, даңқы жер жарған Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Ахмет Жұбанов сияқты академиктер осыдан терт-ақ жыл бұрын қудаланып, Мәскеу жағалап жүріп, әуірімдеп аман қалған. Ал бағы жанбаған

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

Ермұхан Бекмаханов, Қажым Жұмалиев, Бекежан Сулейменов, Қайым Мұхамедханов, Есмағамбет Ысмаилов сияқты ірі ғалымдардың өзі жиырма бес жылға сотталып кеткен.

Осындай қауіпті кезеңде Алматы мен Мәскеуге бірдей жағатын әрі қазақ халқының да жүрегiнен орын алған идеал тұлға табу қиын. Аман қалған зиялылар Ленинді ұлықтап, басының амандығын олжа етті. Қандай да бір артық қимыл жасау үшін тәуекелге бел бууың керек.

Өзбекәлі Шымкентке келген бойда Ғанидың тұлғасын жастарға танытуды қолға алды. Аға буын Ғаниды онсыз да жақсы билетін. Себебі Ғани Тәшкенде жүргенде кәнігі ұрықарыға айнала бастаған қаңғыбас қазақ балаларын қуысқуыстан іздеп тауып, жуындырып-шайындырып, интернатқа жатқызған. Соның бірі – профессор Бейсенбай Кенжебаев. Оның интернатқа келіп түскені жайлы А.Анисимова деген әйелдің «Оны Ғани деп атады» деген естелігі бар:

«1920 жылы Ғани Тәшкен базарынан ұрлықпен айналысатын алты баланы ұстап әкелді. Ішіндегі атаманы Бейсенбай екен. Ғани оларды базардағы саудагерлерден нан мен жеміс ұрлап, соны бөлісіп жатқан жерінен ұстап алып:

– Алдымен өзімді таныстырайын. Менің атым – Ғани, әкемнің аты – Мұратбай. Қасымдағы жігіттің аты – Әбдікәрім. Сендерді көптен бақылап жүрміз. Мына істерің жарамайды. Ұрлық-қарлықпен өмір бақи тіршілік ете алмайсындар. Бір күні қолға түссендер, жазаларыңды береді. Жүріңдер, сендерді интернатқа апарып орналастырайық. Сонда оқытамыз. Бұрынғыдай ұрлықпен күн көрмейсіндер. Ыстық тамақ пен жылы төсек дайын. Бұған не дейсіндер? – дейді.

Балалардың атаманы Бейсенбай бас изеп келіседі. Ол кезде Бейсенбай Ғанидан екі жас кіші. Осылайша оларды Тәшкендегі №4 Балалар үйіне әкеледі. Ғани оларға орысша дәріс беріп, сауатын ашқан», – дейді.

Бейсенбай Кенжебаевтың өзі де «Менің тағдырымда

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Ғани Мұратбаев шешуші рөл атқарды» деп еске алады. Ал осы Бейсенбай Кенжебаевтан білім алған Мұхтар Мағауин, Мырзатай Жолдасбеков, Немат Келімбетов, Рымғали Нұрғали, Алма Қыраубаева, Қойшығара Салғараұлы, Ханғали Сүйіншәлиев, Құлбек Ергөбек сияқты ғалымдар легі қазақ аспанында шамшырақ болып жанып тұр.

Ғанидың осы ізгілікті істің құмарына кіргені сонша, 1920 жылы бір жолдасына жазған хатында: «Ғылымсыз, оқусыз еш нәрсе болмайды екен. Биыл қара табан кедей жастардан 500 баланы оқу орындарына орналастырсам деп жүрмін», – дейді.

Ғанидың қамқорлығын көрген балалардың бірі – белгілі ақын Асқар Тоқмағанбетов. Ол: «Біз оның шағын кабинетіне түгел сыймадық. Қырыққа жақын орыс, қазақ, қырғыз, өзбек балалары оны қаумалап тұрып алдық. Бізді Пушкин көшесімен профшкола дейтін су мұрабтарын даярлайтын мектепке әкелді. Ғани күні бойы жүріп, бәрімізді осы мектепке орналастырды», – дейді.

Ғани қырғыздың халық ақыны Аалы Тоқамбаевты да бала кезінде қаңғып жүрген жерінен тауып алып, интернатқа әкелген. Ол: «Ғаниды ел сүйетін. Жетімдердің қамқоры еді», – деп тебірене еске алады.

Ғанидың қамқорлығын көрген және бір қайраткер – Нұртас Оңдасынов. Ол да Ғанидың «тұтқынына» түскенде он бес жаста, ал Ғани он жетіден енді асқан.

Шақпақ Артықбаев деген зиялы бұй деп естелік жазады: «Ғани 250 студентке қамқор болып, бір айлық ақшасын түгел беріп жіберетін. Өзін жастар үшін құрбандыққа шалған қандай кең жүрек! Мұндай қамқорлықты ашаршылықта емес, ит басына іркіт төгілген заманда да екінің бірі жасай алмасы шындық. Бұл қамқорлықты кім ұмыта алады?! «Аштықта жеген құйқаның дәмі кетпейді» дегендей таршылықта, қысылтаянда біреу-екеу емес, 250 студентке көрсеткен қамқорлықты ұмытуға бола ма?!»

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

Профессор Әбубәкір Диваев 1920-32 жылдар аралығында Түркістан өңіріне экспедиция жүргізіп, жергілік халық ауыз әдебиетін жинап қалуды ойлайды. Ол көзі ашық ғалым ретінде қазақ халқының ғасыр алмасатын жауапты кезеңде тұрғанын түсінді. Көшпелі өмір күннен-күнге келмеске кетіп жатты. Енді көшпелі цивилизация өндірген таңғажайып ауыз әдебиеті бұрынғыдай өнімді болмайды. Ресейде басталған азамат соғысының қазақ еліне зияны тиіп, бір шетін шарпып өткен. Бұған дейін малының көптігінен сиыр етін жемейтін бақуатты қазақ аштықты алғаш сезіне бастады. Жайылымның тарылып, малының қырылуы және кәмпескеге түсуі аштық тудырды.

Әдетте біз «аштықта пәлен миллион адам өлді» десе, қаптаған биологиялық денелер өлді деп қабылдаймыз. Сөйтеміз де «өткенге салауат», «орнында бар оңалады», «өзекті жанға бір өлім» деп жеңіл қабылдаймыз.

Алапат апаттың ең үлкен зияны мынау: аштықта өлген өнерлі кісінің жүрегі мен санасындағы қисапсыз құндылық қоса құриды. Мысалы, жыршы, күйші, әнші, шежіреші, қисашы, дін ғұламалары өліп қалса, олардың бойындағы құндылықты қайтара алмайсың. Сондықтан да аштық апатының моральдық шығынын ешкім, ешқашан өтеп бітпейді. Ал құндылықтан айырылған ұрпақ рухани азуға бейім тұрады. Осындай қауіпті сезген Диваев ел аузындағы құнарлы әңгімені жазып үлгеру үшін экспедиция ұйымдастырады. Осы міндеттің бір шетін көтеруге Ғани кіріседі. Ол профессорды интернатқа ертіп әкеліп, онда жатқан балалардан ертегі, аңыз, қисса, тақпақ, жұмбақ, жаңылтпаш жазып алады.

Дәл сол жылдары Польшадан жер ауып келген музыкантанушы Затаевич қазақ әндерін нотаға түсіріп жинап жүрген. Ғани оған әйгілі «Дудар-ай» әнін ыңылдап айтып береді. Бұл ән Затаевич үшін таптырмас қазына болды. Қазір «Дудар-ай» әні қазақ өнерін әйгілеп тұратын әсерлі өлеңнің біріне айналды.

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Күні кешеге дейін қоғамдық пікір қалыптастыруда ықпалы зор болған «Жас Алаш» газетін де алғаш ашқан Ғани.

Большевиктер 1920 жылы «Алаш Орда» үкіметін талқандап таратқан соң көсемдері қысымға түсті. Үміт үзіліп, «Алаш» атауы қайта келместей болған. Сол жылы Ғани батыл түрде «Жас Алаш» деген газет ашып, алаштың жас буынын дайындап жатты. 1921 жылы жауапты хатшы қылып Ілияс Жансүгіровті бекітеді. Сол кезде «Жас Алаш» газетінің атын өзгерт, ұлтшылдық лебі еседі» деп оған шабуыл күшейген. Бірақ Ғани көнбей, сол атауды қалдырады. 1925 жылы Ғани дүниеден өткен соң ол газеттің атауы «Лениншіл жас» деп өзгертілді. Тәуелсіздік алғаннан кейін бұрынғы атын қайта иемденді.

Ғалым Амантай Шәріптің пікірінше, Ғани Мұхтар Әуезов, Файзолла Ғалымжанов, Мұхамеджан Тынышбаев, Халел Досмұхамедов сияқты алаш қайраткерлерін үлгі етіп, бой түзейді. Тіпті Қазақ-қырғыз институтындағы сауық кешінде Міржақып Дулатұлының «Балқия» драмасын қойған.

Ғани жиырма үш жасында дүние салды. Қамқорлығын көрген қазақ, өзбек, қырғыз жастары оны өлгенше ұмытпады. Бірақ 1960 жылдары оның есімі жаңа буынның жадынан өше бастады.

Өзбекәлі Шымкентке келе сала Ғаниға ескерткіш қоюды қолға алды. Сол заманда оның қол астында істеген жас комсомол Раиса Ахметова мынадай естелік айтады:

«Өзбекәлі Ғанидың тұлғасына ғашық. Жатса-тұрса соның ерлігін бізге үлгі етіп, бар болмысымен еліктеуге тырысты. Менің Өзбекәлінің қол астына кіріп, комсомолда жұмыс істеуіме әкем Райымбек Ахметов түрткі болды. Ол Шымкент облысындағы Бөген деген жерде дүниеге келген. 1920 жылдары тұрмыс қиындап, мал ұстаудың өзі мұң болған екен. Аштыққа шыдай алмаған әкемнің әулеті теміржол жағалап, Арысқа дейін жаяу барған. Арыстан Тәшкенге жеткен соң әкем қаңғыбас балаларға қосылып, базардағы өзбек әйел-

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

дерінің нанын ұрлаумен айналысқан. Бір күні оларды Ғани ұстап алып, интернатқа өткізеді. Ол кезде қаңғыбас балаларды Нұртас Оңдасынов бастап жүрген екен. Бұл жайлы әкемнің өзі жазып қалдырған мынадай естелігі бар:

«1919 жылдың жаз айы. Таң бозара атты. Вагонның шұрқ тесік еденінде баспанасыз балалар ұйықтап жатыр. Олардың көптігі сонша, инешаншар бос орын жоқ.

– Балалар, тұрындар! – деп әлдекім дауыстап айғайлады.

– Бізді ерте оятуға кімнің дәті барды? – деп ойладым көзімді сығырайтып ашып.

Сасық ауаның әсерінен кірпігім жабысып, бір көзімді аша алмай жатырмын. Кірпігімді қолмен ұқалап ажыратуға тура келді.

– Балалар, тұрындар! – деді тағы бейтаныс дауыс.

Өзгелер секілді мен де қозғалып, орнымнан тұрдым. Вагон есігінің алдында тәуір киінген бір топ ересек азамат тұр. «Бұларға бізден не керек?» деп ойладым.

– Балалар, біз сендерге келдік. Интернатқа апарамыз, ол жерде тамақтандырамыз, киіндіреміз, мектепте оқытамыз. Егер оқығыларың келсе вагоннан шығып, бізге еріндер, – деді бір жас жігіт.

Бірнеше қаңғыбас бала орнынан атып тұрып, басы ауған жаққа қаша жөнелді.

– Оларды құмай-ақ қойындар. Түсінген соң интернатқа өздері-ақ келеді, – деді алғи жігіт.

– Бізді оқытамыз, киіндіреміз, тамақтандырамыз дейсіңдер. Шынымен-ақ байсыңдар ма? Біз көп емеспіз бе? Осынша балаға ақшаны қайдан алмақсыңдар? Кімсіңдер өздерің? – деді Кеңпейіл.

– Менің атым – Ғани, әкемнің аты – Мұратбай. Түркістан Орталық комсомол комитетінің хатшысымын, – деді ол.

Керікті жігіт бірден ұнады. Жүзі жылы екен. Кескінін мүсіндегенде табиғат жан жылуын аямаған тәрізді. Оның ашық жүзінен, сөйлеген сөзінен жалғандық байқалмады.

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Ақылды жанары қайырымдылықты, сымбатты денесі қайраттылықты, бұйра шашы әділдікке ұмтылған табандылықты аңғартып тұр.

Ғани бізге серіктерін таныстырды.

– Менің қасымда тұрған Баймаханов – қалалық ағарту бөлімінің төрағасы, Ақбаев – ҚазПИ төрағасы, ал мына ашаң жүзді жігіт – Сәдуақас Оспанов. Ол сендер жатқан интернаттың бастығы. Енді оны Сәдуақас ағай деп атайтын боласындар, – деді.

Біз вагонның ішінде өзара сыбырласып, абыр-сабырға түсіп жаттық. Мені жаңа, бейтаныс өмір қызықтырды. Жүзге тарта бала екі қатарға тұрып, Ақбаевтың бұйрығынан соң алға қадам бастық. Көп ұзамай бір қабатты ақ үйдің алдына келдік.

– Тоқтандар! – деді Ақбаев.

Ақ үйден балалардың дауысы еспліп жатты. «Бізден де басқа балалар бар екен ғой» деп ойладымыз.

Санитарлық талапқа сай бізді бөлек жайға орналастырды. Ертесіне шашымызды алып, ески-құсқы киімді қоқысқа тастатты. Моншаға кіргізіп, сабын беріп жуындырды. Денемізге ыстық су тиіп, бір рақаттанып шомылдық. Моншадан шыққан соң жаңа киім беріп, шағаладай етіп киіндіріп қойды. Осылайша жаңа өмірге деген қызығушылық күн санап өсе түсті».

Ғани оқытқан осы балалардың алды СССР кезінде министр болды. Менің әкем де үлкен қызметте отырды. Ол комсомол ұйымын Ғанидың бейнесінде ғана көретін.

– Мені Өзбекәлі жұмысқа шақырды, – дегенімде әкем бірден келісіп:

– Ғанидың жолымен жүрген адам бақытсыз болмайды. Сол Өзбекәліден айырылма! – деді.

Осылайша мен комсомол болып шыға келдім», – деп еске алады Раиса апай.

Ғани 1925 жылдың 15 сәуірінде дүние салды. Алайда бұл

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

күн қазақ үшін қайғылы һәм қуанышты. Қайғылысы – алаш баласы ардақты ұлынан айырылды. Қуаныштысы – қазақ жұрты өзінің ҚАЗАҚ деген тарихи атауын қайтарды.

1925 жылы 15 сәуірде Ақмешітте Қырғыз (Қазақ) АКСР Кеңесінің V сиезі өтті. Осы жиында Сұлтанбек Қожанұлы сөз алып, ресми құжаттарда «қырғыз» аталып келген қазаққа тарихи атауын беру жайлы бастама көтерді. Ресей патшалығы Қазақ хандығын отарлаған соң «қырғыз» атап кеткен еді. Екі жүз жылдан соң қазақ атауы қайта оралды.



ҚАЗЫРНАЙ

ҚҰРБАН БОЛҒАН ДАУЫС

«Ғани қайтыс болды» деген қаралы хабар шәкіртгерінің қабырғасын қайыстырып жібереді. Оның шарапатын көрген даңқты әнші Құрманбек Жандарбеков Ғаниға ескерткіш орнатам деп іске кіріседі. Ол мұғалімдік қызметіндегі жалақысынан бірнеше айға аванс жаздырып алады. Ағайын-туысын аралап жылу жинайды. Бәрін қосқанда ескерткіштің тұғырына жетер-жетпес қаржының басы құралады. Салы суға кеткен Құрманбек:

– Әй, қарғыс атқыр ақша-ай! Мұншама қадірлі болар ма едің? Не істесем қолыма кеп қонасың? Мен сорлы да әннен басқа байлық жоқ. Бірақ бұл заманда ол кімге керек?! Апырау, Ғани ағам бұл өнерімді «бәсі жоқ байлық» деп мақтаушы еді. Саябақта әлім құрып құлағанша ән салсам, қолыма

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

келіп қонасың ба, әй, ақша? – деп күйінеді. Бұл кезде Құрманбектің жасы он тоғызға енді келген. «Бозбала неліктен бүйтіп аласұрып жүр?» – деп ойларсыз. Оны әншінің өзі баяндайды:

«Мен 1918 жылы Ташкенге алғаш оқуға барғанда Ғаниға жолықтым. Оқуға түсуіме көп көмек көрсетті. Білмеген сабағымды түсіндіріп, ұзақ уақыт жәрдем беріп жүрді. Сабақ оқудан жалыққан сәтте ол менен жәрдем көрсеткені үшін «жалақы» сұрайтын. Алатын «жалақысы» – ақша емес, «Сәулем-ай» деген ән. Екеуіміз Ташкеннің кадет корпусының шығыс бетіндегі мұнарасына шығамыз. Мен «Сәулем-айды» салғанда ол тамсана тындап, қайта-қайта айтқызатын. Құмары қанған соң: «Бүгінгі жалақымды алдым. Жүр, енді сабақ оқиық», – деуші еді».


Ғани Орта Азия мен Қазақстандағы жастардың сауатын ашуға бар күшін жұмсады. Қараса, көзінен – от, сөйлесе, сөзінен леп есіп тұратын. Адал, мейірбан жан еді. 1925 жылы Мәскеуде қайтыс болды. Сүйікті досыма ескерткіш орнатуға қаржы жинау үшін сатиралық әңгімелер айтатын Әлішер Бейсенов (кейін партия-совет органдарында жауапты қызметтерде болған, дербес пенсионер) екеуіміз концерт ұйымдастырдық. Қағаздан билет істеп, соны саттық. Арқан керіп, үлкен шаршы алаң жасадық. Билеті бар адамды ғана шаршы алаңға кіргіздік. Афишаға өзім орындайтын 101 әннің атын тізіп жазып қойдым. Әрине, олардың бәрін бір кеште айту мүмкін емес. Бірақ алпысқа таяуы орындалды».

Құрманбектің ән кешіне өлермендікпен кіріскені сонша жастықтың қызуымен сақтықты ұмытып кетеді. Концерттің жартысына жеткенде мұздай су ішіп қойып, дауысы қарлығады. Осылайша есіл дауыс келмескө кетеді. Бірақ Құрманбек оған қайғырмайды. Оның өзегін өртеген өкініш – ескерткіштің салынбай қалуы. Оның жоғалтқан дауысының өзі талай адамды таңғалдырған.

Ғаниға ән салған кезінде Құрманбек он екі жасар ойын

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

баласы еді. Ал ән тыңдап, тамсанып отырған Ғанидың жасы он алтыда. Он алты жасар баланың қоғамдағы құбылысты мемлекеттік деңгейде түсініп, жігіт ағасы сияқты жанкештілікпен әлеуметтік мәселемен күресуі адамды есінен тандырады. Ғанидың өмірі мен ерлігін зерделеген кез келген жас буын өзін бала сезінетін инфантильдік санасынан айығып шыға келетін. Осындай оқиғаларды естіген Өзбекәлі шалқар шабыт алып, өмірін ағартушылық пен мәдени қайраткерлікке бұрды.



ЕСКЕРТКІШ ҮШІН ЕГЕС

Арман болған ескерткіш сол күйі тұрғызылмады. Ғанидың ерлігі мен ғазиз бейнесі шәкірттерінің жүрегінде сақталды. Идеал жағынан совет өкіметінің талабына сай келсе де, Ғанидың жолы жабыла берді. Себебі оның мынадай тарихы бар. Хрущевтің кезінде бұрынғы көсемдерге қойылған ескерткіштер тұғырынан түсіп жатты. Барлық жерде сынға ұшырап, «жеке басқа табыну» айыпталды. Сондай бір сәтте Қазақ ССР-нің II хатшысы М.Соломенцев: «Оңтүстік жастары Ғани Мұратбаев дейтін біреуді тауып алыпты. Егер ол халыққа шын қызмет еткен болса, есімі халық жүрегінде сақталады. Оған сол орын да жетеді», – дейді.

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

«Құдаймен ойнама, шапаныңды шұрқ тесік қылады» деген. Соломенцев Ғанидың әруағына қасақана қиянат қылып, шындықты аяққа таптады. Бірақ онтология заңы бойынша сұраусыз жатқан шындық жоқ. Яғни бір нәрсе бар болса, оның тууына себеп болған БіРЕУ де бар. Ол БіРЕУ мұндай «еркелікті» көтермейді. Міндетп түрде тәубаңа түсіреді. Осы көпірме сөзінен соң лауазымды басшы күйеуі бар медбикемен некесіз ойнап-күліп, ойда-жоқта ұсталып қалды. Оның абыройына түскен дақ партияның да сүйегіне түскен таңба болды. Абыройдан жұрдай болған Соломенцевті Бюро мүшелері дереу қызметінен алып, Ресейдің бір провинциясына лақтырды. Мұндай құбылысты қазақтар «Құдай ұрған оңалар, әруақ ұрған оңалмас» деп түсіндіреді. Демек астамсыған басшыны Ғанидың әруағы ұрды.

* * *

Биліктен құлық болмаған соң ескерткішті Өзбекәлі өз қолына алды. Комсомолдарды осы идеяға үндеді. Ол кезде оқушылар мен студенттер мақта теру жұмысына тартылатын. Сол кезде «Бір күндік жалақымызды Ғанидың мүсінін тұрғызуға аударамыз» деп бастамаға үн қосты.

Қажетті қаржы жиналған соң Өзбекәлі Мәскеудегі атақты мүсінші Давид Шмуйловичке барды. Ол Өзбекәлінің дене тұрқын өлшеп, соған сәйкес Ғанидың денесін мүсіндеді. Бір нұсқасын гипстен, екіншісін Ленинградтағы бір зауытта қоладан құйдырды. Гипс те, қола да Шымкентке астыртын жеткізілді. Былай қарасаң, хас шебердің қолынан шыққан айбарлы мүсін мінсіз жарқырап тұр. Ендігі іс – тұғырына қондыру. Бірақ қазақтан идеал шығару оңай шаруа емес. Сол кездегі облыс басшысы И.Макаров «Шымкентте Ленинге ескерткіш қойылған жоқ. Оның жанында Ғани Мұратбаев кім?» деген сылтаумен мүсінді алты жыл қоймада ұстады.

Бұл кезде Өзбекәлінің қызметі жоғарылап Алматыға ауысты. Бірақ Ғаниды тұғырына қондыру үшін күресе берді.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

Макаров кеткесін оның орнын А Ливенцов басты. Ол да Макаров құсап Ғанидың мүсінін қапастан шығармады.

Мұндай қысастықтың негізгі себебі қарабайыр. СССР кезінде «старший брат» деген ұғым болған. Яғни орыс ұлты бәрінен үстем. Он төрт елдің үлкен ағасы. Кіші республикалар ағасының айтқанын бұлжытпай орындау керек. Ағасына сөз қайтарса, әдепсіз бала атанып оңбай таяқ жейтін. «Орыс халқының арқасында бәріміз адам болдық. Тіпті дербес ел болуға шамасы жетпеген қазақ халқы Ресейге өз еркімен қосылған екен» деген миф ойлап тауып, оны республика деңгейінде үлкен мереке қып атап өтетін. Бұл мифтің жалған екені тәуелсіз тарихшылар архивке түсіп, көне құжаттарды қопарған кезде ғана анық болды.

Тіпті Қазақ ССР-нің әнұранын жазғанда да орыстардың аға халық екенін насихаттап тұратын мәтіндер кіргізген еді. Мысалы:

Дақ салмай Лениннің жеңімпаз салтына,
Ұрпағы қосты даңқ Отанның даңқына,
Одақтас, ұрандас елдердің қамқоры,
Көп алғыс айтамыз ұлы орыс халқына.

Осындай тегеурінді идеология жан-жақтан жүріп жатқанда қазақ халқының өзін екінші сортты адам санап, орыс көрсе шегіншектеп тұратын психологияға ұрынуы заңды құбылыс. «Біз тұрғанда сендерге не бар?» деген шовинистік пиғыл Ғанидың культін жоюға әкелді.

Өзбекәлі тұлғасының мұғжизасы осы жерде көрінеді. Оның санасында өзін екінші сортты адам санайтын бейшара психология қалыптаспаған. Өзі комсомолдың құлағында отырса да, 1918 жылғы алаш арыстары сияқты ашық күрескен. Бір қызығы, ұлтшыл позициясын ашық көрсетіп жүрсе де, пәлеге шатылмай, қуғындалмай, сотталмай биліктің биік сатысының бірі – Орталық комитеттің III хатшысы деңгейіне дейін өсті. Мұның әртүрлі метафизикалық себебі болуы мүмкін.

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Соның бір айғағы былай: пенде ақыл-парасаты өзінен асып түскен екінші бір ірі тұлғаны танытуға тырысып, күншілдікке салынбай, соның ерлігін паш етпек болғанда өзі де автоматты түрде кемел адамға ұқсап шыға келеді. Ғаниды танытам деп төбелескен Өзбекәлі Ғани сияқты тау тұлғаға айналды.

* * *

Мәдени майданда шегіну мен жеңілуді білмейтін Өзбекәлі бұл мәселені Орталық комитеттің жиналысында көтеріп, Ливенцовты сынады. Бұдан соң Ливенцов та қарап қалмады. Үзілісте екеуі кәдімгідей ұстасты. Сын қанша жерден сыпайы әрі әділ айтылса да, ол сынды көтере алмай шарт кетп. Шарт кетуінің негізгі себебі де «кішкентай інісінің старший братқа тіл тигізгенін» көтере алмады. Ол кезде оларға қарап қазақтардың тіке сөйлеуінің өзі үлкен оқиға. Өзбекәлі шегінудің орнына:

– Қазір тағы да сөз алып, әңгімені ортаға салам, – деді. Арты қуыс болып тұрған Ливенцов сол сәтте сынып кетті. Бірден жұмсарып:

– Ғанидың ескерткішін пионерлер паркіне орнатайық, – деді. Өзбекәлі:

– Жоқ. Комсомол көсемі пионерлер паркінде тұрмайды! Оған орталық саябақ қана лайық, – деді.

Келіскен сыңай танытқан Ливенцов түлкі бұлаңға салып:

– Облыстағы Бюро мүшелерімен ақылдасайық. Олар келіссе, сөз жоқ, орнатамыз, – деді.

Сөйтп де, Шымкентке бара салысымен қоймадағы мүсінді Келес ауданындағы Ғ.Мұратбаев атындағы совхозға орнатуға пәрмен берді. Ал өзі Қара теңізге демалуға кетті.

Бұл оқиғаның куәгері Қалаубек Тұрсынқұлұлы бұй деп естелік айтады:

«Ғаниға қойылатын ескерткіш Бюрода талқыланды. Бюроға мүше болғасын сол жиынның ішінде отырдым. Бізді

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

облатком төрағасының орынбасары Жұмабек Тәшенов қана қолдап сөз сөйледі. Біз бірінші ескерткіштің гипстен жасалған нұсқасын көрсеттік.

– Оны неге гипстен жасаттындар? Ұзақ тұрмайды ғой, – деді Тәшенов жаны ашып.

– Темірден жасалған нұсқасы да бар. Оны автор әзірше бермей отыр, – деп жауап бердім.

– Бізге гипстен жасалған нұсқасы да жетеді. Қола нұсқасын мүмкін Алматыға қояр, – деп Ливенцов қысқа қайырды да:

– Ескерткішті салтанатты түрде ашындар. Оған біздің атымыздан обком хатшысы С.Задин қатыссын, – деді.

Ескерткіш «Шымкент» қонақүйінің алдындағы скверге орнатылатын болды. Оның оңтүстік шетінде театр құрылысы салына бастаған. Яғни адам көп жүретін жер. Біз межелі жерге мәрмәр тастан белгі қадап, «осы жерде Ғани Мұратбаевқа ескерткіш орнатылады» деген жазу жазып қойдық. Белгітастың ашылу салтанатын үлкен той етіп өткіздік. Оған облыс басшыларынан Жұмабек Тәшенов ағамыз ғана келді. Обкомның бөлім меңгерушісі Сәкен Қалғынбаев еңбек, соғыс ардагерлерімен қатар әскери құрамның бір взвод жауынгерін шақырған екен. Белгітастың тұсауын кескенде олар аспанға оқ атып, жиынның салтанатын қоюлатты.

Ертесі күні кабинетте отырсам, Сәкен Қалғынбаев кіріп келіп:

– Біздің қойған белгімізді біреу қиратып кетіпті, – деді ызаға бұлығып.

– Сонда қалай? – дедім орнымнан атып тұрып.

– Жазу жазылған жағын әбден бүлдірген, – деді ол.

Біз кабинеттен жүгіріп шықтық. Ғимараттан шыға берісте Жұмабек Тәшенов ағамыз кездесе кетті.

– Мен бәрінен хабардармын. Тез арада қалпына келтіріңдер, – деді. Шамасы ол кісі милиция қызметінің хабарлауымен білсе керек-ті.

Бардық, көрдік. Екі күннен кейін Сәкен бәрін қалпына кел-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

тірді. Бірақ бір айдан соң белгітасқа тағы шабуыл жасалып, мәрмәр тасын түгелдей қопарып әкетіпті. Біз қайта қалпына келтіруді жөн деп таппадық. Ескерткішті тезірек қоймай, шабуыл тоқтамасы анық еді.

Облыс басшысы В Ливенцовтың алдына қайта кіріп, ескерткіш тезірек орнатұға рұқсат сұрадық. Бірақ ол:

– Алдымен театр құрылысын бітіріп алайық. Ескерткіш ешқайда қашпайды. Театрға да жастар барады ғой. Бір жағы Мәскеумен де ақылдасу керек, – деген сылтау айтты. Істің сиырқұйымшақталып бара жатқанын түсіндік. В.Ливенцовтың ескерткіш қоюға құлқы жоқ. Оның алғашқы ойынан айнуына Мәскеу жақ ықпал еткен сияқты. Өйткені ол көп мәселеде Кремльде отырған идеолог достарымен ақылдасатын.

Болған жайды Өзбекәліге хабарладым. Ендігі шайқас Кремль қабырғасына ауысты. Өзбекәлі де қарап қалған жоқ. Мәскеудегі таныстарына хабарласып, Ливенцовқа қоңырау түсіре бастады. Өзбекәлінің бір ұнайтын мінезі – алған бетінен қайтпайтын. Ақыры Мәскеуден «Еш қарсылық жоқ. Лайықты тұлға. Ескерткіш қоя беріңдер» деген қағаз алдырып алды. Ендігі мәселе Ливенцовтың өзіне келіп тірелді. Өзбекәлі оған сылтау айтатын саңылау қалдырмады. Осымен іс бітті, әне-міне дегенше ескерткіш тұғырға қонады деп күттік. Сөйтсек қызық алда екен.

Бір күні әріптесім Виктор Прокопенко телефон соғып:

– Қалеке, бізде бір масқара тірлік болып жатыр, – деді.

– Не боп қалды? – дедім тағатсыздана.

– Ғаниды ұрлап кетті.

– Ғаниды? Қай Ғани?

– Ғанидың ескерткішін айтамын.

– Не деп тұрсың? Оны кім ұрлаушы еді? Милицияға хабарладыңдар ма?

– Мұнда милиция іздейтіндей ұрлық жоқ. Ескерткіш жоғалмаған. Оны бізге білдірмей қоймадан жасырын әкетіп,

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

Келес ауданындағы Ғани Мұратбаев совхозына апарып, орнатып қойыпты. Маған жаңа ғана хабарлады. Анық-қанығын білмеймін, – деді.

Ғанидың ескерткішін біржақты қылған соң Ливенцов алаңсыз Қара теңізге демалысқа кеткен еді».

* * *

«Ұрланған» ескерткіш жайлы еспгенде Өзбекәлі екі есе ерегесті. Ол жауапты шенеунікке хабарласып, ескерткішті қайтарып алды. Сөйтп де оған: «Ливенцов келгенге дейін Ғанидың мүсіні Шымкентпң ең көрнекті жерінде тұратын болсын!» – деп бұйырды. Бұйрықтан бөлек салтанатты ашылу шарасын өзі тікелөй ұйымдастырды. Бұл шараға бастан-аяқ қатысқан көзі тірі куәгердің бірі – Раиса Райымбекқызы. Ол бүй дейді:

«Өзбекәлі бұл іске ерекше махаббатпен кірісті. Мүсінді қаланың ең көрнекті жеріне жайғастырды. Басына қоятын гүл шоғының ұзындығы алты метрден асып кетті. Оны көтеріп апарып ескерткіштің алдына қоятын жас жігіттер мен қыздар да мұқият сұрыптаудан өтті. Ең сауатты, көрікті әрі әдепті жастар іріктеп алынды. Шарадан бұрын репетиция қатаң өткізілді. Ливенцовтың келуіне екі-үш күн қалғанда дайындық толығымен бітті. Мүсіннің үстіне ақ мата жауып, лентасын тартып қойды. Ливенцов Қара теңізден оралғанда қолына қайшы ұстата қойды. Енді байғұстың шегінерге жері қалмады. Ол басшы ретінде лента қиып, жиында сөз сөйлеуге мәжбүр болды. Осылайша Шымкентте Ғанидың ескерткіші бой көтерді».

1925 жылы Ғаниға ескерткіш орната алмай арманда кеткен Құрманбек Жандарбековтің идеясы қырық жылдан соң 1965 жылы әрөң дегенде жүзеге асты. Бұл кезде Құрманбектің өзі де алпысты алқымдап қалған ақсақал еді. Бұл жаңалықты естігенде өшкені жанып, өлгені тірілгендей: «Алмас қылыш қап түбінде мәңгі жатпасын біліп едім. Қырық жыл

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

кешігіп жетсе де, әділдік ақыры салтанат құрды ғой», – деп иегі кемсендеп, көзіне жас алып, бір заманда Ғанимен болған жарқын естеліктерін есіне алыпты.

Тарихқа көз жүгіртсек, Ғани Мұратбаев дүние салғанда Мәскеу жұрты үш күн аза тұтыпты. Орталық алаңда салтанатты түрде шеру тартып, оның мурдесін соңғы сапарға шығарып салған. Күәгерлердің сөзінше жұрт алаңға сыймай кеткен деседі. Газет беттерінде Ғаниды еске алған, комсомолдарға көңіл айтқан мақалалар қаптайды. Жиынның бәрі оны бір минуттық еске алумен басталыпты. Балтық теңізінің екі жүз жауынгері салтанатты киіммен үш күн бойы оның моласында құрметті қарауылда тұрыпты. Ғанидың сол замандағы басқа марапаттарын қоспағанда «Шығыстың шамшырағы» деген атағының өзі жер жарыпты.

Құрметті оқырман! Қалай ойлайсыз, осындай атақты тұлғаның тез ұмытылуы немен байланысты?

Жауабы қарапайым – қазақ болғаны үшін. Шовинистік мінез сүйегінен өтіп, кемігіне сіңген старший браттар басқа ұлттан шыққан шамшырақты қасақана көрмеуге тырысатын. Тырысқаны сонша, оның Мәскеудегі моласының өзі аз уақытта қараусыз қалды. Басындағы белгітасы тез жоғалды.

Сол заманда өмірде болған-болмағаны белгісіз, бірақ туған әкесін үкіметтің затын ұрлады деп милицияға ұстап берген Павлик Морозов деген боқмұрын баланың ерлігі жырланып жатты. Балалардың идеалына жылдам айналды. Себебі ол қазақ емес еді. Морозов культінің күшті дәріптелгені сонша, Павлик құсап әкесін милицияға ұстап беруді армандайтын қазақ балалары да өсіп қалып еді. Жалпы қазақы тәрбие алған, жүрегі таза, сезімтал кісі Морозовтың ерлігінің теріс саясат екенін бірден ұғатын. Осындай рухани вирус қазақ жастарының ой-санасын уламас үшін Өзбекәлі Ғани Мұратбаевтың идеал тұлғасын насихаттай берді.

Ол комсомол көсемі кезінде Мәскеудегі Ваганьков зи-

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

ратына бірнеше рет экспедиция жіберіп, қабірін іздетті. Моласын тауып, басын қарайтып, арнайы жиын ұйымдастырды. Оның моласын Мәскеуге жолы түскен қазақ жастарының арнайы зиярат ететін міндетп маршрутына енгізді.



ШАРТЫЛАУЫҚ

БОЛГАРИЯДАҒЫ БҮЛІК

1968 жылы Болгарияның астанасы Софияда жастар мен студентгердің дүниежүзілік ІХ фестивалі басталды. Бұл фестивальға СССР де қатысатын болды. Мәскеудегі арнайы комиссия 15 республикадан ең талантты өнерпаздарды конкурстан сұрыптап алу керек. Өкінішке қарай Қазақ ССР-нен ешкімді ұсынбапты. Не бір ансамбль, не жеке орындаушы комиссияның көзіне түспеген. Өзбекәлі бұл кезде іссапармен Цейлонда жүрген. Алматыға келген бойда жайсыз жаңалықты естіп, тағы да қаны басына шапты. Дереу Мәскеуге телефон соғып, мәселені қайта көтерді. Мәскеудегі жауапты маман: «Өзің біреуді ұсын! Мен қосымша енгіземін», – деп уәде берді. Қызық енді басталды. Ұйымдастыру комитетінен біреу Өзбекәліге телефон соғып:

– Сонымен кімді ұсынатын болдыңыз? – деді.

– Әлі бекіткен жоқ. Хас талантты іздеуім керек, – деді Өзбекәлі. Осы кезде старший браттың шовинистік мінезі қалқып бетіне шықты. Ол ұялмай-қызармай:

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

– Сізде бір таяққа екі ішекті тағып қойып тартатын аспап бар еді ғой. Міне, сол күшті болар еді. Еуропа үшін ол аспап – экзотика. Соны ойнайтын біреуді ұсынсаңыз қатып кетер еді, – деп қойып қалды.

Кеудесін кісіге бастырмайтын Өзбекәлі:

– Кімді ұсынатынымда сенің жұмысың болмасын. Қажет деп тапсам биші жіберемін, – деді де трубканы тастай салды. Сөйтп де биші іздеді.

Қазақстанда виртуоз домбырашылар толып жатса да, Өзбекәлі не үшін бишіні тандады? Себебі ол кезде ұлттық бидің жоқтығы қазақтарды кемсітуге таптырмас сылтау болатын. «Қазақтар өркениет көрмеген. Мәдениеттен жұрдай. Өнер дегенді ұқпайды. Ұшы-қиыры жоқ далада жөн-жосықсыз көшіп жүре берген. Бұларды адам қылған – орыс» деген сарындағы мәдениетсіз әңгімені көрінген жерде айта беретін. Осы бір жабайы мінездің шовинистерге сіңісті болғаны сонша, 1970-80 жылдары Алматының өзінде қоғамдық көлікте өзара қазақша сөйлессең: «Эй, колбит, нормально разговаривай на человеческом языке», – деп тыйып тастайтын болған.

Ең қызығы, осындай жабайы мінезге не мемлекет тарапынан, не зиялылар атынан ескерту, түзеу, жазалау сияқты шаралар қолданбаған. Өкіметке шағым айтса, «ұлттаралық араздық тұғызбандар» деп өздеріне тап беретін. Тіпті Мәскеу мен Ленинградта отырған орыстың зиялы қауымы да осы бір жабайылықпен күресуге ықыласты болмаған. Яғни өзге ұлтты кемсідуді қалыпты табиғи процесс деп қабылдаған.

* * *

Бұдан соң Өзбекәлі беделін салып, бишілерді іріктейтін комиссияны Алматыға алдырды. Сыннан өткен биші келесі емтиханды Мәскеуде тапсыруы керек. Мәскеудегі сынаққа бұған дейін халықаралық жарысқа қатысып көрмеген

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

жиырма жасар атыраулық биші Гүлжан Талпақова аттанды.

Іріктеу жарысы оңай емес. Шығыс биін көрсетуге өзбек, қырғыз, түркімен, тәжік, әзірбайжан елінің өнерпаздары да баратын. Тәңір берген талантыңа сенбесең, тамыр мен таныстың, телефонның ықпалы жүрмейді. Комиссия құрамында Мәскеу мен Ленинградтағы опера мен балет театрының тарландары отырды. Олардың көсемі – «Большой театрының» жетекшісі, атақты биші Иосиф Михайлович Тұманов. Соншама дүлділ арасынан олардың көзі Гүлжан Талпақоваға түседі.

Іріктеу біткен соң бишілер елге қайтып, күнделікті тірлігін атқара береді. Гүлжан жұмыс бабымен Қостанай облысына, гастрольге аттанады. Алыс бір ауданның шағын сахнасында билеп жүрген кезінде Қостанайдың жергілікті әкімі келіп: «Сені Алматыға басшылар шақырып жатыр. Ертең сені Өзбекәлі Жәнібек қабылдайды», – дейді.

Бізбен сұхбаттас болған Гүлжан Талпақованың өзі бұл оқиғаны бүй деп баяндады:

«Мені «Волгаға» отырғызып, шапшаң Қостанайға жеткізді. Әуежайда тікұшақ күтіп тұр екен. Тікұшақ сол күні кешке мені Алматыға әкелді. Ертесіне бұынып-түйініп комсомолдың ғимаратына келдім. Күтіп алушылар жаны қалмай жүгіріп жүр.

– Қазір Өзбекәлі Жәнібек сізді көруге келеді. Сахналық киіміңізді киіп келіңіз, – деді олар.

Ол кезде танымал болмасаң, арнайы костюм тікпейтін. Қазақконцерттің жалпыға ортақ бір костюмін үспме іліп алдым. Оның өзі құранды болатын. Көйлегі Жамал апаныкі болса, нымшасы Шара апаныкі болуы кәдік. Көбіне өлшемі сай келмей, үстінде олпы-солпы тұратын. Оның өзін икемдеп, ішінен бүріп, қысқартып аламыз. Мен киім ауыстырып болғанша Өзбекәлі аға да келіп жетіпті. Бір қарағаннан түрі сұсты көрінді. Маған қарап:

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

– Қазақша қандай биің бар? Сахнаға шық та, көрсет өнерінді, – деді.

Өзіммен бірге арқалап жүретін ауыр магнитофоным бар еді. Соны қостым да, қазақша екі-үш би билеп бердім. Өзбекәлі үнсіз тамашалады. Би біткен соң талқылау залына жиналды. Ол маған қарап:

– Бар киімің осы ма? – деп сұрады.

– Иә, осымен билеймін, – дедім. Ол жанындағы Мәдениет министрлігінің өкіліне қарап:

– Көрдіндер ме, қазақ мәдениетінің сиқын? Шетелге шығып, қазақ биін таныстыратын бишіміздің киімінің түрін қара! Не масқара мынау? – деді.

Мен «Түрім ұнамай қалды ма?» деп шошып кеттім. Әлгі шенеунік басы салбырап, үндемей құтылды. Өзбекәлі маған қарап:

– Күнделікті киетін киім-кешегің қалай? – деді. Мен сұрақты онша түсінбедім.

– Жақсы. Жасыл көйлегім бар. Бәрі жаңа, – деп жауап бердім.

– Жолға ұстайтын сөмкең бар ма? – деп сұрады.

– Иә, – дедім.

– Әкел, көрсет! – деді ол.

Атыраудан Алматыға оқуға аттанарда әке-шешем сатып әперген советтік қара шабаданды қасыма әкеп қойдым. Оның шабаданға да көңілі толмады.

– Үш күн уақыт беремін. Үш күн ішінде үш биге арнап бөлек-бөлек ұлттық киім тіктіресің. Одан бөлек, төрт маусымда киетін киім-кешегін жаңалайсың. Косметикасын түгел ауыстыр. Боянатын опа-далабы мен әтіріне дейін импортный болсын. Қонақүйде киетін халаты мен тәпішкесіне дейін жайнап тұрсын. Анау ескі чемоданды көрмейтін болайын. Ақшаны өзім табамын. Үш күннен кейін кездесеміз, – деді де шығып кетті.

Жанна деген жауапты қыз мені қолымнан жетектеген

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

күйі дедектетіп әкеліп «Волгаға» отырғызды. Қаланың шетіндегі 70-разъезд деген жерге жылдам жеттік. Ол жерде өкіметтің қоймасы бар екен. Қоймаға кіргенде аузым ашылып, жағым түсіп қала жаздады. Әртістер түсінде ғана көретін тоқсан тоғыз түрлі мата мен бағалы аңның жылтыраған терісі үйіліп жатыр. Базарда жүргендей қойманың ішін армансыз аралап, қымбат мата мен жүн-терінің неше түрін арқалап алдық та, театрдың астындағы арнайы киім тігетін цехқа келдік.

Тапсырманың қатты болғаны сонша, бүкіл дизайнер мен тігінші маған жабылды. Үш күн бойы киім өлшеп, пішумен болды. Өз көзіме өзім сенер емеспін. Құдды бір түс көргендей болдым. Жарқыраған мата мен жылтыраған теріден бір өзіме арнап қазақша киім тікті. Сахналық костюмім дайын болған соң сыртқы киім-кешек пен косметиканы жаңалады. Соңғы үлгідегі ең сапалы әрі әдемі киімдер мен опадапты алдыма тосты. Ескі чемоданымды лақтырды да, Чехословакияда жасалған «папа, мама и я» деп аталатын матрешка сияқты үш қабатты чемодан берді. Бұл заттардың сапасының мықтылығы сондай, он жыл ұстап тоздыра алмадым.

Үш күннен соң мені ханның қызындай жайнатып, Өзбекәлінің алдына апарды. Киімді жайма сияқты жайып қойды. Өзағам бәрінің материалын қолымен ұстап, сапасын жеке-жеке тексеріп алды. Маған қарап:

– Қалай, Гүлжан?! Жаңа киімдерің ұнады ма? – деді.

– Иә, аға! Бәрі ұнады, – дедім дірілдеп.

Ол кезде мұндай нығметті көрмеген таза совет адамы едік. Сондағы бар ұайымым: «Конкурстан соң киім-кешекті қайтарып ала ма, жоқ па?». Кенет шыдай алмай:

– Аға, конкурс біткесін бұларды қайтарып ала ма? Қазақ-концертке тапсыруым керек пе? – деппін.

– Жоқ, – деді.

– Бұларға мен бір тиын төлеген жоқпын. Қымбат заттар.

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Мен оларды қалай аламын? – дедім. Ол күліп:

– Қыздар өзі түсіндіреді, – деп қысқа қайырды.

Бұдан соң фестивальға дайындалу үшін Мәскеуге аттандым. Мұнда Совет Одағының жас таланттары жиналыпты. Ол кезде ешбірінің атағы жоқ. Олар он жылдан соң ғана Халық әртісі атанып, Совет Одағының даңқты өнер жұлдызына айналды.

Біз бір команда болып күндіз-түні бірге дайындалдық. Олардан есімде қалғаны – Сабира Атаева деген түркімен қыз, қырғыздан Болат Мыңжылқиев, әзірбайжаннан Тамара Синявская, Молдовадан София Ротару болды. Қатысушыға екі костюмнен тіктірді. Сосын пойызға отырып, Польшаны басып өтіп, Болгарияға жеттік. Көп ұзамай фестиваль басталды. Атақты штангист Леонид Жаботинский СССР-дің туын ұстап шерудің алдында жүрді.

Әуелгі жоспар бойынша мен оркестрдің сүйемелдеуімен билеуім керек еді. Бірақ Софияға барғасын, не болғанын білмеймін, оркестр қатыспайтын болды. Оның орнына маған «өзбектің дойра деген аспабына билейсің» деді. Ал мен Юрий Силантьевтің симфониялық оркестрімен репетиция жасағам.

Амал жоқ, дойрамен репетиция жасауға көндім. Егер дойраға билей алмасам, орныма өзбек қызы билейді екен. Ол қосымша құрамда болған. Яғни маған бірдеңе бола қалса немесе жарысқа он минут кешіксем, мені алмастыру үшін арнайы еріп келген еді.

Конкурсқа бір күн қалғанда аздап қобалжып, ертерек ұйықтауға ыңғайланып отырғам. Кенет түнгі сағат он екіде біреу есік қақты. Ашсам, бейтаныс кісі.

– Сен бе, Талпақова? – деп сұрады.

– Иә, мен, – дедім.

– Сен болсаң, жаңа ғана хабар келді. Ертең сен жарысқа шықпайтын болдың, – деп дүңк еткізді.

– Неге? – дедім шошып кетіп.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

– Өзің билесің, мұнда оркестр жоқ. Ал дойра – өзбектің ұлттық аспабы. Сондықтан сенің орныңа Өзбекстанның бишісі билейді, – деді. Біреу үстімнен бір шелек мұздай сү құйып жібергендей болды. Басым айналып, жүрегім дүрсілдеп кетті.

– Сонда қалай? Мен екі ай дайындалдым ғой. Дойраға да билей аламын, – деп жылап жібердім.

– Билмеймін. Өзбекстаннан келген өкіл солай деді. Ертең келіп әуре болмай-ақ қой, – деп қысқа қайырды да, кетіп қалды.

Не істерімді билмей, шарасыз кейіпте көзімнің жасын көл қылып, отырдым да қалдым. Менімен бөлмеде қатар жатқан құрбым маған қарағанда батыл еді. Ол мән-жайды бірден ұқты. Әй-шәйға қарамай, білегімнен ұстады да:

– Тез қимылдау керек, әйтпесе кеш болады, – деді. Сағаттың тілі түнгі он екі жарымды көрсетіп тұрған.

– Жылдам киін! – деп асықтырды әлгі қыз. Асып-сасқаным сонша, сахнаға киетін қазақша етікті киіп алдым. Үстімде халат. Құрбым болса:

– Кім еді сенің жолбасшың? Әлгі Қазақстан комсомолының бірінші хатшысы қайда? – деп сұрады.

– Өзбекәлі Жәнібек, – дедім мен еңіреген қалпы.

– Ол бұл жайдан бейхабар болуы мүмкін. Тезірек соны табу керек, – деді де, мені жұлқып далаға алып шықты.

Бізге қарама-қарсы ғимаратта СССР-ді бастап келген комсомол көсемдері жайғасқан. Құрбым мені жетектеген күйі сол ғимараттың ішінен бір-ақ шықты. Күзетшілер тосқауыл болып:

– Түнгі сағат бірде неғып жүрсіндер? – деп сұрады.

– Бізге Қазақстанның комсомол хатшысы керек, – деді құрбым.

– Не істейсіндер оны?

– Түсініксіз жағдай боп тұр. Таңертең конкурс. Мәселені қазір шешпесек, ұшығады, – деді құрбым.

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Күзетшілер біздің мойынға асып алған «СССР» деген бейджикке қарады да, Өзбекәлі жатқан бөлменің нөмірін айтып, ішке кіргізді. Өзағаның бөлмесін тез таптық. Есік қақтық. Ол кісі жатып қалған екен. Мені көріп шошып кетті.

– Әй, Гүлжан, мұнда не істеп жүрсің? Тыныштық па? – деп сұрады.

– Аға, мені Өзбекстанның басшылары конкурстан алып тастапты, – деп жылап жібердім. Көз жасым көл болды. Өзаға түк түсінбей:

– Кім? Қайда? Қашан? Не үшін алып тастаған? – деген сұрақпен төпелей жөнелді. Мен болған оқиғаны түгел баяндадым. Ол желдің қайдан соққанын бірден түсінді. Тістеп тұрып біреуді жақсылап сыбады да, СССР Комсомолының бірінші хатшысы Евгений Тяжельниковке телефон толғады.

– Евгений, сен ояусың ба? Мен қазір барамын. Аналар тағы да бірдеңені былықтырып жатыр, – деді.

Сөйтп де, бас хатшының бөлмесіне бардық. Тяжельников екеуі арғы бөлмеге кіріп, есікті жауып алды. Он бес минуттай телефонмен сөйлесті. Сосын шықты да:

– Гүлжан, еш алаң болма! Ертең билейсің. Бар да демал! Азанда сағат сегізге көлік жіберемін. Сақадай сай тұр! – деді.

Бөлмеден шықсақ, құрбым дәлізде үрпиіп күтіп тұр екен. Өзаға оған қарап:

– Уайымдама, құрбың ертең жарысқа қатысады. Бәрі оңынан шешілді, – деді де, екеуімізді шығарып салды.

Бөлмеге келіп ұйықтататын дәрі іштім. Бірақ әсер етпеді. Алған стресстің күштілігі сонша, таң атқанша көз ілмедім. Азанда тұрып жуынып-киініп, сақадай сай тұрдым.

Сағат 08:00-де қап-қара шетелдік машина қонақұйдің алдына келіп тоқтады. Ол заманда СССР-де шетелдік көлік тұрмақ, «Жигули» көрмейміз. 1960-70 жылдары «Москвичі» бар адам патшаның баласындай көрінетін. Қонақұйден шыққан жұрт әлгі көлікке тамсана қарап, сыртын сипа-

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

лап көріп жатты. Біреулер терезесінен сығалап жүр. Осы сәтте қонақұйден мен шықтым. Шопыр көліктің артқы есігін ашып, мені ішке отырғызды. Жұрт қызығып қарап тұрды. Көңілім көтеріліп, бір марқайып қалдым.

Меніңше, сол заманның ең супер автомобилін Өзбекәлі ағам мені «Жігерленіп сілкінсін! Қуаттанып қуансын!» деп әдейі жіберген сияқты. Әйтпесе, ондай көлікке Брежневтің қызы да отырмаған шығар. Түндегі күйреген көңіл күйім таңғажайып көлікке отырған соң лезде қалпына келді. Концерт өтетін ғимараттың алдына кеп тоқтағанда патшаның қызындай болып салтанатпен түспім.

Сахнаның артында ұлттық костюмді киіп, кезегімді күтіп тұрмын. Оркестр сол күйі құрыды. Амал жоқ, дойраға биледім. Бағыма орай Алматыда оқыған кезде биден беретін ұстазым Тәшкеннің қазағы еді. Ол маған өзбек биінен сабақ беріп, дойраның ритмін үйреткен.

Таныс аспап болған соң сасқам жоқ. Ә, дегеннен дойраның ритмін іліп алдым да, мың бұралып сала бердім. Обалы не керек, бидің түбін түсірдім. Бірақ ұйқының аты ұйқы. Қанбаған ұйқы жүзімдегі эмоцияны солдырып жіберді. Жүзімнен шаттықтың шуағы төгіліп тұрмады. Мұны қазылар да байқап қойды. Кім білсін, егер сол жолы эмоциям мықты болғанда, бәлкім, бірінші орын алар ма едім...

Есесіне үш күн бойы Алматыда тіктірген ұлттық костюмім үлкен рөл ойнап кетті. Қос етек көйлегім де, велюр нымшам да, күндыз бөркім де, бөркімнің үлбіреген үкісі де сахнаны жандырып жіберді. Осылайша бірінші түрдан өттім. Одан кейінгілері оңай болды.

Соңғы шешуші кезеңде ерекше шабыттандым. Себебі залдың атмосферасы жігер сыйлады. Сахнаға шыққанда зал қиқұлап, айғайлап, ысқырып, қол соғып, шұлап кетп. Артынша тебіреніп жылағаным есімде. Кейін байқасам, мен шыққанда делебесі қозып қиқұлап отырған қазақтар екен. Өзағам фестивальға делегация болып барған барлық сала-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

ның маманын залға жинапты. Тіпті қырғыз делегациясын да әкеліп отырғызып қойыпты.

Жарыс біткен соң жеңімпаздарды анықтап, марапаттау үшін арнайы залға жинады. Бірінші күні дойраға билеген биім көңілден шықпады. Сондықтан жүлдеден үміт күтпегем. Мұндай фестивальға қатысудың өзі – абырой. Кенет қазылар: «Талпакова, СССР!» – деп айғайлады. Маған бұл «Қалпакова» деп естілді де, мән бермей отыра бердім. Сөйткенше болған жоқ, «Гүлжан Талпакова, СССР!» деп бір-неше мәрте шақырғанда қасымда отырғандар маған бұрылып:

– Әй, Гүлжан, сені шақырып жатыр, – деді.

Тоқ соққандай құлағым еспмей қалды. Тәлтіректеп тұрдым да, баспалдақпен былқ-сылқ етіп, мас адамша теңселіп әрең түстім. Сахнаға жеткенше құлап қалам ба деп қорықтым. Жарқыраған күміс медальді мойныма ілді. Сыйсияпат пен гүл шоғының астында қалдым. Фотографтар жан-жақтан шатырлатып жарыса суретке түсіріп жатыр.

Осылайша өмірімде алғаш жарысқа қатысып, ә дегеннен екінші орын алдым. Өзағамның қуанышында шек жоқ. Жеке келіп құттықтады. Мәскеуге барған соң жеңімпаздарға дастарқан жайды. Ол жерде де Өзағамның абыройы асқақтап, айдарынан жел есіп тұрды. Бұдан да қызығы – СССР-дегі ең беделді журналдың бірі – «Огонектің» мұқабасына суретім шықты. Ішіне мен жайлы көлемді мақала жазылыпты. Оны да ұйымдастырған Өзбекәлі ағам болатын.

Конкурстан алтын алған қаншама лауреат пен таланттар үзеңгі қағыстырып, ауыздығын шайнап тұрған. Сонша жұлдыздың арасынан суырып шығаруы – мен үшін ғана емес, Қазақстан үшін зор абырой. 1968 жылы ұлттық киіммен «Огонектің» мұқабасына шығуым қазақ жастарына мотивация мен мақтаныш сезімін сыйлады.

Бұдан соң Алматыға ұштым. Ол кезде Алматының әуежайынан ұшақ аз ұшатын. Қонуға жақындағанда алаңдағы


ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

қызыл кілемді көріп, «шетелден қонақ келген екен» деп ойладым. Траптан түскен кезде бір-ақ білдім. Мені салтанатпен күтіп алу үшін бұл құрметтің бәрін ұйымдастырып дайындаған Өзбекәлі ағам екен.

Осыдан соң жұлдызым жанып, тасым өрге дөңгеледі. Орта Азия бойынша шығыс биін билейтін жалғыз бишіге айналдым. Соның арқасында елуден астам шет мемлекетте өнер көрсеттім.

Софияда болған оқиғаны кейін терең сараптадым. Ол интриганы Өзбекстанның комсомол хатшысы ұйымдастырса керек-ті. Ондағы мақсат – маған жалған ақпарат беріп, конкурсқа қатыстырмау. Бес минут кешіксем, менің орныма Өзбекстанның бишісі шығуға дайын тұрыпты. Дайын тұрғаны сол, оркестрдің өзін дойрамен алмастырып қойған. Ол заманда шетелге кім шықса да, СССР-дің атынан қатысатын. Сондықтан өзбек шықты не, қазақ шықты не – айырмасы жоқ деп қарайтын. Бірақ Өзбекәлі олай қараған жоқ. Ол ұлттық намысқа шапқан кезде басқа идеологияны көзі көрмей қалатын. Сол түні интриганың тірсегін қиып, жолын жауып тастады. Мен де намысқа тырысып, батырға оң-солы бір дегендей, өзбектің дойрасына өзбектен артық билеп шықтым. Егер сол түні сүрінгенімде кейінгі бақ пен бақыттың, атақ пен даңқтың ұштығы түгіл пұштығы да бұйырмас еді. Одан бөлек сол түні бірден шешім қабылдап, білегімнен сүйреп отырып Өзағаның бөлмесіне ертіп апарған жан құрбыма да өмір бақи қарыздармын. Ол атақты әнші София Ротару болатын. София сол жолы алтын медаль алып, жұлдызы жарқырады.

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ



ҮЛКЕН ДАУЫЛПАЗ

САУДАГЕР МИНИСТР

Әділдігін айту керек, Өзбекәлінің батыл қимылдап, шұғыл шешім шығаруы сол кездегі Мәдениет министрі Ілияс Омаров сияқты ұлтшыл азаматқа да байланысты. Осы министрден қолдау тапқасын да қолда бар қаржыны ұлттық өнерді дамытуға аямай жұмсайтын. Болгариядан келген бойда Өзбекәлі министрге кіріп, оркестрге билейтін ұлттық бишілерді көбейту мәселесін өткір қояды. І.Омаров «Гүлдер» ансамблін құруға пәрмен береді.

Ілияс мәдени майданда Өзбекәлінің идеясын қолдайды. Оған қарсы ұйымдастырылған интригаларға кеудесін тосып, оны қорғайды. Ілиястың ұлтшылдығына қайран қаласың. Ол министр болғанда игі жақсылар қызметімен құттықтап, кабинетіне кіріпті. СССР дәуірінде кез келген басшының бөлмесінде Орталық Комитеттегі Бюро мүшелерінің портреті тізіліп тұратын. Министрдің кабинеті тұрмақ, айдаладағы

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

ауыл мектебінің өзі сол Бюродағы көсемдердің келбетімен көмкерілетін. Бір қызығы, Ілиястың креслосының ту сыртында Темірбек Жүргеновтің портреті ілініп тұрыпты. Бірде Қанабек Байсейітов:

– Ілеке, Брежневтің орнына Темірбек ағамыз жайғасып алыпты ғой. Қорықпайсыз ба? – депті таңғалып.

– Әу, Қанеке! Менің министр, сенің Халық әртісі болып жүргенің осы кісінің арқасы. Бұл кісіден кейін біздің бітірген ісіміз шамалы, – деп жауап беріпті.

Шындығында Ілияс Темірбектің тікелей шәкірті емес. Бірақ мәдени майданда оны пір тұтқан сияқты. Себебі мәдениет үшін жан алысып, жан берісу әдістері ұқсас. Қанабек Байсейітов 1970 жылы Ілияс қайтыс болған соң оның орнына келген жаңа министрдің қабылдауында болады. Темірбектің төрдегі портреті алынып тасталған. Оның орнында құмыра мен алманың суреті салынған кенеп ілініп тұр екен. Осыны көргенде Қанабек көзіне жас алыпты.

Құрметті оқырман! Осы жерде Ілияс Омаровты таныстыра кетейік. Ол да мәдени майданда бір сантиметр шегінбеген нағыз қаһарманның бірі. Мамандығы – экономист. 1933 жылы Ташкенде экономика оқуын бітіреді. Сосын Қызылордада үш жыл Сауда ісі техникумында директор болады. Жиырма екі жасында Гүлшат есімді қызға үйленеді. Бірақ таңдауы басына бәле болып жабысып, қуғындалады. Себебі Гүлшаттың әке-шешесі кәмпескіге ұшыраған Омбының байлары болған екен. Осыны сылтау қылып, НКВД қысымға алады. «Дереу ажырас! Әйтпесе карьераң осымен тынды», – дейді қорқытып. Ілияс ойланбастан партбилетін тапсырып, қызметінен кетеді. Айтқандай, ешкім оны жұмысқа алмайды. Қаржыдан қысылып, хәлі мүшкіл бола бастайды. Бір күні НКВД-ның жанашыр офицері құлағына сыбырлап: «Дереу Алматыға кет! Мұнда сені соттатпай қоймайды», – дейді.

Ілияс әйелін ертіп Алматыдан бір-ақ шығады. Келе сала

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

сауатты маман ретінде аяқкиім шығаратын зауытқа бухгалтер болып орналасады. Тұралап тұрған зауытты қуатты өндіріске айналдырады. Қазақтың бағына орай оның көзінен кемістік шығып, соғысқа алынбай қалады. Есесіне Қазақстанның Сауда комиссары болып бекітіледі.

Ең қызығы, сауда-саттық ісін шыр айналдыратын экономист бүкіл әлеуетін мәдени салаға бұрған. Бұл азаматтың мамандығы саудагер демесең, жан-жүрегі қазақтың ескі ауыз әдебиетімен қаланып, денесінің әр клеткасына шейін қазақ мәдениеті деп соғып тұрған. Қолына биліктің тетігі түскен күннің ертесіне қазақ мәдениетін насихаттауды бастап кетеді. Бұл кезде Сталин тірі болатын. Репрессия уақытша тоқтаған. Мұртты көсемнің есіл дерті майданға ауып, немістермен алысып жатқан.

* * *

Ілияс потенциалын қазақ мәдениетін күшейтуге салды. Спектакльден қалмайтын. Бірақ ондағы әртістердің киіміне көңілі толмады. Олардың киімі тым жұпыны әрі оқиғаның дәуірін дәл бере алмайтын. Ол кезде театрлардың киім тігетін дербес цехы да жоқ еді. Соғыс жағдайына қарамай, ілияс үш театрды қаржыландыру жоспарын жасап, дереу іске қосады. Бір жылдың ішінде Алматыдағы үш театрдың костюмдері жарқырап шыға келеді.

Бұған қарап Ілиясты ақша тауып, қаржы бөлуді ғана қатырады екен деп қалмаңыз. Ол бала жастан Шығыс шайырларын құлағына құйып, көкірегіне түйіп өскесін сөз өнерін түсінетін. Кейде қарапайым боламыз деп қарабайырлыққа ұрынып қалатын профессионал әртістердің өзіне салмақты сын айтатын. Мысалы, Шәкен Айманов сияқты әртістерге ескерту беріп:

– Халықтың сөйлеу өнерін көтерудің орнына керісінше түсіріп жібердіңдер. Олай болмайды. Мұндай жұтаң сөзді халық үйінде де қолданып жүр. Оны сахнадан қайта тың-

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

даудың еш мәні жоқ. Себебі оның мәдени деңгейі өспейді. Мешеу тарта бастаған халық ауыр тұрмыстан бір сәтке босап, театрға барғанда нағыз адами деңгейді көріп, соған қарай тартылуы керек. Надандықты сөйтіп қана жеңесің, – дейтін.

Дәл осындай ескертуді адамзатқа қаратып Гете де айтады:

«Біз адамды бар қалпында, тұрған кейпінде ғана қабылдасақ, түбі оған қиянат жасаған боламыз. Егер оны қол жеткізе алатын биікте көре алсақ, сол деңгейде қарым-қатынасқа түссек, оның сондай адам болып қалыптасуына көмектескен боламыз».

Демек, мәдени салада «қарапайым бола қаламын, сөйтсем халықтың жүрегіне жол табамын» деп қарадурсін форматқа түсіп қалудан сақ болу керек.

Кез келген адам өзін бар қалпында, тұрған кейпінде қабылдап қоя салса, мәдени һәм рухани тұрғыда кері кетпей тұрмайды. Себебі адам болмысы ағысқа қарсы жүзген кезде тірі балыққа ұқсайды. «Өлген балық та ағыспен ағарды» деген тәмсіл осыдан шыққан. Сондықтан біз мәдени өсуге тиіс биік деңгейді театр, кино, кітап бетіндегі идеалдарға қарап анықтаймыз. Соларға ұқсауға тырысқанда адами деңгейіміз тоқыраудан құтылып, гүлденген қоғам құруға құмар болады.

* * *

«Түйенің үлкені көпірден таяқ жейді» дегендей Қажымұқан атамыз да денесінің ірілігінен қиындық көріпті. Әсіресе төзімді аяқкиім таппай қиналыпты. Палуанның бұл проблемасы Ілиястың назарына ілігеді. Ол шеберлерді шақырып, палуанның аяғын өлшетіп, он жыл кесе де, тозбайтын бірнеше аяқкиім тіктіріп берді.

Евгений Брусиловский мен ағайынды Мүслім, Ришад Абдуллиндер де Ілиястың арқасында жаңа костюмге қарық

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

болды. Сол кезде Ресейден Алматыға жер аударылған өнер қайраткерлері де болған. Олардың да әлеуметтік проблемасы ұшығып тұратын. Ілияс оларды жарылқап, азық-түлікпен қамтамасыз етті.

Наталья Сац есімді танымал театр маманы Ілияс жайлы мынадай естелік айтады: «Мен Ілияспен жарты-ақ сағат әңгіме-дүкен құрдым. Осы уақыт ішінде қазақ халқын және оның мәдениетін шексіз сүйіп кеттім», – деп ағынан жарылыпты. Сац ханым да Ілиястың арқасында Алматыдан Сац театрын ашып алды.

1943 жылы Ілияс республикалық ақындар айтысын өткізуді жоспарлайды. Осы ойын Сәбит Мұқановқа айтады да: «Мені ұйымдастыру комитетіне кіргіз», – деп сыбырлайды. Ұлтшыл деген айыпқа ілініп айдалып кетпес үшін «Бұл шараның бәрі майдандағы жауынгерлердің рухын көтеру үшін жасалып жатыр» деп бүркеп қояды.

Айтыс бір аптаға созылады. Алматыдағы опера және балет театрында өтеді. Залға адам сыймай кетеді. Елдің әр өңірінен сексен сегіз ақын қатысады. Нартай, Шашубай, Кенен, Майбасар, Иса бастаған айтыскерлер өлең-жырдың көркін қыздырып, халықтың еңсесін көтеріп тастайды. Әсіресе Сапарғали мен Есенсары айтысы жұрттың рухын көтеріп жібереді. Сапарғали:

Бүркіттей шарықтайын асқар асып,
Теңіздей толқындайын жатқан тасып.
Жүйріктей жүйткі шауып көсілейін,
Аттайын айшылықты алты-ақ басып, –

деп Абылай бастаған қазақ батырларының жауды жапырып, жайпап, қылышпен кесіп, найзамен тесіп, жебені жаңбырдай жаудырып, қалмақтарды шоқпармен ұрып аттан аударған ерлігін баяндайды.

Советтік пропоганданың кесірінен тарихи жады өшіп бара жатқан қазақ жұртының бейсанасы мен түпсанасын бір қопарып тастады. Қазан төңкерісінен кейін пайда болған

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

ақындардың жаңа буыны қызыл сұңқарларды жырға қосып әспеттеуге үйреніп қалған. Тарихтың қисық сүрлеуіне түсіп кеткен осы бір өнерді кәрі тарландар бір аптаның ішінде қалпына келтіріп қойды.

Сіз Youtube-тен күй тартып отырған Дина апамыздың бейнесін көріп пе едіңіз? Өзіңіз ойлап қараңыз, Дина Астраханда тұрып жатқан, ал студия Алматыда. Осындай қиын кезде Оралдағы қарт күйшіні Алматыға алдырып, видеоға жазып алу кімнің ойына келді? Бұл жобаны да жүзеге асырған – Ілияс Омаров.

Ол Дина апаның шығынын көтеріп, Алматыға алдырған соң жағдайын жасаған. Бөлек киіз үй тігіп, есігінің алдына сиыр байлап қойған. Музыканттарды алдырып, күйлерді нотаға түсірткен.

* * *

Бұл кезде Қаныш Сәтбаев бастаған ағартушы ғалымдар да жыр құндылығын жинап жатқан. Маңғыстауда жатқан сексен үш жастағы қарт жыршы Мұрын жырауды алдырып, жырын қағазға түсіреді. Бір қызығы, осы істің де басы-қасында Ілияс Омаров жүрді. Академиктерге сұраған ақшаның соңғы тиынына дейін дер кезінде тауып беріп отырған. Соның арқасында әлем соғысып бүлініп жатқанда қазақтың рухани құндылықтары бүтінделіп жатты. «Қырымның қырық батыры» сол кезде хатқа түсіп қатталып қалды.

Ілияс 1944 жылы Құрманғазы атындағы консерватория мен Қыздар пединститутын ашуға да тікелей араласты. Қатты қызып кеткені сонша, Ермұхан Бекмаханов пен Қажым Жұмалиевті кабинетіне шақырып, қазақ тарихын қайта жазуды тапсырды. Олар да аянып қалмады. Абылай хан мен Кенесары жайлы деректер объективті талдаумен Қазақ ССР энциклопедиясына еніп кетті. Бірақ бұл құлықтарын большевиктер бағып отыр еді. Соғыс біткен соң Сталин жолдас репрессия жасайтын сүйікті «кәсібіне» қайта оралды. Екі

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

ғалымның басына қара бұлт үйірілді. 1952 жылы ұлтшыл элементтерді жою туралы келесі науқан басталғанда Ілияс бастаған тұлғалар тұзаққа түсті.

1951 жылдың 26 желтоқсанында «Правда» газетінде Е.Бекмахановты қаралайтын мақала шығады. Сонда бүй деп жазылған:

«Тарих ғылымдарының кандидаты Сүлейменовтің сөзі:

– Буржуазияшыл ұлтшыл Бекмаханов туралы Қазақстан тарихшылары қаншама рет мәселе көтерді десеңші. Бірақ соның ешбірін қолдамады. Керісінше, мұндай маңызды мәселені кім көтерсе, сол адам қуғын мен арандатуға ұшырады. Омаров жолдас Бекмахановтың кітабының зиянды екені туралы БК(б)П Орталық комитеті мен СССР Ғылым Академиясының алдына мәселе қойғанымды білген соң ол мені шақырып алды да, дөрекі сес көрсетті.

Академияның президенті Сәтбаев, академик Сауранбаев Бекмахановты әшкерелеуге кедергі келтіріп бақты. 1949 жылы партия ұйымы Бекмахановтың мәселесін қарамақ болғанда әртүрлі телефон соғылды. Алматы обкомының хатшысы Жанғозин жолдас ешқашан академияның өміріне назар аударып көрген жоқ, назар да аудармай келеді. Міне, сол кезде ол телефон шалып, Бекмахановтың мәселесін қоюға үзілді-кесілді тыйым салды. Тура сондай тыйым бұрынғы қалалық партия комитетінің хатшысы, өзін байдың тұқымы екенін жасырғаны үшін БК(б)П қатарынан шығарылған С.Жүсіпбеков тарапынан да жасалды. Омаров жолдас: «Бекмахановтың қателігін ұлтшылдық емес, саяси қателік деп қараңыздар», – деп мені үгіттеді».

* * *

Құрметті оқырман! Жанкешті тау тұлғалардың осы таластартысына қарап, «қазақтың жауы – қазақ», «қазақтар бір-бірінің аяғынан тартқаннан басқа түк білмейді» деген сияқты советтік типтердің ойлап тапқан мінездеменің далбаса

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

екенін түсінесіз. Ірі қазақтар Бекмахановты жауға бермейміз деп жан алысып, жан берісіп жатыр. Бірақ күш тең емес.

1952 жылы бұлардың бәрі Бекмахановпен бірге қудаланып, жұмысын тастап, бас сауғалап кетті. Ілияс соның өзінде амалын тауып, Ахмет Жұбанов пен Мұхтар Әуезовті тұтқынға түсірмей, Мәскеу асырып жіберді. Өзі әуірімдеп жүріп, Мәскеуге барып партияның оқуын оқып әзер құтылды.

Ал Бекмаханов 1951 жылы университеттегі жұмысынан қуылып, партия қатарынан шығарылды. Біраз уақыт Алматы облысының Нарынқұм ауданындағы орта мектепте тарих пәнінен сабақ беріп күнелтті. Бірақ құғын-сүргін тоқтамады. Жамбыл облысы Шу ауданы Новотроицк селосына жіберілді де, сондағы мектепке жұмысқа тұрды. Бірақ Кенесарының рухын оятып жіберетін тарихшы бәрінен де қауіпті еді. Совет өкіметі оны соттамай тынбады. 1952 жылы 5 қыркүйекте тұтқындап, ГУЛАГ-тың алыс бір лагеріне 25 жылға жөнелтті. Сталин өлген соң, Хрущевтің жылымық кезеңі орнады да, 1956 жылы ақталып, елге оралды.

Ұлтының алдында **адамдық борышты** саналы түрде арқалаған бұл ерлерді сындыру оңай емес еді. Заманның болмашы жұмсарғанын пайдаланып, олар үзілген міндетін 1955 жылдан бастап қайта жалғады. Әуезов бастаған ғалымдар Абайдың мұрасы мен өмір жолын қопаруға кірісті. Әлкей Марғұлан, Әуелбек Қоңыратбай, Мардан Байділда сияқты этнографтар Қазақстанның түкпір-түкпіріне экспедиция ұйымдастырып, қазақтың көне жырлары – «Қорқыт ата», «Көроғлы», «Оғызнама» сияқты жәдігерлерді жинақтап жатты. Одан бөлек қазақтың көне шаһарларына археологиялық қазба жұмыстарын бастады. Мәлік Ғабдуллин, Рақманқұл Бердібаев, Қажым Жұмәлиев, Бейсенбай Кенжебаевтар «Батырлар жырын» қайта жаңғыртуға кірісті.

* * *

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Мәскеуден партия оқуын «оқып», коммунистік иманын «кушейтіп» келсе де, Алматыдағы кәрі коммунистер Илиястың өзгеріп келгеніне сенбеді. Оны Солтүстік Қазақстанға (Қостанай мен Торғай) хатшы етіп, «мәдени ссылкаға» жібермек болды. Сөйтті де: «Туған жеріңе барып қызмет етіп қайт!» – деп арқасынан қағып, теріскейге шығарып салды.

Жүрегінде жасырын жанған елдік санасы Илиясты бейқам отырғызбайтын. Бұл жаққа келген соң да «қауіпті» ісіне кірісті. Себебі мұнда Ыбырай Алтынсарин жатқан. Енді соның басын қарайтып, моласын киелі мекеннің біріне айналдыруды қолға алды. Себебі ұлт ұстазы – Ыбырайдың қабірі де, соққан мектептері де, жазған еңбектері де қараусыз қалған десе де болады. Ең қызығы, Илияс Омаров бала кезінде осы Ыбырай Алтынсариннің мектебінен түлеп ұшқан. Бұл жерде оған «адамдық борыш» деген рухани дертп Бекет Өтетілеу жұқтырды. Бекет «Қалың мал» романының авторы Спандияр Көбеймен бір сыныпта оқыған. Ыбырай Алтынсариннен тікелей тәлім алған. Ал Бекеттен Ғабит Мүсірепов, Бейімбет Майлин және Илияс Омаров дәріс тыңдап еді. Араға отыз жыл салып Илияс туған жеріне оралды.

Ол алғаш рет 1949 жылы Қостанайға іссапармен келгенде Ыбырай зиратының қараусыз жатқанын байқаған. Қостанайға келген бетте оны дастарқан жайып, жергілікті газет тілшісі ақын Сырбай Мәуленов күпп тұрған. Илияс: «Мені алдымен Ыбырай атаның қабіріне апар! Әуелі ұлт ұстазына тағзым етейін, сосын барып асқа отырамыз», – дейді.

Әсілі, әруақты ерлерге зиярат жасау Отүкен тауынан басталған, Күлтегін тасында жазылған көне дәстүрдің жалғасы еді. Ислам дәуірінде бұл дәстүр «Құран оқып, дұға бағыштау» деген діни элементпен құнарланды. Бірақ совет кезінде «бас киім шешу», «бір минут үнсіздік» сияқты советтік тағзым түрлері шыққан.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

Илияс дәуірдің талабына сай Ыбырайдың әруағына тағзым еткісі келді. Бірақ қабірдің сұрықсыз сиқын көргенде оның көңілі құлазып кетті. Ол мұнда келгесін Ыбырай мектебін қайта жөндеп, қабірін қарайтып, қоршап ұлт ұстазын ұлықтау жұмысын жандандырды. Бұл қамқорлығын жүрегі тоқтағанша үзген жоқ. 1970 жылы Илияс елу жеті жасында дүние салды. 1972 жылы жергілікті коммунистер «ескірді, орнына жаңа мектеп соғамыз» деген сылтаумен мығым тұрған Алтынсариннің ағаш пен кірпіштен соғылған мектептерін қиратып, құрылыс материалдарын жұртқа таратып беріпті.

Илияс Солтүстік Қазақстанға хатшы болып келгенде, өңірдің бірінші хатшысы Алексей Попадько оны ұлтшыл деп жақтырмапты. Жақтырмағаны сол – кабинетіне кіргізбеген. Илияс та оның кабинетіне күні түсіп бармаған деседі. Бірақ бір жыл өтпей-ақ Попадько қызметінен кетіп қалады.

Илияс идеология жөніндегі хатшы болса да, экономист ретінде жоспарлау ісіне белсене араласқан. Мәдени майданда жеңілетін болса, жергілікті жұрттың рухани шапшаң кері кететінін жақсы білген. Сондықтан бюджетке ақша тартқанда жоспарға мәдениет үйі, монша, филармония, телеорталық, аурухана, мектеп сияқты нысандарды енгізген. Мәскеу шенеуніктері: «Провинцияға телеорталықтың не керегі бар?» – деп бюджеттен алып тастамақ болғанда ол ескі танысы А.И.Микоянға телефон соғып, жоспарды бұздырмайды.

* * *

Ежелден бері көшпелі қазақтың ұлттық кодын оятып, намысын қоздырып, қанын қыздыратын киелі өнердің бірі – айтыс. Қазақ тарихындағы классикалық айтыстар – ауыз әдебиетінің жауһары. Ол кезде тамырын тереңнен тартатын ақындар бір айтыстың өзінде діни қиссадан бастап түскен кезде халықтың иманын жаңалап, көмескі тартқан тарихи

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

танымын жаңғыртып, дәрекіленген эстетикалық талғамын лиро-эпостық жырмен әсемдеп, мұқалған намысын қайрап кететін.

Оның осындай құдіретін поляк саяхатшысы Янушкевич дал аңғарған. Ол Орынбай мен Жанақ ақынның айтысын баяндап келіп: «Кезек тигенде Орынбай домбырасын қағып-қағып жіберіп, өлең басын Адам ата, Хауа анаға арнады. Содан Нұхтың кемесіне мінді. Топан судан өтті де, Арараттың биігіне шықты. Інжіл иірімдеріне көз тастады. Жолай барлық оқиғаны қалдырмай баяндады. Вавилон Навуходоносорын, Мысыр перғауындарын түгел сүзіп шықты. Сағат бойы мүдіріссіз жырлап, Ниагара сарқырамасындай арындап келіп, Мұхамбетпң өзіне де жетп-ау. Соңғы он ғасырды құшағына алып нөсерлеткен жыр қазақ даласына толық-си жайылар ма еді, қайтер еді, кім білсін?! Меккеден шыға бергенде домбырасының шегі үзіліп барып тоқтады», – дейді.

СССР кезінде айтысқа тыйым салынған. 1943 жылдың желтоқсанында ғана алғаш рет республикалық айтыс өтті. Оған Ілиястың мұрындық болғанын жоғарыда баяндадық. Енді ол қолына билік тигесін облыста жиі айтыс өткізуді жолға қойды. 1957 жылы Ілияс билікке келгенде Хрущевтің тың игеру дәуірі басталып, Ресейдегі қаңғыған орыстың бәрі Қазақстанға жаппай жөңкіліп жатқан. Құрамы сапасыз, көбіне қарабайыр жұмысшыдан құралған бұл келімсектер жергілікті халықтың дәстүрлі мәдениетін сан түрлі рухани мерезбен жаралап тастады. Ақылы сау, намысы бар қазақтар азшылыққа ұрынып, орыс мужығының мәдениетсіз мәдениетіне жұтылып бара жатқандай жанталаса қимылдады. Осындай сәтте бірнеше дәуірдің мәдени қабатында қалған қазақы құндылықты насихаттайтын айтыс өнері оларға Алланың аспаннан тастаған құдіретп арқанындай көрінді. Өз жерінде азшылыққа ұрынып, мәдени езгіге ұшыраған жұрт делебесі қозып, бір желпініп қалатын.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

* * *

Үш жылдан соң Ілиястың денсаулығы сыр беріп, амалсыз Алматыға көшті. Бір қызығы, біздің бағымызға орай ол «Қазақфильмге» директор болып тағайындалады. Бұл саланың екінің бірі еңсере алмас ең нәзік нюансы бар. Миыңда миллион түрлі көркем идея болса да, қаржы көзін таба алмасаң, тақырда отыра бересің.

Ілияс қызметке келе сала қазақ киносының алтын қорын құрап тұрған: «Менің атым – Қожа», «Бандыны құған Хамит», «Тұлпардың тұяғы», «Ана туралы аңыз» және «Қыз Жібек» фильмдерін жоспарға енгізіп, қаржысын қарастырды.

Ол Ғабит Мүсіреповке хат жазып: «Қозы Көрпеш-Баян сұлудың» негізінде «Махаббат туралы дастан» фильмі жарық көрді. Көрерменнің көзайымына айналды. Енді бізге «Қыз Жібек» дастанына киносценарий жазып беріңіз. Онда тек адал махаббат қана жырланып қоймай, халықтың салт-дәстүрі, мәрт мінезі, толайым тағдыры мен тарихы көрініс тапса, игі болар еді», – деді.

Тапсырыстың салмағы ауыр. Ол кезде Алматыдағы кесір коммунистерді айтпағанда Мәскеудегі цензураның өзінен тышқан жорғалап өте алмайтын. Себебі СССР-де орыстан басқа ұлтты ұлықтау мүмкін емес. Ал «Қыз Жібек» ондай стандартқа сәйкес келмейді. Одан бөлек фильмнің сценарийін Ғабит Мүсірепов қазақша жазған. Әдетте қазақша киноның сценарийі орысша жазылып, фильм орысша түсіріліп, сосын барып қазақ тіліне аударылатын. Ілияс келген соң киноның сценарийлері қазақша сөйлей бастапты.

Бұдан да қызығы, «Қыз Жібек» фильмінің ішіне көне түркі дәуірінен қалған мәдени элементтің бәрін сыйғызуға тырысқан. Бекежан мен Төлегеннің сауыты мен қалқанына түркі дәуірінде культ болған жыртқыш құстар мен барыс бейнеленген. Алтай қорғандарынан табылған аққу мен атештің фигураларын киіз үйдің ішін сәндеуге қолданған.

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Кинода батырлар арқалап жүрген тайқазан да сақ стилінде құйылған. Тіпті көп көрермен байқамайтын мынадай эпизод та бар: Сырлыбай асатаяғын жонып отырғанда оның сабында руна жазулары анық көрінеді. Тау-тас арасындағы көне петроглифтер, руна жазулары, балбал тастар жанама түрде насихатталады. Әруақты құрметтеп, бабалар рухына тағзым ету деген қазақы дәстүр де дәріптеліп үлгерген.

Осындай қазақы элементі көп болғасын да «Қыз Жібек» фильмі қатты кедергіге ұшырады. Екі сағаттық киноны айтысып-тартысып жүріп әрең түсірген. Оның өзінде Бекежанның қасына 15-20 сарбаз ертіп жүруге әрең рұқсат берген. Егер кедергі болмаса, фильмнің қалмақтармен соғысатын эпизодында кемі мың сарбазды атқа қондырып, атыстырып-шабыстырып, қиқулатуға болушы еді. Бекежанның жанындағы селдіреген санаулы сарбаздың сыры осындай.

Онсыз да қазақ рухын өлтіре алмай, қазақ мектебін жаппай жауып, «сендерде тарих та, мәдениет те, жазу-сызу да, мемлекет те болмаған» деген идеологияның қарша бо-рап жатқан кезі еді.

Сонда да сан түрлі цензураның өткелінен қысылып шыққан «Қыз Жібек» фильмі әліге дейін көрерменге асқақ рух сыйлап тұр. Фильмнің режиссері Сұлтан Қожықов Алматы мен Мәскеудің екі жақты зор қысымына төтеп беріп, осы бір шедевр фильмді адамзат өркениетіне қосып кетті. Ол он бес жылдан кеіін өліп бара жатқан қазақ рухын тағы да тірілтем деп Қажымұқан жайлы фильм түсіреді. Бұл жолы да Мәскеу Қажымұқанның қасына Поддубныйды орынсыз тықпалап, режиссердің жүйкесін жұқартқан. Яғни Қажымұқан оның көлеңкесінде қалып кетуге сәл-ақ қалды. Мәскеудегі цензурамен тіресе беріп, Қожықовтың денсаулығы сыр беріп, өмірден ерте өтті дейді замандастары.

Ілияс «Қазақфильмде» бір жыл отырды. Бұған дейін «Қазақфильм» Ленинградтағы «Ленфильмнің» филиалы болған. Ілияс 1959 жылы «Қазақфильмге» келген соң

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

құжаттың бәрін реттеп, еншісін алып, дербес автономды киностудия болып құрылды. Студияның әу бастағы атауы «Алма-Ата» болған. Ал көршілес елдің студиясы «Тәжікфильм», «Өзбекфильм», «Беларусьфильм» болып аталатын. Әділхан Құдайбергеновтің айтуынша, Ілияс басшы болып келген күні-ақ: «Әр елдің киностудиясы өз ұлтының атымен аталады. Біздің «Алма-Ата» атанып отырғанымыз қалай?» – деп мәселені төтесінен қойды. Сөйтті де бір күннің ішінде атын «Қазақфильмге» өзгертіп жіберді.

* * *

1960 жылы Ілияс Қазақстанның бюджетін жоспарлайтын комитеттің тізгінін ұстайды. Бұл биліктің де ықпалын қазақ мәдениетін күшейтуге жұмсады. Қазақ халқының сауатын көтеретін мәдени ошақтарды қаптатып ашып тастады. Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи мен Тараздағы Айша бибінің қараусыз қалған кесенесі тұңғыш рет өкіметтің назарына ілікті. Әсіресе Яссауи кесенесін реставрация жасау үшін глазур өндіріп шығаратын шеберлерді жинау жұмысы жолға қойылды. Орта ғасырдан бері топырақ астында қалған Отырар қаласын аршып зерттеу де Ілиястың кезінде қолға алынды.

Оның мықты экономист ретіндегі білікті қабілетін байқаған Мәскеудегі шенеуніктер «Омаровты бізге беріндер» деп құда түседі. Әдетте Алматы ондайға көне қоймайтын. Себебі ондай мықтыны қол астында бақылауда ұстаған тиімді. Оның қызметі өсіп, Мәскеуге кетсе Алматыдағы көсемдерге ауыр соғуы мүмкін.

1967 жылы Ілияс ойда жоқта Мәдениет министрі болып тағайындалды. «Апам да аң-таң, мен де аң-таң» дегендей оны өзі де, өзге халық та күтпейді. Оқыс шешімге Мәскеудегі шенеуніктер де таңғалып: «Дарынды экономисті Мәдениет министрі еткені несі? Орнына қайтарыңдар!» – деп араласады. Сонда Алматы жақ: «Айып

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

бізден емес. Қызметке сұранып келген өзі», – деп жауап береді. Бұл жалтарма жауаптың жаны бар. Себебі Ілияс шешуші шайқас экономикада емес, мәдениетте жатқанын жақсы білетін. Яғни «қарным тойса болды, мәдениетті сосын көтереміз» дейтін тоғышар философияға сенбеген.

«Селге сел қосылса, жұт болады, елге ел қосылса, құт болады» дегендей, Ілиястың елдік санасына Өзбекәлінің халықтық арманы қосылғанда шын мағынасында қазақ халқына құт болып шашылды. Министр болып отырған шағында Ілияс «Гүлдер» мен «Жас балет» хореографтар ансамблін құрды. «Болгариядағы бүліктен» соң ұлттық нақышта билейтін қыздар ансамблін күшейту негізгі приоритетке айналды.

Одан бөлек алыстағы ауыл-аймақта өнері қор болған талантты термешілер, дәстүрлі әншілер, жыршылар профессионалдық тұрғыдан өсе алмайтын. Себебі оларды үлкен сахнаға дайындайтын оқу орны жоқ еді. Бұл проблема да Ілиястың кезінде реттелді. Яғни Ж.Елебеков атындағы эстрада-цирк колледжі ашылды. Оған қоса Алматыда цирк ғимараты соғылып, қалаға өркениеттің жаңа нышанын әкелді. Әдетте цирк сияқты күрделі өнер ошағын салудың машақаты зор. Ал қаржысын бөлдіру одан он есе қиын. Ілияс Одақтың қаржы министрлігіндегі беделін пайдаланып, қаражатты бөгетсіз бөлгізді.

Мәдениет министрінің кабинетінде Ілияс үш-ақ жыл отырған. Үш жылда қазақ жұртына мәңгілік шабыт пен сарқылмас рухани құндылықтың қайнарын қалдырып кетті. Бұл кітапта Ілияс жайлы кең көсіліп жаза алмаймыз. Себебі кітап Өзбекәліге арналған. Мәдени майдан жайлы ұғымды түсіндіру үшін ғана Ілияс жайлы оқырманға аз-кем ақпарат бердік.

* * *

Адам болмысын зерттейтін экзистенциялық философия

бүй дейді: «Адамның бәсін өзге мақұлықтан артық ететін бір қасиеті бар. Ол – саналы болмыстың айналасын ақылмен тануы және ақылдың күшімен өзінің ой-санасын бақылап, ой ағысында жүріп жатқан ойлану құбылысын саналы түрде сараптап тұруы. Бұл үлкен мұғжиза саналады.

Енді мынадай сұрақ қояйық. Пенде осы мұғжизаға қалай қол жеткізе алады? Қайтсе оның сергек санасы мүлгіп, жануарлық деңгейге құлап кетпейді? Сырттағы оқиға мен сана ішіндегі құбылысты қатар бақылап, тиімді басқара алатын биік қасиетті қайтіп қолға қондырады?

Жауабы қысқа. Кез келген пенде ҚҰДАЙ алдында, ХАЛЫҚ алдында, АР алдында жауапкершілік арқалауы керек. Жауапкершілік алған сәтте оның санасы ең биік режимде мүлтіксіз жұмыс істейді. Бұл борыштан бас тартып, тоғышарлық өмір салтына өз еркімен берілгенде ой сананың өзін іштен танып, сезіп, біліп бақылап тұратын адами қасиеті сөнеді».

Адамның осындай қасиетін танығыңыз келсе илияс Омаровтың соңғы хатын оқып көріңіз. Бәрі түсінікті.

«Қадірлі достарым! Хәлім ауыр. Ажалмен бір адамдай-ақ алысып едім, ол енді жеңіп барады. Қол жетер жерде менің сағатым жатыр. Оның тиегі менің соңғы алар тынысымды есептеп қойғандай. «Мына өмірмен қоштас!» – деп маған тықылдап ескертіп жатқандай көрінеді. Жанымда балам Алтай отыр. Бұл хатты соған жазғызып отырмын. Өзімнің шамам жетпеді.

Менің өзегімді бір өкініш өртеп бара жатыр. Ол – менің халық алдындағы перзенттік парызым. Оны орындай алмай шерменде боп кетіп барамын. Жатсам-тұрсам сол өкініш жүрегімді өртеп, еңсемді зіл басады. Әттең, өмірім сәл ғана созылса, сол арманды орындар едім деп ойлаймын.

Мені шерменде күйге түсірген арманым – халқымның мәдени өрісі мен бай мұрасын зерттеу, әлемге паш етіп, «Біз де ұлы халық болғанбыз», «Бізден де мықты ер өткен»

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

деп мақтану еді. Мен лайықты еңбек ете алмадым. Жігерімді жалқаулық басып, әлдеқайда аз күш жұмсадым. Соның өкініші өзекті өртейді. Бұл – адам өмірінде бір-ақ рет келетін сәт. Өлген соң халқымның мәдениетін қызғыштай қорғауға енді мүмкіндігім келмес. Келешек жастардыкі ғой. Мен соларға сенемін. «Ел аман болса ер тұғызбай қоймас» деген. Осы мәдениетті қорғайтын әлі талай ерлер өмірге келер. Тек ұайымым: олар ішкенге мәз, жегенге тоқ ұрпақ болмаса екен.

Ел сүйгіш ұрпақ болу үшін әуелі үлкен арманды арқалау керек. Ол арман – халықтың мұрасы. Мен үшін қазақ халқы деген – ұлттың әні, жыры, күй мұрасы, аңыз-дастаны, мәдениет, салт-дәстүрі, тарихы. Егер осылар шашылатын болса, онда қазақ деген халық та болмайды. Ел мәңгі тірі болуы үшін біз оларды жаңғыртып, жаңартып, әр дәуірдің талғамына сай бояуын беріп, кестесін тігуіміз керек. Менің көзімді, көңіл сарайымды халқымның осы мұралары жаулап алған. Мен оларды бір сәт те ойлауды тоқтатпадым. Қазақ мұрасын ойлап ұйықтау, соны ойлап ояну қандай ғанибет әрі абыройлы іс десеңізші! Оларды ойлаған сайын ел алдындағы үлкен парызым есіме түседі. Олар мені шаршатпай, сусасам шөлдетпей, қарным ашса тоқтығын білдіріп, ұайымға батсам жаныма шаттық сеуіп жүрді. Көне мұраны тірілтіп, арғы-бергі тарихты ұрпаққа көрсетіп, әлемге паш ету неткен ұлы іс еді...

Осы идеяны, елсүйгіш арманды бойына сіңірген адам ғана биік жауапкершілікке ие болады. Жауапкершілік неғұрлым терең оймен, ақыл-парасатпен, махаббатпен игерілгенде ғана халық алдындағы парыз өтелмек. Бұл – нағыз азаматтық ерлік жолы...

Ғазиз бауырларым, үзеңгілес достарым! Баршаңызға ақтық рет ой көзіммен қарап, көңіл құсыммен бір қауышып, келмес, көрмес сапарға аттанып бара жатырмын... Ел мұрасы өздеріңе аманат. Мен соңғы хәлім қалғанша бай мұра-

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

мызды сақтап, жаңғыртып, паш ету үшін күресім. Ендігі жол сендердікі...»

* * *

Илияс 1970 жылы елу жеті жасында емі жоқ дерттен опат болады. Көз жұмар алдында Өзбекәліні шақырып, бақұлдасып, өсиет айтады. «Советтік медицинаның енді маған өкпесі жоқ шығар. Коммунистік партияның да маған өкпесі болмауы керек. Өлер шағымда қазақ болып өлейін. Мұсылманша жерлеу ұйымдастырыңдар. Молда жаназамды шығарсын» деп тапсырған.

«Елім үшін өнімді еңбек ете алмадым» деп өкінішпен өліп бара жатқан Мәдениет министрінің артында қыруар еңбек қалды. Алты кітап, үш жүзден аса ғылыми мақала жазып кетіпті. Тәуелсіз Қазақстанда дәл осы қызметте отырған министрлердің артында кітап қалмай-ақ қойсын, резонанс туғызған бір мақаласы сақталды ма екен? Олар кітап жазбай-ақ қойсын, Темірбек, Илияс, Өзбекәліден мирасқа қалған кітаптарды тауып оқыса да, шүкір дейміз. Жалпы қазақ мәдениетінде болып жатқан құбылыстар мен оқиғадан хабардар болып отырса, соның өзі деңгей саналады. Себебі 2022 жылы бір жанашыр топ Өзбекәлі Жәнібектің атын Шымкенттегі бір оқу орнына беру жайында билікке ұсыныс айтқан еді. «Оның атын оқу орнына беретіндей Өзбекәлі Жәнібектің қазақ қоғамына не еңбегі сіңіпті?» деген жауабы оларды есеңгіретіп тастады. Кейін бір жылдан соң, 2023 жылғы тамызда, Шымкент пединститутының атын Өзбекәлінің есімімен атауға әрең дегенде қол жеткізді.

* * *

Жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісов бұй дейді: «Қазақ тарихында ұлтының мәдени уызына жарыған үш Мәдениет ми-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

нистрі болды. Олар – Темірбек, Ілияс, Өзбекәлі». Жазушының бұлай деп айтуына негіз де жоқ емес. Себебі үшеуі талантты әнші, биші, күйшілердің түрі мен өнерін жатқа білгенін айтпағанда, қазақтың ұсақ-түйек ою-өрнегіне шейін дәл танып, бір деталінің өзіне екі сағат академиялық лекция оқып беретін потенциалы болған.

Ғазиза Жұбанова естелігінде: «Мен Ілияс аға қатыспаған опера мен балет, симфония немесе оратори, драмалық спектакльдің, болмаса эстрадалық концерттің премьерасын білмеймін. Ол жазушылардың, композиторлар мен суретшілердің жаңа туындысын біліп отыратын. Шығармашылық адамдарымен жиі араласып, олардың алдында үлкен беделге ие еді», – деп жазады.

Ілияс, тіпті, Қасым Аманжоловты да өз өлеңін жатқа оқып, сөзден тосқан деген әңгіме бар. Қасымға Алматыдан атқамінерлер үй бермей қойыпты деген әңгімені барлық қазақ біледі. Ол жайында ақынның:

Берсең бер, бермесең қой баспананды,
Бәрібір тастамасын астанамды.
Өлеңнің отын жағып жылытармын,
Өзімді, әйелімді, жас баламды, –

деген өлеңі де бар.

Бір күні Қасымның әйелі: «Ілияс деген кісіні жұрт мақтайды. Алдына кірген кісіні құр қайтармайды екен. Барып, баспанаға мұқтаж екенімізді айтайық. Бізге де шарапаты тиер», – дейді. Сөйтіп Қасым мен әйелі 1949 жылы пәтер сұрап Ілиясқа келіпті. Әйелі тыста күтеді де, Қасым кабинетке кіріп кетеді. Өзін таныстырып:

Омарұлы Ілияс сіз екенсіз,
Ойланарсыз, толғанып істерсіз,
Күйсіз өмір секілді өлеңім бар,
Кей жерлерін өзіңіз түзетерсіз.
Жасап көрген емеспін сөз саудасын,
Төбіренгеннен тереңнен шығар дауысым,

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

Туған елі өлеңнен құя салған,

Алдыңызда отырған мынау Қасым, – дейді.

Ілияс оған қарап: «Ақын Қасымды кім білмейді? Сенің өлеңдерінді бала-шағамызбен бірге отырып, жаттаймыз ғой», – дейді де, он шақты өлеңін өзіне жатқа оқып береді. Тіпті кейбір өлеңдерін талдап, кейбіріне сын айтып баға береді. Сол жерде екеуі екі сағат отырып, әлем әдебиеті мен қазақ әдебиеті жайлы сұрапыл сұхбат құрыпты. Министрдің мынадай деңгейін көрген Қасымның есінен танғаны сонша, үй сұрауды ұмытып кетіпті. Далаға шықса, әйелі күтіп тұр екен. Ол: «Не дейді, үй беретін болды ма?» – деп сұрапты. Сонда Қасым: «Әй, қатын, сен де қайдағы жоқты сұрайсың. Министр өлеңінді жатқа оқып отырса, үйдің не керегі бар?» – деген екен. Ілияс Қасымның бұйымтайын айтпай-ақ түсінген еді. Қалалық Кеңес төрағасы Хафиз Айбасовқа бұйырып, ұзамай пәтер әперді.

* * *

Осындай телегей теңіз білім иесі болса да, Ілиясты большевик қазақтар «какой-то плановик» деп қасақана кемсітетін. Ал бұл «плановик» «Әуезов оқуларын» іске қосқан батырлардың бірі еді. Оқиға былай болған:

Өзбекәлі Мәскеу мен Петерборға барған сайын Алматыға тың идеялар таситын. Ол жақта «Толстой оқуы», «Чехов оқуы», «Достоевский оқуы» деген үйірмелер бар. Үйірмені мүйізі қарағайдай профессорлар жүргізеді. Өзбекәлі осыны көріп «Неге Алматыдан осындай үйірме ашпаймыз?» деп ойланады. Сөйтіп бұл ойын Ілияс Омаровпен бөліседі. Ілияс ағасы одан да кең ойлайды екен. Ол тіпті Сәбит пен Мұхтардың атына үй салдырып, оны болашақта музейге айналдыру үшін бюджет жоспарына енгізіп тастапты. Бірақ оның бұл ойын кәрі коммунистер біліп қойып, «бюджеттің ақшасын орынсыз жұмсады» деп дау шыға-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

рады. Соның кесірінен Сәбиттің үйі бігпей балабақшаға айналады да, ал Мұхтар өз ақшасына үйін бітіріп алады. Ол үй қазір музей болып тұр.

Хош, сонымен Өзбекәлі 1962 жылы ҚазМУ-де «Әуезов оқулары» деген клуб ашады. Енді оның ашылу салтанатында танымал тұлғалар сөз сөйлеуі керек. Сәбит бас тартады, Ғабит шетелде жүр екен, Ғабиден Мұстафин ауруханада жатыр. Амалдың жоғынан сол жиынға Өзбекәлі ілияс ағасын шақырады. Қазақ әдебиетінен бөлек әлем әдебиетін сіңіріп алған ілияс қырық бес минут көсіледі. Жай көсіле салмайды, «ұлттық педагогика» деген тың ұғымды аудиторияға ақтарып салады. Яғни «қазақ халқы ауыз әдебиетімен сусындап өсуі керек. Сонда ғана ғұмыры ұзақ ел боламыз» деп коммунистер үшін аса қауіпті идеяны бұрқ еткізеді. Өзбекәлінің өзі осы жиында «ұлттық педагогика» деген атауды бірінші рет естіп таңғалады. Кейін сол идеямен ауырады.

Бәрін бақылауда ұстап отырған Бюродағы «адал» коммунистер мұндайды мүлт жібермейді. Ертесі күні Өзбекәліні Орталық комитетке Нұрымбек Жанділдин шақырады. Ол: «Кеше «Әуезов оқуларында» қайдағы бір плановикке баяндама жасатқаның қай сасқаның?» – деп қысымға алады.

Өзбекәлі тайсалмай, жағдайды баяндай келе: «Сонда не, баяндаманы ілияс Омаров емес, Николай Ановқа берейін бе?» – деп басшының арынын басып тастайды. Ұтымды жауапқа кілт тоқтаған Жанділдин байқамай бүгіп отырған бір саусағын көрсетіп қояды. «Жә, қызбаланба, Өзбекәлі. Әлгі «Әуезов оқулары» – жақсы шара. Бірақ Омаровтың құйрығында сөнбеген шала бар ғой, шала. Соны неге байқамайсың? Сосын ілияс Омаровтың әдебиетте не шаруасы бар?» – дейді.

Сөнбей қалған «шала» – 1952 жылғы Бекмахановтармен болған қуғын-сургін. Яғни 1962 жылдың өзінде Ілиясты «Ке-

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

зінде қудаланған. Ұлтшылдық санадан толық арылмаған. қауіпті элемент» деп бақылауда ұстап отырған. Егер осындай аяқта тұсау, баста бұғау болмаса, Ілияс Омаровтың қазақ мәдениеті үшін қандай деңгейде мұра қалдыратынын есептей беріңіз.

Ілияс Омаровтың көрегендігін мынадан біліңіз. Еуропа мен Ресейде классик ойшылдар мен жазушылар тұрған үй олар өлген соң бірден музейге айналады. Толстой тұрған «Ясная поляна», «Тургеневтің үйі», «Пушкиннің үйі», «Гетенің үйі», «Канттың үйі» деп кете береді. Бұлардың бәрі қазір турист шақыратын мемлекеттік маңызы бар объектіге айналған.

Ал бізде екі-ақ жазушының үйі сақталып қалған. Оның біреуі – Қатондағы Оралхан Бөкейдің қара шаңырағы. Бірақ ол музейге айналмаған. Түсініксіз себеппен мемлекеттің қарауына өтпей қалған. Сондықтан қазір есік-терезесіне шеге қағылып, қараусыз тұр. Екіншісі – Алматыдағы Мұхтар Әуезовтің үйі. Оның өзін алдын ала жоспарлап, кейінгі ұрпаққа музей түрінде мұрағаттап кеткен – Ілияс Омаров. Оның осы ерлігі болмағанда Мұхтардан да үй қалмас еді.

Бұдан кейін Ілияс Омаровтың мұндай идеясын іліп әкететін есі дұрыс басшы болмады. Соның кесірінен беріде қайтыс болған ешбір жазушының үйі музейге айналмаған. Олардың бәрі дерлік қуықтай пәтерде тұрған. Оларға Мұхтарға соққандай үй салып беру, кейін оны музейге айналдыру ешкімнің миына кіріп-шықпаған. Кейде олар тұрған үйдің сыртына «мұнда жазушы не ғалым Пәленшиев тұрған» деген екі сөйлемнен тұратын тақтайша ілініп тұрады.

Қосымша бір деталь болсын. Бауыржан Момышұлының даңқы жер жарып тұрғанда көзі тірі аңыз адаммен тікелей сұхбаттасып, онымен фотоға тұсу талай шетелдіктің арманы болған. Парижде тұратын бір әскери офицердің қарындасы ғылыми жұмыспен Мәскеуге аттанады. Сол кезде офицер

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

ағасы оған: «Ақыры СССР-ге бара жатырсың. Қалайда Бауыржан Момышұлымен жолық! Оған сәлемімді жеткіз! Оны тірідей көру – арманым», – деп аманат жүктейді.

Қарындасы Мәскеуге келгесін ағасының өтінішін айтады. Ол кезде Бауыржан отставкаға кетіп, Алматыдағы қуықтай пәтерде тұрып жатқан. Парижден келген құрметті қонақты осы советтік пәтерде қабылдап, сұрақтарына жауап беріп, Мәскеуге шығарып салады.

Былай қарасаң, Момышұлы феномені – қазақтың ғана емес, адамзат тарихында кездесетін сирек құбылыс. Осындай тұлғаның II дүниежүзілік соғыста өліп кетпей, 1982 жылға дейін Алматыда өмір сүргені – таңғажайып оқиға. Есі дұрыс билік болса, азаматын бағалап, оның алаңсыз өмір сүріп, шығармашылықпен шұғылдануына жағдай жасар еді. Осындай тау тұлғаға бірде-бір үй қимаған. Қазіргі буын Момышұлы бейнесін ұмыта бастады. Оны танытайын десең, музейге айналған үйі жоқ. Қабірі Кеңсайда. Жеке музейі Жамбыл облысының бір ауылында. Екінің бірі жете алмайды.

Тарихтың дөңгелегі тоқтап қалмай әлі де айналып тұр. Қазір де қазақ қоғамында шығармашылықпен айналысып, ел-жұртын жарыққа сүйреп келе жатқан классик жазушылар бар. Көзі тірі қариялардан – Мұхтар Мағауин, Мекемтас Мырзахмет, Мұхтар Шаханов, Дулат Исабеков, Төлен Әбдік, Әкім Таразилар арамызда жүр. Өкінішке қарай, оларды қамқорлыққа алып, мұрасын музейге айналдыратын Ілиястардың жоғы сезіледі...



СЫРНАЙ

ПОРТРЕТТИҢ ТЕРЕҢ СЫРЫ

Сонымен Илияс Омаровтың кабинетінде ілініп тұрған портрет есіңізде шығар. Отыз жетіде «халық жауы» деп атылып, 1957 жылы ақталған қайраткерді 1967 жылы кабинетіне әспеттеп іліп қою үшін де батырлық керек. Ол заманды айтпағанда қазірдің өзінде карьера құған шенеунік сотталып, ақталған қайраткермен жария фотоға түспейді. Кабинетке Президенттен басқа ешкімнің портретін іле алмайсың. Ал Илиястың кабинетіне кірген адам Темірбектің суретін таңданыспен қабылдаған. Бір күні оның кабинетіне СССР Мәдениет министрі Екатерина Фурцева келеді. Ол да бейтаныс бейнені көріп:

– Бұл кісі кім? – дейді.

– Бұл – атақты «темір нарком» атанған Жүргенов деген біздің мәдени қайраткер. Сіңірген еңбегі кеп. Жазықсыз сотталып, артынан ақталған адам, – деп Илияс марқұм Темірбек ағасы жайлы жарты сағат тебірене баяндайды. Үнсіз тыңдаған Одақ министрі:

– Оған деген махаббатыңызды түсініп отырмын. Бірақ сонда да сақ болыңыз. Елдің бәрі мен сияқты дұрыс түсіне

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

бермейді. Білесіз бе, сіздің үспңізден күн сайын тонна-тонна арыз түседі. Бүйте берсе, жуық арада «қазақтардан келетін арыз-шағым бөлімі» деген бөлек департамент ашатын шығармыз, – деп әлі де қауіптің толық сейілмегенін қалжыңмен жеткізеді. Айтпаса да түсінікті. Бұл арыздың тоқсан пайызы ұлтшыл Ілиястың үстінен жазылатын.

Ілияс «Қазақфильмде» директор болып отырғанда шаң басқан қоймадан Темірбек ағасының кішкентай фотосын кездейсоқ тауып алыпты. Асыл азаматтың ғазиз бейнесін үлкейтіп, үйіне әкеп төрге іледі. Министр болған күннің ертесіне оны өзімен бірге жұмысқа әкеледі де, кабинеттің төріне салтанатпен іліп қояды. Қанабек Байсейітулы келіп: «Бұл қалай болғаны?» – дегенде ол: «Бұл кісі болмағанда мен министр, ал сен танымал әртіс болмас едің», – деуінің себебін енді тарқатамыз.

* * *

1933 жылы Темірбек Жұргенов Қазақ ССР-нің Халық ағарту комиссары болып тағайындалды. Біздің тілмен айтсақ, Білім мен мәдениетті қатар жүргізетін министр лауазымы.

Бұл елде бір жыл бұрын алапат аштық болған. Алты миллион қазақтың жартысы бір жылда жер жастанған. Бұған дейін сән-салтанаты дүрілдеп, ән, күй, жыр, ауыз әдебиетімен сыңсып тұрған қазақ даласы сұрықсыз қоғамға айналды. Енді өкіметтің күшімен қазақ мәдениетін құтқарып қалмаса, бұрынғыдай табиғи жолмен өзін ұстап тұра алмайды.

Бұрын өнерпаз атаулының бәрі жомарт байлар мен елжұрттың арқасында мәдени өнім беріп жүре беретін. 1928 жылғы кәмпескеден соң елде бай қалмады. Совет өкіметі бай мен кедейді теңестіріп, мәдени кеңістікті қаңыратып жіберді. Шұғыл кіріспесе, аман қалған үш миллион қазақтың қолындағы мәдени байлықтан да айырылады. Осыны түсінген Темірбек креслоға отырған күні іске кірісті. Алдымен халықтың музыкалық мұрасын жинауды бастады.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

Қазақ елінің тәуелсіз республика болуы осы нүктеден басталады. Өзіңнің дербес ел бола алатынына нық сенім керек. Ондай сенімді тамырын тарихтың тереңінен тартатын бай мәдени мұраңнан аласың. Мәдениеті құлаған халықтың бәрі тәуелсіз болуға тырыспайды. Міндетті түрде экономикасы қуатты ірі державаның қол астына кіргісі келіп тұрады. Қарындағы тамақ үшін өмір суретін тобыр халыққа бұл – ең тиімді әдіс.

Темірбек келерден бұрын Қазақстанның СССР құрамындағы саяси мәртебесі шатқаяқтап тұрған. Бұны мынадан білесіз. Әлсіз республикалар Федерацияның құрамында автономиялық статустен отырған. Соның бірі – Қазақ АССР-і. Салыстыру үшін қараңыз, 1922 жылы Ресей ССР-і, Украина ССР-і, Беларусь ССР-і, 1924 жылы Өзбек ССР-і, Түркімен ССР-і, Әзербайжан ССР-і, Армян ССР-і, Грузин ССР-і, 1929 жылы Тәжік ССР-і құрылған. Сол дәуірде «Сталиндік конституция» деп аталған бас құжат бойынша Советтік Социалистік Республика мәртебесін алғандар тең дәрежелі ел санатына енген. Тіпті заң бойынша, олар Одақтың құрамынан шыға алатын да құқығы болған.

1960 жылы Тәшенов заңдағы осы бапты пайдаланып, Хрущевті қорқытатыны осымен байланысты. Демек 1936 жылы қазақ еліне мәңгі бақи Ресейдің құрамында тәуелді субъекті болып қалып кету қаупі төніп тұрған. 1932 жылғы аштықтан соң «Қазақтар өз алдына ел боп кете алмайды. Мәдениеті мен экономикасы тұралады. Демографиясы құлады. Енді бұларды тіркеуге алып, сүйреу керек» деген күбір-сыбыр Кремльде күшейіп тұрған. Темірбек мұның бәрінен хабардар. Ол қазақ елінің дербес республика бола алатын әлеуетін көрсету үшін Мәскеудегі онкүндік шарасына тыңғылықты дайындалған. Саяси сауаты жоқ әртістер үшін бұл шара ойын-сауық сияқты көрінген. Ал Темірбек үшін бұл – тәуелсіздік мәселесі.

Онкүндіктің сәтті өткені сонша – сол жылдың желтоқ-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

сан айында Қазақ АССР мәртебесін жойып, Қазақ ССР-і деген жаңа статус алады. Яғни басқалармен терезесі теңесп. Бір шетінен Кремль 1932 жылғы геноцидтің жауапкершілігінен құтылу үшін «Аш бәледен қаш бәле» деп бізді бөліп жіберуге асықты. Бұл тәуелсіз ел болудың бірінші қадамы болатын.

1991 жылы желтоқсан айында СССР тараған кезде осы мәртебені пайдаланып Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алып, Ресейден бөлініп кетті. Конституцияда мұндай мәртебесі жоқ татар, башқұрт, шешендер Ресей құрамында қалып қойды. Шешенстан сол үшін екі соғысты басынан өткерсе де, сол күйі тәуелсіз республика бола алмады.

* * *

«Ел іші – өнер кеніші» деген мағыналы сөз бұрыннан бар. Бірақ XX ғасыр бұл өнерпаздарға талантын тиімді пайдаланудың жаңаша нормасын ұсынды. Академиялық ортаға түсіп, табиғи талантын профессионализммен шыңдамаған дарын иесі тұрмыстың тауқыметінен жоқтыққа тез жұтылады. Осындай мәдени апатты болдырмас үшін оқуы озық елдер мәдени слёт өткізеді. Бұл ел аумағында тарыдай шашыраған өнерпаз атаулыны бір жерге жиып, рухани қазынаңды безбендеп алуға септігін тигізеді. Слётта кімнің неге мұқтаж екені анық болады. Сосын әр талантты беіміне қарай ірі оқу орындарға өкімет есебінен жөнелтеді. Осылайша мемлекет экономикалық өрлеуге тұрткі боп тұратын мәдени қазынасын банкротқа жібермейді.

1934 жылы Темірбек нарком болған күннің ертесіне осындай слёт ұйымдастырды. Болжамы дәл шықты. Қазақ даласы талантқа толып жатыр екен. Бірақ өнер бұлақтарының көзі дұрыс ашылмаған. Осы слётта Темірбектің «тұзағына» тускен талантты қазақтар Мәскеу мен Ленинградтың оқу ордаларына тегін жолдама алады. Сондай таланттың біреуі – Әбілхан Қастеев. Оны Мәскеудегі Крупская атындағы

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

көркем сурет студиясына жіберіп, арнайы үш жыл оқытып алдырды. Әйтпесе Әбілхан Жүргеновке жолыққанша мал бағып жүрген қойшы еді. Егер осы слёт болмаса, суретшілік таланты ашылмас еді. Мұқан Төлебаев та осы слётта Темірбектің көзіне түсіп, бағы жанды.

Жамбыл, Нұрпейіс Байғанин, Орынбай, Шашубай, Нартай Бекежан, Тайжан Қалмағамбет сияқты халық ақындары да слётта танылып, өкіметтің қолдауына ие болды. Әйтпесе олар да ауыл арасындағы әңгімешіл көп қарияның бірі боп қалар еді. Дина сияқты мықты күйшінің бар екенін жұрт осы жиыннан білді.

Бұл слёт 1932 жылғы алапат аштықтан кейін болған. Яғни апаттан аман қалған үш миллион қазақтың ірілерін сүзіп алған. Осылайша ел еңсесін тез түзеді.

Біз қаласақ та, қаламасақ та, тарихтың дөңгелегі осылай айналып жатты. Яғни қазақтар көшпелі өркениетпен қоштасып, біржола отырықшы мәдениетке ауысты. Енді олардың мәдени сұранысын отырықшы өмірге қарай бейімдеуге мәжбүрсің. Темірбек осы істі де қолға алып, 1934 жылы жер-жерде, кәсіпорындарда, ауылдарда көркемөнерпаздық ұжымдар құрды.

Музыка-драма техникумында қазақ ән-күйін зерттейтін ғылыми кабинет ашты. Сол кабинеттің жанынан халық музыкалық аспаптарын жасайтын шеберхананы және ашты. Көкшетаудан музыкалық аспап жасаушы шебер Қамар Қасымовты арнайы алдырды. Аштық апатынан соң ұлттық аспаптар жасайтын шеберлердің өзі жоқ болып кеткен. Олардың да қалған-құтқан ұсталарын дереу өкіметтің қарауына алды.

* * *

Темірбек ең алдымен Ленинградтың өнертану академиясының аспирантурасында оқып жүрген жиырма жеті жастағы Ахмет Жұбановты елге алдырып, домбырашылардан оркестр құруды тапсырады.

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Артынша оны елші етіп Ленинград Композиторлар одағына жұмсайды. Мұндағы мақсат – Қазақстанға шығармашылық көмек көрсететін профессионал музыканттарды тарту. Е.Брусиловский мен А.Александров қармаққа осылай ілігеді.

Брусиловскийге «Қыз Жібек» операсын дайындауды тапсырады. Ол Жұмат Шанин мен Қанабек Байсейговті қасына алып, «Қыз Жібек» операсына қажетті әндерді іріктеді. Олардың әндерді іріктеуі мен орындауын Темірбек тікелей қадағалады. Халық әнін орындағанда ауытқып кетуге тыйым салды. «Мүмкін болғанша әннің авторын дәл көрсетіңдер» деп талап қойды. Тіпті ол декорация мен костюмнің эскизіне дейін қарайтын. Актерлардың тұрмыстық жағдайын қадағалап, әлеуметтік проблемасын дереу шешетін.

А.Александровқа қазақ операсына би әзірлеуді тапсырды. Тізгінді берер алдында: «Қазақтың тұрмысын зерттеңіз. Әдет-ғұрпы мен оған тән қимылдарды талғай біліңіз», – деп қатаң ескертті. «Қыз Жібектегі» және одан кейінгі билер осылай пайда болды. Шара Жиенқұлованы шақырып:

– Шара қарындас, сіз балерина-биші боласыз. Қазақтың би өнерін профессионал деңгейге жеткіземіз. Әлемдік классика биін шама жетер межеге дейін үйрен! Сен үшін Мәскеуден Александров деген бишіні алдырып отырмын. Ол осында балет студиясын басқарады, – деді.

Осы оқиғаны Шара өз естелігінде бұй деп баяндайды:

«Профессор Александров, әсілінде, қазақ операсында би қоюға шақыртылған-ды, бірақ Жүргеновтің арнайы табыстауымен маған хореографияның жүйе-жүйесін, техникасын үйретіп, бишілік білімімді ұштады. Екі-үш жаңа би қойып беруді де міндетіне алды. Күнне алты сағат тынымсыз шыр көбелек айналып, ұршықша зырылдау, көлденең керілген ағаш станоктан ұстап, аяқ-қолды созып түрлі қимыл жасау денесі қатайып қалған жиырма екі жастағы әйелге оңай

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

тиді деп ойлайсыз ба? Әлсіреп, көтерем тоқтыдай құр терім қалды. Көзім шүңрейіп, мойным ырғайдай болды. «Неге биші болдым?» деп жылаған күндерім де болды. Былайғы балериналар тоғыз-он жастан оқып, аттай тоғыз жылда игеретін классикалық балет мектебін айналасы бес жылда бітірдім. Сөйтіп, қиын да күрделі өнер техникасын әжептәуір игеріп, профессионал балерина деген атаққа ие болдым».

Тіпті Темірбек Шараны Лондонда өтетін дүниежүзі халықтары биінің фестиваліне қатыстырмақ болды. Александр Артемьевичті шақырып алып:

– Сізге тапсырма! Шұғыл түрде Шараға төрт би үйретіңіз. Лондонға барамыз. «Балбырауын», «Келіншек», «Былқылдақ» және «Мерген» деген билерді меңгеріп шықсын. Осы бидің аттарын бекітіп, фестивальға қатысуға өтініш жібердім. Екеуіңізге он бес күн уақыт беремін, дайындықты бастаңыздар! – деді.

Бірақ Шара апамыз Мәскеуге он екі күн жүріп жетемін дегенше СССР-ден фестивальға қатысатын бишілер легі кетіп қалады. Бұлар кешігіп, жарысқа үлгермейді.

Өзбек бишісі Али Ардобусты алдырып, «Айман-Шолпан» музыкалық спектаклінің биін әзірлеуді тапсырады. Бидің техникасын «Қара жорға», «Қоян би», «Келіншек», «Соқыртеке», «Ақсүйек» сияқты қазақ билерінен алуды қатаң ескертеді. Спектакльден соғды емес, көшпелі қазақ мәдениетінің детальдары көрініп тұруы керек. «Айман-Шолпан» спектакліне музыканы В.Коцык жазды.

Құғын-сүргіннен қашып, қырғыз асып кеткен Жұмат Шанинді елге әкеліп, театрдың көркемдік жетекшісі етті. Театрдың көркемдік жағын Жұмат Шанин басқарғанымен, репертуар таңдау, сахналау, музыкасын тыңдау, суретшінің жұмысын тексеру, материалдық жағдайды реттеу әрі қаржы көзін табуды Жүргенов өз мойнына алды.

Ол жерден қазса да қаржы тауып, өнерпаздардың жоқжіпін түгендейтін. Ахмет Жұбановтың мынадай естелігі

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

бар: «Бір күні ол жаңа ұйымдасқан оркестр ұжымымен сауат ашу жұмысын жүргізіп жатады. Партасы, үстелі жоқ, жер еденді үйде, пешті тақта етіп сабақ өткізіп жатқанда Жүргенов кіріп келіпті. Ол партасыз, тақтасыз, қағаз-қаламсыз өтіп жатқан сабаққа таңырқап:

– Бұларың не? Жоқ болса, маған неге айтпадың? – деп ренжіпті. Ахмет қысылып:

– Сіздің жұмысыңыз көп қой, мазаңызды алуға ыңғайсыздандым, – депті. Сонда Темірбек:

– Әй, Ахмет, сен білесің бе? Сен тарихқа қазақ деген халықтың жаңа заманға лайық ұлттық аспаптар оркестрінің тұңғыш ұйымдастырушысы болып енесің. Мен бүгін наркоммын, ертең нарком емеспін. Мен сенің оркестріңнен үлкенмін бе? Бұдан былай кез келген мәселеде маған тікелей кел. Есігім ашық, – депті.

Тәуелсіз Қазақстанның Мәдениет министрлері мұндай мінез бен ақыл-парасаттан адыра қалғалы қай заман?! Отыз екі жылдың ішінде бірде-бір министр ұлттық өнер қорғандарымен жүзбе-жүз кездесіп, олардың мұң-мұқтажы мен тұрмыстық қиындығын жан-жүрегімен елжірей тыңдап, проблемаларын жанкештілікпен шешіп беруге ықыласты болмады. Байқасаңыз, Темірбек Қазақстанның экономикалық ахуалы әлжуаз шақта ұлттық оркестрге қолдау көрсеткен. Ал қазір мұнай есебінен қаржы теңіздей боп құйылған кезде Мәдениет министрлері ұлттық өнерге бір мысқал үлес қоса алмады. Олар алдына барған өнерпаздарға «министрлікте ақша жоқ» деп аузын қу шөппен сұртуден танған емес.

* * *

1936 жылы Мәскеуде Қазақстанның онкүндігі өтті. Бұған дейін қазақ мәдениеті бейпрофессионал жолмен насихатталып келген еді. Ал әлем жұрты табиғи жолмен жеткен мәдени құндылығын шашау шығармай ғылымға айналдырып,

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

кейінгі ұрпаққа мирас етіп қалдыру үшін профессионализм деңгейін бағындырып жатқан. Бұл кезде қазақтың мың жылда бір туатын әнші, биші, күйші, ақындары ел ішінде күтімсіз жүре беретін. Мысалы, 1920 жылдары мынадай таңғажайып тұлғалардың тарих сахнасына қатарынан шыға келуі Алланың мұғжизасы сияқты. Олар – Әміре Қашаубай, Қажымұқан, Иса Байзақ, Құрманбек Жандарбек, Шара Жиенқұлқызы, Қалибек Қуанышбай, Күләш Байсейіт келіні, Қанабек Байсейітұлы, Ахмет Жұбанов, Жұмат Шанин, Манарбек Ержан сияқты таланттар. Өкініштісі бұл жұлдыздар шоғырының саяси сағаты төмен еді. Олар өзінің Қазақстан тәуелсіздігі үшін қаншалықты маңызды өнер иелері екенін жете түсіне алмайтын. Қалай болса солай, күтімсіз жүре беретін.

Саяси түйсігі өткір Темірбек Жүргенов мұндай хас таланттармен таңғажайып тәуелсіз республика құруға болатынын терең түсінді. Олардың талғамсыз тамақтанып, денсаулыққа зиянды ішімдікті қорықпай іше беретін әдетін тыйып, темірдей тәртіпке көндірді. Әрқайсысына театр, опера, балет, оркестр сияқты мәдени орындар ашып берді. Шұғыл түрде Мәскеуде онкүндік өткізіп, мәдени қуатын паш етпесе, бұл кезде Алматымен ешкім санаспай бара жатқан еді.

1936 жылы ерте көктемде Украин ССР-і өнерпаздары Мәскеуде өнерлерін паш етіп, ел екенін бір көрсетіп алған. Олардың ізінше Қазақстан жұлдыздары мамыр айында үш жүз адамдық труппасымен Мәскеуге барып түсті. Бұған дейін Мәскеу жұртының қазақтар жайлы түсінігі таяз еді. Қазақтарды өнер-білімнен көнде, ХХ ғасыр цивилизациясынан мақұрым қалып, иен далада түйөмен көшіп жүр деп ойлайтын. Бұлардың осындай таяз түсінігін сындыру үшін Темірбек «Қыз Жібек» операсы кезінде сахнада тұратын киіз үйдің сән-салтанатын бай қылып көрсетп. Шымылдық ашылған сәтте сахнадағы көшпөлі өркениеттің айғағы болған – киіз үй залдағы көрерменді есінен тандырған.

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

«Қыз Жібек» операсы төрт сағатқа созылыпты. Он күнде бірнеше дүркін қойылған осы операны адамдар аншлаппен тамашалапты. Бірінші қойылым біткен күні-ақ кәсіби өнертанушылар таңғажайып операны жан-жақтан талдап, жарыса мақала жазып жатты. Осы мақаланы оқыған ленинградтық музыкатанушылар дереу Мәскеуге қарай ағылды. Олар да, әсіресе, Күләш бастаған әншілердің шырқаған ән, күй, жырдың әуені мен мазмұны жайында құлаш-құлаш мақала жазып, тамсанғанын жасыра алмады. Тіпті спектакль біткен соң әртістерді көру үшін көрермендер үлкен театрдың арты есігіне жиналып, оларды жүргізбей қояды. Осылайша ойламаған жерден Қазақ ССР-нің айбыны асқақтап шыға келді.

* * *

Бірде Темірбек парсының атақты шайыры Фирдоусидің «Шахнамасының» қазақша нұсқасын іздеді. Оны бір кездері Сыр бойында Молда Ораз (Оразымбет Жүсіпұлы) аударған екен. Ол Қоңырқожа Қожықовты жұмсап, сол қолжазбаны таптырды. Сөйтсе әйгілі «Шахнаманың» жалғыз нұсқасы бір қойшының үйінде жатыр екен. Темірбек оны алдырған соң оқып шығып, әйгілі «Шахнаманың» Ораз молда нұсқасы жайлы көлемді ғылыми мақала жариялады. Жүргеновтің осы мақаласы әлі күнге дейін «Шахнаманы» зерттеудегі ең толымды әрі жан-жақты зерттеу ретінде бағаланады.

Әдетте объективті құндылықты кімдер өндіреді? Оның қайнағы қайда? Себебі адамзатқа ортақ рухани құндылық бұл дүниенің ішінде жоқ. Ол ғайыпта тұрады. Адамның таңғажайып қабілетпен жаратылуының хикметі осында.

Діни түсінік бойынша адам ұрпағы пәк әлемнен сайтанға еншілеп берілген лас әлемге жіберілген. Сондықтан бұл дүниеде аяқты аңдап басып, бір шоқып екі қарамасаң, шалқаңнан түсіреді. Кіршіксіз пейіл мен таза ниетті жүрегінде саламат сақтамасаң, дүниенің ластығы ұйық сияқты сорып алады.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

Адам не үшін құдіретп? «Әулие Құдай емес, Құдайдан былай емес» деп айтады. Себебі ол көкірек көзін ашып, ғайыппен рухани байланыс орнатып, трансцендентп әлемдегі рухани құндылықты кеудесіне қондырып, тілінен оны сиқырлы сөз етіп, төге алады. Сондай әулиелердің есебінен бұл дүниенің қараңғылығы білінбей, айнала жарықтанып тұрады. Осындай қараңғы қазақ қоғамын ғайыптық сипаттағы құдіретті сөзбен зейнеттеуге өлшеусіз үлес қосқан әулиенің бірі – Тұрмағамбет Ізтілеу.

Темірбек қолына тізгін тиген бойда Тұрмағамбет жырауды Алматыға алдырды. Материалдық мәселе мазасын алмас үшін оған дереу жалақы тағайындады. Жайлы пәтерге жайғастырып, мынадай жұмыс тапсырды. Фирдоусидің «Шахнамасын» нәзира дәстүрімен қайта жазып шығу керек. Жырау бұл міндетті он айдың ішінде артығымен орындап шықты.

Құрметп оқырман! Қалай ойлайсыз, Алматыда отырған ірі шенеунік алыс аймақта жүрген жырауды қайдан біледі?

Оны билетін себебі әкесі Қара алты жасар Темірбекті Тұрмағамбетке ескіше оқуға берген. Әуелі ол Қауынбай, Мұхамеджан деген ауыл молдасынан хат таниды. Сосын Тұрмағамбеттен парсыша үйренеді. Ал Тұрмағамбет Бұқара шәріпті бітіріп келген ғұлама болатын. Ол бала Темірбектің жүрегіне «елге қызмет ету» деген ең ұлы мұратты жазылмайтын дерт қылып сіңіреді. Оның Темірбекке жаттатқан өлеңінің бірі мынау еді:

Шәкірттер, бір-біріңмен ұрыспаңдар,
Мінездің мінін алып, дұрыстаңдар!
Жолына жамандықтың жақын бармай,
Күтініп күн ілгері жылыстаңдар!
Күшіктей кужірейіп бір-біріңмен,
Ұстасып, от басында жұлыспаңдар!
Себепсіз сотанақтық қылғандарды
Тезге сап қызыл тілмен, қылыштаңдар.

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Жасыңнан оқу оқып, үлгі үйрен де,
Ел билеп, ұлғайған соң тыныстаңдар!
«Болайын жақсы жігіт!» дегендерің
Ұстаздың осы айтқанын шын ұстандар!

Тұрмағамбеттің қолында парсы тілін жетік үйренген Темірбек кейін Тәжікстанға барғанда жергілікті жұртпен тіл-машсыз сөйлескен. Ең қызығы – ол жақта Садриддин Айнимен қызметтес болады. Ол Бұқарада Тұрмағамбетпен бірге оқыған ғұлама болатын.

Темірбек 1929 жылы Душанбеде Қаржы министрі қызметін атқарғанда Тәжікстанға бөлек республика статусын алып берді. Тәжік ССР-і атанып, ол да өзге СССР елдерімен тең дәрежелі статусты иеленді. Темірбек болмағанда әлі күнге дейін тәжік жұрты Өзбекстанның бір автономды субъектісі боп жүрер ме еді, кім білсін?!

* * *

Темірбек Жургеновтің негізгі мамандығы – жер өлшеуші (кадастр). Уфа қаласында бітірген. Бала күнінен жан дүниесі құндылыққа көміліп өскесін қандай оқу оқыса да, руханият пен мәдениетке тартылып тұратын. Ол кезде ауыл-аймақтағы жыршылар мен ілім ұстаған ишан, хазіреттер қазақ қоғамын құнарлы сөзбен бағып отыратын. Бұл ортада өскен бала болмысынан қайраткер болып қалыптасатын. Оны мына дерекке қарап білесің.

1921-23 жылдары Темірбек Орынборда жүргенде Александр Затаевичпен танысты. Ол қазақ музыкасын жинап жүр еді. Қазақтың әні тұрмақ, титтей әуезіне дейін тірнектеп жинап жүрген жанкешті Затаевичке Темірбектің жолығуы аспаннан ақ күміс жауғандай әсер етті. Жалындап тұрған жігіт оның қоржынын музыка қазынасымен толтырып жіберді. Затаевичтің риза болғаны сонша, Темірбек жайлы бұй деп жазған: «Бұл қазақ білімді интеллигент екен. Маған Сырдария әндері мен Хиуа жақта тұратын қазақтар-

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

дың әуенінен бағалы мәліметтер берді».

Бұл сол кездегі көкірегі рухани құндылыққа армансыз қанып өскен кез келген қазақ баласына тән мінез болатын. Себебі кеудеге құйылған құндылықтар тыпыршып, иесіне тыныштық бермейді. Олар: «Мені болмыстар әлеміне жібер. Мен де БАРЛЫҚ әлеміне еніп, өзімді БАР сезінгім келеді. Бұл дүниеде БАР боп тұрғаннан басқа бақыт жоқ», – деп экзистенциялық қысым жасайды. Керісінше құндылықтан мақұрым қап, қуыскеуде типке айналған бейшаралар рухани қазынаны аяққа таптап жүре береді. Сондықтан ол замандағы кеудесі бай азаматты қандай оқуға салсаң да, мәдени ағартушылық салаға бір иығын беріп тұрады. Мәдениетке, әдебиетке, руханиятқа тікелей қатысы болмаса да, жанама түрде жаны ашып, сол саланың жалындап тұруына үлес қоспай тұрмайды.

Мысалы, мамандығы жер өлшеуші болса да, Темірбек өз бетінше қазақ ақындарының өлеңі мен толғауын жинастырған. 1924 жылы оны «Терме» деген атпен жарыққа шығарған. Кейін, 1936 жылы Кеңес одағының астанасында өтпек болған әйгілі онкүндік қарсаңында, жинақты едәуір толықтырып, жаңадан алғысөз жазды да, «Қазақ халық ақындары» деген атпен екі тілде бастырды.

* * *

1923 жылы Темірбек Орта Азия университетінің Заң факультетіне оқуға түсті. Зерек қабілетін байқаған басшылар оны төртінші курста-ақ Ташкент педагогикалық университетіне ректор етіп тағайындады. Бұл жаңадан ашылған университет болатын.

Құрметті оқырман, сіз Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетін білетін шығарсыз. Тарихына үңілсеңіз, бұл университеттің қабырғасы әу баста, 1926 жылы Ташкенде қаланған. Екі жылдан соң Алматыға көшкен. Темірбек осы университетке ректор боп тағайындалған.

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Сонда Абай атындағы ҚазҰПУ-дың алғашқы ректоры және университет қабырғасын қалаушылардың бірі – Темірбек.

Жиырма сегіз жастағы ректор оқуға алғаш студент қабылдағанда 80 бала өтініш беріпті. Оның 49-ы сынақтан өтеді. Олардың 47-сі қазақ, екеуі өзбек екен. Осыған қарап Темірбек емтиханда қазақтарға болысып, ұлтшылдыққа, жершілдікке салынып, оларды көбірек түсіруге тырысты деп ойлап қалмаңыз. Оны түсіну үшін Ресей империясы тұсында Тәшкенде қызмет еткен орыс офицері Лыкошиннің «Пол жизни в Туркестане» атты естелігін оқысаңыз жетіп жатыр.

Офицер мына нәрсені байқаған. ХХ ғасырдың басында Тәшкендегі сарттар орыс оқуына құмар болмаған. Олар ескіше оқимыз деп схоластикаға ұрынған. Яғни түсінсе де, түсінбесе де, діни мәтіндерді меңіреу кеіпте жаттай беретін. Қазақтар қай жерде озық оқу бар, сол жаққа ауып кете беретін. Тіпті Шымкенттің бір байы Лыкошинмен таныстығын пайдаланып, алты жасар ұлын офицердің үйінде жатқызған. Баласына орысша үйретуге көндірген. Сондықтан да 1920 жылдары қазақтардың университетке көптеп түсуі, алаш зиялыларының қаптап шығуы, заманға тез бейімделуі заңды құбылыс еді.

Ал жергілікті халықтың интеллектуалдық деңгейі қатты көтерілмеген. Себебі схоластиканың шырмауынан шығып үлгері алмай жатқан. Сол себепті Өзбекстан басшылары шамшырақ боп жанып тұрған Темірбекті үш-төрт жылдан соң Өзбек ССР-ның Ағарту комиссары етіп тағайындайды. Яғни Ағарту министрі. Күш-қуаты тасып тұрған Темірбек бұл саланы да өрге сүйрей жөнеледі.

Құрметті оқырман! Өзбекстанның мәдениеті мен білімін көтерудегі Темірбектің ерлігін тауысып бітіре алмаймыз. Себебі ол министр боп тұрғанда Өзбекстанда 4600 мектеп ашылған, жарты миллионнан аса баланың сауаты ашылған. Самарқан, Ферғана, Бұхарада да жоғары оқу орындары пайда болған. Хамза мемлекеттік драма театрының іргесі

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

қаланған. Облыстар мен аудандарда да театрлар ашылып, үш жылдың ішінде өзбек жұрты СССР-дағы сауатты һәм мәдениетті ел қатарына көтерілген. Сондықтан Темірбектің ерен істері – болашақта жеке кітапты қажет ететін тақырып. Біз бұл кітапта мәдениет майданындағы тарихи тізбекті түсіндіру үшін ғана Темірбек Жүргеновке аз-кем тоқталдық.

1933 жылы оған Қазақстан өкіметінен ұсыныс түседі. Темірбек бірден келіседі. Сөйтіп Қазақстанның Ағарту комиссары болып іске кірісіп кетеді. Өзбекстанның сол кездегі басшысы Файзулла Ходжаев «Бізден құт кетп» деп бармағын шайнап қала беріпті. Ходжаев айтқандай Темірбек, расымен де, қазақ даласына келген құт еді. Үш жыл ішінде қазақ мәдениеті мен білімін өрге сүйреді. Ауыл-ауылды аралап жүріп төрт мыңнан аса мектеп салды. 1935 жылдың өзінде 6587 бастауыш, 742 орта мектеп жұмыс істеп тұрды. Сауат ашқан оқушылардың саны 1 миллионнан асты. Қазіргі ҚазҰУ мен Политехтің қабырғасы қаланды. Ауылшаруашылық университеті мен мединституттың базалары нығайды. Одан бөлек Қазақстанның жеті облысында жеті институттың қазығы қағылды. 50 техникум ашылды. Қазақ даласындағы рухани құндылықтар алғаш рет осы наркомның тұсында жинақталып, мәдени ошақтарға айналды. Яғни театр, опера, балет, оркестр, ансамбль, труппа, хор болып қанат қақты. Опера мен балет театры, қуыршақ театры, көркемсурет галереясы, кітапхана сияқты жүзге жуық мәдени ошақ пайда болды. Өзбекстаннан Қазақстанға ауған осы құтты Сталин 1938 жылы құртты.

* * *

Осы тараудың қорытындысы ретінде Темірбектің қазақ тіліне қатысты күрескер мінезін үлгі ретінде айтып өтейік. Темірбек кез келген мәжілісп қазақ тілінде жүргізген. Тіпті жиналыста орыстар отырса да, салтынан жаңылмайтын. Ол жайлы Е.Брусиловский қызық естелік айтады:

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

«Бір күні отыз шақты адам мәжілісте отырмыз. Қарағандылық А.Орлов пен мен ғана қазақша білмейміз. Бірақ наркомнан бастап бүкіл қызметкер қазақша сөйлеп отыр. Мен мұндайға көндігіп кеткем. Ал А.Орлов түк ұқпай мазасы қашты. Шыдай алмай орнынан тұрды да:

– Жолдас Жүргенов, жиынды қазақша емес, орысша өткізесіз бе? – деп өтінді.

– Неге орысша сөйлеуім керек? – деді Темірбек.

– Себебі мен ештеңе түсініп отырған жоқпын. Сондықтан бәрімізге ортақ, түсінікті тілге ауыссаңыз дұрыс болар еді, – деді.

Жүргеновтің маңдайы жиырылып, қабағы түйіліп, көзі қырандай өткірленіп шыға келді. Әманда дүрдиіп тұратын астыңғы ерні одан сайын торсия берді. Жұрттың бәрі бүкшіе түсті. Зал тым-тырыс.

– Әй, Орлов жолдас, сен қайда отырғаныңды білесің бе?! – деді ашу кернеп. Сөзі күркіреген найзағайдың үніндей жайпап өтті. Біз қаһарлы дауыстың үрейінен үрпиген балапандай бүрісіп қалдық. Орловтың тілі байланып қалған. Өңі құп-қу, боп-боз. Жігері жасып, мысы басылып қалды.

– Әй, Орлов, саған айтамын! Қай елде жүргеніңді білесің бе?! – деді ол дауысын жұандатып. Орловта үн жоқ. Кінәлі баладай төмен қарап тұр.

– Қазақстанға келдің бе? Мұнда жұмыс істеп, тамақ жедің бе, сол елдің мемлекеттік тілін білуге міндеттісің! Бірауыз қазақша түсінбей, қазақ әндерін қайтіп зерттеп жүрсің? – деп ұрсып тастады.

Көзімнің қиығымен Орловқа қарасам, самайынан суық тер сорғалап бара жатыр. Құдды бір сүтке тиіп ұсталып қалған күшіктей. Залда әлі өлі тыныштық. Темір наркомның қаһарына ілігіп кетпейік деп бәрі сақтанып отыр.

– Енді бізге өз ана тілімізде сөйлеуге мүрсат ететін шығарсың? – деді Жүргенов ашуы тарқағандай.

Орлов ләм деместен қайта-қайта басын изеп, орнында отыра берді. Дүмпу осымен тамам болды да, мәжіліс әрі қарай қазақша жалғасып кете берді».


Ұлт көсемі Әлиханның «Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден» деген атақты афоризмін осы жерден көруге болады. Ол кезде қазақтың намыс өлмеген. Басшыларға құлдық психология сіңбеген. Асқақ рух пен сарқылмас қайратты өз тарихы мен құнарлы мәдениетінен тікелей тартатын тұлғалар ешкімнен ықпайтын.

Қазіргі басшылардың тоқсан тоғыз қазақ, бір орыс отырған жиналысты орысша өткізетін бейшаралығы – құнарлы топырағынан тамыры ажыраған кезде басталған дерт. Төл мәдениеті мен ана тілінің бай құндылығын сезіне алмаған қуыскеуде типтер ұлттық позицияны қорғай алмай, өзін де, жұртын да масқара қылып жүре береді.

Жиырма тоғыз жасар Темірбек ректор кезінде 1927 жылы «Еңбекші қазақ» газетіне «Мектептің тілі мен түрі» деген мақала жазды. Онда бұй деді:

«Біздің алдымызда «Мектептің түрі, тілі қалай болады?» деген мәселе тұр. Республикадағы оқу жұмысы жалғыз бастауыш, орта мектеппен бітпейді. Біздің ағарту жолындағы көздеген мұратымыз – қазақ халқын әлемдік мәдениетке жеткізу. Олай болса, бастауыш, орта оқумен қатар, жоғары оқу жөнінде де қам қылу қажет. Сондықтан «Қазақстандағы жалпы оқу жүйесі қалай қойылуы керек?» деген сауал туады.

Қазақ жұртын әлемдік мәдениетке жеткізу деген не? Ол – жер жүзіндегі өнер-білімді қазақша оқитын етіп халыққа білгізу деген сөз. Олай болса, бізде бастауыш та, орта да, жоғары да оқу орындары өз тілімізде болуы керек. Осының бәрінде оқу қазақша болса, жер жүзінің өнер-біліміне қазақтың қолы жетеді».



ҚЫЛҚОБЫЗ

МӘДЕНИ АЙДАУ

Гүлжан Талпақованың Болгариядағы фестивальден даңқы шығып, күміс медаль тағып, «Огонек» журналына ұлттық киіммен жарқырап шығуы саяси элита арасында гүрлдеген әңгіме туғызды. Өзбекәлінің жанкешті еңбегі жеңіспен аяқталды. Гүлжанның жеңісімен бірге оның да атақ-абыройы аспандап кетті. Өзбекәлінің сол кездегі ВЛКСМ көсемі Е.Тяжельниковпен майлы қасықтай араласуы кәрі коммунистердің үрейін ұшырды.

Кремльдің тапсырмасын бұлжытпай орындауды ғана білетін функционер шенеуніктерге ізденімпаз, ұлтшыл, жасампаз жас комсомолдың арындап алға жылжуы қауіпті көрінді. Одан бөлек Өзбекәлі сол заманда даңқы дүниені дубірлетіп тұрған Юрий Гагаринмен де жақсы жолдас еді. Жолдас болғаны сонша, Мәскеуде өткен үлкен жиындарда Гагарин Өзбекәлімен қатар отыратын. Тіпті екеуінің бірге

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

түскен фотосы да бар. Гагарин Өзбекәлінің терең білімі мен жасампаз қасиетін ұнатып, оған ғарышқа ұшқан қолсағатын сыйлаған. Ол сағатты Өзбекәлі Алматыдағы бір музейге тапсырған екен. Кейін ол сағат жоғалып кетп.

Коммунист басшыға тән мынадай қулық бар. «Тағыммен таласады-ау» деген жас қайраткер көрсе, ертегідегі ақымақ ханның жас баланы «Барсакелмеске» жұмсағаны сияқты инфраструктурасы дамымаған, алыс аймақтарға екінші не үшінші хатшы етіп, «мәдени айдауға» (культурная ссылка) жіберетін. Бір қарағанда көп-көрім хатшысың. Кабинетің, көлігің, пәтерің – бәрі бар. Бірақ бірінші хатшыға тәуелдісің. Қажыр-қайратынды артта қалған аймақты көгертуге жұмсап жүргенде өзің де сарқылып бітесің. Ол кезде сені Орталық комитетте танитын ықпалды фигура да қалмайды. Мұндай айдаудан ілуде біреу болмаса, екінші бірі абыроймен оралмайды. Көбі сол жақта саяси жігері мұқалып, қызметтің арзан бір түрін қанағат тұтып, мәңгі бақи қалып қояды.

Мұндай қулық Өзбекәліге таныс. «Сені Торғайға хатшы қып жібергелі жатыр» деген хабарды естіген бойда-ақ ол: «Бірінші хатшы кім болады?» – деп сұрады. Себебі мың жерден қажыр-қайратың тасып, білімің жетіп, идеяң төгіліп тұрса да, бірінші басшы әпербақан біреу болса, бәрі зая кетті деген сөз. Ондай басшы «Ертең абыройы асып кетіп, өзімді төңкеріп жүрмесін» – деген үрейге маталып алып, жатса-тұрса орынбасарының тірсегін тістеп, желкесін қиюмен болады.

«Бірінші хатшы – Сақан Құсайынов», – деген кездө Өзбекәлінің көңілі сәл орныққан. Бірақ аздап күдігі де басым. Себебі бір жиында Сақан Өзбекәліні меңзеп жайсыз пікір айтқан еді. Осыдан секем алған Өзбекәлі ішкі сақтығын нығайта түсті. Алматыдағы кәрі көсемдөрге де керегі осы. Қол астындағылар бір-бірімен бақталас болса, бұларға соғұрлым жақсы. «Қай жеңгені менікі», – деп отыра береді.

Көп ұзамай Қонаевтың кабинетінде Торғай облысын құ-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

ратын кандидаттар бас қосты. Олар бесеу еді – Құсайынов, Трофимов, Голубенко, Герасимов, Жәнібек. Өзіңіз байқағандай Өзбекәлі тізімнің соңында тұр. Яғни өзгелерге қарағанда шені төмен. Екіншіден, сол кездегі советтік тәртіп бойынша екінші басшы орыс ұлтынан болуы шарт.

«Өзбекәлі Торғайға бесінші хатшы болып барады екен» деген хабар Алматыдағы саяси элита арасында үлкен дүмпу туғызды. Себебі комсомолдың бірінші хатшысы болу – үлкен лауазым еді. Ықпалы да зор. Тіпті министрлер санасып іс қылатын.

Елдің бәрі Өзбекәлінің потенциалын көріп: «Ол өрлей береді. Керек болса, Мәскеуге дейін өсе алады», – деп пал ашып, болжап жүрген. Осындай перспективасы зор, аса білімді кадрдың құлдилап кері кетуі түсініксіздік туғызды. Өзбекәлінің жақтастары бұған кәдімгідей наразы болған. Бірақ куш қазандай қайнағанмен, күресуге дәрмен жоқ.

Бұл бес хатшы ертесіне бас көсемнің алдынан өтіп, «батасын» алып келу үшін Мәскеуге аттанды. Ол жақта Брежнев қабылдады. Өзбекәліден басқасы қобалжығаны сонша түнімен дөңбекшіп ұйықтай алмады. Бұған дейін де Брежневті көріп, оның салмақсыз басшы екенін біліп қойса керек, Өзбекәлі аландамай, кешкі тамағын ішіп, жақсылап тынығып алды.

Расымен солай болды. Бас хатшы кабинетінде спорттық күртешесімен отыр екен. Торғайға қатысты сұрақ-жауап аяқталған соң көсем сол жерде Қонаевпен байланысады. Бала құсап: «Әй, Димаш, мен бүгін ірі қабан атып алдым. Өткен жолы екеуіміз атып алған қабан мұның жанында торай дерсің», – деп лепіріп отыр. Өзбекәлі ішінен: «Леонид Ильич қартая бастапты», – деп ойлады. Бұл қартайып, қалжыраған басшымыз одан кейін де билікте он екі жыл отырып, әбден алжып, қаусап барып өлді.

1970 жылы 23 қарашада Торғай облысын құру жөніндегі жарлыққа қол қойылды. Қонаев бұларды ертіп Арқалыққа

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

келді. Залда жұртқа таныстырып тұрып: «Мына Өзбекәлі өзі арыз беріп, осы жаққа сұранып келді», – деп қойып қалды. Жұрт дү қол шапалақтады. Сасып қалған Өзбекәлі амалсыз орнынан тұрып, жұртқа бас изеп сәлем берді.

Жиналыс біткесін Торғайдың үш қариясы бұған келіп: «Сен шынымен сұранып келдің бе? Ана кісінің айтқаны «әдемі» әңгімеге ұқсайды екен. Мәнісін өзің айтшы», – дейді. Саяси интриганы жақсы білетін әккі шалдар бір нәрсені сезетіндей. Өзбекәлі сыр алдырмай: «Дұалы ауыздан шыққан әңгімені өздеріңіз еспдіңіздер. Оған не алып қосайын?» – деп сыпайы құтылып кетті.


Жиын біткен соң Қонаев ұшаққа отырды да, «Алматы, қайдасың?» деп тайып тұрды. Ол кезде Арқалықта ұшақ қонатын алаң да жоқ еді. Ан-24 тақтайдай тегіс далаға қонатын. Ұшақ көтеріліп, көз ұшына жеткенде барып, Сақан Құсайынов өзінің қай жаққа келгенін енді түсіне бастады. «Іздегенім осы ма еді?» дегендей басы салбырап, ұнжырғасы түсіп кетті. Ұшақ көрінбей кеткенше тапжылмай ас-панға ұзақ қарап тұрды.

Әлгі шалдардың «әдемі» әңгіме дейтіндей жөні бар. Себебі басқа кадрды былай қойғанда бес хатшыны жайғастыратын облыста жайлы мекен жоқ. Бірінші хатшы жұмыс кабинетіне қонады. Ал Өзбекәліні не қонақүй емес, не жатақхана емес – түсініксіз ғимаратқа әкеледі. Бөлмеге кірсе, ішін қар басып қалыпты. Терезенің қуысынан үрлеген қар еденде үйіліп жатыр. Бұған дейін Мәскеуде Гагарин, Тяжельниковтермен араласып, әсем қала Алматыда өмір сүрген Өзбекәліге бұл нағыз мәдени айдау еді. Өзімен еріп келген комсомолдың кейбір қызметкері жатақхананың асүйіне орналасқан. Ол кезде ыстық сү тұрмақ мұздай суды екінші қабатқа шығара алмайтын. Судың жоқтығынан қыстың күні даладағы қарға жуынатын. Раиса Райымбекқызы бүй деп естелік айтты:

«Бір күні ұйқыдан тұрсақ, мұздай су тағы жоқ. Қарға

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

жуынғанмен, ішетін су таппай тентіреп кеттік. Бір кезде біреуі: «Өзағаның бөлмесінде бөшкеде су бар. Кеше көргем. Ол ауданға іссапармен кетіп қалды. Вахтадан кілтін алайық та, сол сумен шай ішейік», – деді. Бәріміз қостай кеттік. Кілтті алдырып, Өзағаның бөлмесіне «басып» кірдік. Расымен бөшкеде су тұр. Қуанышымызда шек жоқ. Дереву шай қойып, дастарқан жасадық. Сөйтіп енді отыра бергенде, есік сарт етіп ашылды да, Өзаға кіріп келді. Жүрегіміз тоқтап қала жаздады. Бірақ ол ұрсудың орнына: «Оу, игі жақсы жиналып қалыпсыңдар! «Ас иесімен дәмді» деген. Неғып мені шақырмай, өздерің тойлап отырсыңдар?» – деді әзілдеп. Сол кезде ғана жүрегіміз орнына түсіп, кең тыныс ала бастадық. Ол түк болмағандай дастарқанға жайғасты да, жексенбі күнгі демалысты бізбен өткізіп, сол жерде қазақтың бірнеше дәстүрлі әнін орындап берді».



ТОРҒАЙДЫҢ ТОЗУЫ

Бұл кезде Торғай облысының орталығы – Арқалық. Күрделі инфрақұрылымды айтпағанда қарапайым әлеуметтік саласының өзі ілініп әзер тұрған. Теледидар болса да жоқ. 1930 жылы Мәскеудегі көсемдер: «Біз Одақты радиомен түгел қамтыдық», – деп жаһанға жар салған еді. Бірақ сөз

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

жүзінде жасалғандай. Арада қырық жыл өтсе де, радио Арқалықтың 30 пайызына ғана барған. Ауылдық жерде дүкен, медпункт, монша сирек кездеседі. Қаланың өзінде универмаг, амбулатория, ресторан дегендер атымен жоқ. Өркениеттің нышанын білдіретін бір ғана орын сақталған. Ол – жиырма бес адамдық жалғыз монша.

Ал совет өкіметі сол уақытта Кремльге бүйрегі бұрған жер шарының түкпір-түкпіріндегі Лаос, Вьетнам, Ауғанстан, Куба, Солтүстік Корея, Венесуэла сияқты, тіпті Африканың мешеу мемлекетіне дейін көмектесіп, ақшаны вагонмен төгіп жатқан. Білікті инженерін сол елдерге жұмсап, мектеп, аурухана, университет, көпір, монша, әуежай соғып, есепсіз жарылқады. Осылайша совет өкіметінде ит басына іркіт төгіліп жатқанда Қазақстанның қақ жүрегінде тұрған Арқалық аймағы неліктен мұнша тозып кетті?

Оның да ауыз толтырып айтар себебі бар. Ресей империясынан бері шовинист орыстар қазақты бағындыра алмай жанталасып жатқан. Бұл кезде башқұрт пен татар езіліп, олардың алды шіркеуге барып шоқынып біткен. Ал Торғай даласы – қазақтың қайнаған тіршілігінің отаны. Тарихшы Жамбыл Артықбаевтың пайымынша, ұлтшылдық «дерті» алғаш осы аймақтан шыққан.

XIX ғасырдың аяғында Ресей империясы қазақ балаларын орысша оқытып бастады. Бұл – бір шетінен жақсы үрдіс. Орыстың оқуымен көзің ашылып, әлемге ілесесің. Бірақ қауіпті тұсы және бар. Санасы орыстанған қазақты діннен айырып, шоқындыру оңай. Соғыссыз-ақ ұлт ретінде жоюға болады.

Осылайша қазақша оқулықтың жоғынан балалар сауатын татарша не орысша ашып жатты. Тілге, дінге, салт-дәстүрге шабуыл басталды. Бұрын жаугершілік заманда ел шетіне жау келсе, батырлар атқа қонып, майдан даласында соғысатын. Ал бұл көзге көрінбейтін, саусаққа ілінбейтін «жау» ұлттың санасына шабуылдап жатты. Халық онымен қалай кү-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

ресудің жолын білмеді. Баласын мектепке бермейін десе, ұрпағы сауатсыз болады. Оқытайын десе, тілі мен санасы орыстанады.

Осы кезде Ыбырай Алтынсарин ұлтшылдық оттың ұшқынын жарқ еткізді. Ол қырда алғаш қазақ мектебін ашып, шәкірттің жүрегіне ұлттық рухтың ұрығын екті. Бақылаушы органдарға: «Қазақша сабақ өтпесем болмас. Жұрт «діні бөтен» деп менен қашып жүр. Сол үшін қазақша оқулық шығаруға рұқсат етіндер», – деп хат жаза бастады. Ақыры мектеп оқулығын қазақша жазып шығарды. Тәрбие сағатында өтетін пәнге «Қисса сұл әнбияның» қиссаларын қолданды.

Алтынсарин феномені Торғай даласында жаңаша толқын туғызды. Ұлт ұстазы Ахмет те сол мектепте білім алған. Ыбырайдан басталған ұлтшылдық идея Ахметке жұғып, одан Міржақыпқа ауысады. Осылайша ортаға «Оян, қазақ!» деген ұран тасталады. Бұл рухани «дерт» асқына келе Семейдегі оқыған азаматтарды жаралайды. Осы дерттің екпінімен 1917 жылы Алаш өкіметі құрылады. Оның көсемдері 1937 жылы репрессияға ұшырап, атылып біткенше мектептегі пәндерді қазақша жазып тастады. Солар жаққан ұлтшылдық толқыны әліге дейін басылған жоқ.

Бұл мектептің екпіні Спандияр Көбеев, Бекет Өтетілеуұлы, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, қазақ қыздарынан шыққан алғашқы ғалым Нәзипа Құлжанова, алаш заңгерлерінің бірі – Ахмет Бірімжанов, Ғабит Мүсірепов, Бейімбет Майлин, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұхаметсәлім Кәшімов, Ілияс Омаров, Сырбай Мәуленов, Ғалым Байназаров, Қойшығара Салғараұлы, Төлен Әбдік сияқты зиялыларды дүниеге әкелді. Оқыған азаматтар қазақтың тілін, әдебиетін, мәдениетін, ән-күйі мен жырын күшейтіп, халықты оятып жатқанда 1916 жылы Амангелді Иманов патшаға қарсы көтеріліс бастады. Бұл империяның жүйкесін жұқартқан жағымсыз оқиға болды. Қазақтар одан сайын рухтанды. СССР орнаған соң Ахмет пен Міржақып Алаш қоз-

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

ғалысының ұйытқысы болды. Алаш атауын да айналымға енгізген осы екеуі. 1937 жылы бұлар атылғанда олардан тәлім алғандар мәдени майданды қыбын тауып жалғастыра берді.

Қадыр Мырза Әлінің мына бір өлеңі Торғайдың тарихтағы мәні мен миссиясын аша түскендей:

Ел басына төнген шақта қара аспан,
Ер-азамат бір-біріне қарасқан...
Еркіндік пен елдік үшін торғайдай
Шырылдаған Торғайсың сен о бастан.
Талай заман өтті үстіңнен бұлт артқан,
Топ жаңартып, көне етікті ұлт артқан.
Ақындарың алдаспанмен жыр жазып,
Тұлпарларың тұяғымен күй тартқан.

Сондықтан «Карфаген түгел қирауы керек» деп Рим сенаты үрейленгендей совет өкіметі үшін Торғай даласы бүлік пен бұлқыныстың ошағы саналған. Советтер мақсатына жетіп те қалған. Торғай жұрты бұрынғыдай көшіп-қонып жүре алмайды. Ал модерн байланыс жолдары атымен жоқ. Осылайша экономикалық қысымнан бөлек мәдени вакуумда тұншығып жатқан кезде Торғай даласына ілияс Омаровтың көзін көріп, ұлтшылдықпен «ауырған» Өзбекәлі Жәнібек келеді.

Назарбаев кезінде Алаш идеясының түүына себеп болған Торғай мен Семей аймағы облыс ретінде таратылды да, кері кетті. Бір қызығы, дүрілдеп тұрған Торғай облысының неліктен екі рет ашылып, екі рет жабылғаны түсініксіз. Семей облысы былтыр ғана президент Тоқаевтың пәрменімен қайта құрылды. Ал Алаш жұртына толқын тұғызған Торғай даласының күні бүгінге дейін қараусыз артта қалып келе жатқаны түсініксіз.



ШЫН

ТОРҒАЙДЫҢ ТҮЛЕУІ

Өзбекәлінің негізгі мамандығы – тарихшы. Бұл өлкенің қазақ тағдырында қандай қилы кезенді бастан кешкенін жақсы білетін. Бұған дейін де өнер саласына ден қойып қазақ этнографиясын тубінен қопарып зерттеуді жолға қойған. Сондықтан Торғайға «өз еркімен сұранып» келген ол бір шетінен осы зерттеу жұмысын байытып алатын болдым деп кәдімгідей қуанған.

Ең бірінші қазақтар тығыз қоныстанған Жангелдин және Амангелді аудандарын аралайды. Ондағы мақсат – мектептегі білім беру жүйесін тексеру. Себебі қараңғылық мектептегі сапасыз білімнен басталады. Күдігі расқа шықты. Орыс тұрмайтын ауылдарда орыс сыныбын ашып тастаған. Қазақ сыныбында 43-45 бала сыймай отырса, орыс сыныбында 4-5 оқушы ойнап отырған. Қазақ сыныбы баланың көптігінен оқи алмайды, ал орыс сыныбы орысша сабақ бе-

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

ретін мұғалімнің жоғынан дүбәраға айналған. Яғни оқушы да қазақ, мұғалімі де қазақ, бірақ оқулықтары орысша. Ұстаздар орысша оқулықпен дәрісті қазақша түсіндірген.

Орыс сыныбын аштырып, баласын оқытқандар – совхоз директоры, парторг, ауыл кеңесінің төрағасы, бас бухгалтер, бас агроном сияқты лауазымды кісілер. Яғни «баламыз орысша оқыса, жерде қалмайды» деген таяз түсінікпен ашылған. Осының кесірінен мектеп не орыс емес, не қазақ емес дүбәра күйге түскен. Бір күні Өзбекәлі Торғайға іссапармен келіп қалған Оқу министрі Қ.Балахметовті осындай сыныптың біріне әкеліп, ашық сабаққа қатыстырады. 7 «А» сыныбындағы озат оқушы тақтаға шығып, орысша үш сөз жазған кезде үш қате жібереді. Мұндай сорақылықты көргенде министрдің өзі таңғалады. Өзбекәлі осыны пайдаланып: «Көрдіңіз ғой, жолдас Балахметов! Орыс мектебінің сиқы осы. «Қазақ ауылына орыс сыныбын ашудың қажеті жоқ» деген нұсқау хат беріңіз. Мұндай бейшаралық бізде ғана емес шығар», – деген. Министр оған «коллегияда қараймыз» дейді де, жым-жырт жоғалып кетеді. Бұдан кейін Өзбекәлі облыс басшысы Сақан Құсайыновтың кабинетіне кіріп, ақсап жатқан білім саласын қайта-қайта көлденең қоя береді. Бір қызығы, Өзбекәлінің әруағы асты ма, әлде Сақан өзі де іштей түйсінді ме, оған қарап:

– Әй, Өзбекәлі, өзіңе не керегін менен жақсы білесің. Маған күнде келе берме! Біреу сені тындамаса, өзім басқаша сөйлесемін, – деді.

Осылайша Өзбекәлінің қолына тежеусіз билік түсті. Сақан – сауатты экономист. Бірақ идеология мен мәдениет саласын жетік білмейтін. Бұл салада шабан екенін жасырмай, бір жиында: «Несін жасырайын, өмір бойы мемлекеттік жоспардың орындалуын қадағалаумен айналыстым. Ал идеологияны менен жасы кіші болса да, Өзбекәлі көп біледі. Сондықтан оның ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс», – деп төтесінен қойды. Үзілісте Өзбекәлі:

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

– Сәке-ау, бірінші хатшы идеология жұмысын білмейді деп айтуға бола ма? Мұнан кейін ел-жұрт біз жайында не ойлайды? – деді. Ол:

– Не ойласа, оны ойласын. Онда жұмысым жоқ. Әлде сенің менен көбірек білетініңді ел-жұрт аңғармайды дейсің бе? – деп сөзді доғарды.

Шыны керек, ол заманда мұндай басшының Өзбекәлі сияқты дарынды кадрды ел алдында ашық мойындап, төбесіне көтеруі әулиелік деңгей десе де болады. Өзбекәлі де оған қарыз болып қалмады. «Тағдыр тағылымы» деген мемуарында Сақан Құсайыновтың іскерлігі мен адамшылығын бүкпесіз баяндады.

Құсайыновтан қолдау тапқасын Өзбекәлі идеология жұмыстарын ешкіммен ақылдаспай, санаспай, ықпай, бұқпай батыл түрде жүргізді. Ең бірінші дүбәра мектептің көзін құртып, орыс сыныбын түгел жауып тастады. Бұған ең бірінші жергілікті мұғалімдер қуанды. Себебі орысша оқу жоспарын жазу азабынан құтылды. Есесіне қазақ мектебіндегі білім сапасы күрт көтерілді.

Ол заманда бұқара халыққа ақпаратты ең жылдам жеткізетін құрал радио болған. Сол үшін жылжымалы «Буря» радиостанциясын әкеліп орнатады. Артынша «Торғай таңы» және «Тургайская новь» облыстық екі газет жарқ ете қалды. Радионың қазақша бөліміне сауатты редактор іздейді. Ол кезде Арқалық сияқты қияндағы қалаға сауатты маман бармайтын. Іздегенге – сұраған. Дәл сол кезде Қостанайға ҚазҰУ-дің журналистика факультетін бітірген Қойшығара Салғараұлы келе қалады. Оны Қойшығараның өзі былай деп баяндайды:

«Оқу бітірген соң Алматыда қалатын болғам. Бірақ ата-жұртта қарт анам қалып қойған. Ол: «Қартайғанда Алматыға көшпеймін», – деп отырып алды. Шешемнің көңілі үшін елге қайттым. Сол кезде Торғай облысы ашылып, жаңа кадрлар іздеп жатқан. Таныстарымның біреуі:

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

– Сен де бақ сынап көрсең қайтеді? – деді. Мен:

– Ойланайын, – дедім.

Тағы бірде жерлес жігіттер:

– Торғай радиосына бас редактор іздеп жатыр. Ана Өзбекәлі деген бәле болды. Шамадан тыс кірпияз кісі екен. 1 мамыр мерекесіне орай радиодан хабар өтуі керек. Сол хабардың сценарийін жасау керек. Неше рет жазып апардық. Біреуін жаратпады. Жазғанымызды бетімізге лақтырады. Бәлкім сен жазып берерсің, – деді.

Журналистика бітіргенім әрі оған дейін Қазақ радиосында істегенім бар, қиынға соққан жоқ. Сценарийді бір түнде мөлдіретіп жазып бердім. Өзбекәліге ұнапты. Жиын біткен соң: «Шындарыңды айтындар, мынаны кім жазды?» – дейді. Олар мойындайды. Ертесіне «сені шақырып жатыр» деді. Бардым. Бірден қабылдады. Қағазды көрсетіп:

– Сен бе мынаны жазған? – деді.

– Иә, – дедім.

– Бүгіннен бастап облыстық радионы сен басқарасың, – деді.

Осылайша ойламаған жерден бастық болып шыға келдім. Бірақ бүйткен жұмысы құрсын. Радионың бас редакторы мен емес, Өзбекәлі сияқты. Үйге ерте қайтқым келеді. Ол болса: «Қойшығара, кетіп қалма! Қазір радиоға барамын», – дейді.

Келген соң менімен бірге түнгі сағат бір-екіге дейін ертеңгі эфирден өтетін материалды талқылайды. Ол кезде Торғай радиосының музыкалық қоры жасақталмаған. Орнына пластинканы пайдаланамыз. «Қыз Жібек», «Алпамыс батыр», «Мұңлық-Зарлық», «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қобыланды батыр» жырлары, одан бөлек қазақтың дәстүрлі ән-күйлері жазылған күйтабақтар үйіліп тұратын. Ол галстугы салбырап, еденге молдасқұрып отырып, алдына пластинканың бәрін жайып тастайды. Сөйтеді де, ертең эфирден өтетін жыр, күй, әнді өзі таңдайды. Әб-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

ден көңілі толған соң мені үйіме қайтарады.

Өзбекәліні тамыршы десе де болады. Кабинетте отырып, халықтың көңіл күйін дөп басып біліп отыратын. Қай сағатта эфирден қандай ән-күй берілу керегін жан-жүрегімен сезіп тұратын. Жұрт кешке үйіне жиналып, жаппай радио тыңдайтын уақытта олардың езілген еңсесін көтеріп, шөлдеген көңілдерін рұхани жырлармен гүлзар баққа айналдыратын. Онымен талай рет сапарлас, сырлас болдым».

«Арқалықтан сөйлеп тұрмыз!» деп басталатын Торғай радиосы тірілгенде оны естіген жұрт: «Ойпырмай, бізде де мұндай керемет болады екен-ау», – деп қуаныштан көз жасын тия алмапты. Бейнелеп айтсақ, көктің бәрі қуарып, әбден қуаңшылық жайлап, соңғы ағаштың тамыры солар кезде көктен нөсер жаңбырдың шелектеп құйғаны сияқты болды. Жұанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер сәтінде Торғай радиосы қалғып кеткен Торғай жұртын әп-сәтте оятып, мұқала бастаған тарихи танымын қайта қалпына келтірді.

Қонаев бір сапарында Торғайға соғады. Азанда «Арқалықтан сөйлеп тұрмыз!» деген дауысты еспгенде селк ете қалады. Фонында «Амангелді» фильміндегі әсерлі әуен ойнап тұрған. Қатты әсерленген Қонаев танданысын жасыра алмай: «Мен бүгін Өзбекәлі соққан қоңыраумен ояндым», – депті. Екі жылдан соң облыстың өз телеарнасы іске қосылды. Облыстың жетпіс пайызы теледидардан жаңалық көретін болды.



ДОМБРА

ӨРКЕНИЕТТИҢ ОРЛУЫ

Радио ашылып, халықпен байланыс орнады. Олардың да басшыларға деген сенімі нығайды. Енді олармен тікелей тилдесу керек. Өзбекәлі көлігіне мінді де, ауданды айтпағанда, ауылдарды мұқият аралап шықты. Ситуация түсінікті болды. Совет кезінде жекеменшік үй деген түсінік жоқ. Совхозды өкімет соғып береді. Өзбекәлі ауылдағы үйлерді көрген кезде шошып кетеді. Ешқандай жоспарсыз салынған. Мал ұстайтын қазақтар қи мен көңді ауыл арасына төге берген. Үйлерінің терезесінде форточка атымен жоқ. Жуынып-шайыну деген ақыреттің азабы. Соның кесірінен бала-шаға мен кемпір-шал кір-қожалақ кейіпке түскен. Қар қалың түсетін аймақта мал қораны үйге жапсарластыра соғады. Даланың дауылы үрлеген кезде үйлерді қорақопсысымен қоса қар басып қалатын. Сондай кезде малды аштан өлтіріп алмас үшін үйге қосып соғады. Сол үшін де кей үйдің кіреберісінде тауық пен малдың қиы жата беретін.

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Бұндай аянышты хәл халықтың надандығынан емес, отырықшы өмірге үйренбеген көшпелі қазақтың советтік жаңа тұрмыс салтынан болатын. Көшпелі кезінде қазақтар үйдің айналасын былғайды деп тауық тұрмақ, сиырды ауылға жолатпайтын. Қыстың күні қыстау үшін қар аз түсетін Сырдың бойын жағалап көшіп кететін. Мыңдаған жыл қалыптасқан дағдысынан еріксіз ажыраған Торғай жұрты осындай күйге душар болған.

Бұған дейінгі басшылар халықты ұмытып кеткен бе дерсің. Себебі сол жолы Өзбекәліге ілесіп, жол бастап ауыл аралап жүрген жергілікті басшы Х.Нұрғалиевтің өзі мына картинаны көрген кезде ұялғанынан жерге кіріп кете жаздайды. Төзімі таусылып: «Өзеке, осы ауылмен тоқтайық. Әрі қарай жүрудің қажеті жоқ. Сіз мақтамен бауыздадыңыз. Үнсіз қалғаннан гөрі айғайлап ұрысқаныңыз жақсы еді. Біз қара халықтан ажырап кетіппіз. Бұған дейін жергілікті конторға тіке келіп, тіке кетіп жүре беріппіз. Жағдайды реттеуге уәде беремін», – деді.

Бір қызығы, ол уәдесінде тұрды. Ауыл-аймақтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға барын салып, жәрдемін аямады.

Киіз үйде отырған кезінде ешбір қазақ ауласын шарбақпен қоршамайтын. Арнайы тал екпейтін, үстелде отырып шай ішпейтін. Мұндай жаңа мәдениетті үйретуді ешкім жолға қоймаған. Ескі салтынан айырған да, ұмытып кеткен. Тіпті кей ауылдың паспорты Өзбекәлі келгесін жасалған. Ал газет-журналға жазылып, тапсырыспен қаладан кітап алдыру ешкімнің миына кіріп шықпаған. Былайша айтқанда өкімет бұқара халықты қасақана қараңғылықта ұстаған.

Өзбекәлі аудан басшыларын жинап: «Ауылдағы үйдің саны елуден асатын болса, клуб, медпункт, дүкен, монша соғасыңдар! Жерге кір-қожалақ мата төсеп, дастарқан жасауды доғарасыңдар! Жерге емес, арнайы кереуетке жататын болсын! Шай ішетін дөңгелек үстел жасап бересіңдер! Мен сендерге еуропалық үстел мен орындықтар тасыңдар

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

деп тұрғам жоқ. Жерүстел жетеді. Ауланы шарбақпен қоршауды, ағаш егуді үйретесіңдер!» – деп талап қойды.

Жалынды жас басшының жанашыр болмысы бұларға да жігер сыйлайды. Олар да Өзбекәлі бастаған реформаны қолдай кетті. Қысқа мерзім ішінде ауыл-аймақ қи мен көңнен тазарып, шарбақтары жөнделіп, көшеттері жайқалып тұрды. Ел-жұрт тап-таза үйде жерүстел басында газет-журнал оқып, шаттана шай ішіп отырды. Шағын ауыл халқының өзі апта сайын өкіметтің моншасына түсетін игілікке қол жеткізді.

* * *

Халық газет пен журналға жазылу дағдысын бірден игеріп кеткен жоқ. Оны да балаға үйреткендей бірінші өзің үлгі боласың. Мәселен, ә дегенде «Торғай таңына» ешкім жазылмаған. Ал оның орысшасы кеңінен таралып тұр. Шама-сы поштадағы қызметкер үйреншікті әдетімен қазақты да «Тургайская новь» газетіне жазса керек-ті. Ал шенеуніктер құлдық психологиямен түгел орысшаға жазылған. Өзбекәлі осы дүбәра дағды мен құлдық психологияны сындырды. Қазақ газетіне ең бірінші өзі жазылған. Сосын барып өзгеден талап етті. Қазақтар тығыз қоныстанған әр ауылды аралап, газет-журналға жазылуды үйрететін мамандарды жұмысқа аямай жеккен. Расымен де шалғайдағы кей ауылдар қазақша газет-журнал жаздырып алудың жолын білмейді екен. Бір рет дәмін алған соң қазақтар жаппай жазыла бастады. Артынша қазақша газеттердің тиражы аспаннан бір-ақ шықты.

Ол кезде интернет жоқ. Жұрттың не оқып, не көріп жатқанын Алматыдағы идеология бөлімі қатаң қадағалап отырады. Торғайдағы қазақша газет-журналға жазылатын жұрттың саны күрт артқанын көргенде советтік шенеуніктердің жүрегі аузына тығылды. Уақытша мүлгіп кеткен Ыбырай, Ахмет, Міржақыптардың рухы қайта тіріліп кететіндей үрей

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

туғызды. Көп ұзамай Өзбекәлінің кабинетіндегі телефон шыр ете қалды.

– Тындап тұрмын, – деді Өзбекәлі.

– Бұл мен – Плотников, насихат бөлімінің меңгерушісі. Алматыдан соғып тұрмын.

– Шаруаңызды айта беріңіз, не мәселе?

– Торғайда қазақша басылымға жазылатын жұрттың саны неге көбейіп кетп?

– Бұған не, сіздердің жүректеріңіз ауырып тұр ма?

– Жоқ. Бұрын орыс тілді басылымдарға көп жазылатын еді...

– Сонда орыс газеттеріне жазылушылардың бәрін қазақшаға әдейі бұрып жатыр деп ойлайсыз ба? – деп қарсы сұрақ қояды.

– Жоқ, әрине, олай ойламаймыз...

– Сөз саптауыңызға қарағанда іс төркіні солай сияқты. Өзіңіз білесіз, егер күштеп бұйрықпен жаздырсам, ондай хабар сіздерге сол күні-ақ жетер еді. Бірақ ауыл-ауылды аралап, насихат жүргізгенім рас. Келіп көрем десеңіз, мархабат. Қандай да бір заң бұзылса айтыңыз.

– Жо-жоқ, әншейін сұрап жатқаным ғой, сен дұрыс түсін...

– Қазақша болсын, орысша болсын, әйтеуір жұрттың қараңғылыққа батып кетпей сауатын көтерсек болды емес пе? Егер соның өзінен саясат іздеп, ши жүгіртетін болса-ңыз, онда жетіскен екенбіз, – дейді де, телефон тұтқасын қоя салады.

Баспасөзге жазылу проблемасы реттелген соң кезек кітап оқу мәдениетіне келді. Бір заманда алғашқы қазақ мектебі осы топырақта ашылып, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы осы өңірден оқып шықты дегенге кім сенеді?! Айналдырған елу жылдың ішінде осындай сауатты өлкені қараңғылықпен өлтіруге аз-ақ қалған екен. Кітап саудасының жағдайы газеттен де нашар болған. Ол кезде ауыл-аймақта «Хозмаг» деген болатын. Яғни тұрмыстық заттар сатылатын


ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

шалажансар дүкеннің түрі. Сатылатын кітаптарды осындай дүкенге тастап кетеді. Онда да ешкім оқымайтын қызықсыз 40-50 кітап шаң басып жата берген. Бірақ басшылар халыққа кітап жеткізіп жатырмыз деп өтірік ақпар беріп отырды. Оны тексеруге ықыласты басшылық жоқ. Бұдан бөлек жұртты келеке еткен сияқты этикаға жатпайтын қадамдарға барған. Яғни 100 пайыз қазақ қоныстанған екі ауданға жіберілген кітаптың 80 пайызы орыс тілінде. Державин сияқты қазақ-орыс аралас аудандарға бірде-бір қазақша кітап бармаған екен.

Өзбекәлі әр колхоз бен совхоздан кітап дүкенін ашуда бұйрық берді. Үш жылда 79 кітап дүкені ашылған. Кітап базасын толтыру, оларды тасымалдап жеткізу, қай дүкенге қандай кітап бару керегіне дейін Өзбекәлі өзі қадағалаған. Ұлттық құрамына қарай кітаптың құрамы да әділдік принципімен шешілді. Торғай өңірі үш жылдың ішінде кітап оқудан өзге облыстарға жетіп алды.

Өзбекәлінің осы жанкешті еңбегінің арқасында қаншама қазақтың қылмыскер атанудан аман қалғанын бір Құдай өзі білсін. Себебі дамыған елде үкімет түрме соғардан бұрын ол аймақтағы халықтың кітап оқу құмарлығын өлшемге алады. Кітап көп оқылатын аймақта үлкен түрмелер соғылмайды. Керісінше кітапхана мен кітап дүкені мешеу қалған өңірден қылмыскер көп шығады. Сол үшін де үлкен түрмелер халқы кітап оқымайтын аймақтарға салынады.

Өзбекәлінің осы ұтымды стратегиясы Торғай жұртына бақ боп қонды. Ол жаққан кітапқұмарлық ышығы инерциясын әлі тоқтатқан жоқ. Оқу-тоқуға бейімі бар таланттар бұл топырақтан жиі шығады.



САҚПАН

ТОРҒАЙ ӘУЕНДЕРІ

Өзбекәлі пенденің адами тіршілігін айшықтап тұратын ірі көрсеткіш – мәдени даму ісін шұғыл қолға алды. Ол келе сала «Торғай әуендері» фестивалінің жоспарын жазды. Жоспар бойынша қолөнер, салт-дәстүр, спорт, ат жарысы, қазақша күрес, бокс, жеңіл атлетика жандануы тиіс.

Бұл шара 1971 жылы 20 маусымда Арқалықта өтп. Тек Торғай емес, оған көрші отырған бірнеше облыс халқы «қызық көреміз» деп Арқалыққа ағылды. Сондай жерден келген бір қарияны көріп қалып, Өзбекәлі хәл сұрады.

- Ата, қайдан келдіңіз? – деді.
- Жангелдин ауданынан.
- Жангелдиннің өзінен бе?
- Жоқ, оның арғы жағындағы Ақкөл деген ауылдан келдім.
- Алыс жерден арнайы келдіңіз бе?
- Иә, қарағым, арнайы келдім. Кәрі қойдың жасындай жасым қалды. Өлсек те, Арқалыққа барып бір рет фестиваль көріп өлеік, – деді қария.

Думанның дүркірегені сонша Ақмола облысының басшысы Ф.Халитова телефон соғып: «Әй, Өзбекәлі, Арқалық-

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

та не қызық болып жатыр? Жұрттың бәрі Арқалыққа жөңкіле көшіп жатыр ғой», – депті.

* * *

Совет дәуіріндегі жиын-тойдың бәрінде орыс тілі мен мәдениеті насихатталды. Өзбекәлі бұған іштей наразы. Ол мынадай әдіс ойлап тапты. Фестиваль күні қала халқын таңғы жетіде оятып, дабыл қақтырып, мерекелік атмосфераны үшүмөн қыздырмақшы болды. Бейнесі қазақ санасынан өше бастаған Алдар көсе, Қожанасыр, Жиренше, Қарашаш, Амангелді батыр, Ыбырай Алтынсарин сияқты тұлғалардың образын жасады. Оларды көлікке отырғызып, қала көшелерін айналып шықты. Фестиваль деген сылтаумен қазақ танымында өлуге айналған бәйге, көкпар, жорға жарыс, күміс ілу, жамбы ату, қыз қуу, қазақша күрес, ақындар айтысы, алтыбақан тебу сияқты көшпелі мәдениеттің элементін барынша дәріптеді.

Жұрттың жарты ғасырдай жаншылған мәдени қуатын бір фестивальмен ояту оңай емес. Өзбекәлі «Проводы русской зимы» деген атаумен 22 наурыз күні бір мерекені ұйымдастырды. Әлгі образдарды тағы да «тірілтіп» алды. Ол кезде Наурызды тойлауға совет өкіметі тыйым салған еді. Бізбен сұхбаттасқан Мұхтархан Манапұлы осы оқиғаны бұй деп баяндады:

«1973 жылы көктемде қызық болды. Хатшылардың бірі Трофимов: «Проводы русской зимы» мерекесін тойлаймыз. Соған дайындалыңдар!» – деп әртістерге пәрмен берді. Мейрамның атын еспгенде тырыстым да қалдым. Қырсығып киінбей қойдым. Трофимов дайындықты тексерді. Менен басқасының бәрі киініп алған.

- Сен неге киінбедің? – деп сұрады Трофимов.
- Киінгім келмейді, – дедім қырсығып.
- Не үшін?
- Мейрамның аты ұнамайды.

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

– Несі ұнамайды?

– Қазақ даласында отырып, орыстың қысын тойлау деген не масқара? Сонда не, қазақтың қысын шығарып салсақ болмай ма? – дедім.

Мұның алдында Мәскеуде оқып жүргенде «Жас тұлпар» ұйымына мүше болып, ұлттық иммунитетім күшейіп кеткен. Орыстан ықпаймын. Обалы нешік, Трофимов ақжүрек, жақсы адам еді. Қазбалап сұрап, ерегеске барған жоқ. Басын изеді де, үнсіз кетіп қалды. Артынша театрға Өзбекәлі келіп, жаныма жайғасты да:

– Батыреке, неге киинбегенсің? – деді.

– Өзеке, бізде намыс қалды ма өзі? Не масқара мынау? Қазақтың қысымен қоштасамыз десек болмас па? Әлде табиғатта тек орыс қысы бар ма? – дедім түнеріп.

– Әй, батыр, ертең қай күн, білесің бе? – деді ол.

– Білемін, 22 наурыз.

– 22 наурыз қандай күн?

– Ұлыстың ұлы күні. Қазақша жыл жаңарады.

– Наурыз тойлап көрдің бе?

– Көргенде қандай! Ауылда наурыз көже ішетінбіз. Далаға киіз, текемет төсеп балалар күресетін. Арасында ат жарысы өтеді.

– Білсең сол ендеше. Ертең наурыз тойлаймыз. «Зима» деген аты ғана орысша. Затын қазақша етеміз. Амангелді мен Жангелдиннен 20 киіз үй әкеліп құрып қойдым. Биелер желіде байланып тұр. Ертең наурыз көжеге тоясың. Алдар көсе, Қожанасыр, Жиренше шешен, Қарашаш ана, Қыдыр атаның образдарын алаңға алып шығамыз. Қыз Жібек пен Төлегеннің күймесін жасаттым. Торғайда есек жоқ екен. Саған бола Ақтөбеге көлік жіберіп, есек алдырдым. Босқа қырсығып, мүмкіндікті зая кетірмей, киіміңді ки де, ертеңге дайындал! – деді.

Сол кезде барып Өзекеңнің қулықпен құрылған терең стратегиясын түсіндім де, серпіліп сала бердім».



ТУҲҚТАС

ҚАЗЫНАҒА ИЕ БОЛУ

Өзбекәлінің мәңгілік болмысқа айналуының бір құпиясы мынада жатыр. Ол мәңгілік құндылықты бірден танып, сезіп қояды. Ғылымда **«еткінші мәдениет»** (transient culture) деген ұғым бар. Яғни жұртты уақытша желпінтіп қоятын жеңіл мәдениет. Мәселен, 1960 жылдан бастап Битлз, Бони М, Абба сияқты рок әншілерге еліктеп, шаш қойып, колокола шалбар киіп, әнін айтып, гитара ұстап, құтырына билеп жастық шақты өткізу мода болған. Бірақ мұндай топтар он жылдан соң заманы бастан көшіп, сахнаны келесі жұлдыздарға еріксіз тапсырып отырады. Бір қызығы, осы әншілерді тыңдап, жастық шағын өткізген аға буын өз баласына рок топтарды құндылық ретінде ұсына алмайды. Себебі әр заманның, әр баланың «Битлзі» мен «Аббасы» бар. Бұларды қартайғанда серік ете алмайсың. Есесіне бала жастан құлаққа сіңімді болған классикалық құндылықтар қартайған сайын сені қызықтыра түседі. Мысалы, аңыз, қисса, ән-жыр, күй, би-шешендердің құнарлы әңгімесі қартайғанда сенімді серік саналады. Сөйлегенде салмақ қосады. Керісінше,

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

зейнетке шыққан соң, осындай сүбелі сөзді ұстай алмаған әзілкеш шалдардың қадірі болмайды.

1970 жылдары Торғай даласы көкірегі қазыналы қартқа бай еді. Бірақ әңгімесі сол заманның жастарына ескінің сарқыншағындай естілетін. Советтік ұранмен миы айналған пионер, комсомолдар қарияның тілінен төглетін құнарлы сөзді жаратпайтын. Өзбекәлі осыны аңғарып, көзі тірі ақсақалдардың қазынасын жинап алуды ойлады. Осы ойын жүзеге асыру үшін Сейіт Кенжеахметп шақырды.

Сейіт «Торғай таңы» газетінде сатирамен шұғылданып, өткінші мәдениеттің өкілі болып жүрген. Бірақ бойында қазыналы қариялардан жұққан әңгімешіл өнері бар еді. Өзінің айтуынша, етті жақсы тұрайтын елгезек бала болыпты. Біреу қонақ күтсе, «Сейітп шақырындар, ет тұрап берсін!» – деп ортасына алдырады екен. Ол ет тұрап отырып, қариялардың көне дәуірден тартатын құнарлы әңгімесін құлағына құя беріпті.

Әлбетте, ет тұрайтын адам табылады. Бірақ құймақұлақ бала табу – қиынның қиыны. Бұл ежелгі қариялардың дәстүрі еді. Көкірегіндегі шежірені дастарқан басында әңгіме айтып отырып жастарға мирас ететін. Сейітпң артықшылығы осы, мағыналы әңгіме басталса, екі құлағы қалқиып, қос жанары шоқтанып шыға келетін. Жыланға арбалған торғайдай, қариялардың аузына кіре жаздап, ынтыға тындайтын. «Тындаушы ықыласты болса, сөйлеуші шешен келеді» деген. Сейіт ынтыққан сайын қариялар да көсіледі.

Осылайша, Сейіт қазыналы һәм қадірлі кісіге айналған. Бірақ оны өзі байқамайды. «Жылқы кісінескенше, кісі сөйлескенше» демекші, Өзбекәлі бір көргеннен оның бойындағы құндылықты тани кетеді. Ол қарияларды таспаға таңбалап, кітапқа жазып қалдырмаса, олар өлген соң жер сипап қалатынын түсінетін. Сол үшін Сейітті өткінші емес, мәңгілік құндылықтар дәлізіне салып жібереді.

Көпен Әмірбек бұл оқиғаны былай баяндайды:

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

«Сейіт «Торғай таңы» газетінің жауапты хатшысы еді. Бір күні оған:

– Сені обком хатшысы Өзбекәлі Жәнібек шақырып жатыр. Қазір барып қайт! – деді редакторы. Сейіт құстай ұшты. Өзбекәлі:

– Сен газетке әзіл-сықақ жазып жүрсің. Ол дұрыс, әрине. Бірақ оны екінің бірі істей алады. Мен саған көбінің қолынан келмейтін маңызды бір міндет жүктеймін. Бүгіннен бастап Торғай халқының салт-дәстүрі, дархан дастарқаны, тұрмысы мен мәдениеті туралы ескі әңгімелерді жина! Осы шаруаға жылдам кірісі! – деді. Сейіт сасып қалып:

– Өзаға, мен облыстық газетте жауапты хатшымын ғой. Өзіңіз білесіз, оның жұмысы көп. Бұл іске уақыт жете ме екен? – деді.

– Оны басқа біреуге тапсыр! Бірақ сол айлықпен еркіндеу жүретін бөлімге ауысасың. Редакторыңа өзім айтам! Бұл іс енді талқыланбайды, тек атқарылады, – деді Өзбекәлі шорт кесіп.

Сейіт келісті. Редакцияға келсе, Өзбекәлі редакторға хабарласып, тапсырма беріп қойыпты. Айлығы сол күйі сақталған, бірақ жұмысы – қарияларды сөйлету».

Осылайша, Сейіт Өзбекәлінің ықпалымен әйгілі этнограф боп шыға келді. Өзбекәлінің тактикасы Сейіттің бағын ашты. Ол «мағынасыз ғасыр» атанған ХХІ ғасырда құны еш өлшенбейтін қазақ халқының мәңгілік құндылығын бізге жеткерді. Өзі де абыройлы ғалым болды. Қазір салт-дәстүр мен құнарлы әңгіме іздеген қазақтың бәрі Сейітке барып тіреледі. Егер ол сол кезде советтік газетке сықақ жазып жүре бергенде оның өкініші екі тарапқа да ауыр болар еді.



МУЗЕЙ МӘДЕНИЕТИ

Өзбекәлі ұлттың санасын ояту үшін жаңа жыл мерекесінде шебер қолданды. Оның бір қасиеті – әлемнің қай қаласына барса да, халыққа қуаныш сыйлайтын мәдени элементті иелестіріп ала келетін. Шамасы «Мұз қалашық» деген кереметті Мәскеуден көрсе керек-ті. Мұндай қалашық Алматыда жоқ-тын.

Ол 1971 жылы Арқалықтың қақ ортасында мұздан кірпіш ойдырып, кішігірім қала тұрғызды. Оның ішіне сырғанақ, хоккей алаңын салдырды. Қазақтың аңыз кейіпкерлерін мұздан мүсіндеді. Сол арқылы Алдар көсе, Қожанасыр, Жиренше, Қарашаш ана, Тазша бала, Қаңбақ шал образын халықтың бейсанасына сіңіріп жіберді. Қалашықтың арасына неон электр тзбегінен түрлі жарықты түрлендіре төгіп қойды. Бұл кішкентайларды ертегілер әлеміне енгізіп жіберетін мұғжизаның нағыз өзі еді. Осыдан соң балалардың бәрі сол кейіпкерлерді іздеп жүріп оқитын кітапқұмар балаға айналады.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

Мұндай жасампаздық Өзбекәлінің беделін аспанға бірақ шығарды. Оның абыройын көре алмаған біреулер түнде қалашықтың бір шетін қиратып кетіпті. Өзбекәлі жанына жігіттерін ертіп, құлаған қабырғаны сол түні қалпына келтірді.

Жаңа жыл мерекесі Арқалықта бұрын да өтетін. Бірақ қазақтар құлықсыз қатысатын. Себебі ол жерден төл мәдениетін көре алмайтын. Қазақы образдар оралған соң олар кез келген мерекені құлшыныспен қарсы алды. Арқалықты бұрыннан басшы болып жүрген Голубенко осындай өзгерісті байқап, Өзбекәліге жылы пікір білдірген.

* * *

Үш жыл ішінде Арқалықта әуежай, автовокзал, теміржол вокзалы, пошта, аурухана, қонақүй салынды. Пединститут, екі арнаулы оқу орны, жобалау институты, филармония, драма театры, музей ашылды. Халықтың өмірге деген құштарлығы күннен-күнге арта берді.

1970 жылдары Көкшетаудан музей ашуға бюджеттен қаржы бөлінген. Бірақ музей жабдықтары дайын емес еді. Өзбекәлі шебер дипломатияның арқасында сол музейдің қаржысын Арқалыққа бөлгізді. Қаржы табылып, ұзын жіп күрмеуге келген соң еркін қимылдады. Бұрынғы аудандық партия комитетінің ғимаратынан музей жасамақ болды. Әрине, музей ашу оңай емес. Өзбекәлінің тәжірибесі де жоқ. «Нар тәуекел – ердің ісі» деп кірісіп кетті. Мәскеудегі шенеунік достарына шығып, Ресейдегі музей ісінің майталман мамандарын Арқалыққа алдырды. Олардың жағдайын жасады да, мұражайға жекті. Өзі екі күннің бірінде қазақтар тығыз қоныстанған аудандарға іссапарға шығып, экспонат іздеді. Жүрген жерінде жәдігерді түйсікпен сезетін рухани дертке шалдықты. Оны мына оқиғадан білуге болады:

«Бірде Өзбекәлі ауыл аралап жүріп, бір шопанның үйіне

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

тоқтады. Қойшы оны қонақ етіп ас берді. Астан соң, ескінің салтымен:

– Не бұйымтайың бар? – деп сұрады.

– Есік алдында жатқан не ыдыс? – деді Өзбекәлі.

– Итке тамақ құйып жүрген итаяғымыз! – деді шопанның әйелі.

– Итаяқ болса, иттің егесі сіз ғой. Маған сол итаяқты беріңіз. Арқалыққа ала кетейін, – деді өтініп.

Бұған шопан да, әйелі де, Өзбекәлінің жанында жүрген шабармандары да таңғалды. «Обкомның хатшысы итаяқ сұрағаны несі?» деп бір-бірінен сыбырлап сұрап жатты.

Сөйтсе, әлгі итаяқ XIX ғасырда ағаштан ойып жасалған құнды астау екен. Оны ешкім білмеген. Өзбекәлі ғана айналасын бағып жүргенде итаяққа көзі түсіп, жәдігерді тани кеткен. Осылайша қадірсіз итаяқ бір аптадан соң музейдегі қымбат жәдігерге айналып шыға келді».

* * *

Торғайдағы музейдің тағы бір қадірлі жәдігері – XIX ғасыр аяғында жасалған асадал мен ағаш төсек. Оны жасаған шебердің аты белгісіз. Бірақ нағыз өнер туындысы дерсің. Ою-өрнегі философияға тұнып тұр. Бұл екеуін де музейге алдыру қиынға соқты. Мүліктің иесі жесір әйел екен. Сұрап келгендерге ауыр сөз айтып, бос қайтарыпты. Болмағасын Өзбекәлінің өзі барды. Әйел жылап тұрып: «Айыпқа бұйырмаңыз. Қадірлі шалым бұл төсекте қырық жеті жыл жатқан еді. Бес жыл бұрын дүние салды. Оның көзіндей болған төсекті қалай қиып беремін? Бірақ сен «ел үшін» деген азаматсың. Қолыңды қайтаруға ұялып отырмын. Төсекті берейін, орнына дүкеннен шкаф пен төсек алып беріндер», – деді.

Өзбекәлі бірден келісті. Келіскені сол, әйел айнып кетсе деп, үйден шықпай тұрып, қаладан сү жаңа төсек пен шкаф алдырды. Оны жеткізген көлікке асадал мен ескі тө-

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

секті тиеп, музейге жөнелді. Содан кейін әлгі әйел жылына екі рет музейге келіп, асадалы мен шалының төсегіне телміре көз салып, сағынышын басып тұрады екен.

* * *

Бір күні Өзбекәлі күміспен күптеліп, алтынмен апталған кісе белбеу жайлы ақпарат еспді. Ол бұйымды бір молда марқұмға Құран қатым түсіріп беріп, ақысына алып кеткен екен. Хабар жеткен бойда молданы іздеу операциясы басталды. Үш жылдан кейін ғана оның «Қайынды» совхозында тұратыны анықталды. Белбеуді айырбастау үшін молда мен музей арасында сауда жүрді. Кісе белбеудің құнына ақша, құлынды бие, мотоцикл, тіпті сол заманның үлкен байлығы – «Москвич» көлігін де ұсынды. Молда келіспеді. Бірақ музей қызметкерлері де әккі боп қалған еді. Олар әкесі жоқта баласын көндіріп, кісе белбеуді саудалап әкетеді. «Жәдігер қолға түсті» деген қуанышты хабар жепсімен Өзбекәлі: «Енді сақ болындар! Белбеу қолдан шығып кетпесін», – деп қатаң тапсырды.

Молда да алған бетінен қайтпайтын қайсар кісі екен. Белбеуді іздеп, Арқалыққа келді. Аузының дуасы бар ма, әлде әруағы үстем түсті ме, «Марқұмның көзі еді, ең болмаса ел-жұртына бір көрсетіп қоштастырып келейін», – деп музей басшысын сендірді де, белбеуді алып тайып тұрды. Молдекең сол кеткеннен мол кетті. Осылайша Өзбекәлі сол жәдігерден айырылып қалды.

Бұл текетіресті даниялық ойшыл Серон Киеркегардтың мына пікірін оқысаңыз тез түсінесіз: «Тіршілікті қалай терең һәм дұрыс бағамдаймыз? Ол үшін өткен тарихқа үңілу керек. Сосын барып келешекке батыл қадам жаса».

Совет заманында «Қазақты адам қылған – орыс. Ленин келіп көзін ашқан. Оған дейін беталды көшіп жүрген сауатсыз, жабайы тайпа болған» дейтін идеологиядан құлақ тұнатын. Ал ескі қазақтың соңғы тұяғын көріп, сөзін тындаған

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

молдалар қара жаяу біреу емес. Олар да өткеннің өсиетін, ескінің кітабын, Ыбырай оқытқан шәкірттерді көзбен көрген біреу болса таңғалмаңыз. Алаш арыстары осыдан отыз бес-ақ жыл бұрын атылып кеткен. 1970 жылы өмір сүрген қарттар сол тарихтың бәрін бастан өткерген. Сондықтан советтің сөзіне илана қоймады. Олар үшін қазақ рұханиятын еске салатын кез келген жәдігер киелі әлемнің қайнағындай көрінеді.

Сондықтан да әлгі молда Өзбекәліні авторитет санама-са керек-ті. Дәл осындай психологиялық ахуал Өзбекәлінің де болмысында қайнап жатыр. Өзі тарихшы. Көшпелі өркениеттің ұңғыл-шұңғылын терең біледі. Этнографиямен айналысып, ұсақ-түйек ою-өрнектің символдық мәнін ұғынуға барын салып жүр. Қазақ мәдениетін терең түсінген сайын оны әлемге танытсам деген «дерті» тыныш отырғызбайды.

* * *

Халықтың тарихи танымын оңай оятатын құралдың бірі – музей. Мүзейге барған қазақтар тарихи жадын тез тірілтіп, орыс көрсе төменшіктеп тұратын бейшара психологиядан арылатынын Өзбекәлі жақсы түсінді. Сол үшін де оймақтай жәдігерді қалаған бағасына сатып алуға дайын еді. Мысалы, оның молдаға ұсынған «Москвич» көлігі – 1970 жылдары совет адамы үшін өңі түгіл түсіне кірмес байлық. Ақшаң болса да, оны сатып ала алмайсың. Көлікті соғыс ардагерлеріне ғана кезекпен сатады. Сол кезектің өзін кемі бес жыл күтесің. Қазіргі заманға шақсақ, әлгі күміс бұйымды Lexus көлігінің ең соңғы маркасына айырбастаған сияқты нәрсе.

Ал молданы дүниеқоңыз деп тағы айыптай алмайсың. Себебі совет заманында кез келген жәдігерді «қара» базарға да шығару мүмкін емес. Сатуға тырыссаң, спекулянт деп соттап жібереді. Сондықтан молда да ол белдікті басқа жерде сата алмайды.



НАРҚОБЫЗ

НАР ТӘУЕКЕЛ – ЕРДІҢ ІСІ

Өзбекәлі басына қатер төндіретін бір істі қолға алды. Ол – **музей**. Және музейді советтік Қазақстаннан бастаған жоқ. Экспозицияның **бірінші бөлімін** «Қазақ мәдениетінің түп бастауы» деп атады. Оған 2700 жылдық тарихы бар сақ дәуірі ұстасының құрал-сайманын жайғастырды.

«Қазақ тарихы 1917 жылдан басталды» дейтін идеологиялық дәуірде тарих пен мәдениеттің қайнарын 2700 жылдан тарқату көзсіз батырлықты талап етеді. Әйтпесе осыдан жиырма жыл бұрын осындай тарихты қозғаймын деп Е. Бекмаханов 25 жылға сотталып кеткен. Қазақтың өз тарихын жазуға, қозғауға, айтуға тыйым салынған. Әсіресе Алтын Орда тақырыбын түртсең, түрмеден бір-ақ шығасың.

Мектептерде негізінен Ресей тарихы оқытылады. «Қазақ тарихы» қосымша пән ретінде жүргенімен, шежіресін Қазан төңкерісінен бастайтын. Соның кесірінен қазақ баласы өз батыры мен ханының атын білмей өсті. Есесіне Александр

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Невскийден бастап Емельян Пугачевқа дейінгі орыс богатырларын жатқа соғатын. Осындай алмағайып заманда, коммунистердің көзін бақырайтып қойып, Өзбекәлі қазақ тарихын сақ дәуіріне жалғап насихаттап жатты.

Оның стратегиясы нысанаға дөп тиді. Еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін Арқалықтың музейін көруге кезекке тұрды. Бірде Өзбекәлі шалғайдағы «Родник» совхозына барды. Сақалы күмістей үш қарт оған сәлем беріп:

– Әлгі Өзбекәлі деген бала сенбісің, қарағым?! – деп сұрады.

– Иә, ата, сол балаңыз мен боламын, – деді ол.

– Арқалықта музей деген бар екен.

– Иә, халыққа арнап аштық. Барсаңыз көресіз.

– Арнайы барып көрдік. Өзіміздің қандай ел екенімізді біліп арқаланып қайттық. Ұйымдастырған сен екенсің. Саған алғыс айтуға арнайы келіп тұрмыз, – деп қолын қысып, батасын берді.

Осындай оқиғалар Өзбекәліге шабыт бітірді. Оның музей ашуға деген құмарлығы жазылмас дертке айналды. Осыдан соң елдің әр шетінен музей ашуға екі билегін сыбанып кірісті. Қазір Қазақстандағы кез келген музейдің тарихын түртіп қалсаңыз, міндетп тұрде Өзбекәлінің қолтаңбасын табасыз.

Өзбекәлі экспозицияның **өкінші бөлімін** жергілікті тайпалардың тастағы бейнелеу өнеріне арнады. Бұл – көшпелі өркениеттің айқын нышаны. Себебі тастағы жазу мен өрнектер тіпті Ресей тарихында жоқ. Олардың музейіндегі петроглифтер сонау Алтайдан әкелінген. Ал Алтай – ер түріктің туып-өсіп, түлеген алтын бесігі.

Үшінші бөлімге «Сақтан қазаққа дейін» деп атау берді. Онда сақтардың аң стиліндегі алтыннан жасалған әшекей бұйымы қойылды. Ежелгі үйсін, қаңлы, түркі, қыпшақ мәдениетінің жәдігері де жайғасты.

Төртінші бөлім қазақтың этнографиясы мен тұрмыстық

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

мәдениетіне арналды. Салтанаты келіскен киіз үй мен көздің жауын алатын зергерлік бұйымдар осы бөлімге жайғасты. Осы бөлімді жасақтауға қатысқан Рысжан Ілиясова «Қазына» атты естелігінде бұй дейді:

«Күн жылып, жер шираса болды Өзекең алыс колхоз-совхоздарды аралап кететін. Сапардан оралғанда көлігінен келі-келсап, диірмен, ошақ сияқты заттарды түсіріп жатады. Оған сыймағанын жүк машинасымен тасиды. Ұйылған затты реттеп, хаттап бола бергенде осындай зат тиелген екінші машина келіп тұрады.

Бір күні алты қанат киіз үй әкелді. Киіз үйді тігуді де, жығуды да жақсы білемін. Түстен кейін үй құрауға кірістік. Өзекең өзімен бірге бес-алты шенеуікті ертіп келді. Бәріміз жабылып кеттік. Кезек шаңыраққа келді. Өзекең бақанды айналдырып ұстап: «Ал шаңырақты беріндер!» – деп беліндегі жалпақ белбеуін тартты да, жымыып тұра қалды. Бұл оңай жұмыс емес еді. Қапырық залда шаңырақты үш рет көтеріп, уықты әрең қададық.

«Енді уықты тек қыздар байлап шықсын! Бәріңнің байлауың бірдей болуы тиіс. Дұрыс тігілмесе, жыққан кезінде көрініп тұрады», – деп Өзекең маған қарады. Мен уық байлаудың өзіне тән тәсілін көрсеттім. Ол риза болды. Ұзақ жерден қара жолмен жүріп келген жүктер шаң-топыраққа көміліп қалыпты. Киіз үйді құрып бпкенше бәріміз шаңға баттық. Әсіресе Өзекеңнің бет-аузы шаңға баттасып, күлкі шақырады. Күлуге ұялып тұрмыз. Қас қарая киіз үйді тігіп болдық. Өзекең машинасымен бізді үйге жеткізіп салды».

Осы естелікті баяндап отырған Рысжанды Ақтөбенің музейінде істеп жүрген жерінен Өзбекәлі Арқалыққа алдырған. Ұшақтан түскен бойда оны шақырып: «Екі сағаттан соң музейді қабылдап алыңыз. Қалғанын сосын шешеміз. Күйеуіңнің жұмысы, үй-жай, балабақша – бәрі реттеледі. Күттіріп қоймаймыз. Музейге ие болсаңыз, қалған шаруаны өзім тындырамын», – деп уәде береді. Уәдесін көпке созбай орын-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

дап, музей қызметкерінің бәріне тегін пәтер таратады.

Торғай өңірі ағаш пен темірден түйін түйген зергер мен ұстаға бай. Өзбекәлі солардың қолтаңбасын іздеп жүріп С.Көгентаев деген зергер қарияны кездеспеді. Ол шалғай ауылда тұрады екен. Шұғыл арада оны Арқалықтың іргесіндегі ауданға көшіріп, ұй салып берді. Есік алдынан ұстахана ашып, алаңсыз жұмыс істеуіне жағдай жасады.

* * *

Кремльдегі Орталық комитет «совет» деп аталатын бір тілді ұлт жасау науқанын қыздырып жатқанда Өзбекәлінің қазақ мәдениетін насихаттауы қатерлі еді. Ол кезде діни не ұлттық сипатың жылт етсе, жылпостар үстіңнен арыз айдап жіберетін. Соған қарамастан Өзбекәлі «Тәуекел ет те, тас жұт. Ажал келмей өлмек жоқ» деп батыл қимылдай берді.

Райса Райымбекқызы мынадай естелік айтады:

«Өзбекәлінің дұшпаны көп еді. Әсіресе оның бітіспес жаулары – Алматыда отырған кәрі коммунистер. Оның мәдениет пен тарихты көтеріп, қазақ рухын оятуы оларға ұнамады. Мәскеудегі достарының арқасында ғана Өзбекәлі ешкімге дес бермеді. Ол Арқалықтан музей ашқанда экспонаттардың арасына орыстың сынық құмырасын енгізбеді. Оны осы үшін сынап, үстінен арыз жазғандар көп болды».

Анығында Өзбекәлімен тікелей ұстасып жүрген мәскеулік шенеуніктер емес, Алматыда отырған функционер хатшылар. Олардың 90 пайызы мәңгүрттенген қазақтар еді. Бұл Торғайды қазақтандырып жатқанда кәрі коммунистер Алматыдағы қазақ мектептерін жауып жатқан. Шамасы олар Мәскеуге осылай жағынғысы келген сияқты. Себебі басқа республикаларда ана тіліндегі мектептерді жабу науқаны жүрмеген. Мәскеуден пәрмен келмеген. Алматыдағы қазақ мектептері тұтас жабылған кезде Тәшкенде 24 қазақ мектебі гүлденіп тұрды.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

Сондықтан қазақ тіліне, тарихына, әдебиетіне, мәдениетіне тосқауыл қойып, тамырын қиған шенеуніктер негізінен большевик қазақтар болатын. Былайша айтқанда, бір елдің ішкі саясатында екі бағыттағы идеология қатар жүріп жатты. Бірі – Алматыдағы кәрі коммунистер бастаған **орыстану** саясаты, екіншісі – Илияс пен Өзбекәлінің **қазақтану** науқаны. Сондықтан да екі идеологияның көсемдері биліктің маңайында шайқаспай, шайнаспай тұра алмайтын. Осындай ұрымтал сәтте, керісінше, Өзбекәлі Мәскеудегі достарын пайдаланып ұлттық саясатты күшейтіп алатын.

Мәселен, Өзбекәлі Арқалықта пединститут ашқан кезде Алматыдағы кәрі коммунистер аяғына оратыла кетті. Оның бастамасын қолдаудың орнына қаржыдан қысып, адым аштырмады. Ол комсомол кезінен жолдас болған Тяжельников арқылы бұл проблеманы айналып өтті. «Жолдасы көптің қолдасы көп» деген Тяжельников Пермь пединститутымен ынтымақтастық сияқты меморандум әзірлеп, жүз мың рубльдің құрал-жабдығын тегін әперді. Сөйтіп Өзбекәлінің абыройын аспандатты. Әйтпесе Пермь қайда, Арқалық қайда?

Өзбекәлі пединститутты ашқан соң оқу жүйесін қазақша еткісі келген. Бірақ сол кездегі Білім және ғылым министрі Б.Белтірікова пединституттың екі мамандығын ғана қазақша ашуға рұқсат етті. Қалғаны сол баяғы орыс тілінде жүргізілді. Өзбекәліге ауыр тигені мынау еді: «Арқалықтан пединститут ашылыпты» деген дақпырт солтүстік өңірді түгел қамтыды. Қазақ балалары ағылып келіп, қазақ бөліміне тапсырды. Бірақ талапкер ішінен жеті баланы ғана оқуға қабылдауға мәжбүр болды. Себебі министрдің қазақ тіліне бөлген лимиті – жеті орын.

* * *


Осының бәрі тарихи фонның өшіп, тарихи тізбектің үзілуінен шықты. Себебі мәңгүрт шенеуніктер өзінің тарихын

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

шынымен де 1917 жылдан бастайды. Олар үшін ең ұлы дата – 7 ноябрь. Бұл датаның шегінен әрі асып, тарихты қозғасаң, сені түтіп жеуге дайын тұрады. Олар үшін Мәскеудегі Бюроның мүшелігіне өту – өмірдің ең ұлы мәні. Орысша сөйлеу – биік мәдениет. Мәскеуде тұру – цивилизацияның шыңына шыққанмен бірдей. Орыс тілді әйелге үйленсе, өзін жоғары кастаның мүшелігіне өткендей сезінеді.

Олар карьера жасау үшін өз-өздеріне цензура қойып алады. Ешкім қадағалап, арнайы нұсқау бермесе де, «Пәленше ұлтшыл болып бара жатыр. Дереву тоқтау салыңдар», – деп жанығып жүретін. Сол үшін бірінің үстінен бірі Мәскеуге аямай арыз жазды. Арыздың көптігі сондай, тіпті Кремльдегі орыс шенеуніктері таңғалған.

Осы цензура тәуелсіз Қазақстанда әлсіреудің орнына Назарбаев дәуірінде күрт асқынды. Енді Мәскеуге емес, автократ басшыға жағыну үшін аудандағы әкім-қаралар қазақ мәдениетін талқандап отыра беретін. Тіпті «ол кісіні президент жаратпайды екен» деген сыбысқа бола өздері қара тізім жасап, ұлтшыл азаматтар мен өнер адамдарын телеарна мен газет-журналға жолатпайтын. Әйтпесе жоғарыдан ондай цензура қойылмаған. «Сақтықта қорлық жоқ. Кім біледі, ертең басыма бәле болып жүрсе» деген тоғышар түсінікпен күрескер кісілердің жолдарын жаба берген.



ТОРҒАЙ ТЕАТРЫНЫҢ ТУУЫ

Студент кезінен институттағы драма үйірмесіне қатысып, танымал әртістермен аралас-құралас болған Өзбекәлі драма театр ашуды да армандаған. «Ниет етсең, шөптен де жақсылық табасың» деген. Театр ашып, Торғай жұртының мәдени деңгейін сахна арқылы көтерсем деген тілегі періштенің құлағына шалынды. Құдай сәтін салып, оңтайлы оқиға туғызды. Бірде ол Алматыға барып, кездейсоқ Мәдениет министрінің орынбасары Жексенбек Еркімбаевпен жүздесіп қалды. Амандық-саулықтан соң:

- Күтпеген жерден кедергіге тап болдық, – деді министр.
- Қандай кедергі? – деп Өзбекәлі елең етті.
- Естің бар ма? Талдықорғаннан театр ашамыз деп Мәскеуде бірнеше маманды дайындап едік қой.
- Иә, хабарым бар. Оларға не болды?
- Ештеңе болған жоқ. Олар оқуын аяқтапты. Ал Талдықорғандағы театр әлі салынып бітпеген. «Әртістерді қабылдай алмаймыз» дейді. Оларды басқа театрларға таратып жіберейік десек, оның да реті келмей тұр. Дайындаған

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

ұстаздары: «Труппаны бөлмендер! Бәрі бір ұжымға туссін», – деп талап етіп отыр, – деді Еркімбеков шарасыз кейіп танытып.

Жүрегінде ниеті мен арманы тыпыршып тұрған Өзбекәлі қолайлы сәтті құр жібермей:

– Онда ол труппаны бізге беріңіз. Театрды Арқалықтан ашамыз. Жағдайлары толық жасалады. Кепіл боламын, – деді.

– Арқалықта қазақ саны аз ғой. Қазақ драма театрына жұрт келе ме?

– Халықта театрға деген үлкен құштарлық бар.

– Ендеше өкіметке жылдам ұсыныс жаса! – деді Еркімбеков.

Өзбекәлі бір минут зая кетірмеді. Дерев бастығы Сақан Құсайыновқа телефон соқты. Сақан да келісе кетті. Сол күні Құсайынов пен Трофимовтың қол қойған телеграммасы өкіметке келіп тусті. Онда театр ашуға жағдай жасаймыз деп уәде етілген.

Өзбекәлі сол күні Мәскеуге ұшты. Студенттермен жүзбө-жүз кездесп. Оларды Арқалыққа шақырып, жағдайын жа-сауға уәде берді. Арқалыққа қайтып келген соң оларды күтіп алуға қызу дайындық басталды.

Арқалықта бұрын театр болмаған. Кеншілерге арналған «Горняк» деген мәдениет сарайы ғана бар еді. Өзбекәлі соны шұғыл жөндеуден өткізіп, драма театрға айналдырды. Ең қиыны – театр сахнасын жасайтын маман табу. Ондай маман Арқалық тұрмақ, Алматының өзінде жоқтың қасы. Сондықтан бұл істі Мәскеудегі «Гипротейтр» жобалау институтына тапсырды. Театрға қажетті құрал-жабдық пен сахнаны жылдам өзгертіп тұратын құрылғылар Саратовтағы жалғыз зауытта жасалатын. Ол жылына СССР-дегі тоқсан театр мен мәдениет уйін ғана қамтамасыз ете алады. Оның өзі ұзын-сонар кезек пен талас-тартыс. Зауыттың одан артыққа күші жетпейді. Өзекеңнің бағына орай Саратовтың

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

сол кездегі басшысы – Виктор Дувакин болып шықты. Өзінің комсомолдан келе жатқан әріптесі. Ол Өзбекәлінің бір ауыз сөзін жерге тастамай, театрға қажетті құрал-жабдықты бір айда дайын қылды.

Театр мен сахнаның салтанатын асыратын перде, шымылдық, кілем, төсеніштерді Алматыдағы Республика сарайының цехында тіктірді. Ал актерлардың киімін Мәскеудегі Кіші театрдың шеберханасында әзірлетті. Осының бәріне беделін салып, бюрократияның қағаз-құжатынан қашып, кедергісіз іске асырды. Сахнаның дыбыстық акустикасы мінсіз болу үшін осы саланың тарланы – Владимир Смирновты Мәскеуден арнайы алдырды.

1972 жылы 3 мамырда түнгі сағат он екі шамасында театр дайын болды. Шыны керек, Мәскеуге үйреніп қалған жас әртістер Арқалыққа ауысқанда далаға келгендей сезімде болған. Бірақ сапасы өзге театрдан кем түспестің-жайып сарайды көргенде ауыздарын ашып, көздерін жұмды. Театр 24 желтоқсанда М.Әуезовтың «Айман-Шолпан» спектаклімен ашылды.

Осы оқиғаның куәгері – Мұхтархан Манапов бұл кезеңді былай баяндайды:

«Мәскеудегі Щепкин атындағы театр училищесін 1972 жылы он жеті адам бітірдік. М.Гладков есімді көркемдік жетекшіміз Қонаевтың атына хат жазып, биылғы түлектерді бір театрға орналастыруды сұрапты. Себебі осы құрам «сен тұр, мен атайын» дейтін дарынды жастардан құралған. Бәрі бір жерге түссе, бір үйдің баласындай өнер көрсете алады.

Бізге «Талдықорғанға емес, Арқалыққа барасындар» дегенде қарсы болдық. Мен Семейге кеткім келді. Бір күні училищеге Өзбекәлі Жәнібек келді. Бізді Торғайға шақырып, үгіт-насихатын, үдесін аямай айтып-ақ жатыр. Бірақ бізді обком хатшысының өнерді түсініп, бізді бағалап, училищеге арнайы келгені таңғалдырды. Әсіресе облыс әкімінің театр үшін зыр жүгіріп, жас әртістермен терезесі тең

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

отырып сөйлесуі қайран қалдырды. Біз келістік. Ол үдесінде тұрды.

Арқалыққа келген күні бізді оркестрмен күгіп алды. Театр әртістеріне арнап бес қабатты үй салдырып жатыр екен. Үйдің екі подъезі бізге, қалған екеуі пединститут мамандарына арналған. Бізді қонақүйге жатқызды. Өзі жиі келіп, жағдай сұрап, жігер сыйлап кететін. Оның жігерінен шабыт алып, «Айман-Шолпан» спектаклінің декорациясын өзіміз жасадық. Киімді де өзіміз тіктік. Себебі цех іске қосылмаған.

Өзекең театр әртістерінің костюмін үнемі қадағалап отыратын. Цехқа жиі келіп: «Менен не көмек?» – деп сұрайтын. Өзі студент кезінде драма үйірмесінде «Айман-Шолпандағы» Көтібардың рөлін сомдаған екен. Оның характерін беске біледі. Сөздеріне дейін жатқа соғады. Бір күні келіп:

– Көтібардың киімін көрсетші, – деді. Мен цехқа апарып көрсеттім. Ол Көтекеңнің дамбалын қолына ұстап көрді де:

– Мынау жарамайды, – деді.

– Неге? – дедім.

– Оның дамбалының шашағы болуы керек, – деді. Сөйтті де, бір бұрышқа отырып, кір жаятын жіпті иіріп, сәндеп өре бастады. Шашақ дайын болғасын оны дамбалға жалғап, Мәдениет басқармасының иығына асып қойыпты. «Көтібар батырдың әруағы риза шығар. Дамбалы облыс басшыларының иығынан түскен жоқ», – деп азілдедім.

Театр ашылған күннен бастап халық лап қойды. Күнде аншлаг. Өзбекәлі халықпен бірге отырып, бір күнді құр жібермейтін. Тіпті бір қойылымды көре беріп жалықпайды екен. Біз үш сағат сахнада жүріп, әбден шаршаймыз. Себебі декорацияны ауыстыратын штат жоқ. Бәрін әртістер өздері істейді. Бір күні бір жігіт: «Пердеден сығалап қараңдаршы, обком хатшысы отыр ма екен?» – деп сұрады. Қарасақ, Өзекең көрінбейді. Бәрі қуанып кетті. «Обком хат-

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

шысы жоқ. Бүгін қысқартып ойнап, үйімізге ертерек қайтайық» дестік.

Содан не керек, костюмдерді ауыстырмай бір киіммен соңына дейін ойнап шықтық. Үш сағаттық қойылымды бір жарым сағатта аяқтап, үйімізге ерте қайттық.

Ертесі таңғы тоғызда театрға Өзекең келіп тұр. Түрі сұсты. «Жина бәрін!» – деді. «Не болып қалды екен?» – деп біз түк білмегенсіп тұрмыз. Сөйтсек, ол кісі кешегі қойылымды жарық түсірушінің жанында отырып, жасырын бақылапты. Әйда, сосын сөгісті бастады. «Сендер не, спектакльді Өзбекәлі үшін қоясындар ма? Жұрт ақшасын төледі. Неге халтура жасайсындар? Бір жарым сағатта халық не түсінеді?» – деді.

Сосын маған қарап: «Әй, батыр! Ең болмаса, киіміңді ауыстырсаң қайтеді? Қалыңдықтың қойнына сауыт-сайманмен барған қай атаңды көріп ең?» – деп мені әбден ұялты. Содан бастап Өзекең келсе де, келмесе де, спектакльді соңына дейін толық қоятын болдық».

* * *

Торғайдың табиғаты қатал. Боран тұрғанда аттың құлағы көрінбейді. Өзбекәлі осыны ескеріп бүкіл әртіске тон, пима, құлақшын, қолғап беріп киіндірді. «Күкурузник» деп аталатын ұшаққа труппаны салып алып, алыс қазақы аудандарға апарды, спектакль қойдырды. Ең шалғайдағы ауыл халқы Щепкинді бітірген профессионал әртістердің өнерін тамашалап, бір марқайып қалатын. Олармен әңгімелесіп, жұрттың мәдениеті өсетін. Ал әртістер ауылдағы қазыналы қариялардың сөзін тыңдап, қазақы дәстүрді көріп, дүниетанымы кеңейетін. Спектакль көрген ауыл халқы да, қала тұрғыны да тең дәрежеде мәдениет туралы ой толғап, пьеса жайлы әңгіме өрбіте алатын деңгейге жетп.

Өзбекәлінің осындай жанқиярлық жұмысынан кейін Торғай жұртының мәдени потенциалы өспегенде қайтеді?



ДУДЫҒА ТОҚЫЛАҚ

ТЕАТРДАҒЫ ТҰЛПАР

1973 жылы Торғай облысы экономикалық өрлеу көрсетіп, даңқы шықты. Сол жылы Ленин орденіне ұсынылды. Оны салтанатты түрде марапаттау үшін Торғайға Қонаев келетін болды. Осы жерде Өзбекәлі мен театр артисі Мұхтархан Манапов арасында текетірес жүреді. Бұл оқиғаның қалай болғанын Мұхтархан былай баяндады:

«Өзбекәлі театр директоры мен режиссерін шақырып: «Айман-Шолпанды» қойғанда Кетібар батыр сахнаға тірі айғырмен шықса қайтеді?» – депті.

Батырдың рөлін мен сомдайтын едім. Оған бірден қарсы болдым. «Станиславскийдің талабы бойынша сахнаға бала мен жануарды жолатуға болмайды. Ел назары сол екеуіне ауып, спектакльдің атмосферасы бұзылады», – дедім. Әлгі екеуі: «Өзекеңе өзің түсіндірмесең, біз ештеңе дей алмадық», – деді. Көп ұзамай Өзбекәлі шақырып:

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

– Әй, батыр, қалаға Қонаев келе жатыр. Ертең сахнаға тірі айғырмен шықсаң қалай болады? – деді.

– Өзаға, олай болмайды. Театрдың тәртібі бар. Жұрттың көңілін бұзасыз, – дедім бой бермей. Сөзін өткізе алмаған ол:

– Жарайды, бара бер, сосын тағы сөйлесерміз, – деді.

Бір күні тағы шақырды. Завотделдің бәрін жинап алыпты. Мені көріп:

– Әй, батыр, атпен шық енді! Арқалық ауданының әкіміне айтып, екі айғыр дайындап қойдым. Көрсең делебең қозады, – деді мені қызықтырып.

Менің де қырсық мінезім бар. Ашуым бұрқ етіп бетіме шықты.

– Өткенде айттым емес пе? Несіне қайталай бересіз? Болмайды дегесін болмайды! – дедім шорт кесіп. Сөйтіп теріс айнала бергенімде Өзекең ту сыртымнан:

– Қой, мынау орыстың ішінде өскен бәле. Аттан құлап қалып, басымыз бәлеге қалар. Шықпаса шықпай-ақ қойсын! – деп қойып қалды.

Мен кілт тоқтадым. Басымнан сөз асырмайтын тәкаппар мінезім асау аттай тулады. Қайта бұрылып, бетіне тіке қарап тұрып бір боқтадым да, теріс айналып жүре бердім. Далаға шығып, біраз қадам жүрген соң сау ақыл оянды. «Әй, мен кімді боқтадым? Не бүлдірдім? Осы маған лайық іс пе?» – деп теңселіп жүріп келемін. Театрға түрім өрт сөндіргендей болып кірдім. Директор шошып кетіп:

– Тыныштық па, не боп қалды? – деді.

– Өзбекәлі Жәнібекті боқтадым. Енді құритын шығармын, – деп болған оқиғаны баяндадым.

– Әй, Мұхтар, Мұхтар! «Ауру емес, жын емес, мінезді қалай жазамыз?» деген. Мінезің ит қой сенің. «Мына мінезіңді түзе!» деп неше рет айттық. Келешегің не болады енді? – деп ол басын шайқады. Іштей жаны ашып тұр. Ұжымдағы әртістердің бәрі оқиғаны естіп ұайымға түсті.

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Екі күннен кейін Өзбекәлі нөкерлерін ертіп театрға келді. Мен қысылғаннан қуысқа кіріп, тығылып тұрмын. Бәрін жинады да, директорға қарап:

– Қайда әлгі батыр? Шақырыңдар! – деді дауыстап.

Менің зәрем зәр түбіне кетті. Басым салбырап, аяғымды сүйрете басып, алдына әрең келдім. «Боқтағаным үшін, соттататын шығар» деп қорқып тұрмын. Ол театр әртіс-терінің көзінше дауыстап:

– Өткенде мен бұл бауырымның намысына тиіп, ренжітіп алдым. Сол үшін кешірім сұрайын деп келдім. Кешіре алсаң кеш, Мұхтар бауырым! – деп менің қолымды алды.

Мұндай сөз күтпеп едім, көзімнен жас бұрқ ете қалды.

– Керісінше, аға, сіз мені кешіріңіз! Менікі оңбағандық болды, – дедім даусым дірілдеп.

– Жоқ, ағаттық менен кетті. Сенің намысты жігіт екенінді білемін. Біле тұра артық кеттім, – деді қолымды қысып.

Жұрт екеумізді көріп, толқып, тебіреніп кетп. Бір қарасаң, Өзекең бәрінің алдында кішірейіп, менен кешірім сұрап тұрған сияқты. Ал шындығында кішіпейіл мінезімен биіктеп, тау тұлғаға айналып кетті. Кісіліктің кішілікте екенін ісімен дәлелдеді.

Бұдан соң екеуміз айырылмас дос болдық. Достықтың құрметіне сахнаға айғыр мініп шықтым. Рөлдегі сөзімді айтып, сахнаны бір айналып келдім де, оркестр отыратын шұңқырға жақындап, тізгінді тартып қалдым. Арғымағым тіп-тік болып көкке шапшыды. Айғырдың кісінеп, көкке шаншылғанын көргенде көрермендердің делебесі қозды. Майданға кірген Абылайдың батырларындай қиқулап, ысқырып, орнынан атып тұрып, жер тепкілеп жатты. Рухы көтеріліп, сәл болмағанда ентелеп сахнаға өтіп кете жаздады. Шапалақты аямай соқты. Сахнадан шығып, атымнан түсіп жатқанымда Өзекең келді. Маңдайымнан сүйіп:

– «Баласы атқа мінсе, анасы тақымын қысады» деген.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

Батыр-ау, сені оркестрдің үстіне құлап кете ме деп жаным қалмады ғой, – деді.

– Аға-ау, аттың бауырында өскен ауыл баласымын. Жылқының жарық жерден қараңғыға баспайтынын білемін ғой, – дедім. Ол алғыс айтып, арқамнан қақты. Осыдан соң Мәскеуден қонақ келсе, тұлпарым дайын тұратын болды.

Бірде Павлодарда осы көріністі қойдық. Сол күнгі спектакльге Болатхан Тайжан келген. Мәскеуде студент кезден таныспыз. Қазір СССР-дың Мысырдағы елшісі екен. Ол біздің режиссер Ерсайын Тәпеневке: «Мысырға гастрольге келіндер, өзім ұйымдастырамын», – депті.

Кеінін Мысырға жол тускенде арабтың бір арғымағын баптап, сахнаға мініп шықтым. Арабтар оны көріп тәнті болыпты. Тіпті бір газеті: «Он жеті жыл Мысырды билеген Бейбарыстың ұрпақтары жеті жүз жылдан соң бабалары секілді ақбоз атпен келді», – деп жазыпты.

Әсілінде Өзбекәлі де тегін адам емес. Аузы дуалы әулие дерсің. Станиславскийдің тыйымын бұзып, «жаңа» өнер шығарса да, сахнаға кері әсер етпеді. Олай болатын жөні де бар. Қазақтың болмысы жылқымен бітісіп кеткен. Тірі арғымақ көрсе арқасы қозып, қайдағы мен жайдағысы еске түседі. Аттан түспеген батыр аталары еске түсіп, езіле бастаған еңсесін лезде тіктеп алатын.

Бір күні Өзбекәлі екеуіміз оңаша отырып шай іштік. Сол кезде маған қарап: «Батыр, біліміңе, өнеріңе, намысыңа, ақылыңа, іскерлігіңе – бәріне тәнтімін. Бірақ мына мінезің саған дұшпан. Өл, тіріл, бұл мінезіңді өзгерт!» – деді.

Мұны маған талай адам ескерткен. Ешкімнің сөзі өтпеді. Осы жолы Өзекеңнің ақылы әсер етті. Содан бастап қырсық мінезім жібектей болмаса да, икемге келетін болды.

Өзбекәлінің өз мінезіне келсек, шенеуніктерді аямайтын, қатал. Ал өнер адамына келгенде жұмсарып сала береді. Қатты ашуланса, басын шайқап: «Қарғайын десем жалғызымсың, қарғамайын десем жалмауызымсың», – дейтін.

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Театр оның екінші кабинетіне айналды. Оны іздеген адам кабинеттен таппаса, театрға келетін. Бума-бума құжатқа сол жерде отырып қол қоятын. Тіпті театрдың қара жұмысына да арланбай кірісетін.

1972 жылы ескі мәдениет сарайының оркестр отыратын шұңқырын театрға лайықтап қайта жасамақ болды. Бір күні шопырын ертіп Өзбекәлі кіріп келді. Ресейден келген мамандар мен біздің ұжым құжынап жүрміз. Ол:

– Оркестрдің орны неге бгпей жатыр? – деп сұрады. Директор:

– Үлгере алмай жатырмыз. Адам қолы жетіспейді, – деді.

Ол:

– Күш жетіспесе, міне, екі адам тағы келді, – деді де, шопыры екеуі білегін түріп, тақтай тасуға кірісіп кетті.

«Өзеке, мынауыңыз не? Өзіміз тасимыз» деуге ешкімнің жігері жетпеді. Шаршай бастаған жігіттердің бәрі жұмысқа қайтадан құлшына кірісті. Мәскеуден келген мамандар басын шайқап: «Қандай бақыттысындар, қамқор хатшыларың бар!» – деп қайран қалған».



ЭТНОГРАФ ХАТШЫ

Өзбекәлі театрдың ұңғыл-шұңғылынан бөлек, әртістердің қолындағы ұсақ-түйек бұйымға дейін қадағалайтын. Өйткені қазақтар отарлық езгіге түскесін құлдық психоло-

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

гияға үйреніп, өткен тарихы мен мәдениетін ұмытып қалған еді. Ал тарихи жадын оятатын архетиптер ұсақ әрі нәзік ою-өрнек пен жіптің иірімінде жататын.

Өзбекәлінің ерекшелігі – ою-өрнектің осындай иіріміне ой-санамен ене алатын. Бұл да өнер. Өз алдына мектеп десе де болады. Темірбек Жүргенов пен Ілияс Омаровтың да осындай қабілеті бар еді. 1934 жылы Темірбек «Айман-Шолпанды» сахнаға шығарғанда көшпелі қазақтың сән-салтанаты мен мәдени деңгейін айшықтайтын үкінің қауырсынына дейін қадағалады. Оның ізін басқан Ілияс та осылай күресп. «Қыз Жібек» фильмін шығарарда тастағы петроглифтер мен Орхон жазуына шейін енгізді. Оның батасын алған Өзбекәлі де бұл мектепті ұстап қалды.

Соңғы рет бұл мектептің ұшқыны 2001 жылы «Қазақстан» телеарнасында көрінді. Өзбекәлінің көзін көрген Ғалым Доскен телерадионың төрағасы болып тұрғанда «Таңбалы тастағы» салт атты сарбазды логотип етіп алды. Ауа райын хабарлағанда Тәтпимбеттің күйлерін ойнатты. Жазуды Орхон-Енисей стилінде өрнектеді. Кез келген анонсты Құрманғазының күйімен әрледі. Бағдарламаның бәріне ою-өрнек, кереге-уық сияқты элементтер салды. Бұлар қазақ болмысындағы архетиптерді бейсаналы түрде түртпектеп тұратын. Сондықтан да Ғалым Доскеннің кезінде Ұлттық арнаның рейтингісі жоғары шкаланы көрсетті. Ондағы бағдарламалар халықтың сүйіп көрер туындысына айналды.

Осындай мектептің өкілі болғасын да Өзбекәлі «Ең бастысы қаржыңды тауып, баспанаңды салып бердім. Одан арғысы сенің шаруаң» деп бейқам жүрмейтін. Бейсанадағы қалғып кеткен ұлттық кодты әбден ояғанша жұлқылай берді. Сахнаның гардеробынан бастап тігін цехындағы суретші-дизайнердің эскизіне дейін қадағалады.

Ол осы әдетін 1988 жылы Мәдениет министрі болып тұрған кезде де тоқтатпаған. Кабинеттен шыға сала Алматыда-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

ғы тігін цехына келіп, өзі құрған «Сазген» ансамблінің костюмдерін қабылдап алатын. Суретші дизайнер «өзім білемге» салынып, оюдың бір ұшын Өзбекәлі көрсеткен үлгіден сәл өзгертетін болса, басы қып-қызыл дауға қалатын. Ол қазақтың ою-өрнегін бұрмалауға жол бермейтін. Оның осындай қатал мінезін білетін цех тігіншілері дайын болған костюмнің үстіне «Осторожно! Джанибеков!» деп жазып қояды екен.

* * *

Өзбекәлінің қазақ киіміне келгенде сұңғыла екенін Құлбек Ергөбек жинаған мына бір деректен байқайсыз. Торғай театрының алғашқы режиссері Жамбылбек Есенбеков бүй дейді:

«Айман-Шолпаннан» соң «Қобыландыға» әзірлік қауырт жүріп жатты. Бірде кешкі дайындықта әртістерге ұрсып, даурығып жүргем. Кенет көрермен залының бір бұрышында отырған қазақы шапанды кісіге көзім түсті. Репетиция аяқтала бергенде әлгі адам маған қарай беттеді. Қарасам Өзбекәлі екен. Ұялып кеттім.

– Кешіріңіз, Өзеке, мына бар болғырларды кейде сыбап алмасаң айтқаныңа көнбейді, – деп ақталып жатырмын.

– Оқасы жоқ. Бірақ беталды бақылдай берме, – деп ақырын ғана ескертті де: «Осы сенің Қобыландыңда бір кемістік бар-ау? Киімін тағы бір қарап көрші», – деді.

Ойланып қалдым. Өзекең кешкілік үй киімімен театрға келіп, сырттай дайындық жұмысын бақылап жүретін. Қобыландыдан қандай кемістік тапқанын біле алмай қиналдым. Ақыры өзімен ақылдастым.

– Қобыландының рөліндегі Қайыпберген – батыр тұлғалы ірі жігіт. Алайда киімі қораш көрінетін сияқты. Оған құлын терісінен тігілген жеңсіз қамзол кигізсе қалай болады? – деп ойымды айттым. Өзекең:

– Мен де солай ойлаймын, – деді.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

Қыс мезгілі болатын. Табан астында иленген құлын терісі қайдан табылмақ? Осыған тірелгенімде тұтығып, аузыма сөз түспей, көзім жыпылықтап, бетіне қарай беріп едім, Өзекең хәлімді түсінгендей:

– Оны мойныма алайын, тері табылады, – деді жымыып.


Ол уәдесін тез орындады. Теріні Торғайдан алдырып, театрдың жертөлесінде иледік. Жеделдетіп желең тіктірдік. Қайыпберген сахнаға құлын терісінен тігілген қамзол киіп шыққанда халықты шынайы әсерге бөледі.

Өзбекәлі мәдениет, әдебиет, тарихқа келгенде сұңғыла еді. Этнограф ғалымдардың өзін сүріндіретін. Әсіресе «Қобыланды» мен «Айман-Шолпан» сияқты тарихи оқиғаны қойғанда сол заманның киім үлгісін, бұйымын дәл беруге тырысатын. Болмашы қателік пен жасандылықтан қойылымның құны кетеді деп есептейтін.

Бірде «Айман-Шолпан» спектаклін қоярда жігіттердің біразына қамшы ұстатып қойғанмын. Соны Өзбекәлі байқап қалып:

– Қамшы неше өрім болады? – деп сұрады.

Мен сөзден тосылдым. Ол сөккен жоқ. Керісінше қамшының тарихын түсіндіре бастады. Сөйтсем қамшы төрт, алты, сегіз, он екі, он алты өрім болады екен. Бұрынғы қазақтар жолаушының қамшысына қарап-ақ, оның батыр, би, төре, малшы, елші екенін ажыратыпты. Ал мен спектакльдегі батыр жігіттерге социалистік ауылдардағы малшыдан көрген төрт таспалы қамшы ұстатып қойыппын. Оның өзі беріде пайда болған қамшы екен».



САЗЫРНАЙ

ТЕАТРМЕН ТӘРБИЕЛЕУ

Театр ашып, халықты мәдениетке тәрбиелеу Өзбекәліге оңай болмады. Бәрін нәлден бастады. Алдымен гардеробқа киім илуді үйретп. Жұрт спектакльге алғаш келгенде пальтосы мен тонын шешпей залға жайғасып алды. Соның кесірінен спектакль қырық бес минутқа кеш басталды. Театр әкімшілігі: «Сырт киімді шешіп, гардеробқа өткізбейтін болсандар, спектакль басталмайды», – деп тұрып алды. Ондайды көрмеген қыр қазағы: «Біз киноға барсақ та, концерт көрсек те, тонмен отыра береміз. Бұл қайдан шыққан тәртіп?!» – деп шу шығарды. Бірақ театр тарапы табандап тұрып алды. Амалы құрыған жұрт кезек-кезегімен тонын шешіп, гардеробқа өткізді. Бір айдан соң бұл тәртіп бұлжымас әдетке айналды.

Әуелде жұрт кішкентай баласын да театрға әкелетін. Олар әрі-бері жүгіріп, жұрттың мазасын алды. Келесі жолы мұның да жолын кесті. Баласын ертіп келген адамды ішке кіргізбей, қайтарып жіберетін болды. Бір күні облыс басшысы Сақан Құсайынов ойын жасындағы баласын жетектеп келіпті. Мұны көрген Өзбекәлі бастығын тоқтатып: «Сақан аға, ренжімеңіз, театрдың ішкі ережесі бар. Балаңызбен кіре ал-

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

майсыз. Жұрт әңгіме қылады», – деп ескертп. Өзбекәлінің мінезін білетін Сақан сөзге келмей, баласын шопырына жектетіп үйіне қайтарып жіберді.

Өзбекәлі театр мәдениетін көтеру үшін ереже жазып, жүйелі түрде үйретп. Ойын баласын спектакльге әкелмеу, сырт киімді гардеробқа өткізу, мас күйінде келмеу, дауыстап сөйлемеу, әртістермен жағаласа сөйлеспеу, оларға тіл қатпау, қоқыс тастамау, аяқкиімін тазалап кіру сияқты әдеп нормаларын көрерменнің санасына сіңірді.

Жұрттың мәдени деңгейін жетілдіру мұнымен тоқтамады. Көрерменге жаңаша қызмет көрсететін арнайы әуез салонын ұйымдастырды. Ол жерде халық әуендері баяу естіліп тұратын. Театр майталмандарын таныстыру үшін олардың портреттерін қабырғаға айналдыра іліп тастады. Жұрттың театр өнерін талқылап отыруы үшін бұфет жасатты. Оған конфеттің түр-түрін, Шығыс тәтпелерін, шай, газет-журнал әкеліп қойды.

Көрермендер алғашқыда спектакль бітпестен гардеробқа жүгіретін. Ондағы ұайымы – ұзын-сонар кезекте тұрып, уақыт жоғалту. Енді мұны да реттеу керек болды. Спектакль бітуге он бес минут қалғанда залдың төрт есігін сыртынан бекітіп тастады. іштегі кезекші қыздар әртістерге қошемет көрсетуге үгіттеді. Кешікпей бұл іс те жемісін берді. Сахна жабылғанша жұрт өнерпаздарға құрмет көрсетіп, қол шапалақтауды әдетке айналдырды. Тіпті әртістерге гүл беру мәдениетін де үйренді.

Әдетте мұндай мәдениеттің халыққа тез сіңуі басшылыққа байланысты. Сол үшін Өзбекәлі мен Сақан Құсайыновтың өзі бастап елге үлгі болды. Этика мен талапқа сай ережені бұлжытпай орындады. Халық олардан өнеге алып, мәдени деңгейін әп-сәтте көтерді. Бұрынғыдай төрт есікті бекітудің қажеті болмады.

Өзбекәлі қол астындағы шопырынан бастап әкімдіктегі шенеуніктерді театрға баруға міндеттеді. Оларды спектакль

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

жайлы әңгімеге тартып, сұрақ қоятын. Театрға бармаған ше-
неунік бірден ұсталып қалатын. Бір-екі рет масқарасы шық-
қасын олар да спектакльді құр жібермейтін болды.

Бар-жоғы бір жылдың ішінде торғайлық қазақтар театрға
әбден үйреніп алды. Бір күн спектакль көрмесе тұра алмай-
тын күйге жетті. Торғайдың қатал ауа райынан қыстың күні
қаланың шет аймағынан келген көрермендер спектакльден
соң үйіне жете алмай қиналатын. Өзбекәлі бұл проблема-
ны да оңай шешті. Қойылым біткен соң барлық маршрут
бойынша жүретін автобұстар театр алдында тізіліп тұрды.
Жұрт жылы көлікке жайғасып, қиналмай үйіне жетп.

Кейде апталап боран соққанда айнала көзге түртсе көр-
гісіз кейіпке енетін. Ондай кезде көшеге шықсаң адасып
кетесің. Сол үшін қаланың ішінде бағананың арасына арқан
тартып тастайтын. Көрші үйге барсаң да, арқан жағалап
барасың. Боран соққан күндері әртістер: «Боран түтеп тұр.
Аяқ жол көрінбейді. Мынадай ауа райында спектакльге кім
келсін?! Бәлкім, үйге қайтармыз», – деп дәмтететін. Бірақ
арқан жағалаған көрермендер жеті жүз орындық театрды
әп-сәтте толтырып жіберетін.

Торғай жұртының осы әдебі мен мәдениетіне мәскеулік
мамандар қайран қалған. Таңғалғаны сонша, «Театр» деген
журналға арнайы мақала жазған. Сондағы танданысы мы-
нау: «Театрға келген жұртпен сөйлессең, Мәскеумен дең-
гейлес жағдайда спектакль талдай алатын күші бар» депті.

Торғай театрының дүркіреген даңқы ұзамай Алматыны
да дүбірлетті. 1974 жылы торғайлық әртістер Алматыға келіп,
Балалар театрында өнер көрсетті. Билеттің дефицит бол-
ғаны сонша, күн сайын екі жүз-үш жүз адам билет таппай тыс-
та қалатын. Нөпір халық жөңкіліп, есікті сындырғасын,
театрдың алдына арнайы жасақ келіп тұрған. Сол кездегі
зиялы жұрттың риза болғаны сонша: «Мына театрды осы
күйінде Алматыға көшіру керек», – деп бірнеше мәрте ұсы-
ныс айтыпты.



ҚОҢЫРАУЛЫ АСАТАЯҚ

АРҚАЛЫҚТЫҢ АҚ ТАҢЫ

1971 жылы «Торғай әуендері» фестивалінің ашылу салтанатына Шәмші Қалдаяқов пен Мұхтар Шахановты арнайы алдырды. Бұл – Өзбекәлінің комсомол кезінен бері қолданып келе жатқан мәдени қаруы. Ұлы композитордың жанына мықты ақынды қосып, Қазақстанның әр өңіріне арнайы ән жаздыртатын. Басында бұлар үшеу еді. Төлеген Айбергенов дүние салғасын Мұхтар екеуі ғана қалды.

Шәмші мен Мұхтар Арқалыққа келген соң Өзбекәлі үйреншікті әдіспен:

– Ал, Шәмші, кезек Торғайға келді. Не үшін келгенінді өзің де сезген шығарсың? Осы бастан ыңылдап, әдемі әуенді көкірегіңе жинай бер, – деді. Сонда Шәмші әзілдеп:

– Әй, Өзбекәлі-ай, сен де айтасың-ау. Қалаңның сиқы мынау, белуардан батпақ. Бұған қайтіп ән шығарамын? Ешқандай әсер жоқ, – депті.

Ескі досының сырын білетін Өзбекәлі:

– Әсер болу үшін не керегін білемін. Бір жарты алдыра берейін бе? – деді әзілдеп.

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

– Әй, қой, қайдағыны айтпа. Елден ұят, – деп Шәмші күліп қойды.

– Өзің біл. Осыдан Торғайға ән шығармасаң, үйіңе қайтармаймын. Керек болса, қамап қоямын, – деп қалжындапты.

Осы оқиғаның куәгері Раиса Райымбекқызы мынадай естелік айтады:

«Мені Өзаға кабинетіне шақырды. Кірсем, қарсы алдымда тақия киген Шәмші отыр. Екеуінің әңгімесінен ұққаным: «Торғай жайлы ән шығарып бер», – деп Шәмшіні қинап отыр екен. Өздері құрдас әрі жерлес болғасын ба, әзілдері жарасымды. Шәмшінің сөзі жұмсақ, мінезі көркем екен. Өзбекәлі не айтса да, оң қолын кеудесіне қойып: «Құп, бәсеке! Сіздің дегеніңіз бізге заң. Еш ұайымдамаңыз, Құдай шабыттан айырмаса, Торғай үшін ғажайып ән тұар», – деп басын шұлғып күліп отыр.

Сөйтсем, Өзағам «ән шығармай қайтармаймын» деп Шәмшіге арнайы пәтер жалдап қойыпты. Маған қарады да: «Мына ағанды екі бөлмелі пәтерге жатқыздым. Бізге бір ән қарыз. Ән тұғанша жағдайын жасайсың. Күнде барып, хабар алып, не керек екенін біліп тұрасың. Сұрағанын маған айт. Ақшаны аямаймыз», – деп тапсырма берді.

Осыдан соң Шәмшінің жанында жүрдім. Ол екі апта толғатып, бір әнді дүниеге әкелді. Өзбекәлінің еңбегі еш кетпеді. Ән расымен де шедевр еді. Әліге дейін Торғай жұрты «Арқалықтың ақ таңын» гимн деңгейінде шырқайды».

* * *

Шәмшінің Арқалыққа келген сапары жайлы Серік Шайман деген журналист «Агqau.kz» деген сайтқа мынадай естелік жазған:

«1972 жылы мамыр айының орта тұсы. Арқалық облыстың бас қаласы болып, елдің түкпір-түкпірінен жас кадрлардың жаңа жерге ағылып келіп жатқан кезі. Осының ал-

дында ғана Қостанайдан Арқалыққа ауысып, облыстық комсомол комитетінің үгіт-насихат бөлімінде жұмыс істеп жүргенмін. Бір күні бірінші хатшы Бекболат Бірбаев шақырып алып: «Сен осы Шәмшіні танысың ба?» – деп сұрақ қойды.

Танымаймын деуге дәтім бармады. Ол кезде жиырмадан енді асқан шағымыз. Шәмшіге сырттай табынып, әнін айтқанымыз болмаса, жүзбе-жүз танымаймыз. Алматыда оқып жүргенде атақты адамдармен қоян-қолтық араласқанын айтып, бөсе беретін бір күрстасым: «Мынау Шәмші Қалдаяқов», – деп киіктің асығындай кішкентай мұртты кісіні көрсеткені бар-ды. Бастығымның мына сауалынан соң көз алдыма сарт етіп, сол бейне елестеді.

– Тануға тиіспін, – дедім екіұшты жауап беріп.

– Ендеше дайындал! Ертең Мұхтар Шаханов екеуі келеді. Жаныңа мынау Зәурешті қосып отырмын. Менің көлігіммен барып, әуежайдан қарсы аласыңдар! – деді хатшы.

Бірбаевтың Зәуреш деп отырғаны – қалалық комсомол комитетінің екінші хатшысы. Өзі Қорған жақтың (Ресей) тумасы. Қостанайдағы пединститутты бітіріп, Арқалыққа жолдамамен келген көрікті қыз. Содан болар, оны комсомол қағып алып, қолақпандай қызметті ұстата салған-ды. Қазақшасы нашар. Шәмшіні танымақ түгіл, атын естімеген бейбақ екен. Бастық менен «емтихан» алып жатқанда ләм деп аузын ашқан да жоқ. Соған қарағанда әңгіме кім жайлы болып жатқанынан бейхабар сияқты.

Келесі күні ертемен әуежайға келдік. Сұлулық шіркін көз суріндірмей қоймайды ғой. Жанымдағы тал шыбықтай бұралған Зәурешке өткен-кеткен көзін сузіп қарайды. Бірлі-жарым танытын жігіттер жымың-жымың етіп, біздің бұл жүрісімізден әлдебір астар іздегендей. Мен болсам Шәмшіні танымай қалып, масқара болмауды ойлап тұрмын. Бір кезде біз күткен ұшақ та жерге қонды.

Ол кезде Арқалыққа қонақ келгіш еді. Әрісі Мәскеуден, берісі Алматыдан, ғарышкерің де, шенеунігің де, әртісің де,

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

ақын-жазушың да ағылып келіп жататын. Сұрап білсең, бәрін шақыртқан Өзбекәлі. Кәдімгі Обкомның идеология жөніндегі хатшысы. Ол кісінің беделінің кереметі сондай, жұрт бірінші хатшы емес, Өзбекәлінің есімін естісе тік тұратын.

Шәмші мен Мұхтарды да шақыртқан сол кісі болып шықты. Енді бұл екеуінің бірі – ақын, бірі – сазгер ретіндегі беделін, Торғай елінің қонақжайлығын есептеңіз. Сонда қонақ куту кәдесі қандай деңгейде болатынын бағамдайсыз. Қысқасы, шала бүліндік қой. Алайда халықтың Шәмшіге көрсеткен құрметі шын көңілден шыққан риясыз құрмет еді.

Сонымен жолаушылар ұшақтан түсіп жатыр. Иығына оқа таққан қасқа бас, жуан қарын әскери шенеунік, күн жанып тұрса да, қара костюм киіп, қолақпандай галстукке қылғынып қалған өзіміздің партия қызметкерлері, екі иінінен ентіге демалып, ықылық атқан совхоз директорлары... Ешбірі менің қиялымдағы адамға ұқсамайды. Сөйтіп аңтарылып тұрғанда ашандау келген, орта бойлы, адемі қара мұрты бар, қалқан құлақтау, басына қалпақ киген бір кісі ұшақтан шығып, баспалдаққа аяқ сала бастады. «Дәу де болса Шәмшіміз осы болар» деп ойлады. Жанындағысы да жұпынылау, ол да қалпақ киген жігіт екен. «Бұл Мұхтар Шаханов шығар» деп жобалады да, Зәурешке:

– Жүгір, тез жет! Ағаңа иіліп тағзым жаса! Мына гүлді ұсын! – дедім.

Ол заманда Арқалыққа гүл қайдан келсін? Әуежайға келе жатқанда Зәуреш екеуіміз бір букет боларлық дала қызғалдағын жолдан теріп алғанбыз. Соны өзімше судыр қағазға орап ұстап жүрміз. Обалы нешік, Зәуреш лып етіп, ағасының аяғы жерге тиісімен гүлін ұсынып, сәлемдесу ишарасын жасады. Мен де қосарласып, Шәкеңнің қолын алып, обкомның хатшысы жібергенін, машина күтіп тұрғанын айтып, қауқалақтап жатырмын.

– Сен бала тұра тұр! – деді маған Шәкең. Сөйтті де Зәурешке қарап:

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

– Қарағым, рақмет! Есімің кім? – деп жауабын күтпестен қызды айқара құшып, бетінен шөп еткізіп сүйіп алды. Шәкеңнің шетен мұрты онсыз да алаулап тұрған ақ бетіне тигенде Зәурештің жүзі бал-бұл жанып бара жатқандай көрінді. Қызды қолтықтап алған Шәкең тізгінді біржола қолына алып:

– Ал, бала, баста машинаңа! – деді маған.

Машинаға отырысымыз да қызық болды. Мен ізет білдіріп, Шәмшіге алдыңғы орынды ұсынсам, ол кісі қызды ортаға алып, Мұхтар екеуі артқы орынға жайғасты.

Жол бойы жастық жайлы, сұлулық туралы біраз әңгіме өрбптік. Мұхтар үндемейтін кісі екен. Ауық-ауық терезеден далаға қарап, өзімен-өзі сүлесөк отыр. Бірақ жай отырмаған сияқты. іштей бір терең сезім қайнап, буырқанып жатқандай. Сізге өтірік, маған шын, сол жолы ол «Арқалықтың ақ таңы» өлеңін жол бойында-ақ жазып тастағандай. Кейін Шәмші әнін шығарып, бұл өлең Торғай даласына тарады. Өлеңнің қайырмасы былай басталатын-ды:

Қара көзіңнен мөлдір,
Торғай даласын көрдім.
Сен дала боп ендің,
Өр тағдырыма.

Тәуекелмен айтсам да қателеспеспін, бұл ән Зәурешке арналды-ау деп ойлаймын.

Сол күні қалада бірнеше ресми кездесу болды. Кешкісін Шәмші мен Мұхтарды Бекболат Бірбаев үйіне шақырып, қонақасын берді. Бұл отырысқа обком хатшысы Өзбекәлі де қатысты. Бекеңнің үйіндегі Камила жеңгеміздің дәмді тамағын сүйсіне жей отырып, Өзекең Шәмші мен Мұхтардың алдағы сапары туралы әңгіме қозғады.

Ұйғарым бойынша қонақтар Амангелді, Жангелдин аудандарын аралап, халықпен кездеспек. Мен оларға жолсерік болып еретін болдым.

– Бұл жігіт – осы жердің тумасы. Ел ішін жақсы біледі.

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Жолдарыңның сәтп болуы осы жігітке байланысты, – деді Өзекең.

Сөйтіп біз келесі күні аудан аралауға жүріп кеттік. Аудан басшылары Шәмші мен Мұхтарға тікесінен тік тұрып қызмет етті. Шәмшіні көреміз деп жұрт шұбырды. Тіпті жайлауда жатқан малшылар салт атпен, ат арбамен аудан орталығындағы кездесулерге келді. Елдің бәрі Шәмшінің сөйлегенін қызық көрді. Оның өмірбаянын біліп, шығармашылық жолымен танысқысы келді. «Осындай құдіретті ән шығарған кісінің үні де ғажап шығар. Ән айтпауы мүмкін емес» деп халық оны қолқалай жөнелді. Сондай сәтте Шәмші:


– Аяулы халқым-ай, ықыластарыңа ризамын! Бірақ мен әнші емес, композитормын ғой. Менің жүрегім ғана әнші, дауыс құрғыр жоқ, – деп құтылатын.

Өмірбаяны жайлы сұрағанда:

– Оның несіне қызығасыңдар? Үспіндегі киімім сияқты өмірбаяным да жұпынылау. Қаптанбекте мал дәрігері мамандығын бітірдім. Сахалинде әскери борышымды өтедім. Ташкенттің музыкалық училищесін оқыдым. Сосын Алматыдағы консерваторияға түспім. Бірақ жиырма жыл өтсе де, бірінші курсың әлі бітіре алмай жүрмін, – деп жұртты ду күлдіретін. Қателеспесем, Шәмші соны бітірмей-ақ дүниеден өтп-ау деймін...

Сол жолы қазақы тұрмыстың қаймағы бұзылмаған Амангелді, Жангелдин аудандарында Шәмші мен Мұхтар рухтанып, мерейі өсіп, халықтың шынайы сүйіспеншілігінің күегері болып қайтты. Соның өшпес белгісіндей болып ел аузында олардың әні қалды. Ол – «Арқалықтың ақ таңы» әні.

Шәмші Алматыға оралған соң Әсет Бейсеуовке келіп: «Әй, Әсет! Торғайға барсаң, әніңді сайлап бар. Әйтпесе ана Өзбекәлі бөлмеге қамап қойып, ән жазғанша шығармайды», – депті. Сол айтқандай Шәмшіден соң Өзбекәлі Арқалыққа Әсетті алдырды. Ол «Арайлым, Арқалығым» деген ән шығарып берді».



ШӘМШІГЕ ҚОРҒАН ТАБЫЛДЫ

Өзбекәлі Шәмшімен 1962 жылы танысқан. Ол кезде комсомол төрағасы еді. Шәмші Қазақ радиосында музыкалық редактор болып істеген екен. Бірақ жұмыстан шығып кетіпті. Өзбекәлі бұл хабарды естісімен радионың төрағасы К.Шалабаевқа телефон соғып, мән-жайды сұрайды. Сөйтсе Шәмші үш айдан бері жұмысқа келмей қойыпты. Ол дереу Шәмшіні іздеп табады. «Менің өз аспабым жоқ, сосын әркімнің үйіне барып, сонда қонып музыка жазамын», – дейді Шәмші.

Композитордың мүшкіл хәлін көріп, Өзбекәлі Шымкент облысына тапсырма берді. Артынша Шәмшіге Шәуілдір ауданының «Темір» кеңшары пианино сыйлады.

Сол жылы күзде Өзбекәлі жас композиторлармен жиналыс өткізді. Сонда бір композитор: «Комсомол әуесқой композиторларды, мәселен, Шәмші Қалдаяқовты жиі қолдайды. Әуесқойлық – шалағайлық», – деп Шәмшіні сынай жөнелді. Өзбекәлі оны тоқтатып:

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

– Шәмшінің өзі қайда? – деп сұрады.

– Композиторлар одағына мүше болмағасын шақырмаған едік, – деді олар.

– Енді неғып одаққа қабылдамайсыңдар?

– Ол консерватория бітірмеген. Білімі жоқ.

– «Өзі жоқтың көзі жоқ» деген. Неге сыртынан сын айтып отырсыңдар? Шәмшіні шақырыңдар! – деді Өзбекәлі.

Бұйрық демде орындалады. Шәмшіні тауып, көлікпен жарты сағаттың ішінде жеткізді.

– Әй, Шәмші, сені осында бір кісі шалағай деді. Бұған не айтасың? – деп сұрады Өзбекәлі. Шәмшінің жаны нәзік еді. Кірпігі жасқа суланып, тамағын өксік қысып:

– Осы жұрт неге маған тыныштық бермейді? Ешкімге тиісіп, сыртынан сөз айтып, қызметін тартып алып жатқаным жоқ. Өзіммен өзім жүрмін ғой, – деді.

Өзбекәлі одақ ішінде де өзара бақталастық, қызғаныш барын сезді.

– Шәмшінің әнін халық сүйеді, таниды. Ал өзін кәсіби сазгер санайтындарды айналасы болмаса, өзге жұрт тани бермейді. Біз халықтың жағындамыз. Солар қай сазгерді, қай әнді қолдаса, комсомолдар да сол композиторды қолдауын тоқтатпайды, – деп сынды сол жерде тыйып тастады.

Шәмші бұл кезде консерваториядан да шығып кеткен еді. Совет өкіметі құрған қоғамда Шәмші сияқты хас талантың қысым көріп, оқудан шығып кетуі табиғи құбылыс. Себебі СССР кезінде өз алдыға жеке тұлға болып, талантыңды дербес игере алмайсың. Міндетп түрде мемлекеттің қарауында боласың. Мемлекеттік сыйлығың болмаса қоғамдағы мәртебең де шайқалып, жұмыстан тарығып, тентіреп кетуің демде. Партиядағы шенеуніктерге жақпай қалсаң, «оттегі» кеп тұратын қоғамдық клапанның бәрін жауып тастайды. Газет-журналға суретің шықпайды, кітабың басылмайды, радионың эфирінен әнің шырқалмайды, телеарнаға жолатпайды. Бұған да көнбей бұлқына берсең, тура мағы-

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

насында жындыханаға апарып жауып тастайды. Қазіргідей өнерің мен талантыңа сеніп, тәуелсіз тұлға болып өркендеп кете алмайсың. Әлеуметтік желінің нығметін көріп отырған қазіргі бұын мұндай цензураның болғанына таңғалуы мүмкін. Бірақ ақиқаты осы. Совет өкіметі өсіріп шығарған күншілдер мен бақталастар армиясы Шәмшіні шапшаң талап тастады. Күншілдікті қоздырып жіберген негізгі себепті білгіңіз келсе, келесі абзацқа өтіңіз.

Шәмшіні әу баста консерваторияға халық әртісі Жамал Омарова әкелді. Оған дейін Шәмші Сарыағаштағы Қапланбек малдәрігерлік техникумында оқып, зоотехник кәсібін игереді. Сосын әскер қатарына алынып, совет армиясына қызмет етеді. Елге келген соң Тәшкендегі Ниязи атындағы музыкалық училищеге барады. Сонда оқып жүргенде, 1956 жылы Тәшкенге Жамал Омарова кеп қалады. Ол Шәмшіні көргеннен-ақ дарынын жазбай таниды. Оны қолынан жетектеп, Алматыдағы Консерваторияға әкеледі де, композиторлық факультетке оқуға түсіреді.

Оқуға іліккен бойда Шәмші «Қайықта», «Ақмаңдайлым», «Менің Қазақстаным» деген үш шедевр әнді жарқ еткізді. Хас таланттың тың әндері қазақ қоғамында дүмпу тұғызды. Оның әнін айтуға есімі елге танымал халық әртістері таласты. «Қайықта» әнін Бибігүл Төлегенова шырқады. «Ақмаңдайлым» әнін Роза Бағланова айтты. «Менің Қазақстаным» әнін Жамал Омарованың өзі орындады. Бұл кезде Шәмшінің жасы жиырма бесте болатын.

Әдетте діни құндылықтар әлсіреп, рухани қайнағы бітелген қоғамда өнер ордасын күншілдік пен бақталастық басып қалады. Ескіде мұндай аса қауіпті рухани аурудың алдын алып отыратын ишандар мен сопылар еді. Совет қоғамында оларға орын болған жоқ. Ал Шәмшінің өзі – рухани өзегі мықты, сопылық танымдағы киелі әулеттің ұрпағы. Оның тегіне қатысты Ілия Жақановтың жазбалары бар. Онда Шәмші өзінің әке-шешесі жайлы бұй деп толғайды:

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

«Әкем – қолынан балға мен балтасы түспеген бейнетпін адамы. Шешем Сақыпжамал әкемнен сөгіз жас кіші. Қаратауда Созақ деген аудан бар. Сол жерде ағайынды Шәді, Бұқарбай есімді төре тұқымдары мекендеген. Шәді Бұқара медресесінде дәріс алған, діни сауаты терең, болмысында көл-көсір ақындық дарыны бар, он сауағынан өнері төгілген зергер, шалқар сезімді бір ғажайып адам екен. Осы Шәдінің туған інісі Бұқарбай – нағашы атам. Бұл кісі де зергер, ұста болған. Дүрбеленді жиырмасыншы жылдардың аяғында Бұқарбайдың әйелі қайтыс болып, шүпірлеген бөс алты баламен қалды. Тағдырдың мына бұйрығын қараңыз, әкем Қалдаяқ оты сөніп, қайғы жүгін арқалаған Бұқарбайға туған қарындасын қосты. Бұқарбайдың сөнген оты қайта жанды. Тұрмысы, дастарқаны түзелді. Үйінің шырайы кірді. Әкем Шәді мен Бұқарбайдың зергерлік ісіне ден қойып үйренген. Шәдінің қисса-жырына бірде домбырасын, бірде қобызын қосып жырлады. Сөйтіп әншілігі Сақыпжамалдың жан-жүрегін тербепті. Әкем қызға сезімін білдіріп:

Әй, Сақыпжамал!

Бір өзінде екі адамның есімі бар,

Жүрегімнің саған деген шешімі бар, –

деп ән-деткен.

Шешем де қарап қалмаған көрінеді.

Мына жұрт сізді тегі «ұста» дейді,

Сөзіңізді қайымдап ұшта мейлі.

Атымыз екі есімнен тұрады рас,

Сіздей жанға біздей сұлу сыр алдырмас, –

деп тақаппарси тіл қатып, өлеңмен жауаптасыпты. Осыдан соң екеуінің ықылас-пейілі жарасып, сауық құрып жүріп қосылыпты».

Нағашысы «Сияр Шәріпті» жырлаған әйгілі Шәді төре болған соң Шәмшінің танымында біреумен бақталас болу, біреуді күндеу, атақ пен мансапқа арын сату сияқты кәпір

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

мінездер – күнә есебінде. Ол оқуға іліккенде ішіне ши айналмас күншіл типтердің қандай қауіпті орта екенін бағамдап үлгермеген. Бір шеппен олармен күресуге ниетп де болмаған. Таланты мен кіршіксіз көңіліне сеніп, кез келген формалды ортаны оп-оңай тастап кете берген. Былайша айтқанда модерн дәруішке ұқсап қалған.

Советтік Қазақстанда оның ішкілікке үйір болған имиджін жасады. Естеліктің дені алкогольді ішімдікке салынғаны жайлы оқиғалармен өріледі. Егер ол өкімет пен партияға тәуелсіз еркін қоғамда өмір сүргенде ішкіліктің не екенін білмей өтер еді. Себебі мұндай ақжүрек типтер қоғамды мәдени құндылықпен зейнеттеуден ғана ләззат алады. Рухани мастық хәлінде жүреді. Рақаттың мұндай түріне мүмкіндік берілмейтін коммунистік қоғамда оны көбіне ішкілікпен алмастыруға тура келеді.

* * *

Шәмшінің дүниеге келуінің өзі мистика! Шешесі жүкті кезде үйдегі аңшының мылтығына байқаусызда аяғы тиіп, қару гүрс етіп атылып кетеді. Анасы шошып қалады. Артынша іштегі бала қимылдамай, әке-шешенің зәресін ұшырды. «Бала өліп қалды», – деп ағайын-туыс, көрші-қолаң дүрлігеді.

Қариялардың айтұымен шешесі Құмкенттегі Баба Түкті Шашты Әзиздің басына барып түнейді. Екі-үш күн Аллаға мінәжат қылады, молдалар дем салады. Артынша қарындағы бала шешесінің ішін тепкілеп шыға келеді.

Шәмшінің әкесінің діндарлығына қатысты музейтанушы, этнограф Абдулла Жұмашев мынадай дәрек айтады:

«Қалдаяқ – дін ғұламасы Шәді төре Жәңгірұлының жақын шәкірті. Кенже баласы Бақыт Қалдаяқұлы біздің музейге араб әрпімен жазылған мынадай кітаптарды тапсырды: «Әб-жат Тафсирі», «Дұғалар», «Діни ұағыздың сауабы», «Азан айтылғанда оқылатын дұға және оған түсінік» және бір-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

неше қолжазба әкелді. Кезінде Қалдаяқ ұста ат-Тафтазанидің «Шарх әл-Махасид», «Мақсаттар түсіндірмесі» атты екі томдық еңбегін, «ілім туралы», «Алланы тану туралы», «Философия туралы», «Әйел ана туралы», «Логика туралы» атты бес бөлімнен тұратын кітаптарды жата жастана оқыпты. Соған қарағанда Қалдаяқ ағамыз өз бетінше көп оқыған, діни сауатты, хақ жолындағы кісі болған».

* * *

Ескідегі кісілер қанша жерден қысым болса да, есебін тауып баласына діни ілім үйрететін. Қалдаяқ та жасырын түрде баласының діни сауатын ашып кеткен сияқты. Себебі Шәмші Құранға жүйрік еді. Ол жайында Мұхтар Шаханов мынадай естелік айтады:

«Бір күні Шәмші екеуіміз нағашымның үйіне бардық. Ол кісінің дүниеден озғанына үш жылдан астам уақыт өткенді. «Алдымен ақсақалдың моласына барып Құран оқиық», — деді Шәмші. Үйге соқпай бірден қыр басындағы атам жатқан бейпке тарттық. Бірнеше жыл бұрын Шәмші, Төлеген үшеуіміздің Құран жарыстырғанымыз есіме түсті. Құранды қырағаттап, нәшіне келтіре оқу жағынан Төлеген озды. Ал аятты көп білу жағынан Шәмші алға шықты. Мен Құранның екі-ақ аятын білгесін соңғы орынды иелендім».

Бұған таңғалатын түк жоқ. Алаш арыстарынан бастап одан кейінгі толқынның бәрі де діни сауатты болған. Тіпті Өзбекәлінің өзі қанша жерден комсомол, коммунист болып жүрсе де, қырағаттап Құран оқуды қатыратын. Мұны бізбен сұхбаттас болған Түркістандағы Нұржан Серімов деген ет жақын туысы растады. Ол — Өзбекәлінің Абан деген ағасының бел баласы.

Нұржанның айтысынша, Өзбекәлінің аталары тақуа кісі болған. Ишан-пірлерге қол беріп, дін ұстанған екен. Солардың әсерімен Өзбекәлі бала күнінде діни сауатын ашыпты.

Өзбекәлі қызметте жүрсе де уақыт тауып, туған жері —

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

Шәуілдірге соғатын. Ағайын-туысты аралап, туғанға құтты болсын айтып, елгенге кеңіл білдіріп, Құран оқып, дұға бағыштаған. Әсіресе әл-Фарабидің дүниеге келген жері – Оқсыз деген тебеге шығып алып, бір сағат отырып, марқұмдарға Құран оқитын болған.

* * *

Шәмшіні консерваториядан шығарып жіберді. Сол заманның талабы бойынша оқудан шығарылған студент институтқа қайта қабылдану үшін «еңбекпен түзеу лагеріне» барып қызмет істеп, ұнамды мінездеме әкелуі тиіс. Өзбекәлі Шымкент облысының комсомол хатшысы Қалаубек Тұрсынқұловқа хабарласты. Шәмшіні оңтүстік өңірге жіберетінін айтты. Ондағы мақсат – Шәмшінің бойындағы түпсіз таланты тиімді пайдалану. Өзіне тілеулес ортамен тезірек табыстырып, шығармашылық шабытын қамшылау. Себебі сірескен бюрократтардан ығыр болған Шәмші қарапайым халық арасында ғана езін суға тұскен балықтай сезінетін. Сондықтан облыстағы аудандарды аралап, халықпен кездесу ұйымдастыруды тапсырды. Қалаубек Шәмшіні Қазығұрт ауданына шартты түрде тіркеп, еңірдің оңтүстік аудандарын аралатты. Бірінші сапары Сарыағаштан басталды. Бұл жайлы журналист Зәкір Асабаев баяндайды:

«Шәмші Сарыағашқа келеді» деген хабар жұрттың құлағын елең еткізді. Себебі Шәмшінің есімі халық жүрегінен әдемі әндері арқылы орын алып үлгерген еді. Аудандық Мәдениет үйінде қызу дайындық басталды. Бәріміз Шымкенттен келетін жолға үздіге қарап, тағатсыздана күтпек. «Шәмшінің сапарын Өзбекәлі Жәнібек ұйымдастырыпты. Осыдан оралған соң Шәмші консерваториядағы оқуын қайта жалғастырады екен» деп ел арасында гү-гү әңгіме айтылып жатты.

Бір кезде Шәмші келді. Қасында облыстық комсомол комитетінің жауапты қызметкері, екі-үш әнші, сарыағаштық

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

баяншы Ілес Қасымов бар екен. Кездесу тамаша өтті. Арасында ән шырқалды. Кездесуден соң аудандық Мәдениет бөлімі жайған дастарқаннан дәм таттық. Онан соң қонақтық Төлеген Айбергеновтің үйінде жалғасты. Сөзге андасанда араласқаны болмаса, Шәмші көп сөйлемеді. Көңілін ауыр мұң басқандай. Сірә, Алматының «ауа райы» жақпаса керек-ті. Ол Естайдың «Қорлан» әнін екі-үш рет қайталап айтты.

«Мені әлгінде мақтап жатырсыздар. Әндерім халықтың көңілінен шығыпты. Бірақ әлі өзім ойлағандай ән шығарғаным жоқ. Шамам жетсе, ол ән «Қорлан» деңгейлес болуы шарт. Уақыт көрсетер», – деп түйіндеді сөздерін.

Ертеңіне көрші Жетісай ауданына шығарып салдық. Төлеген бірге кетті. Ол Жетісай, Киров, Мақтаарал аудандарында Шәмшімен бірге болып, үш-төрт күннен соң қайтып келді. Олардың осы достығы Төлеген Алматыға келген соң да жалғасты. Өлгенше үзілген жоқ. Екеуінің Маңғыстау, Атырауға барған сапарында «Ақерке – Ақжайық» атты ән дүниеге келді. Ән болғанда қандай!»

* * *

Төлеген Айбергенов бұл кезде, яғни 1962-65 жылдары Шымкент облысының Сарыағаш ауданындағы кешкі жастар мектебінде істейтін. Ол кезде билік Орталық комитеттің қолында. Партия бар демесе, өз бетіңше тырп ете алмайсың. Ал биліктің бір тетігі комсомол ұйымының қолында. Қоғамға араласатын тиімді әрі қауіпсіз әлеуметтік лифт комсомол ұйымы болатын. Оның басында Өзбекәлі отыр. Отты ақын Төлеген комсомол басшысының назарына іліккен бойда-ақ мәдени майданға кіріп кетті.

Өзбекәлі Алматыда отырып, барлық маршрутты белгілеп, кездесулердің кедергісіз жүзеге асуын қамтамасыз етті. Біздің бұл пайымды музейтанушы, этнограф Абдулла Жұмашев мынадай дерегімен растайды:

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

«Өзбекәлі әр облысқа, ауданға телефон соғып, Шәмшінің елмен жүздесуіне жағдай жасады. Жергілікті радио қорға оның әндерін жазып алуды тапсырды. Сол әндердің насихатталуын қадағалап, қамқорлық жасады».

Шәмші мен Төлеген оңтүстік аудандарды аралап, біраз тәжірибе жинады. Қос дарынның тізе қосуы масатыға құндыз қондырғандай еді. Композитордың деңгейіне лайықты өлең жазатын дарынды ақынды Құдай өзі қиыстырды. Бұлардың жанына тағдырдың және бір қосқан дарынды ақыны Мұхтар Шаханов еді. Осы үшеуінің туғызған мәдени толқыны қазіргі Қазақстанның мәдени кеңістігінің үлкен бір бөлігін құрап тұр.

Өзбекәлі мұндай хас таланттарға Шымкент өңірі тарлық етерін түсінді. Оның үстіне басқа аймақтар орыстанып жатқан. Тіпті облыс, қала атаулары Шевченко, Гүрьев деп орысша есплетін. Мұндай мәдени отарлауға өз мәдениетіңді қарсы қою арқылы ғана ұлттық идентификацияңды құлатпай ұстап тұруға болады. Сондықтан Өзбекәлі Шәмшіні батыс тарапқа бұрып жіберді.

1964 жылы Шәмші мен Мұхтар Қызылордаға сапар шекті. Бұл жерде әйгілі «Сыр сұлуы» әні дүниеге келді. 1965 жылы Шәмшінің жанына Төлеген ілесіп Атырауға аттанды. Мұнда «Ақерке – Ақжайық» әні туды. Шәмшінің мәдени майдандағы қаһармандығы қазақтарға шабыт берді. Ол кезде мұндай шабытты прозамен емес, өлеңмен өрнектеу трендте болатын. Себебі ұлтшылдық элементі басым прозаны газет-журнал баспайды. Сондықтан ұлтшылдар оқиғаның энергиясын өлең түрінде ғана сақтай алатын. Өлең жаттауға оңай, ауыздан ауызға тез таралады. Шәмшінің батысқа сапарын көзбөн көргөн Ескермес Жақсымбетұлы атты ақын оқиғаны былай бейнелеген:

Ерке самал тербетеді қыр гүлін,
Арқалаумен шаршағандай жыр жүгін.

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Бұлт бүркеніп, ашық аспан тұнжырап,
Шымкентте жаңбыр жауып тұр бүгін.
– Осы Шәмші кейде ессіз, кейде есті, –
Дейді біреу, – қайтсін енді ой кешті.
Өзбекәлі Жәнібеков ЦК-дан
Сол Шәмшімен телефонмен сөйлесп.
Қуанышы сыяр емес қойнына.
Қанша күндер кетп екен ғайыпқа,
Орнын тапты «Ақмандайлым», «Қайықта».
Шақырады жаңа ашылған Маңғыстау,
Әрі қарай – Еділ менен Жайыққа.

Қызметкер жігіттері жарады,
Пойыз жолда бір әңгіме тарады:
«Не айтасың, пәленінші пойызда,
Төлеген мен Шәмші кетіп барады».
Кете алмады Ақтөбеден ары асып,
Вагондардың есігіне таласып,
Шәмші менен Төлегенді көруге
Ағылды жұрт лек-лек болып, бәрі асық.
Асау жүрек, сонша неге сыздадың?
Сезгендей-ақ алда салқын күз барын.
Әр қалада күтті халқы бұларды,
Алдарына алып шығып тұз-дәмін.
Екеу еді Шымкенттен шығарда,
Жеке жүру сырын өзге ұғар ма?
Тұрсынқұлов Қалаубек пен Антонов
Тобыменен қосылды кеп бұларға.
Осы арада жүрді екен қанша жол?
Ыстық құшақ кездесулер сонша мол.
Гурьев пенен Шевченко да бұларды
Күтіп алды арнайы обком комсомол.
Өтп күндер кезектесіп дөңгелеп,
Барлық тілек – «Бізге жақсы ән керек».

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

Келмейді әнге Гурьев пенен Шевченко,
Табылса да қала жайлы сан дерек.
Бала емеспіз, ойланайық, батыр-ау,
Бірте-бірте орыстанып жатыр-ау.
Қазақша әнге тек қазақы сөз керек,
Қала болса Ақтау менен Атырау.
Айта алмаймыз небір өткен арысты,
Олар десе үнсіз жағың қарысты.
Әнге қосып, шырқайық па енді біз?
Байлық қуған Гурьев деген орысты.

* * *

«Селге сел қосылса жұт болады, елге ел қосылса құт болады» деген мақалды Өзбекәлі жақсы түсінген. Қазақтың парасатты жігіттері мәдени майданға аттанғанда соғыстың мұндай түрін қыздыру үшін қосымша өнерлі азаматтарды үсті-үстіне төге берді. Оны әйгілі күйші Шәмші Әбілтаевтың мына дерегіне қарап байқаймыз:

«1965 жылы Шәмші Қалдаяқов белгілі ақын Төлеген Айбергенов екеуі Атырауға келді. Ағамыз «Ақерке – Ақжайық» әнін осы сапарда шығарып еді. Содан бірнеше күн бұрын комсомолдың бірінші хатшысы Өзбекәлі Жәнібек мені шақырып алды. «Елге барып, қонақтармен бірге бол», – деп тапсырды. Оқу орнының басшысынан бір аптаға сұрап алыпты. Мен шұғыл аттандым. Шәмші келгесін елде ұлан-асыр той болды. Кәрі-жас жиналған шарада өнер майталмандары өнер көрсетті. Мен Шәмші бастаған ағаларға күй тартып берген едім».

Бұл шақта большевик қазақтар ойлап тапқан «қазақтың жауы – қазақ», «қазақтар бір-бірінің балағынан тартуды ғана біледі» деген топас түсініктер жаңа бұынның санасын ұлап жатты. Уланып қалғандары шынымен сондай екеніне сеніп, жақсының жағасына жармасып, тірсегінен тістеуді мәртебе санайтын. Ал Өзбекәлі мұндай стереотипті сындыру үшін на-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

мысты, ұлтшыл, білімді, дарынды азаматтарды бір-бірін қолдауға үгіттеп, бастарын біріктіріп отырды. Ірі азаматтардың ауызбіршілігін көргенде қазақ қоғамы жершілдік пен рушылдыққа бой бермей, рухани һәм мәдени тұтастығын ұстап тұратын. Сондықтан да Өзбекәлі өмірден өткелі жиырма бес жыл болса да, оның соңынан өсек-аяң ілескен емес.⁵

* * *

Бүгінде көзі ашық қазақтың бәрі қазіргі әнұран – «Менің Қазақстанымның» тың игеруге қарсы реакция ретінде шыққанын жақсы біледі. Нағыз намыстан туған бұл ән өз дәуірінде өрт сияқты Қазақстанды шарпыған. Өзбекәлі дәл осындай эффектін бүкіл аймақта туғызу үшін Шәмшінің мойнына миссия жүктеді. Соның арқасында әр өңірдің мақтанышпен шырқайтын шедевр әндері дүниеге келді. Олар: «Ақерке – Ақжайық», «Сыр сұлуы», «Жарқырайды Жезқазған», «Қарқаралы», «Фосфорлы Жамбыл», «Байқоңыр», «Талдықорған – әнім менің», «Ырысты өлке – Шардара», «Теріскей», «Мойынқұмда», «Көгілдір Көкше», «Арқалықтың ақ таңы» еді.

Өзбекәліні «Шәмші әндерінің кіндік шешесі» деген сөз осыған орай айтылса керек-ті.

* * *

Көшпелі қазақ тарихына көз салсаңыз, қазақтардың мәдени жаңарып тұруы табиғи процесс болған. Жайлаудан қыстауға көшкенде екі мың шақырымға дейінгі аймақты басып өтетін. Осының арқасында **«мәдени тұйықталу»** деген болмаған. Елдің бір шетінде туған ән келесі жылы ұлыстың екінші бір ұшында дүмпу туғызып жататын. Қарапайым ғана мысал, Арқа әндерінің Қазақстанның барлық аймағында танымал болуы – көшпелі өмір салтынан. Әсіресе мәдени құндылықты тасып-тарату жағынан Біржан сал бастаған салсерілердің еңбегі зор. Себебі олардың заманында қазақ да-

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

ласы Ресей империясына толық отар болып біткен еді. Башқұрт, татар, қазақтарға қару-жарақ соғуға заңмен тыйым салған. Ең соңғы ірі қарулы көтеріліс 1848 жылы Кенесарының ажалымен аяқталды. Бұдан соң халықтың өміршең рухы мен мәдени күш-қуатын бейбіт жолмен насихаттау салсері мен жыраулардың мойнына түсті. Бір ғана Иманжүсіптің:

Менде дұшпан көп еді қамалаған,
Иттей болып, барлығы абалаған.
Кіргенде Қараөткелдің базарына
Қызық көріп қазақ, орыс жағалаған.

Мен қалайша жалғанда тұрақтайын,
Өрт тиіп лаулап жанған құрақтайын?
Аузы түкті кәпірдің талайларын,
Бақыртып бауыздаушы ем лақтайын, —

деген атақты әні бүкіл далаға жігер сыйлап, намыстың отын сөндірмей лаулатып тұратын. Оның осы рухты әнінен шабыт алған Нартай Бекежановтың туған ағасы Мәнсұр ақын Иманжүсіп-ке өлеңдетіп хат жолдайды. Серінің ата-бабасының тарихын баяндай отырып:

«Ақ балдақ алмасымның сынығысың,
Шынардай көлеңкелі шыбығысың.
Бәйгі аттай жұрттан озған заманыңда,
Арда емген арғымақтың құлынысың, —

деп келеді де:

Тұмай жатып өш болды маған болыс,
Аударылды сол үшін талай қоныс.
Сатырлатып сабаушы ем шеттерінен,
Мынау ояз демеуші ем, мынау болыс, —

деп өзінің де тақаппар кәуірлерге кеудесін бастырмайтын арда азамат екенін білдіреді.

Бұл рухты әннің арынды екпіні мұнымен тоқтамайды. Ол кейінгі ғасырдағы жас ақындарға да шабыт беріп, өлеңнің

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

жалғасын өзінен-өзі тудырып жатты. Мысалы, 1946 жылы туған торғайлық ақын Серік Тұрғынбеков осы жырды былай жалғайды:

«...Кәбірдің аузы түкті талайларын
Бақыртып бауыздаушы ем лақтайың!»
Дегенде сөздің бағын жандырғандай,
Айызын тындаушының қандырғандай.


Бірінен бірі кейін шалқып жатты,
Па, шіркін, көкелері әннің қандай?!
Жаралған өлең шіркін жан бауырдан,
Қыранның бір кем емес самғауынан.

1950 жылы дүниеге келген семейлік ақын Несіпбек Айтұлы да рухқа толы намысты әннің толқынына дәл түседі:

Иманжүсіп кешегі ол да Қыпшақ,
Тағдырменен ойнаған аударыспақ.
Ел басына күн тұса екігалай,
Боқтан оңай бақ құсы қолдан ұшпақ.

Көзін құртты оның да жауыз заман,
Таңдайына қара су тамызбаған.
Қайран ер-ай кәбірді аузы түкті
Лақтай ғып бақыртып бауыздаған.

Төлеген, Шәмші, Мұхтар үшеуі жаңа заманның сал-серісіне айналды. Қазақтар тығыз қоныстанған аймақтың бәрін шарлап жүріп, шалажансар хәлге түскен қазақ рухын бір сілкіп алды. Ең қызығы, осы жобаны Өзбекәлі Жәнібек комсомол рычагымен жүзеге асырды. Мәдени майданда ән мен жырдың құдіретін пайдаланды. Ол Шәмші барған жерде «Менің Қазақстаным» әнінің шырқалмай тұрмасын жақсы білді. Қайнаған намыстан туған бұл ән, сол кезді айтпағанда, күні бүгінге дейін әр қазақтың құйқа тамырын шымырлатып жібереді.



ДЫРНА

ӨСЕТІН ЕЛДІҢ ҰЛАНДАРЫ

Өзбекәлінің өзі де, оның маңайына ұйыған ұлтшыл азаматтар да атақ-даңққа құмар болмаған. Бірақ советтік қоғамда мемлекеттік атағы жоқ адам қорғансыздың күнін кешетін. Хас таланттар сарқылмас дарынмен жан-жағын жайпап жатса да, ресми атағы болмаса, қоғамдық «ауа райды» қалыптастыратын саяси һәм мәдени элитаның арасына жіберілмейтін. Бір ғана мысал, тегін берілетін күрортық жолдама мен тегін емделетін аурухананың есігінен сығалатпайды. Бұл – адамды өлшеудің бейшара, ұсқынсыз қалыпқа құлаған дәуірі.

Сондықтан шын жүйрікті тобырдың талауына түсірмес үшін мемлекеттік атақтармен қаптап, қымтап, бүркеп қоюға мәжбүрсің. Қадыр Мырза Әлінің сөзімен айтсақ: «Атақ ақынға ғұмыр бермесе де, тұғыр береді».

Сол үшін де Өзбекәлі 1964 жылы жас таланттар арасында «Лениндік комсомол сыйлығын» ойлап тапты. Оның бұл стратегиясы қазақ мәдениеті үшін ұтымды болды. Күншіл тобырдың сөзсіз тепкісіне түсуге дайын тұрған Шәмші

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Қалдаяқов, Олжас Сүлейменов, Ескендір Хасанғалиев, Әсет Бейсеуов, Мұхтар Шаханов, Оралхан Бөкей, Роза Рымбаева, Жания Әубәкірова, Әлібек Діншев сияқты хас таланттар осы атақтың арқасында бағы жанып, өмірін де, өнерін де сақтап қалды.

Өзбекәлі бұл сыйлықты әкесінің асында шүлен таратқандай емін-еркін үлестіре алмайды. Мемлекеттік сыйлық иесін анықтау кезінде қан майданға кіргендей жан алысып, жан берісетін. Бюрода болатын әрбір «шайқасқа» тыңғылықты дайындалатын. Дұшпанын мұқатып, досының мерейін асыру үшін алдын ала стратегия құрып, асқан айлакерлікпен сақ қимылдайтын. Әрбір өнер тарланын сыйлыққа ілдіру – жансақтау бөлімінде жатқан наұқастың қу жанын аман алып қалғандай жанкешт жұмыс. Тірлік мұнымен де бппейді. Күншілдер топталып алып, оның үспнен Мәскеуге толассыз арыз айдады. Өзбекәлі беделін салып, арыздың бәрін тойтарды.

Осындай кескілескен рұхани майданның бір эпизодын Қалаубек Тұрсынқұлов былай баяндайды:

«Өзбекәлі Шәмшінің кандидатурасын Оңтүстік Қазақстан комсомолдары атынан ұсынуды ұйымдастырды. Дүркіреген даңқына қарап, Шәмшіні сөзсіз лауреат болады деп сенгенбіз. Бірақ бәйге басталмай жатып, Шәмшінің лауреаттар тізімінде жоқтығы білінді. Сөйтсе дұшпандар Өзбекәлі мен Шәмшінің жерлестігін көлденең тартып, тізімнен астыртын алып тастапты.

Өзбекәлі оңтүстік комсомолдары атынан Бюроға хат жолдатты. Хаттың мазмұны былай: «Лениндік комсомол сыйлығына» ұсынылған тізімде Шәмшінің есімі жоқ. Біз қазақ өнерінің барлық саласын жақсы құрметтейміз әрі қолдаймыз. Бірақ Қазақстан аспанында биікке көтеріліп, шартарапты шарқ ұрып жүрген Шәмші есімінің тізімнен табылмауы бізді қынжылтты. Пленумның күн тәртібіне «Лениндік комсомол сыйлығына» ұсынылған бүкіл кандидаттың тізімін жа-

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

риялап, арнаулы мәселе етіп қоюды талап етеміз! Мәселені Орталық Комитет шешсін, пленум бекітсін! Егер төралқа келіспесе, ұсыныс жасауды өз еркімізге алып, мәселені ортақ талқыға шығарамыз. Құрметпен Орталық Комитеттің бір топ мүшесі».

Өзбекәлі бұл іске көрші облыстардың комсомол басшылығын да тартты. Қызылордалық комсомолдар атынан бірінші хатшы Абылай Айдосов, жамбылдықтар атынан Тасболат Байталиев те қолдау хат жолдады. Өзбекәлі күншіл тобырға қысымды күшейту үшін майданның бір шетінен Жұбан Молдағалиевты қосты. Жаппай орыстану дәуірінде Жұбан да позициясын бермей: «Мен қазақпын, мың өліп, мың тірілген!» – деп ұлтшылдық туын желбіретіп ұстап тұрған адуынды ақын еді.

Айғайға ұран қосылған сайын күншілдердің тынысы тарыла берді. Тықыр таянғанда олар шydас бермей тайқып кетті. Бұл жолы Өзбекәлінің әруағы үстем түсті. Ақыры Орталық Комитеттің бөлім меңгерушісі Мұхамеджанов: «Құттықтаймын, жігіттер, сендер жеңдіңдер! Мәселе Бюроның өзінде қайта қаралатын болды. Пленумда қаралса Орталық Комитет мүшесі түгел қолдары айдан анық. Тек кейбір мәселе мен «жоғарғы жақтың» пікірін амалсыз ескеріп едік», – деп бұл хабарды Өзбекәліге ілтипатпен жеткізген.

Шынын айтқанда Мұхамеджанов та Шәмшінің әндерін сүйіп тындайтын. Ол Шәмшінің тізімнен астыртын алынып қалғанын сыбырлап жеткізген. Осындай ақжүрек азаматтардың қолдауының арқасында Шәмші лауреат атанды. Осы атақтың өзі Шәмшіні туралап келген талай шабуыл мен апаттан аман сақтады. Сондықтан да Шәмші осындай «сауыт» соғып берген Өзбекәлі құрдасына өле-өлгенше риза болды. Мұхамеджан Рустемовтің естелігінде мынадай қызық деталь бар.

«Шәмші лауреаттық медалін тіс жуғыш пастамен үнемі ысқылап, жылтыратып жүретін. Біреу себебін сұраса, ол:

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

«Бұл маған Кеңес үкіметінің ордендерінен мың есе қымбат. Біреулер мені маскүнем деп даттайды. Ал менің талантымды, еңбегімді бағалаған – Өзбекәлі құрдасым. Оған мың қайтара алғыс», – дедуден танбапты».

* * *

Қазақ тарландары үшін советтік қоғамның қаншалықты опасыз екенін мынаған қарап білесіз. Өзбекәлі бастаған білімді жігіттер жүз жерден қолдап, қорғап тұрса да, Шәмшіге Ұлттық консерваторияны бітіріп, диплом алу бақыты бұйырмады. Оның Қазақстанды шарлап ән шығарған, одан соң «еңбекпен түзеу лагерінен» алып қайтқан көркем мінездемесі консерватория басшыларына ұнамады. Оның еркін болмысы мен түпсіз таланты кеудесі тар күншілдерге жақпады. Композиторлар одағына да мүше етіп қабылдамады.

1992 жылы Шәмші ауруханаға түсіп, ажалмен алысып жатты. Енді оңалмасын сезді ме, оған «Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі» деген атақ берілді. Екі айдан соң Шәмші мәңгілік сапарға аттанды. Атақтың қызығын көріп үлгермеді. Шыны керек, оған мұндай марапаттың берілмегені абырой еді. Себебі атақ оны большевик қазаққа ұқсатып жібереді. Ал Бауыржан Момышұлы сияқты халықтың жүрегінде сақталып қалу – биік дәреже. Өмір бойы Шәмшінің тірсегін шайнап, жолын жапқан ұятсыздар оған мағынасыз атақ беріп, арзан абырой иеленіп кетп.

* * *

Өзбекәлінің өзгеше болмыс екенін мынадан білесіз. Жұрттың дені өзінің атақ-абыройы мен қызмет-беделін арттыру үшін бары мен нарын сарп етіп жатқанда ол Шәмші сияқты нар тұлғаның атын тарихта қалдыру үшін жанын салды. Бірде екеуінің арасында мынадай диалог орнайды:

– Өзөке, мені неғып мұншама төбеңе көтересің? Мен

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

бір қарапайым жанмын. Бітірген оқуым жоқ, не қызметім жоқ. Маған бола карьераңды қатерге тігесің де жүресің, – деді Шәмші.

– Әй, Шәмші, сен қазақтан шыққан жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарсың. «Өзің бола алмасаң, болған ердің атын жек» деген сөз бар. Сенің атыңды қамшылау біз үшін мәртебе.

– Ал сен ше? Сен де топ жарған аз мықтының бірісің.


– Әй, Шәмші, сен сияқты талантты Құдай жасайды. Мен сияқты шенеунікті партия жасайды. Партияда не көп? Шенеунік көп. Бірі кетсе, бірі келеді. Сен – ел құрметіне бөленген композиторсың. Әнің ғасырдан ғасырға кетеді. Ал біздің бастағы бақ өтпелі. Тағымыз тұрақсыз. Бұл орынға мен сияқты басшының нешесі келіп, нешесі кетпеген?! Солардың біреуінің аты ел есінде жоқ. Біз де сондай болармыз. Уақыт өткен сайын жұрт Өзбекәліні ұмытады. Ал сенің әнің мен өнерің заман озған сайын саған мәңгі өлмес өмір сыйлайды, – депті.

Өзбекәлінің айтқаны айнымай келді. Мемлекеттік концерттен бастап кішігірім той-томалаққа шейін Шәмшінің әні шырқалады. Оның 1956 жылы шығарған «Менің Қазақстаным!» әні араға елу жыл салып, 2006 жылы Парламенттің мақұлдауымен Қазақстан Республикасының әнұраны болып бекіді. Содан бері бұл ән мемлекеттік іс-шараны айтпағанда, балабақшадан бастап мектеп, университетте де орындалады. Халықаралық жарыстың бәрінде жеңімпаз спортшылар тұғырға шыққанда Шәмшінің әнімен шарықтай көкке көтеріледі.

Жыл өткен сайын Шәмшінің болмысы ықпал ету аймағын кеңітіп жатыр. Ал Өзбекәлі өзі айтқандай ел есінен шығып кетуге аз-ақ қалды. Оның ерлігі көзі ашық зиялы ортада ғана дәріптеледі. Ал Шәмшінің бағын байлап, жолын жапқан әкім-қара мен дарынсыз өнерпаздар болмыс ретінде біржола жоғалды. Олардың моласын халық тұрмақ, өзінің ұрпағы да ұмытты.

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Өзбекәлінің ерлігі ұмытылмасын, аты тарихта мәңгі қалсын деп кітап жазып, насихат қылып, қанша тырыссақ та, бәрібір оның атағын Шәмшімен теңестіру мүмкін емес. Себебі Шәмшінің атын еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін жатқа біледі. Тарихтың осындай ережесі барын білген және оған мойынсұнған Өзбекәліні нағыз көреген кемеңгер демеске шараң жоқ.



«ӘУЕЛІ – МӘДЕНИЕТ, ЭКОНОМИКА СОСЫН»

1973 жылы Торғай өлкесі миға сыймас экономикалық өрлеуді бастан кешті. Облыстың ашылғанына үш-ақ жыл болды. Бұрын орталығында жиырма бес адамдық моншадан басқа дымы жоқ Арқалық қаласы тура мағынасында цивилизацияның ошағына айналды. Мұндай жетістік «Үлкен секіріс» жобасын ойлап тапқан Мао Цзедунның түсіне де кірмеген. Оның 1958-62 жылдардағы экономикалық секірісі кері кетіп, қытайлар миллиондап аштан қырылды. Ал Өзбекәлі мен Сақан Құсайынов үш жылда жаңа облысты миллионер өлкеге айналдырды. Торғай сол замандағы ең биік награда – «Ленин орденін» таққан.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

Мұндай экономикалық жетіспктің құпиясы неде? Жауабы қарапайым. Идеология хатшысы болған Өзбекәлі «әуелі қарын тойсын, мәдениетп сосын көтереміз» деген тоғышар түсінікпен келіспеген, тіпті оны терістеген. Керісінше «Алдымен ішкі мәдениетп көтеру керек. Ал экономикалық өрлеу – түзелген мәдениетпң ырықсыз жемісі» деген позицияға бекіген. СССР кезіндегі әкім-қараның біліксізі некен-саяқ. Олар идеология, мәдениет, әдебиет саласын қақпаса да, экономиканы шыр айналдыратын. Бірақ экономиканы қанша көтерсе де, Өзбекәлі тудырған Торғайдағы мәдени мұғжиза ешбір өңірде қайталанған жоқ. Себебі бұл адам болмысын терең түсінуден шығатын құбылыс еді.

Адам болмысына тереңінен назар салған пенде оның мисыз мақұлықтан дараланып тұратын адами артықшылығын тез байқайды. Кісі баласы жағдайын жасап, ішіп-жемін түгендеп берсең, көндігіп тұра беретін бордақы мал емес. Оның трансцендентп, яғни тәңірлік әлемге мұқтаждығы білініп тұрады. Тіпті атеизм үстемдік құрған совет өкіметінде де бұл мұқтаждық артпаса, кеміген жоқ.

Рухани тұлғалар тәңірлік әлемдегі рухани құндылықты өз болмысынан өткізіп, қараңғы қоғамға шамшырақ қылып жағады. Олардың жаққан шырағы тұманда қалған кемеге жол сілтейтін маяк сияқты бұқараға қызмет қылады.

Өзбекәлі осындай шырақты әуелі Торғай даласына самсатып жақты. Ән, күй, жыр, би, театр, ансамбль құру сияқты өнер түрлерін тірілтті. Есесіне мәдени өрлеуден шабыт алған Торғай жұртының еңбекке құлшынысы артты. Экономиканың ауыр жүгін оп-оңай арқалап кетті. Нәтижесі былай болды: бес жылға жоспарланған экономикалық меженің 70 пайызын үш жылда өтеді. 1973 жылы мемлекетке 1 млн 300 мың тонна астық, 43 мың тонна ет, 34 мың тонна сүт өнімдері, 8 млн дана жұмыртқа, 2800 тонна жүн өткізді. Мал басы күрт өсіп, миллионға жуық қой, 25 мың жылқы Торғай даласында жайылып жүрді. Екі жылдың ішінде

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

жаңадан теміржол вокзалы, автовокзал, әуежай салынды. Бір пединститут, бір филармония, бір театр, бір музей және екі кәсіптік училище және ашылды.

* * *

Біздің заманның жастары мынадай тұзаққа тез түседі. «Мәдениет», «әдебиет», «руханият» деген тақырыпты кеинге ысырады. «Ең басты мақсат – жағдай жасап алу. Жағдайы жоқ адам мәдениет тудырмайды» деп қуыскеуде дертіне қалай шалдыққанын өздері байқамай қалады. Жастықтың жігері мұқалған соң мәдени кеңістікті құндылықпен толтыру – ақыреттің азабы. Көбісі оған шydас бермей сынып кетеді.

Мұндай шатасу көбіне Абрахам Маслоудың пирамида теориясынан басталады. Оның пайымынша, адам мағыналы өмір сүру үшін бірінші физиологиялық мұқтаждығын өтеу керек. Яғни ас-суы мен жылы баспанасы болуы шарт. Екінші – қауіпсіздік. Үйіңе төнетін қауіптің жолын кесу. Баспананды комфорт мекенге айналдыру. Үшінші – қоғамдық байланыс. Араласатын ортаң болмаса, жалғыздықтан жапа шегесің. Төртінші – қоғамдық мәртебе. Атақ-абырой жинап, өзінді өзгеге сыйлата білуге тиіссің. Соңғы саты – рухани деңгей. Ой-санаңды өсіріп, дүниетанымыңды тереңдетіп, өзінді жарқыратып көрсету.

Маслоудың бұл пайымы теория жүзінде құлаққа жағымды естіледі, көзге әдемі көрінеді. Бірақ практикада кері нәтиже беруі әбден мүмкін. Қазақстан тәуелсіздік алған кезде ұлтшыл зиялы орта Н.Назарбаевтан: «Қазақтың тілін, тарихын, дінін, мәдениетін, әдебиетін, руханиятын, дәстүрін қалай жандандырасың?» – деп жиі сұрайтын. Президент олардың бәріне Маслоудың әдісімен жауап беріп құтылатын. Яғни: «Мұнай мен газды әлемдік нарыққа шығарып, экономиканы түзеп алуға мұрсат беріңдер. Мәдени мәселеге сосын соғамыз. Қарның аш кезде қайдағы мә-

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

дениет? Сондықтан әуелі экономика, сосын мәдениет», – деп сендірген.

Стратегия осылай басталғаны рас. Мұнай мен газ өндіретін әлемдік алпауыттар Қазақстанға қисапсыз қаржы салды. 1998 жылдан бастап халық зейнетақы мен жалақысын тұрақты ала бастады. Маслоу айтқандай, бірінші қажеттілігін өтеп, қарын тойғызып, сәнді киімге ұмтылды. Сосын екінші қажеттілікке аяқ басып, баспанасын реттеді. «Үйді комфортқа айналдырамыз» деп жаппай евроремонт жасайтын кезеңді сәтіммен өткізді. «Қауіпсіздігін күшейтеміз» деп ауласын биік дуалмен қоршап, камера орнатып, қымтанып алды. Үшінші қажеттілік бойынша қазақтар алыс аймақтарға тойға барып, бір жырғап қалатын. Бір жасар баланың туған күнінен бастап корпоративті отырыс түріне шейін тойлап шықты. Төртінші қажеттілік бойынша жасанды мәртебемен «өзімді сыйлата қаламын» деп қатыспаған қосымша курсы қалмады. Кейбірі белгілі бір дәрежеде жаңа мәртебеге қол жеткізді. Бірақ бәленің бәрі ең **соңғы сатыға** келгенде басталды.

Өзінің даралығын тауып, кеудесін рухани құндылықпен толтырып, ар мен ақылды қатар ұстап, ішкі әділдігін күшейтетін кезде бәрі кері кетті. Бұл салаға жауапты діннің өзін коммерцияның көзіне айналдырып жіберді. Дін шапанын жамылған арсыз типтің шамадан тыс көбейіп кетуі кие мен құт ұғымына деген нигилизмді туғызды. Осының кесірінен бұған дейін сәтіммен басып өткен **төрт сатыны** құнсыз қалыпқа түсірді. Қысқаша айтсақ, өмірдің мәні жойылып, көкіректе **қаңыраған бостық** қалды. Бұдан соң экономикалық өрлеу жайлы үміт те үзілді.

* * *

Мұның мемлекеттегі көрінісі былай басталды. 1991 жылы тәуелсіздік алған соң президент «экономиканы көтереміз» деп инвестор іздеумен болды. Нарықтық экономикаға

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

өтеміз деп зауыт пен фабриканы сатып жіберді. 1994 жылдары қазақ үкіметі «экономикаға тиімсіз» деп ауылдық аурухана, кітапхана, радиостанция, өнер үйірмелері, клубтар, балабақшалар, мәдениет үйлерін, кітап дүкендерін түгел жауып тастады. Осы салада жұмыс істеп келген мәдени қызметкердің бәрі тентіреп, тозып кетті. Өзбекәлі Торғайда не істесе, соның бәрі керісінше жасалды. Әсілі, мұндай мәдени ошақтың бәрін Темірбек Жүргенов пен Ілияс Омаровтар соғыстың қайнап жатқан қиын шағында ашқан еді.

Екінші қажеттілік бойынша шекараны шегендеп, халықаралық ұйымдарға мүше болып, елдің қауіпсіздігін реттеді. Жүгенсіз кеткен рәкет пен қаңғыбас шпананың бәрін тиісті «мекеніне» аттандырды.

Үшінші қажеттілікке сай «әлеммен араласа қаламыз» деп жаппай елшілік ашу басталды. «Қазақстанды әлемге танытамыз» деп миллиардтаған долларды желге шашып, жалған имидж жасады. Елге көрінген әртісті әкеп, олардың көңілін табуға тырысты. Шетелдегі ортаңқол журналистерге арнайы ақша төлеп, арзанқол мақалалар жариялағанға мәз болды.

Төртінші қажеттілікке сай «әлемдік алпауыттармен бір сапта тұра қаламыз» деп қазақ мәдениетіне пайдасы жоқ шаралардың шеруі басталды. Діндер сиезі, ФИФА-ға мүше болу, Азиаданы өткізу, ЭКСПО, ОБСЕ-нің төрағалығы мен Ислам ынтымақтастық ұйымының төрағалығына таласу сияқты баянсыз жобалардың тұзағына түсті.

Енді мынадай сұрақ: қазақ үкіметі сонша тыраштан-ғанда бір нәтижеге жетіп, бесінші деңгейде тұрған руханият пен ақыл-парасат биігін бағындыра алды ма?

Жоқ. Бұл сатыға жетемін дегенше ар-иманнан жұрдай болған мемлекет басшылары өз ұлты мен ұлысын аяусыз ұрлап-тонауға үйреніп алды. Кез келген игі бастаманы бюджеттен ақша ұрлайтын механизмге айналдырды. Қазақстанмен ешбір дипломатиялық байланысы жоқ алыс шетелден

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

де елшілік пен консулдық аша берді.

«Әуелі – экономика, сосын барып мәдениет» деген идеология жайына қалды. Мәдениет сол күйі көтерілмеді. СССР кезінде сағаты мен мәдениеті жағынан екінші не үшінші орында тұратын қазақ халқы надандыққа оңбай ұрынды. Маслоу межелеп берген адамгершілік биігі сол күйі мұнартып қала берді. Тіпті кері кетті. Мәдениетте мешеу қалған қазақ үкіметінің жыртқышқа айналғаны сонша, 2011 жылы адал жалақысын талап етіп алаңға шыққан жаңаөзендік мұнайшыларды автоматпен жайратып салды. Халыққа мұндай безбүйрек позиция ұстанған билікті біз тарихтан соңғы рет 1905 жылы Ресейде көргенбіз. Ол тарихта «Қанды жексенбі» деген атпен сақталған.

Елден ұрланып, шетке шығарылған ақша көлемінің көптігі сондай, 2023 жылы Парламент депутаттары оффшорға кеткен ақшаны қайтару үшін арнайы заң жобасын жасауға мәжбүр болды. Тіпті 565 млрд теңге жұмсалған ЭКСПО көрмесі қазақ халқына шабыт сыйлай алмады. ЭКСПО-ның символы: «Сәуле», «Қуат», «Мөлдір» атты ойыншық образдар халық санасына сіңбек түгіл, айналымға еніп үлгермеді. Жұрт оны байқамай да қалды.

* * *

Маслоудың пирамидасына Виктор Франкл «Мәнге ұмтылыс» деген өз теориясын қарсы қойды. Оның пайымынша былай: адам дүние есігін ашқан сәттен бастап ғайыптық сипаттағы Мәнге ұмтылады. Бұл сәби шақта бейсаналы жүреді. Мұны кез келген ата-ана байқайды. Есті баласын бір іске жұмсаса, ақылы толмаған екі-үш жасар сәбиі де жағаласа ұмтылады. Істі тындырған бүлдіршінді бір рет мақтап қойсаң, үлкеннің көрегіне жарау үшін ол сен сұрамаған көмекті көрсете береді.

Қазір аутизм сияқты психикасы шатысқан аурудың балалар арасында көбеюін осымен байланыстырады. Сәби екеш

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ


сәбидің өзі мағынасыз, мәнсіз қызыққа жұтылғанда сана-сезімі ауытқып шыға келеді. Сол үшін де мамандар: «Балаға смартфон берме! Мағынасыз ойынға жолатпа! Ол отырған жерде мәнсіз, бос сөз сөйлеме! Миына зақым келеді», – деп ескертуден шаршамайды. Сәби үшін Мән әлемі мағынаға толы Бесік жырымен ғана ашылады.

Ересек адам қандай қиын жағдайға түссе де, «ардан аттап кетпейін» деп сақтанып тұрады. Аттаса «ар-намысын нанға сатты» деген моральдің ауыр сотына ілігеді. «Малым – жанымның, жаным – арымның садағасы» деген кредо осыған орай шыққан. Кім ар-иман мәселесін кейінге ысырса, өмірде жеңіліске ұшырайды. Адам үшін ең ауыр үкім – өлген соң артына ғибратты із қалдырмау. Одан да жаманы – жағымсыз әңгіме ілестіру.

* * *

Өзбекәлі бұл философияны арнайы оқымаған. Ардың үніне құлақ салып, саналы түрде жеткен. Мұны оның бейнесұхбаттарынан байқайсыз. Видеода ол бұй дейді: «Біз жанымызды жегідей жеп жүрген экономикалық дағдарыстан да құтылармыз. Молшылық та болар. Бірақ имандылықтан айырылсақ, оның орнын толтыру қиын. Осыған қызмет ету кімге болса да, парызбен парапар. Бастысы халық мүддесіне лайық осынау міндеттің шынайы салмағы мен мәнін жүрекпен ұғыну керек».

Оның бұлай деуге моральдық құқығы бар. Себебі ол жатса-тұрса қазақтың мәдени мұрасы мен рухани құндылығын жинап, ұрпаққа аманаттауды биік парыз санады. Қай қызметке отырса да, бұл бағыттан айнымады. Сталин кезінде оңбай үзілген тарихи тізбекті жөндеумен, жалғаумен болды. Өзіне ілияс Омаровты пір тұтты. ілияс Темірбек Жүргеновті ұстаз санады. Ол өз миссиясын адал атқарып, мәдени майданды тәуелсіз Қазақстан дәуіріне лайықты тапсырды. Одан кейінгі майданға басқалар жауапты.



ТОҚЫЛАҚ

ЖЕР АСТЫНАН ЖІК ШЫҚТЫ

1975 жылы шілдеде Торғай өңірі үшін жағымсыз жаңалық дүңк ете қалды. Олардың сүйікті ұлына айналған Өзбекәлі хатшылық қызметінен алынып, Алматыға «жоғарылап», басқа бір іске жегілді.

Есіңізде болса, 1970 жылы оны Алматыдағы кәрі коммунистер езіне бақталас санап, айдаладағы Арқалыққа мәдени айдауға жіберген еді. Бұл ол заман үшін нағыз Барсакелмес аралы болатын. Кәрі коммунистердің сорына қарай Өзбекәлі бүкіл кедергіні қиып, қоршауды бұзып, шығып кетті. Жай шығып кеткен жоқ, бұдан бес жыл бұрынғы Өзбекәліден әлдеқайда мысты, сұсты, тәжірибелі, әккі, білімді, абыройлы, беделді, қарымды, қабілетті саясаткерге айналды. «Езіп тастаймыз» деген дұшпандары, керісінше, онымен санасуға мәжбүр болды. Ницшенің тілімен айтқанда: «Бізді өлтіре алмаған нәрсенің барі бізді күшейген үс-тіне күшейте береді».

Өзбекәлінің атағы мен айбары Алматыдан гөрі Мәскеу-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

де жиі жаңғырды. Оның Торғайда жасаған экономикалық һәм мәдени ерлігі кремльдегі шенеуніктерді қайран қалдырды. Олар Өзбекәлінің іскерлігіне тәнті болып: «Мынадай менеджерді провинцияда қор қылып ұстап отырсыңдар. Ол – Одақ деңгейінде ұйымдастыра алатын іскер басшы. Мәскеуге келсе қабілеті ашыла түсер еді», – деген әңгіменің шетін шығарды. Бұл Алматыдағы күншілдерге аспаннан жай түскендей сезілді. Бір жағы Өзбекәлінің Торғайдағы даңқы республикаға жайылып, Сақан Құсайынов пен Голубенконың өзі оның көлеңкесінде қалды.

Обалы не керек, Сақан біразға дейін Өзбекәлімен сөзге келмеді. Өзіне ауыр тисе де, Өзбекәліге айтылған ірі мадақтарды көтеріп тұрды. Бақталас болмады. Бірақ советтік шенеуніктер тариқаттың мектебінен өткен ортағасырлық сопы не дәруіш емес. Ол замандағы құндылықтар коммунистік идеяның айналасында өрбиді. Сондықтан олардың арасына от салу дұшпанға қиын соқпайтын. Яғни Өзбекәлі мен Сақанды бір-бірінен суытатын оқиғалар қолдан жасалды. Ал Голубенко бұрыннан шовинист болғасын Өзбекәлімен соңына дейін тіресіп өтті.

* * *

«Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры» демекші, «салқындық» мынадан басталды:

1972 жылы торғайлық ақын Сырбай Мәуленов 50 жасқа толды. Оның туған күнін тойлауға Сәбит Мұқанов бастаған бір топ жазушы Арқалыққа келді. Өзбекәлі оларды әуежайдан күтіп алды. «Бұл той бұрынғы тойдан өзгерек» демекші, бұған дейін туған күн ойын-сауықтан тұратын. Ішіп-жеммен жалғасып, соңы аңға шығып қоян атумен аяқталатын. Өзбекәлі бұл тойды бастан-аяқ мәдени күрестің нәтижесіне арнады.

Сырбай туған жерінің аянышты хәлін жақсы білетін. Үш жыл ішінде Торғайдың гүлденгенін көріп, бақыттан басы

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

айналды. Сөз ұстаған шешендер, дүкен ашқан зергерлер, мың бұралған бишілер, оркестрден әуен төккен күйшілер, сахнаны тірілтен жанкешті әртістер алдарынан шыға берді. Оның үстіне Сырбаймен ілесіп келген жазушылар қауымы мұндай құндылықпен етене таныс. Бұл тарихтың бәрі олардың көкірегінде сайрап тұр. Олардың тысқа шыға алмай, совет дәуірінде қалай тұншыққанын жақсы біледі. Өлді деген өнердің Торғайда қайта тірілгенін көргенде бәрі қайран қалды.

Өзбекәлі жазушыларды тың даласына апарып, бидайдың арасында фотоға түсіріп, «гектарына мұнша центнерден астық алдық» деп дарақылыққа салынбады. Әдетте мұндай ортада экономикалық көрсеткіш әңгімені қыздыратын негізгі тақырыпқа айналмайды. Этика сақтап, сөз тізгінін бірінші хатшыға берсе де, әңгіменің төркіні Өзбекәліге келіп тіреле берді. Ол қаласа да, қаламаса да этнографияны, тарихты, музыканы, театрды терең білгесін сол жайлы айтуға мәжбүр. Сақан ағасын қанша жерден мақтаса да, өзінің атағы мен абыройы бәрібір көміп кетті.

Осындай отырыстың бірінде Сәбит Мұқанов Торғайдағы цивилизациядан әсерленіп: «Әй, Өзбекәлі сенің қабілетіңе мына Торғай тарлық қылады өкен. Сені Димашқа айттайын, ең болмаса өз алдыңа бір облысты басқартсын», – деді жұрттың көзінше.

Қазақ ССР-і кезінде қоғамдық пікір қалыптастыратын аса ықпалды екі жазушы болған. Біріншісі – Мұхтар Әуезов, екіншісі – Сәбит Мұқанов.

1961 жылы Мұхтар дүние салған соң Сәбит аузы дуалы ақсақал ретінде бір өзі қалады. Оның сол кездегі атағы да, ықпалы да, харизмасы да орасан еді. Бірінші хатшымен «сен» деп сөйлесетін. Салыстырып айтсақ, Сәбит – СССР-дегі Максим Горький сияқты ықпалды жазушы.

Ол 1962-64 жылы Қазақстанның бірінші хатшысы болған Исмаил Юсуповтың кабинетіне ескертпестен кіріп келіп, үс-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

телде тұрған күлсалғышты бетіне лақтырған. Юсупов жаны қалмай қорқып, көмекшісінің артына тығылып аман қалды. Жазушының бұл әрекеті партиялық этикаға сыймайды деп айыпталса да, Сәбит үшін қалыпты ерегес саналған. Тіпті 1959 жылы Теміртаудағы жұмысшылар көтерілісіне қатысты Д Қонаевтың өзіне ауыр-ауыр сөздер айтып, ықтырып тастайтын.

Сәбиттің сөзі заматта Алматыда отырған Өзбекәлінің жақтастары мен бақталастарына бірдей жетеді. Күншілдер үшін Сәбиттің аузынан шыққан сөз зеңбірек оғындай еспленген. «Түлкінің терісі өзіне сор» демекші, Өзбекәлінің қабілеті мен дарыны өзіне кедергі келтірді.

Бұған дейін де «Неге Өзбекәлі бірінші хатшы емес?» деген әңгіме жиі айтылатын. Сәбиттің сөзінен соң отқа май құйғандай кетті.

* * *

1973 жылы Торғай облысы Лениндік орденге ие болды. Саяси интриганың майын ішкен Алматыдағы кәрі коммунистер мынадай классикалық әдіспен ерегестің тұқымын екті. Олар Сақан Құсайыновтың кеудесіне «Еңбек Ері» медалін тақты да, Өзбекәліні елеусіз қалдырды.

Әрине, Өзбекәлі мұндай интриганың тұзағына түспейді. Ішінен мырс етіп күледі де қояды. Бірақ халық бар емес пе? Олар ешқашан біртекті болмайды. «Өзбекәлі кімнен кем? Шындап келгенде нағыз Социалистік Еңбек Ері – Сақан емес, Өзбекәлі», – деп шұлайды.

Мұндай әңгіме әкімдік ішінде де қолайсыз атмосфера тұғызды. Сақан құдды бір Өзбекәлінің медалін әділетсіз тағып алғандай ыңғайсыз күйге түспі. Көпшілік орында, ешкім сұрамаса да, өзінен-өзі: «Бұл медаль – бәріміздің төсімізге тағылған ортақ абырой. Мұны бірге тақсақ та жарасады. Жалғыз менің емес, бәріміздің ортақ үлесіміз бар», – деп жиі айтатын.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

Өмірлік мұраты мәңгілік идеяға байланбаған пендені бұл дүниенің баянсыз жылтырағы тартпай қоймайды. СССР кезінде о дүниенің мұратын айқындап тұратын трансценденттіліктің көзі бітелді. Атеизм қоғамға күштеп енген соң партия көсемдері қол астындағы қызметкерді орден-медаль таратумен оп-оңай жыңды қылатын. Бұл әдіс қазақ арасына патшалық Ресей кезінде-ақ кіре бастаған. Шен беру, медаль тағу, грамота беру, қызмет ұсыну сияқты баянсыз құндылықпен би-болысты алдаған. Бірақ оған ақылы таяз, ұрда-жық, шынжыр балақ, шұбар төстер болмаса былайғы қазақтар қызыға бермейтін. Мысалы, Оспан батыр өзіне берілген медальды: «Мынау қатындар тағатын әшекей екен», – деп лақтырып тастаса, Бауыржан Момышұлы орден тағуға ықыласты болмаған. Бір қызығы, олар тақпаған сайын ел ішіндегі абыройы асқақтады. Ал советтік шенеуніктер атақ, шен, қызмет, орден, медаль үшін бір-бірімен жауласқанда беделі түсе берді.

Адам бойында осындай әлсіздік барын білгесін де ескідегі ақылды қазақтар адамның мұратын бала жасынан мәңгілік Болмысқа байлап тастауға тырысатын. Сол үшін де дәстүрлі сұрақ-жауапта:

«Кеудемде – жан-аманат,
Жүрегімде – мейірім-махаббат,
Нәпсімде – сабыр-қанағат,
Тілегімде – ДИДАР-ТАЛАП бар», –

деп үйрететін. Бұл ереже ақыретке дейін маңызын жоймайды. Тілегі дидар-талап болмаған кез келген білімді адам үкімет беретін атақ пен шеннің тұзағына оңай түседі.


Осындай тұзаққа түсіру үшін Өзбекәліні мемлекеттік сыйлықтан қасақана қағып тастайтын. Мұның схемасы қарапайым. Алматыдағы кәрі коммунистер тұзақты былай құрады: атақ-шен тарататын науқан жақындағанда еңбекқор қызметкерді әдейі көзге ілмейді. Оның серігіне немесе әлсіздеу біреуіне атақ пен марапатты үйіп төгеді. «Әділдік қай-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

да?» – деп айналасы шү ете қалады. Көптің қолдауына сүйенген еңбекқор қызметкер әділдік іздеп, Мәскеуге арыз жазады. Арыз жазған соң әділдік орнауы да мүмкін. Бірақ мәселе онда емес. Арызқой атанып тұзаққа түсесің. Бұдан соң беделің – көк тиын.

Керісінше орденің болмауы мүмкін, бірақ беделің мен ықпалың ұлғаяды. Өкінішке қарай көп адам медаль жағын таңдайды да, дұшпанның қармағына ілінеді.

Өзбекәлінің өмірлік мұраты бұл дүниенің шеңберіне сыймайды. Халық алдындағы **адамдық борышты** саналы түрде арқалаған кез келген типке медаль мен орден кішкентай баланың ойыншығы сияқты көрініп тұрады.



ШЕРТЕР АЛЫТ

ЖАҚСЫДА ЖАТТЫҚ ЖОҚ

«Халық – қапысыз сыншы» деген. Жұрт Өзбекәліні жиі мақтайтын. Бірақ сол қошеметтің кейде саяси интригаға айналарын білмейтін. Олар Өзбекәліні қолпаштаған сайын Алматыдағы кәрі коммунистер соны Сақанға естіртіп, екіншісін салыстырған болып, араларына жік сала берді.

Жергілікті жұрт Өзбекәліні сүйгені сонша ақырында мынадай миф ойлап тапты:

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

«1932 жылғы аштықта Торғайдағы біраз жұрт оңтүстікке ауады. Көшкен жұрттың ішінде Жәнібек есімді кісі болыпты. Сол адам аштықтан аман қалып, өзбектен қыз алып, ел қатарына қосылған деседі. Өзбекәлі сол Жәнібектің өзбек әйелінен туған баласы екен. Өзбектен туған перзент екенін өзінің аты да айтып тұр. Ат жалын тартып мінген соң өз ауылын іздеп келіп, атамекенін көркейтіп жүргені осыдан», – деп шалдар әңгімені құбылта беретін.

Осы мифке имандай сенген Амангелді ауданының қариялары жиылып келіп: «Ит – тойған жеріне, ер – туған жеріне» деген. Сен өзіміздің Жәнібектің ұлы екенсің. Тегіңе тартып, елінді іздеп келдің-ау, қарағым», – деп кемсеңдеп қоя беріпті.

Кісі көңілін қалдыруды қиянат санайтын Өзбекәлі: «Жоқ, ол емеспін. Мен Отырардың баласымын. Ататегім түгел, шежірем бар. Руым – қоңырат», – деп айтуға жүрегі дауаламаған. Өйтсе қарттардың көңіліне дық түседі. Осыны ойлап ол: «Болсақ болармыз», – деп жауап беріпті.

Бірақ мұндай оқиғаға таңғалатын түгі жоқ. Бұл – қазақ мінезіне сіңісті нәрсе. «Жақсыны жатқа жіберме» деген төлменталитеті. Одан шошымаңыз. Күні бүгінге дейін бұл түсінік жойылған жоқ. Әлемнің бір түкпірінен мықты тұлға шықса: «Осы баланың бізге қатысы бар. Кезінде бабамыз жорықта жүргенде тұқымы қай жерде жайылмады дейсің?! Бейбарыс атамыз да жылай-жылай Мысыр барған. Әйтеуір топырағы бізге тартып тұрады», – деп өзіне иіп алады. Егер ұлт ішінен ниеті бұзық кісәпір шықса: «Бұл итпң баласы, әсілінде бізден емес. Тегі қалмақ. Арғы атасы жорық кезінде тұтынға түскен қалмақ қатынға еріп келіпті. Бұл – содан тараған ұрпақ», – деп өзіне жолатпай отырады.

* * *

Сақан мен Өзбекәлінің арасы сұып қана қойған жоқ, кәдімгідей ажырай бастады. Алматының интригасы Өзбекәлі

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

қызметке келген күннен басталған. Бірақ Сақан салқындық кіргізбей үш-төрт жылға төтеп берді. Мұның өзі ерлік. Әйтпесе Өзбекәлі Торғайда мәдени төңкеріс жасай алмас еді.

«Салқындықтың» ызғары Торғайдағы жұмыс қарқынын бәсеңдетп. Оның үстіне Өзбекәлі Сақанның бірінші орынбасары Голубенкомен ашық ұстасты.

Мұның алдында Арқалықта үлкен гастроним ашылған. Оған Голубенко «Изобилие» деп орысша атау беріп, оны үлкен қылып жаздырып, дүкеннің маңдайына қағып тастапты. Голубенконың бұлай еркінсүйі Өзбекәліге ұнамады. Ол: «Қазақша атау құрып қалды ма? Неге орысша жазасыңдар?» – деп дүкен атауын «Береке» деп қазақшалауға тапсырма берді. Бұйрық сол сәтте орындалды.

1973 жылы Өзбекәлі Амангелді батырдың жүз жылдығына арналған республикалық конференция ұйымдастырды. Іс-шараға елдегі ғалымдар мен жазушылар жиналды. Мұндай маңызды жиынды әдетте бірінші хатшы ашатын. Сақан кезекті демалыста еді. Оның орнына партиялық тәртіп бойынша Голубенко ашуы керек. Бірақ ол уақытында келмеді. Оның кешігуі ұзаққа созылып, жиналғандар қожырай бастады. Сол сәтте Өзбекәлі тізгінді қолға алды да, қоңырауды қағып, бәрін ішке жинады. Сөйтіп конференцияны өзі ашты. Іс-шараның кіріспесі бітіп, негізгі бөлімге өтер сәтінде Голубенко да келіп жетті. Советтік менталитет бойынша бірінші басшы кіргенде қызметшілер қалбалақтап орнынан тұрып, жиналысты үзіп, оның жағдайын сұрап, төрге шығарып, әбігерге түсетін. Бұл жолы мұндай болған жоқ. Жиын алдыңғы екпінін жоғалтпастан жалғаса берді. Голубенко өзін далаға келгендей сезініп, сызданып шеттегі бір орындыққа отырды. Өзбекәлі оған мойын бұрып та қараған жоқ.

Өзбекәлінің оған мінез көрсететіндей жөні бар. Голубенко қазақтарды өзінен төмен санайтын шовинистік дертпен ауыратын. Бірде ол облыста екінші, үшінші дәрежелі

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

қызметтің тізгінін ұстап отырған Назаровқа: «Сенің фамилияң неге Назаренко емес?» – деп тиіскен еді.

Өзбекәлі мен Сақан арасындағы ынтымаққа сызат түскенін сезген бойда Голубенко басын көтеріп шыға келді. Ескіше айтсақ, «Бетеге кетсе бел қалар, бектер кетсе ел қалар, берекең кетсе нең қалар? Ынтымақ кеткен соң береке де қашты. Голубенко сияқты тіс қайрап жүрген дұшпандар еркін шабуылға көшті. Мұны Өзбекәлінің жанына топтасқан жігіттер де сезе бастады.

Бір күні оның кабинетіне облыстық радионың бас редакторы Қойшығара Салғараұлы келді. Ол: «Өзаға, мен Алматыға кеткім келеді. Жазушы болу – арманым. Мені жіберіңіз», – деп өтінді. Қойшығара мұның алдында да бір рет рұқсат сұрап келген. Ол кезде Өзбекәлі: «Халық үшін атқаратын жұмыс көп. Радионы кімге тастап кетпексің?» – деп ұрсып берген еді. Бұл жолы қабағы салыңқы қалыпта: «Сәл шыда, бірге кетеміз», – деп жауап береді.



▷АУЫЛПА◁

ТУРИСТЕРДІ ТАРТУ

Көп кешікпей Өзбекәліні қырық сылтау, бір желеумен Алматыға алдырып, Орталық партия комитетінің «Сыртқы байланыс» бөліміне басшы етіп бекітті. Анығын айтқанда

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

бұл бөлім Өзбекәлі сияқты «мәдени айдауға» ұшырағандар үшін ашылған.

Әсілі Өзбекәлінің атағы Мәскеуге жетіп, кремльдегі басшылар оны СССР-дің Норвегиядағы елшісі етіп жібермек болыпты. Ол хабарды Өзбекәлі кеш естіді.

Орталық комитеттің идеология хатшысы Саттар Имашев жаңа қызмет бойынша оны Қонаевтың кабинетіне кіргізді. Әңгіме барысында Қонаев: «Сені Норвегияға елші етіп жіберуге Мәскеумен келісіп қойып едік. Осындағы бір бюро мүшесі сенің әйеліңді науқас деді. Амал жоқ, сені алып тастадық. Енді ренжіме, әлі-ақ елші бола бересің ғой. Саған жұмыс табылады», – деп арқасынан қағып, қолпаштады.

Сезімтал Өзбекәлі Саттарға жалт қарады. Сол сәтте-ақ желдің қай бағыттан соққанын бірден түсінді. Арты қуыс Имашев көзін төмен салып, үндемей қалды. Бір қызығы, бірінші хатшының өзі де: «Сенің әйелің шынымен ауру ма? Маған сондай жайсыз хабар жетп. Рас-өтірігін өз аузыңнан естиін деп едім. Болмаса емдетейік», – деп емеурін танытпаған. Тіпті сол өсекке сенгісі келіп тұрған сияқты.

Сөйтіп Өзбекәліні «Сыртқы байланыстар» бөліміне басшы етіп тағайындады. Бөлімнің аты дардай болғанымен, затында дым жоқ. Себебі Алматы Мәскеуге тәуелді. Сыртқы әлеммен байланысты Мәскеу дербес жүргізеді.

Сондықтан мұндай қызмет кәрі коммунистерге қауіпті бәсекелесін ауре қылып, ұстап отыру үшін ғана керек. Мұны Сизифтің қара тасты тоқтаусыз жар басына қарай дөңгелете беруімен салыстыруға болады. Яғни ешбір мәні жоқ салпаң тірлік. Сондағы жұмысы – сырт әлеммен байланысып, Қазақстанның атын шығару және елге турист тарту.

«Турист тарту» деген пункт күлкілі. Себебі ол заманда СССР-дің шекарасын «темір перде» деп атайтын. СССР-ден шығу және оған кіру – ит азаптың нағыз өзі. Ебін тауып келсе де, туристтің КГБ-дан арнайы рұқсат қағазы болмаса, Алматы аумағынан 15 шақырымнан асып шыға алмайды.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

Өзіңіз ойлаңыз, Еуропадан келетін қай туристке қалалық өмір қызық болуы мүмкін? Олар Қазақстанның тарихи һәм киелі орындарын көргісі келеді. Алматының советтік стильде соғылған төртбұрышты сұр үйлері турист үшін қызық емес.

Сондықтан 1975 жылы «Қазақстанға турист тарту» идеясы абсурд көрінетін. Бірақ Өзбекәлі осы «темір перденің» өзін жарып өтуге шақ қалды. Оқиға былай басталды:

1991 жылға дейін совет адамы үшін шетелге шығу арман еді. Өнер жұлдызы мен спортшылар болмаса, былайғы жұрт Совет Одағының ішінде айналып жүре беретін. Ал шетелге Орталық комитеттегі әкім-қара мен хатшылардың ет жақын туысы ғана шығатын. Ғайыптан тайып ондай бақыт біреуге бұйырса да, ол Болгария, Румыния, Польша, Чехословакия сияқты Шығыс Еуропаның социалистік елдеріне ғана баратын. Шетелге шығатын туристердің тізімі КГБ-ның қатаң бақылауынан өтеді. Қыр қазағы тұрмақ, қала қазағының өзі ондай бақылаудан өте алмайды.

«Темір перденің» ішінде жетпіс жыл бойы жата беріп, жабайы болып кеткен совет адамы 1991 жылдары шекара ашылып, шетелге шыққан кезінде қонақүйдің үтік, перде, постель, халат, шаш кептіргіш, стақан сияқты кәкір-шүкіріне шейін тонап кететін. Осы советтік психология әлі бар. Қазірдің өзінде Қазақстанның шетелдегі мәдениет күндерін өткізгенде шетелге шыққан кейбір әртіс пен қатардағы шенеунік осы жабайы әдетінен арылмады.

* * *

1975 жылы Өзбекәлі «Сыртқы байланыстар» бөлімінің тізгінін қолға алған соң бірінші кезекте осындай жабайы туристермен күресе бастады. Советтік шенеуніктер шетелге лимитпен шығатын тізімге өзінің ағасын, інісін, бажасын, балдызын тықпалайтын. Олардың арасында мәдениеттен жұрдай мәңгүрттен бөлек, маскүнем мен қылмыскер туыс-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

тар да өріп жүретін. Өзбекәлі оларды кетіп бара жатқан жерінен ұшақ пен пойыздан түсіріп алатын.

Алматыдағы кәрі коммунистер мен Өзбекәлінің арасындағы текетірес жаңа фазаға өтті. Өзбекәліні Торғайға жіберіп еді, бір проблема шықты. Алматыға әкеліп еді, екінші проблема пайда болды. Ол шенеуніктердің шетелге шығып, француз шарабын шайқап ішіп, шалқып демалып келетін рақатын қиып тастады. Оның талабы бойынша: шетелге ғалымдар мен жазушылар және қазақ мәдениетін паш ететін өнерпаздар ғана баруы керек. Сөйтті де, туристердің тізімін өзі реттейтін болды.

Бір күні Канадада болатын ғылыми конференцияға ішкілікке салынған күмәнді ғалым кетіп бара жатты. Бір қызығы, ол Қонаевтың ет жақын туысы екен. Өзбекәлі оған да қарамай оны тізімнен шығарып тастады. Оның орнына Қаныш Сәтбаевтың шәкірті, нағыз ғалым – Шахмардан Есеновты енгізді.

Осылайша ол тізімге «кездейсоқ» еніп кететін бір үйдің еркесі мен серкесінен тазалады. Оқыған жастарды шетелге жібере бастады. 1976 жылы, яғни бір жылдан соң 800-ден астам қазақстандық маман Аргентина, Алжир, Иран, АҚШ, Болгария, Үндістан, Францияға барып оқып келді.

Өзбекәлі «Қазақстанға келген туристер Алматыдан ұзап шығуға болмайды» деген тыйымды да сындырды. Енді олар Қазақстанның аймағын шарлай алатын мүмкіндікке ие болды. Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды, Целиноград, Қостанай облыстарында туристер мен шетелдік делегацияны көптеп қабылдауға рұқсат алды. Соның арқасында 1977 жылы Қазақстанға 20 мың турист келген.

Осы кезде шетелдік турист түсетін есі дұрыс қонақұйдің тапшылығы білінді. Ол «Отырар» қонақүйін соқтыра бастады. Жамбылда «Тараз» мейрамханасы іске қосылды. Шымкентте «Ордабасы», Целиноградта «Есіл» мейрамханалары туристік талапқа сай қайта жасақталды. Қарағанды

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

мен Қостанайдың да ас ішетін ресторандарын қайта жүйеледі.

Батыс Еуропадан келетін қонақтар көшпелі қазақтың ұлттық тағамына қызығатын. Ал Алматының ресторанында тамақ еуропаша берілетін. Өзбекәлі Медеу жақтан «Қазақ ауылы» туристік кешенін ашты. Құлынды биелерді байлап қойып, қымыздың жеті атасын ұсынатын қымызхана салдырды.

Алматыға алғаш бие мен бал қымызды кіргізген де Өзбекәлі. Себебі қазақша сөйлеу, дәстүрлі ән салу, ұлттық киім кию, терме айту, ұлттық тамақ пен сусын ішу ортағасырлық экзотика деңгейіне түсіп кеткен еді. Қымызхананы турист баратын жер деп есептеген. Орысша оқыған қазақтар ондай жерге баруды қор санап, намыстанатын.

Арада қырық жыл өткесін Өзбекәлінің «Қазақ ауылы» концепциясы «этно-ауыл» деген атпен мемлекеттік жобаға айналды. Қаланың қақ ортасына бие әкеліп байлап, саумал ішкізу мақтаныш пен байлықтың белгісі саналды. Байқасаңыз, қазір спирттік ішімдікті түйе мен биенің ағарған сусындары ығыстырып бара жатыр.

* * *

Қазақстанға келетін туристер көбіне Тәшкен, Шымкент, Түркістан жаққа барғысы келетін. Өзбекәлі бұл тараптағы асфальт жолдарды реттеуге күш салды.

Осы арада бір қызық жайт бар. Жалпы СССР-де «әжетхана мәдениеті» мешеу қалған. Оны советтік пойыздан да байқайсың. Әліге дейін Ресей вагонында биотуалет жоқ. Қажетін өтеген соң жолаушы унитаз педалін басып қалса жетіп жатыр. Үлкен дәреті де, кіші дәреті де рельстің ортасына ақтарылып түседі. Совет адамдары бұған үйреніп кеткен. Еш ыңғайсызданбайды. Ал трасса бойына қоғамдық әжетхана соғу миға кіріп-шықпаған. Жолаушы «қысылса», қажетін жол бойындағы бұта арасында өтеп жүре береді.

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Осының үлкен мәдениетсіздік екенін Өзбекәлі жақсы түсінді. Оны жоюға тырысты. Себебі ол шетелге көп шығатын. Трасса бойындағы әжетхана мәдениетін көріп, соны Қазақстанға әкелуді ойлап жүрген. Енді сол мүмкіндік тұған сияқты...

«Түрист совет адамы сияқты трасса бойындағы бұта түбіне дәрет сындыра алмайды. Әлемдік стандартқа сәйкес сапалы әжетханалар соғайық», – деп Бюроға жоба ұсынды. Және ақша бөліріп, трассадағы әжетханалар жобасын жүзеге асыруға кіріскен. Бірақ қиындыққа тап болды. Мұндай мәдениетті көрмек тұрмақ, еспмеген облыс хатшылары: «Мынаны жын ұрды. Хатшыларға әжетхана соқтырып жатыр», – деп Қонаевтың кабинетіне келіп, Өзбекәлінің үстінен шегі жоқ шағым айтатын. Соның өзінде хатшылармен төбелесіп жүріп бірен-саран әжетхана соғып үлгерді.

1980-90 жылдары трасса бойында көлікпен жүрген аға бұынның есінде шығар, жол шетінде көлбендеп бірді-екілі әжетхана кездесетін. Оның өзі еуропалық стандартқа сай емес, әрине. Бірақ жоқтан жақсы. Егер білсеңіз, соның өзін орнату Өзбекәліге қыруар проблема тұғызған. Шамасы ол жабайы хатшылардың надандығын жеңе алмаса керекті, «әжетхана мәдениетін» сол күні жүзеге асыра алмады. Бір жағы бірінші хатшы да мұндай мәдениетке емеурін танытпады.

Құрметті оқырман, сіз мына нәрсеге мән бердіңіз бе? Трассада көлікпен келе жатсаңыз, кейде жолдың екі жақ бөктерінен әртүрлі аңның мүсіні кездеседі. Бүркіт, елік, таутеке, барыс, бұғы сияқты бейнелер көзді баурап алады. Кейбір жолаушылар көліктен түсіп, сол мүсіннің жанында суретке түсіп жатады. Бұл идеяның да авторы Өзбекәлі Жәнібек екенін біле жүріңіз.

* * *

Өзбекәліге дейін Қазақстанда «Достық қоғамы» деген

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

ұйым болды. СССР кезінде мұндай ұйымдар санға айналған. Балабақшадан бастап үкімет үйіне дейін халықтар достығын жырлайтын. «Достық қоғамы» көбіне 1 мамырда ғана тіріліп, қалған уақытта қалғып жататын. Назарбаев дәуірінде пайда болған Халықтар ассамблеясы – осы ескі идеяның сарқыншағы. Бюрократиялық аппаратты шебер меңгерген Өзбекәлі қалғып жатқан «Достық қоғамын» оятып жіберді. Оның кеңсесін қазақ мүддесіне бұрды.

Кез келген ұйым өндіріп өнім беру үшін қисапсыз қаржы керек. Қаржыдан қысылса әжұа мекемеге айналады. Оның мысалын «Қазақ тілі» қоғамынан көресіз. Бұл қоғамды 1989 жылы Өзбекәлі құрған. Мақсаты – қазақ тілін тұрамағынасында мемлекеттік тілге айналдыру, ғылым, білім тілін қазақша сөйлету. 1991 жылы Өзбекәлі биліктен кеткен соң бұл қоғамның тамырына қан бармады. Биліктегі мәңгүрт шенеуніктер қоғамның атын қалдырды да, білдірмей қаржысын қиып тастады. Бір қарасаң, аты дардай ұйым. Төрағасы танымал тұлға. Жиындарға шақырылады. Эфирден сөйлейді. Бірақ қазақ тілінің күшеюіне соқыр тиын пайдасы жоқ. Себебі «Қазақ тілі» қоғамына бөлінген ақша штаттағы төрт-бес қызметкерге әрең жетеді. Олар өз бетінше шара ұйымдастырып, ешбір жобаны жүзеге асыра алмайды.

«Достық қоғамы» да дәл осындай күйде жатқан. Өзбекәлі қоғам жұмысын қайта құрды. «Қазақстан және Вьетнам достық қоғамы» деп бір бөлім ашты да, оған Әбділда Тәжібаевты президент етіп сайлады. «Қазақстан және Араб достық қоғамы» деп екінші біреуін ашты да, оған президент етіп Мұхамеджан Қаратаевты бекітті.

Осылайша мықты жазушы мен ғалымның бәрін «Достық қоғамына» мүше етіп, жеке-дара жұмыс істейтін қызмет беріп қойды. Ендігі мақсат – қоғамға қаржы бөлдіру. Осы кезде танымал тұлғаның бәрін танкі сияқты алдыға салды. Ғабит Мүсірепов бастаған ірі жазушылар өкіметтің «маза-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

сын» ала бастады. Тіпті академик Нәйла Базанова Өзбекәлінің қысымына шыдай алмай, Қонаевқа шағым айтып барды. «Қарғадай баланың ұрысын есту үшін академик болмаған шығармыз. Бізді бір іске жекп де, енді ақша табындар деп жанымызды алып бара жатыр», – деді. Ал Министрлер кеңесінің бір шенеунігі Қонаевқа кіріп: «Өзіңіз тоқтатпасаңыз, біздің шамамыз келмейді. Ақшаны сыпайы сұрамайды, «Бөл!» деп діңкілдейді. Шетімізден қырып бара жатыр. Өмірі бітпейтін жазушы шалдары және бар. Солардың бәрін бізге жұмсай береді», – деді.

Өзбекәлі мұндай телегей теңіз шаруаны еңсеру үшін қаржыны «берсе қолынан, бермесе жолынан» деп жұлып алатын. Өзбекәлі бұл стратегияны танымал өнер жұлдыздары арқылы да жүргізіп отырды. Айталық, 1988 жылы Роза Бағланованың бір маңызды жиында саяси тақырыпта сөйлеп тұрған видеосы бар. Сол заманның бір куәгері бізге мынадай деп ақпар берді:

«Байқасаңыз, Роза апамыз сол жиында кремльге жақпас саяси мәні қою, қазақтың қасіреті жайында тебірене сөйлейді. Арал теңізі мен Семей полигонының зардабын айтады. Аудитория мұңға батып, қауіпті тақырыпты унсіз тыңдап отыр. Өмірін өнер сахнасында өткізген әншінің мұндай тақырыпқа терең кіретін саяси сауаты да жоқ. Негізі бұл мәтіннің авторы – Өзбекәлі. Ол қазақтың қасіретті тарихын тіке айта алмағасын осындай айналма жолдарды жиі пайдаланатын. Бұл видеоны YouTube-тан көре аласыз».

* * *

Өзбекәлінің «қариялары» Бас Кеңсенің мазасын алды. «Достық қоғамына» ақша сұрап, кабинет алдында отырып алатын. Шенеуніктер бөлмесінен шыға алмай, шықса кіре алмай әбден қиналды. Бәрінің Қонаевқа келіп арыз айтудан басқа амалы қалмады. Мұндай қарқынмен екпін алған Өзбекәліні қызметінен кетіріп қана тоқтата аласың.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН


Сөйтіп Өзбекәліні 1977 жылы «Сыртқы байланыстар» бөлімінен алып тастады. Оны дербес кабинетке қамап, қаржыдан қысып ұстап отырамыз деген жоспар жүзеге аспады. Қаржы көзін тапқасын ол тым тәуелсіз тұлғаға айналды. Оның үстіне Мәскеуден келетін басшылар алдында абыройы асқақтап кетті. Енді оны бір бастыққа тәуелді етіп, басқа жұмысқа жекпесе өздеріне қауіп төндірді.

Зақаш Камалиденовтің мынадай естелігі бар:

«Көреалмаушылық мінездің кесірінен Өзекеңе «Сыртқы байланыстар» бөлімінде шындап қызмет істеуге, ойға алған жобасын жүзеге асыруға мүмкіндік бермедік. Егер аздап билік бергенде Алматы қазірдің өзінде турист толған қала болар еді деп ойлаймын.

Қазір Алматы әкімшілігі оңтүстік астананы туристік орталыққа айналдырамыз деп жүр. Бұл жұмысты Өзекең жетпісінші жылдарда бастап еді. Сол уақытта салынған Медеудегі «Ауыл» туристік комплексі, «Медеу» мен «Отырар» қонақүйлері, халық музыкалық аспаптар музейі, мың орындық «Қазақстан» қонақүйі, аэровокзал, бірінші теміржол вокзалы сияқты объектілер біздің Алматыны жер жүзіндегі ең әдемі қалалар қатарына енгізді.

Бірде «Ауыл» туристік комплексіне барғанымда басшысы мынадай жайды айтты: Германиядан келген туристер ылғи киіз үйге жатуды өтінеді екен. Тіпті кезекке тұрады. Олар үшін киіз үйге түнеу – өмірде қайталанбас сәт. Ал осы идея үшін сол жерге киіз үйлерді апарғанда Өзекеңе қарсы болғандар да аз болмап еді».



«ҚАРАЛЫ ХАБАРДЫ» ЕСТІРТУ

Советтік шенеунікке тән бір психология бар. Ол – билікті бөліспеу. Бәсекеге қабілетті біреудің басы қылтиса, құғын-сүргіннен көз аштырмайды. Бас хатшының креслосына жайғасқан «бақытты» көсем ұзақ отыруға тырысады. Мұның шектен шыққан үлгісін Сталин көрсетті. Ол саяси элитада бәсекелес шықпасын деп жиі репрессия ұйымдастырды. Көзі ашық адамды жаппай лагерьге айдады.

Одан кейінгі көсемдер Сталин сияқты шектен шыққан жоқ. Бірақ құғындаудың «мәдени айдау» сияқты жұмсақ түрін шебер пайдаланды. Талантты басшыны күші сарқылып біткенше Сизиф сияқты өнбес тірлікке жегіп қоятын. Кім осы ойынды жақсы ойнаса, креслода ұзақ отырады. Мұның мысалы Назарбаев дәуірінде анық көрінді.

Советтік көсемдердің тағы бір құйтырқы амалы көңіліне жақпаған қызметкерді ерекше әдіспен орнынан алатын. Ол үшін бірінші хатшы шетелге немесе Қара теңізге демалуға кетеді. Қызметтен алынған министр кімге барып шағымда-

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

нарын білмей дал болады. Екіншіден мұндай «қаралы» хабарды жұма күні кешке естіртеді. Мұндай естірту басынан балғамен ұрғандай әсер етеді. Мәскеуде танысы барлар сол жаққа телеграмма жіберіп, телефон соғып, әбігерге түсетін. Бірақ сенбі, жексенбі күні кабинетте ешкім болмайды.

Екі күн ішінде өзегі мықтылары тағдырға мойынсұнып көндігіп те қалады. Ал қуыскеуделері қызметтен алынғанын естігенде инфаркт алып, құлап түсетін. Осындай кезде қызметкерді өлтіріп алмау үшін басшылар көрші кабинетте білікті дәрігерді ұстап отыратын. Қызметкер «қаралы» хабарды естіп құлайтын болса, сол сәтте медициналық көмек көрсетеді.

Бізбен сұхбаттас болған Никара Абаева есімді күәгер мынадай естелік айтады: «Мен де Өзбекәлінің көзін көріп, тәрбиесінде болдым. Біз үшін партияға адалдық деген бірінші орында тұратын. Бірақ 1980 жылдарға қарай Орталық комитетте моральдық ахуал онша болмады. Мені де мұғіздеу басталды. Ол кезде президиумның хатшысы едім. Бір күні үшінші хатшы сайлауға қатысты күмәнді құжаттарға қол қоюға мәжбүрледі. Бірден бас тарттым. Өмір бақи Өзбекәлі ағамның балағына жабысқан бұл хатшы әңгімені төтесінен қойды:

- Қол қоймасаң, жолымыз екіге айырылады, – деді.
- Есесіне ұйқым тыныш болады, – дедім.
- Боссың! – деді ол зілді дауыспен.

Артынша мені кадр бөлімінің бастығы шақырды. «Қаралы хабарды» естіртті. Қызметім төмендепті. «Партия қайда жұмсаса, сонда кете беремін», – деп арызға қол қойдым да, кабинеттен нық басып шығып кеттім.

Үш күннен соң Зақаш Камалиденов кабинетіне шақырып, жағдайымды сұрады. Зақаштың айтысынша кадр бөлімінің бастығы маған «қаралы хабарды» естіртер кезде көрші кабинетте бір дәрігерді дайындап қойыпты. Мен сыр бермей,

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

байсалды кейіпте шығып кеткенде ол таңғалған. Сөйтсем маған дейін талай адам «қаралы хабарды» көтере алмай, жүрегін ұстап құлаған екен. Мені мүйіздеген хатшының өзі осындай «қаралы хабарды еспгенде мезгілсіз жүріп кеткен».

Совет заманында бюджеттен ақша жеу қиын. Қадағалау жүйесі қатал. Ол кезде ОБХСС деген ұйым болған. Мемлекеттің қаржысын талан-тараж қылғандарды әшкерелеп, тергеумен айналысатын. Сонда да жемқорлар қатаң жүйені айналып өтіп, екі жағдайда ақша жей алатын. Біріншісі – сайлау, екіншісі – халық санағы. Әсіресе «сайлау» сөзі СССР кезінде күлкілі естіледі. Жетпіс жылғы тарихында совет адамы сайлауға қатысып, дауыс беріп көрмеген. Кімнің қайда сайланарын Орталық комитет өзі шешеді. Нәтижесі әуелден белгілі науқанға ақша бөлудің қандай мағынасы бар?

Никара Абаеваны да қол қой деп қинағаны осындай «сайлау» науқанындағы күмәнді құжат еді.

* * *

Жоғарыда Никара Абаева баяндаған советтік әдіспен Өзбекәліні де қызметтен алды. Орнына Мәдениет министрінің орынбасары міндетін ұсынды. Ол оқиғаны «Тағдыр тағылымы» кітабында Өзбекәлі былай баяндайды:

«Күн жұма болатын. Қонаев демалыстан әлі оралмаған. Имашевтің көмекшісі кешкі сағат бесте кездесейік деді. Әңгіменің ауанын бірден түсіндім. Саттармен жолықтым. Ол тұспалдап сөйлеп отырып алды.

– Мәдениет министрлігін қоя тұрыңыз. Мына қызметтен неге аласыздар? Қандай қателік жібердім? Не кінә тағасыз? – деп сұрақты төтесінен қойдым.

– Жо-жоқ, кінә таға алмаймыз. Қателескен де емессің. Біз саған қателесуге мүмкіндік бермедік қой, – деп Имашев кеңілдеп күлді.

– Неменеге ыржақтап отырсыз. Сіздің арқаңызда күн көріп жүрсек жетіскен екенбіз. Мәселе қызметте емес, менің

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

жеке басымда болып тұр ғой. Қажет болса колхозға да бара аламын. Министрлігің өзіңе!

– Сен енді түсінсеңші. Біз кадрдың тағдырын қалай болса солай шешпейміз. Мәскөуге түсініктеме беруге тұра келеді. Мәдениет министрлігіне өзің сияқты «кесіп түсетін» адам керек. Сол үшін сені тандап жатырмыз.

– Кешіріңіз, ол жаққа «кесіп түсетін» менсіз де кадрлар жеткілікті. Шындықты айтпайтын болсаңыз, мен ешқайда бармаймын. Сау тұрыңыз, – деп шығып кеттім.

Ертесіне дәл осындай диалог екінші хатшы Коркиннің бөлмесінде жалғасты. Коркин:

– Мәдениет министрлігіне ұсынсақ деп едік. «Сыртқы байланыстар» бөліміне шет тілін білетін адам керек. Оны өзіңіз де түсінесіз, – деді.

– Бос сөз. Менің ағылшын тілін білмейтінім екі жыл бұрын да белгілі болған. Түнімен ойлап тапқан сылтауларың осы болса, босқа әуре болыпсыңдар. Мен басқаратын бөлім шетелдік елшіні қабылдайтын орын емес. Екі нұсқаушымның біреуі ағылшынша, екіншісі французша сөйлейді. Әзірше сол да жетіп жатыр. Айтпақшы, мен нота да білмеймін. Ертең біреу Мәдениет министрінің орынбасары нота білмейді екен десе, не істейсіңдер? – дедім. Коркин сөзден тосылып:

– Біздің қолымызда тұрған не бар? Бұл Қонаевтың шешімі еді, – деп айтып қалды.


– Олай болса, кешеден бері неменеге басты қатырып жүрсіндер?! Бірден тұрасын айтпайсыңдар ма? Бюро айтса болды, көнеміз. Бірақ маған демалыс беріңдер. Көңілімді орнына түсіріп қайтайын. Қалғанын көре жатармыз, – дедім.

– Отпуск те, путевка да, лечпособиө де – бәрі дайын. Тек қарсылық етпей, жаңа қызметке барсаңыз болды, – деді Коркин қуанып кетіп.

Сенбі күні болса да, Коркин бухгалтерді шақырып қойған екен. Есеп айырысу ақысы, жол қаражаты, ем ақы сияқты

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

құжаттар дайын тұр екен. Тіпті менің атыма курорт карточкасын алып, жолдама толтырылып, билет алып қойыпты. Уақытын қарасам жексенбі ұшуым керек... Неткен «қамқорлық» десеңізші! Құжаттарды алдым да, демалысқа шығып кеттім».



ДОМЫРА

КИЕЛІ МЕКЕНГЕ ОРАЛУ

Өзбекәлі – оңтүстіктің жігіті. Өзі Отырар төбеде туып, Түркістандағы Әзірет Сұлтан кесенесін бала кезден көріп өскен. Бір атасы әулиенің басына жерленген. Осындай қасиетті мекеннің совет кезінде қалай қорланғанын жақсы біледі. Күш қазандай қайнағанмен, күресуге дәрмен жоқ.

«Сыртқы байланыстар» бөлімі оған тамаша мүмкіндік берді. Ол кезде Тараздағы Айша бибі мазары үйінді астында жатқан. Яссауи кесенесінің іші-сыртын құм басып, жарықсыз тұрған. Арыстан баб қараусыз қалып, күмбезі құзданып кеткен. Оларды жөндеуден өткізу мүмкін емес еді. Кесенеге жолап кетсең, басың бәлеге қалады. Коммунизм идеясы сүйегінен өтіп, кемігіне сіңген партократтар «ескілікті аңсады», «дінді жаңғыртып жатыр», «Лениннің жолынан тайды» деп үстіңнен он батпан арыз түсіретін.

Ол заманды айтпағанда, қазірдің өзінде көп шенеунік

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

өзінің болмысын Арыстан баб, Яссауимен байланыстырмауға тырысады. Яссауи әулиенің абыройын көтеру саяси карьерасына кері әсер етеді деп қорқады.

Өзбекәлі Қазақстанның тарихи мекендеріне турист тартамын деген сылтаумен ақша бөлдіріп, Арыстан баб, Айша бибі, Әзірет Сұлтан кесенесіне жөндеу жүргізді. Тіпті ЮНЕСКО-ның тізіміне енгіземіз деп құжат жинады. Сол-ақ екен, арыз бұрқ етті де, мәселе Бюродан бір-ақ шықты.

Мыңмен жалғыз алысудан шаршамайтын Өзбекәлі Бюрода олардың аузына құм құйды. «Кешіріңіздер! «Сыртқы байланыстар» бөліміне тағайындаған өздеріңіз. «Қазақстанға турист тарт!» – деп тапсырған да өздеріңіз. Енді мынаны айтыңыздар, Еуропадан келген туристі қайда апарып қыдыртамын? Өздеріңіз шетелде болып жүрсіздер. Бізді қонақ қылып күткенде мемлекет басшылары қайда апарды? «Біздің тарихымыз, бай мәдениетіміз», – деп көне шіркеуін аралатады. Өздері әулие деп танитын киелі кісілердің қорымын көрсетеді. Әлем жұрты сол тарихты көреміз деп турист болып ағылады. Неге бізге солай етпеске? «Қазан төңкерісіне дейін ғылым, білім, өнер, әдебиет, мәдениет, архитектурадан мақұрым, жабайы ел болдық», – деп айтамыз ба? Қайта мың жылдық тарихы бар ескі архитектураны мақтанышпен көрсетіп, елімізді танытып, туристті молынан тартпаймыз ба? Олардың бәрі Алматы мен Шымкентті аралай бермейтін шығар», – деп қарсы шабуылға шықты. Бюро мүшелері дау айта алмады. Себебі Өзбекәлінің уәжі «Сыртқы байланыстар» бөлімінің концепциясына сай келетін.

* * *

Өзбекәлі 1977 жылы Мәдениет министрінің орынбасары болып тағайындалды. Торғайдағы тарих айна қатесіз қайталанды. Өзбекәліден өзгесі рөл ауыстырғандай. Сақанның орнына Жексенбек Еркінбеков деген атақты домбырашы келді. Бұл да Сақан сияқты мінезі жұмсақ адам. Ми-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

нистрдің бірінші орынбасары – И.Попов. Бұрын «Қазақконцерт» мекемесінде жұмыс істеген. Екінші орынбасары – «Қазақцирктің» бұрынғы директоры, кейін Мемлекеттік хатшыға дейін өскен Қанат Саудабаев. Үшінші орынбасары – Г.Волков. Ең соңғы орынбасары – Өзбекәлі Жәнібек.

Бюродағы кәрі коммунистер Өзбекәліні бұл салаға жіберген кезде мына нәрсені ескерген. Біріншіден оның қолында ешқандай билік жоқ. Мүзей мен археологиялық ескерткіштерге ғана куратор. Бұл жақтың бюджетінде ағылтегіл ақша да жоқ. Демек Өзбекәлі бұл мекемеде екі аяғы тұсалған асау аттың күйін кешеді.

Совет өкіметі өзіне бағынышты елдердің мәдениетіне қиянат қылған. Бюджет бөлгенде Мәдениет министрлігін соңғы кезекке қоятын. Яғни өзге министрліктен үнемделген, қалдық қаржыға өлігін сүйретіп жүретін. Кітапханашы, мүзей қызметкері, театр әртісінің бүйірі томпайып, жоғары жалақы алмайтыны осыдан. Әлдебір науқан кезде ғана Мәдениет министрлігіне ақшаны қаппен төгеді. Басқа уақытта олар битін сығып, қанын жалап отырады.

Бір қызығы, Қазақстан үкіметі тәуелсіздік алса да, советтік психологияны сақтап қалды. Мәдениет қызметкерлері жыл бойы жарымаған жалақыға сүйретіліп жүреді. Бірақ «Астана күні» сияқты мерекелерде миллиондап ақша шашады.

Советтік жүйе әу бастан ұлттық мәдениетті дамытпау үшін құрылған еді. Қазақстаннан бөлек алпауыт елдің бәрі ұлттық қордағы ақшаның денін мәдениетті нығайтуға жұмсайды. Осы тұста ел арасына көп тараған бір оқиғаны баяндай кетейік. Уинстон Черчилльдің II дүниежүзілік соғыс кезінде айтқан мынадай сөзі бар:

- «Премьер-министрдің кабинетіне Қаржы министрі кіріп:
- Келесі жылдың бюджетіне қол қойыңыз! – дейді.
- Черчилль қараса, мәдениетке аз ақша бөлініпті.
- Неге мәдени саланың бюджеті аз? – деп сұрайды ол.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

– Себебі елде соғыс жүріп жатыр. Бюджеттің көбі қорғанысқа кетп, – деп жауап береді министр.

– Біз не үшін соғысып жатырмыз, білесің бе? Мәдениет үшін. Мәдениеттің негізгі өзегі – тіл, тарих, дәстүр, әдебиет, рұханият, дін, өнер үшін қан майданда жан алысып, жан берісіп жатырмыз. Мәдениетке ақшаны аз бөлетін болсаң, онда соғысып не керек?» – депті.

Мұндай диалог расымен болды ма, болмады ма, шындығын білмейміз. Бірақ мәні ақиқат. Мемлекеттің бүкіл құрылымы, расымен де, **ұлттық мәдениетті қорғау** үшін қызмет қылады. Сондықтан дамыған елдерде мәдениет саласын бейшара күйде ұстамайды. Үкімет құрамында Мәдениет министрі Қаржы министрінен кейінгі үшінші адам саналады. Бюджет бекіткенде мәдениет саласы бірінші ескеріледі.

Ал Қазақстанда, керісінше, Мәдениет министрлігі – ең кедей мекеме. Кедейлігін содан біл, біресе ақпаратпен, біресе спортпен қосақталып жүреді. Себебі ақпарат пен спортқа қаржы көп бөлінеді. Ал мәдениет сол министрліктің ішіндегі екі саладан үнемделген, қалдық ақшаға әупірім-деп күн көреді. Мысалы, біздегі хоккейшілер мен футболшылардың ең төменгі жалақысы – 1,5 млн теңге болса, кітапханашы мен музей қызметкерінің ең төменгі айлығы 150 мыңға жетпейді.

* * *

Өзбекәлі жаңа министрлікке келген соң ішкі кұхняны зерттеді. Жексенбек ағаның мінезі жұмсақ кісі еді. Соны пайдаланып, министрлікті көбіне Попов билеп-төстейтін. Ал министрлікке бөлінген аз қаржының құлағын Волков ұстап отыр. Ол мүзей саласына бөлінетін қаржыны қысып тастаған. Сонда Өзбекәлінің бөліміне тиын-тебен ғана тамады.

Жексенбек Өзбекәлінің іскерлік қабілетін бұрыннан ба-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

ғалайтын. Сондықтан ол мынадай қулық ойлап тапты. Бюджет қаралар шақта еңбек демалысына шығып, орнына министрдің міндетін атқарушы етіп Өзбекәліні бекітті.

Қолына билік тиген сәттен бастап Өзбекәлі бюджетті өзі бекітуге кірісетін. Поповтан бастап бәрінің екі аяғын бір етікке тығады. Мұрнынан су аққанша жұмыс істетіп, сауаты жылдық жоспар әзірледі. Қаржы министрлігіне өзі барып, табандап тұрып алып, бюджеттің бір тиынын да қысқартпастан керек қаражатты бөлдіріп алатын. Жексенбек пен Өзбекәлінің арасындағы астыртын стратегия осылай жүріп жатты. Есесіне Мәдениет министрлігі қаржыдан тарықпады.

1977 жылы Өзбекәлі қызметке келгенге дейін Яссауи, Арыстан баб, Айша бибі сияқты тарихи ескерткіштерді ғылыми-зерттеу, реставрация жасау жұмысына 300 мың сом бөлінетін. 1981 жылы мұның мөлшері 3,5 млн сомнан асты. Яғни Өзбекәлі бюджетті он есе өсірді. Ал 1984 жылы ол қызметінен алынып және бір «мәдени айдауға» кетер тұста бөлінетін қаржыны 9 млн-ға жеткізді.

Бұл кезде СССР-дің «рубль», қазақша «сом» деп аталатын валютасы долларға шаққанда бірге бір болатын. Сонда 9 млн доллар бөлінген. Енді оны доллардың қазіргі қуатына шақсаң, он есеге тағы өседі. Демек Өзбекәлі ұлттық мәдениетті нығайту үшін бір ғана тарихи ескерткіштерді жөндеуге бюджеттен 90 млн долларды жұлып алды деуге болады. Ақшаның мұндай сомасын реставраторлар өңі түгілі түсінде көрмеген.

Құрметті оқырман, бұл ақшаны сіз бүгін де көзбен көріп, қолмен ұстай аласыз. Әзірет Сұлтанның кумбезі, ою-өрнегі, есігі, едені Өзбекәлі бөлдірген қаржының кушімен қалпына келді. 1978 жылы топыраққа көміліп қалған жерасты мешітін қазып алған да осы ақшаның қуаты. Қазір Арыстан баб пен Яссауи кесенесіне келетін турист саны жылдан жылға көбейіп жатыр. Жұрт зиярат етіп, тамашалап жүрген құнды-

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

лықтың бәрі – бір кездері Өзбекәлі тірілтіп кеткен руханият әлемі.

* * *

Өзбекәлі жұмысқа кіріскен күні-ақ шенеуніктердің мәңгүрттігін байқады. Төл тарихы мен атасының мәдениетін ұмытып қалған шенеунік – ұлттық мәдениеттің бірінші жауы. Бір жобаны қолға алайын десе, мәңгүрттер аяғына оратылып шыға келеді. Осы мәңгүрттікті сындыру үшін ол министрлік ішінен мұражай ашты. Сөйтті де, министрлік қызметкерлерін музей мәдениетіне үйретті.

Әдетте кабинеттегі шенеунік мәдени майдан шебінде не болып, не қойып жатқанынан бейхабар. Көбі қазақтан шыққан әнші, күйші, бишіні танымайды. Ондай мысалдар қазір де жетіп артылады. Ел арасында анекдот ретінде айтылатын мынадай әңгіме бар:

«2007 жылы «Түркістан» газетінің бас редакторы Шамшидин Паттеев Мәдениет министрі Ертісбаевқа телефон шалып өзін таныстырыпты. Сөйтсе министр оны Қалдаяқовпен шатастырып: «Әй, Шәмші, сен қайда жүрсің? Көрінбейсің ғой. Астанаға кел, жақсылап концертінді ұйымдастырып берейін», – депті».

2018 жылы бұрынғы президент Н.Назарбаев та әйгілі абайтанушы, ғалым Қайым Мұхамедхановты білмей масқарасы шыққан. Астанада Қайымға арнап көше аты берілген еді. Н.Назарбаев соны сынап: «Көше атын беретіндей Қайым Мұхамедханов кім болған? Қандай еңбегі сіңіпті?» – деп қала басшыларына тиісті. Бұл оқиға қоғамда үлкен резонанс туғызды. Назарбаевтың тарих пен әдебиет, мәдениетті білмейтінін әшкере етті.

Осындай абыройсыз істің алдын алу үшін Өзбекәлі қол астындағы қызметкерлерді өнер ордаларына топ-тобымен айдады. Мәдени салада болып жатқан соңғы жаңалықтарға ілесіп отыруды талап етті. «Ана музейге бардың ба?»,

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

«Мына спектакльді көрдің бе?» – деп тексеретін.

Музей ашу оның негізгі миссиясына айналды. Қай өңірге барса да, сол аймақтың тарихын сөйлетіп, музей ашып отырған. Себебі ол заманда қазақтарға төл тарихы оқытылмайды. Олар мектепте еспмеген тарихи ақпаратты музейден алатын. Әрі қарай ізденетін. Мысалы, ол кезде Қожа Ахмет Яссауи мен онда жерленген хандар, билер, батырлар жайлы айтуға, жазуға тыйым салған. Бірақ музейге барған мектеп оқушысы олармен оп-оңай танысып қайтатын.

Тарихты тануға тыйым барын Рахия Жүзбаеваның мына естелігінен байқаймыз:

«Бір күні Яссауи кесенесіндегі құлпытастарға идентификация жасадық. «Мынау пәленше ханның тасы, ал анау Абылай ханның тасы», – деп Өзбекәлі хатқа түсірді. Сол кезде мен:

– Ағай, бастықтар «Абылай ханның құлпытасын бадырайтып көрсетпе, бұл – саяси қателік» деп жатыр, – дедім. Сонда Өзбекәлі:

– Қарағым, ханның құлпытасын қараныкі деп айтып, тарих алдында қарабет болар жайымыз жоқ. Қорықпай атымен атау керек, – деп жауап берді».

* * *

Өзбекәлі өз өңірінде азшылыққа ұрынып, «ұлы» халықтың алдында төменшіктей бастаған қазақ жұртының еңсесін тіктеу үшін орыстар орман болып отырған аймаққа өлкетану музейлерін ашты. Кеудесі басыла бастаған қазақтар қайтадан ес жинап алды. Алматыдағы өлкетану музейі бұрын Панфилов паркіндегі қуықтай ғимаратта қысылып отыратын. Өзбекәлінің бастамасымен қазіргі Назарбаев көшесіне жаңадан зәулім ғимарат салынды. 1985 жылы құрылысы бітіп, Орталық музейге айналды.

Өзбекәлінің және бір ашқан музейі Абай атындағы опера және балет театры мен Әуезов драма театрының

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

ішінде жасақталды. «Елү жылда ел жаңа» демекші, сахна әлеміне жаңа буын келді. Олар Темірбек Жүргенов пен Ілияс Омаров заманындағы ұлт мәдениеті үшін кескілескен күрес тарихын білмейді. Сол тарихты санада сайрату үшін осындай музейлер ашты.

Өзбекәлі кез келген музейді ұлттық мүддеге сай құрас-тыратын. Себебі ол кезде, әсіресе, Алматыда қазақтардың орыстануы геометриялық прогресспен жүріп жатты. Жастар қазақ болып туылуды тағдырдың қасіретіндей қабылдайтын бейшаралыққа жетіп қалған еді. Міне, осындай сәтте ұлттық позицияны бермес үшін ол жылт еткен мүмкіндікті мүлт жібермей, музейдің түр-түрін аша берді.


Өзбекәлі Мәдениет министрінің орынбасары болып жеті жыл істегенде қамқорлыққа алған негізгі нысаны – Әзірет Сұлтан кесенесі. Бюджеттегі қаржыны реставрация жасайтын шеберлерге жұмсады. Дүрбені түристер ағылып келетін киелі мекенге айналдыруға барын салды. Бағына орай мұның жанынан Жұмабек Тәшенов табылды. Ол Шымкентте тұрып жатқан зейнеткер еді. Ұлттық мүддеден басқа арманы жоқ екі арыстан Яссауидің кесенесінде тоқайласты. Ердесбек Әшенов есімді күәгер естелігінде бүй деп жазады:

«Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне шетелден келіп жатқан түристер легі көп-ақ. Кесенені таныстыру үшін Өзбекәлі ағылшын, түрік, француз, орыс, қытай тілін білетін жастарды жинап, оларды қамқорлыққа алды. Бірнеше жерден дәмхана аштырып, ұлттық тағамдар дайындауды қалыпқа келтірді. Қымыз бен қымыранның қысы-жазы үзілмей келіп тұруын қадағалады. Дастарқанда ыстық тоқаш пен бетіне сәйдене сепкен ыстық тандыр нанның тұруын талап етп. Әшекеймен өрнектеле салынған дүкендерді сүвенирмен толтырды. Сувенирдің көбін Түркия мен Сауд Арабиясынан алдырды.

Өзбекәлі кесенеге жиі келетін. Бірде жазушы Саттар

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Ерубаеттың мұражайын ашты. Сол кезде Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің көркі де, бар байлығы да – Петербордағы Тайқазанды алдыру жайлы сөз болды. Мұны ең алғаш қолға алған Өзбекәлі, оны қоштаған Тәшенов болды десем қателеспес едім. Бұл қадамдары құтты болды. Өзбекәлінің қолындағы тарихи дерекке сүйеніп, Жұмекеңнің Мәскеу, Петербор қаласының басшыларына соққан қоңырауы аз болған жоқ-ты».



ТОҚЫЛАҚ

ЕКІНШІ ОНКҮНДІК

Не үшін Жұмабек Тәшенов Өзбекәлінің жанынан табыла кетті? Енді соған жауап іздейік. Жұмабекті жұрт Қазақстанның бес облысын Ресейге бермей сақтап қалған батыр ретінде таниды. СССР-дің Бас хатшысы Н.Хрущевпен болған ерегісі ел аузында аңыз болып айтылады. Бұл – оның саяси қайраткер ретінде танылған ерлігі. Ал Жұмабектің мәдени майданда көрсеткен күрескерлігі бір төбе.

Ол 1955 жылы Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің Төрағасы болып сайланды. Сайлана сала мәдени майданға қойып кетті. Есіңізде болса, бұл кезде Сталиннің өлгеніне екі-ақ жыл толған. Репрессияның ауыр атмосферасы әлі тарқамаған еді. Ермұхан Бекмаханов, Қажым Жұмалиев, Есмағамбет

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

Ысмайыловтар түрмеде жатыр. Мұхтар Әуезов, Ахмет Жұбанов, Ілияс Омаровтар Мәскеуде қашып жүр. Ал Абайды насихаттау кең етек алмаған.

Жұмабек қызметке отыра сала Алматыдан Абайға көше атауын беруді ұсынды. 1955 жылға дейін Алматыда Жамбыл мен Амангелді Имановтан өзге қазақша көше жоқ еді. Алаш арыстары жаппай атылған соң орыстың өктем мінезі үстемдік құрып, Алматыдағы көше атауына қазақтардың атын қойғызбайтын. Жұмабек жиналыста отырып:

– Тбилисиге барсаң, ең үлкен көшені Руставелиге берген. Мәскеудің басты көшесі Горький атында. Біз де өзіміздің Абайға Алматыдағы ең үлкен даңғылын берейік, – деді.

Бұған кәрі коммунистер бірден қарсы болды. Бірақ Жұмабектің қабағынан тайсақтап, пікірін ашық айта алмады.

– Абай – Алматыда тұрмаған, Семейден шықпаған адам. Көшені сол жақтан берейік, – деді олар міңгірлеп. Жұмабек даусын зорайтып, өктем сөйлеп:

– Тәшкеннің ең үлкен даңғылына Әлішер Науаидың аты берілген. Бірақ Науаи – Тәшкен тұрмақ, Өзбекстанға аяқ баспаған адам. Ғұмырын Ауғанстанның Герат қаласында өткізген. Үйінен шықпаған. Бірақ оны өзбектер құрметтеп, төбесіне көтеріп отыр. Оған не дейсіңдер? – деді. Отырғандардың аузына құм құйылды.

Осылайша Алматыдағы ең үлкен даңғыл Абайдың атын иеленді. Ол ұлтшыл харизмасымен қарсыласын ықтырған соң бір ұсынысты және өткізіп жіберді. «Абай даңғылының басына Абай ескерткішін қоямын!» – деп шегеледі. Қарсылас табылмай, бәрі бас изеп отыра берді.

Ескерткіш соғылар кезде партиядағылар бұл істі мәскеулік мүсіншілерге бермек болған. «Қазақтың ескерткішін сол ұлттың өз өкілі жасауы керек. Олардың қанында қазақтың рухы жоқ», – деп Жұмабек белден басты. Сөйтп де, Абайдың алып ескерткішін бұрынғы колхоз ұстасы, арнаулы білім алмаған, бірақ аса дарынды сәулетші Хакімжан

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Наурызбаевқа жасатты. Жұмысты тікелей өзі бақылады. Мүсін аяқталған соң лентасын қиып, сөз сөйлеп, халықтың игілігіне тапсырды.

Жұмабек соқтырған бұл ескерткішті қазіргі Республика сарайының алдынан көре аласыз. Бұл Хәкім Абайға арнап соғылған Алматыдағы алғашқы ескерткіш еді. Абай даңғылының бойында салынатын ғимараттардың да эскизін Жұмабек жасаған. Сол жердегі ескі барахолканы қаланың шетіне көшірді де, орнына Орталық стадионды салдырды.

* * *

Жалпы Сталиннің қырына қатты іліккен екі халық бар. Бірі – украин, екіншісі – қазақ. Ол кезде екі ұлттың да саны басым, интеллегенті көп еді. Элитасы кремльмен ұтаса алатын. Осы екі халықты әлсірету үшін қолдан ашаршылық ұйымдастырды. Аман қалғанын саяси қысыммен тұқыртып ұстау кремльдің негізгі ұстанымына айналды. Қазақтан шыққан дарынды өнер иесін көпе-көрінеу көзге ілмейтін.

Өзінді өзгеге сыйлатудың әмәнда бір-ақ жолы бар. Ол – өнер мен мәдениетте ешкімге дес бермеуің керек. Сол үшін Темірбек Жүргенов 1936 жылы Мәскеуде Қазақстанның онкүндігін өткізді. Қазақ мәдениетімен танысқан Мәскеу элитасы газет-журналда шулатып мақала жазды. Қазақ өнеріне бәрі тәнті болды. Үш жүз адам барып, оның 270-сі марапат алды. Күләш Байсейтова СССР Халық әртісі атағын алған ең жас әнші атанды. Осылайша қазақ мәдениетінің мерейі үстем болып оралды. Өзін әлемге танытты. Бірақ Сталиннің репрессиясы мен II дүниежүзілік соғыстың кесірінен мәдениет өкілдерінің рухы басылып қалып еді.

Жұмабек биліктің бір тізгінін ұстаған күні Мәскеуге екінші мәдени майдан жариялады. «1936 жылдан бері Мәскеуде Қазақстанның мәдени күндері өтпепті. Соны 1958 жылы өткізіп, ұлтымыздың қазіргі мәдени деңгейін көрсетіп қай-

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

туымыз керек», – деп мәлімдеді. Мәскеуге баратын шығармашылық ұжымға жетекшілік етуді Ахмет Жұбановқа жүктеді.

Мәскеуге Ахмет «Біржан-Сара» мен «Абай» операсын апармақшы болды. Спектакльден «Еңлік-Кебек» пен «Ақансері-Ақтотыны» дайындады. Кенет Қазақ ССР-нің бірінші хатшысы Н.Беляев: «Мәскеуге баратын екі операның біріне «Руслан и Людмиланы» енгізесің», – деп оны қысымға алды. Ахмет көнбеді. «Орыстың өз операсын өзіне қойып беріп абырой таппаймыз. Қазақ мәдениеті болған соң ұлттық нақыштағы опера қойылуы керек», – деді. Сөзін өткізе алмаған Беляев кектесіп, оны «ұлтшыл» деп айыптап Мәскеуге жібермей қойды.

Ахмет мұның алдында ғана 1952 жылғы қуғыннан оралып, есін енді жиып жатқан. Бұл қысым жүйкесіне салмақ салып, жүрегі әлсіреп, төсек тартып жатып қалды. Әйтпесе ол «Құрманғазы» оркестрімен Мәскеуді тағы бір дүбірлетіп, қазақтың жігерлі күйлерімен сес көрсетіп қайтқысы келген. Ол 1936 жылы Мәскеуге Т.Жургеновпен бірге барғанда оркестрімен Құрманғазының «Сарыарқа», «Адай», «Серпер», «Балбырауын», «Көбік шашқан», Дәулеткерейдің «Қосалқа» күйлерін шегіне жеткізе орындап, қазақ мәдениетінің айбынын асырып жіберген еді. Етектен тартқан осындай қысымдар ақыры Ахметтің түбіне жетіп тынды.

* * *

Жұмабек бастаған қазақ өнерпаздары 1958 жылы Мәскеудің төрінде дүркіретіп, өнер көрсетті. Қазақтардың жігері мен қайраты қайта сілкініп шыға келді. Бұған дейін қазақ ішінен СССР Халық әртісі атағын Күләш Байсейпова ғана алған екен. Осы шарадан соң Жұмабек бес бірдей қазақ өнерпазына Халық әртісі атағын әперді.

Ол атақ берерде медаль десе туған шешесін сатып кетуге дайын тұратын тексіздердің тізімге еніп кетпеуін қатаң

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

қадағалады. Оның үстінде Жұмабек – өнер саласын терең түсінетін сұңғыла. Марапатқа кімнің лайық екенін өзі белгіледі. Тізім арасына таныстықпен, туыстықпен кіріп кеткен атақ-құмарларды сызып тастады. Атақ алатын адамның тізімін оқығанда:

– Қазақ театрының абызы, ескіден қалған көз – Қалибек Қуанышбаев тұрғанда Халық әртісі атағына ешкім таласпайды. Сол сияқты «Біржан-Сараны» тірілкен Ермек Серкебаев пен Роза Жаманованың орны ерекше. Кинода қазақ өнерін көркемдікпен экранға шығарған Шәкен Аймановтың «Наш милый докторы» сый-сияпатсыз қалуы мүмкін емес. Ал қазақтың маңдайына біткен жұлдызындай ұлы композиторы Мұқан Төлебай болмаса «Біржан-Сара» операсы тұар ма еді, дүрлідеп Еуропа сахнасына шығар ма еді?! – деді Жұмабек. Бәрі онымен сөзсіз келісп. Әділіне салғанда солай еді.

Бір жылдан соң, яғни 1959 жылы ол Мұхтар Әуезовке Лениндік сыйлық әперді. Сол кезде «Сәбитке берейік» дегендер болған екен, Жұмабек: «Алдымен Мұхтарға беру керек. Өйткені ол Абайды жазды. Абайдан күшті қазақ жоқ. Сәбит те мықты жазушы, бірақ оны келесі жолы ұсынайық. Абайдың алдына түсуге ешкімнің дәті жетпес. Мұхтарға сыйлық бергеніміз – Абайға бергеніміз», – деді.

Осыдан соң Мұхтардың абыройы асқақтап, дұшпаннан үстем түсіп, қауіптен құтылды. Мұнан кейін Лениндік сыйлық иесінің үстінен арыз жазу күншіл коммунистердің өзі үшін абыройсыз іс саналды. Мұхтар жеңіске жетті.

Дұшпанның Жұмабектен ығып тұратын бір себебі – ол қазақ тарихы мен әдебиетін, мәдениетін жақсы білетін. «Қазақпыз» деп жүрген бюро мүшелері оның алдында сөйлеуге сескенетін. Көп жағдайда қарсы келмейтін. Осыны пайдаланған Жұмабек те ұлтшыл принциптерін коммунизм шапанына орап, оп-оңай өткізіп жіберетін.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

* * *

Кремльдегі коммунистер қазақтарды тұқырту үшін Алматы қаласын орыстандыра бастады. Қара қазаққа да, білімді қазаққа да баспана бермейтін астыртын саясат жүргізді. Ол кезде білігі мен өнеріне сеніп Алматыға келген арынды қазақтың өзі пәтерден пәтерге көшіп, сағы сынып, материалдық тұрғыдан мүжіліп, көп жағдайда ішкілікке салынып кететін. Алматыда үйі бар қазақтардың саны тоғыз пайызды әрең құрайтын. Сондықтан көбісі өзге жұрттың пәтерін жалға алып, өзін бейшара ұлт ретінде сезінетін. Осындай әділетсіз қорлауды көрген Жұмабек қолына биліктің келесі тізгіні тиген сәтте дарынды, өнерпаз қазақтарға Алматының қақ ортасынан тегін пәтер таратты.

Ол 1960 жылы Совминде бар-жоғы жеті-ақ ай төраға болды. Сол кезде Қонаев пен Қабанбай батыр көшелерінің қиылысында жаңа технологиямен салынған 121 пәтерлік үлкен үйді түгелімен мәдениет қайраткерлеріне бергізді. Жұмабектің арқасында Бибігүл Төлегенова, Гүльфайруз Исмаилова, Шабал Бейсекова, Жамал Омарова, Жүсіпбек Елебеков, Хамза Есенжанов, Зейін Шашкин, Сейфолла Телғараев, Кәукен Кенжетаяев, Құрманбек Жандарбеков, Балғабек Қыдырбекұлы сияқты зиялылар баспаналы болды. Әйтпесе бұл өнерпаздың бәрі Алматыда үйсіз тентіреп жүрген еді. Тіпті болашақ министр Ілияс Омаровтың өзі осы жолы пәтерге ілінді. Қазақстанның 1992 жылғы әнұранын жазған авторлардың бірі Жадыра Дәрібаева әлі күнге дейін сол үйде тұрады. Жазушы Әзілхан Нұршайықов та сол кезде баспанаға ие болды.

Бүгінге дейін ол жерді жұрт «Қазақ ауылы» немесе «Тәшеновтің үйі» деп атайды. Егер Жұмабек билікте біраз жыл отырғанда Алматыны білікті, білімді, өнерлі қазақпен толтырып қоятын еді. Академик Шапық Шөкиннің мынадай естелігі бар:

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

«Бір күні Жұмабектің қабылдауына қазақша-орысша сөздігін алғаш құрастырған филолог, ғалым Хайрулла Махмудов кірді. Ол өзінің жай-күйін айтып, пәтер алуына көмек сұрады. Жұмабек орнынан тұрып:

– Мұндай ғалым адам қалай үйсіз жүр? Қаладағы салынып жатқан үйлерден қалаған пәтерді таңдаңыз. Сол сіздікі болады, – деді.

Х.Махмудов қаланың ү-шуы аз бұрышынан пәтер алды. Пәтері екі бөлмелі екен. Оны еспгенде Жұмабек:

– Дендерің сау ма? Өзі ғалым болса, ұлты қазақ болса, қуықтай екі бөлмеде қалай өмір сүреді? Ғалым тұрмақ, жәй қазақтың өзі үш жұртынан кезек-кезек қонақ келгенде өз үйіне өзі сыймай кетеді. Ғылым жасайтын адамның өзі мен кітабы ғана тұратын бөлек кабинеті болуы керек. Сондықтан әңгімені көбейтпей, төрт бөлмелі пәтер беріңдер. Ғалым ғана емес, кез келген қазақ төрт бөлмелі пәтерде өмір сүруі керек. Сонда ғана қанатын кеңге жайып, тамырын тереңге тастайды, – деді. Құрылыс бастығы:

– Кешіріңіз, жолдас Тәшенов. Біздің құрылыс стандарты бойынша екі бөлмелі үй ғана бар. Төрт бөлмелі үйдің жобасы жоқ. Ол үшін екі бөлмелі пәтерді қосып, ортадағы қабырғаны бұзып, тағы бір есік ашу керек, – деді.

– істің нобайын өзің де біліп тұр екенсің. Уақыт созбай, қабырғаны бұз да, екі пәтерді біріктірі! Біреу бірдеңе десе, өзім жауап беремін, – деді.

Осылайша, әлгі ғалым төрт бөлмелі үйге ие болып шыға келді».

* * *

Жұмабекті қызметінен алған кезде оны мемлекет есебінен қазақтарға «жомарттық» жасады, Алматының ортасына «Қазақ ауылын» тікті деп айыптаған.

«Жесір дауы, жер дауы» дегендей бес облыс үшін Н.Хрущевпен ұстасып, Шымкентке «мәдени айдауға» кет-

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

кен Жұмабек, бұл өңірге келгесін де ұлт мүддесіне жұмыс істей берді. Оның мәдени майдандағы тағы бір бітірген ерлігі – шығыс моншасын жөндеуі.

Жұмабек Яссауи кесенесіне келген бір сапарында топырақпен көміліп жатқан шығыс моншасын көріп, іші ұдай ашыды. Оны қазып алып, қайта қалпына келтіруге пәрмен берді. Бір қызығы, моншаның жұмыс жүйесі сол күйі сақталыпты. От жаққанда қазанмен бірге бөлменің едені қызып сала берген. Осылайша монша іске қосылып, 1975 жылға дейін халыққа қызмет қылған.

Кейін шығыс моншасы үлгісінде Алматыдан Арасан моншасын соғады. Түркістандағы моншаның жылу жүйесін ақтарып-қопарып зерттейді. Сол кезде шығыс моншасы істен шыққан деседі. Совет инженерлері оның жылу жүйесін сол күйі қалпына келтіре алмапты.

1979 жылдан бастап ол музейге айналды. Музей қабырғасына осы моншада жуынып жатқан адамдардың суреті салынуы керек еді. Әуелде суретшілер шығыс дәстүрін білмей, жалаңаш кісілердің суретін салып қойыпты. Өзбекәлі соны естіп, орта ғасырдағы шығыс моншасына жуыну әдебі жайлы суретшілерге лекция оқиды. Сөйтіп суреттегі адамдардың беліне мата байлатып, қайта салдырған.





ГАРМОНЬ

АЛҒАШҚЫ ЭКСКУРСОВОД

Қазір Әзірет Сұлтанның кесенесіне барған зияратшы оның тарихымен танысқысы келсе, арнайы экскурсовод жалдайды. Кәсіби мамандар оған кесене жайында телегей-теңіз ақпарат береді. Бірақ біз терең барламаймыз. Біздің ойымызша бұл іс озалдан бері өзінен-өзі жүріп жатқан сияқты көрінеді.

Қазақстанда советтік музейлерді таныстыратын экскурсовод бұрыннан бар еді. Олардың кейбірін Ресейден оқытып әкелетін. Бірақ Яссауи кесенесіндегі экскурсоводтың тарихы 1978 жылдан басталады. Оларды Өзбекәлінің өзі дайындаған. Сол кезде алғашқы экскурсовод болған Рахия Жузбаева қызық естелік айтады:

«1978 жылы Алматыдағы Шет тілдері институтын бітіріп, Түркістанға оралдым. Келсем жұмыс жоқ. Шешем мені сүйреп, горкомға келді. Ол маған: «Яссауидің кесенесі ашылып жатыр, соған бар. Сол жерде министрдің орынбасары Өзбекәлі Жәнібек жүр. Мүмкін жұмыс табылып қалар», — деді.

Шешем мені ертті де, кесенеге тартты. Барсақ жұмыс қызу жүріп жатыр. Бөтен кісіні жолатпайды. Бағымызға қа-

рай танымал жазушылар келіп қалды да, соларға ілесіп ішке кіріп кеттік. Ол кезде дүрбениң ешбір мәртебесі жоқ. Есігінде құлып ілініп тұратын. Электр жарығы да тартылмаған. Тарихи ескерткіш ретінде тізімде бар, бірақ қоғамдық функциясы жоқ. Орынбай Дастанов деген жалғыз қараушыға штат бөлінген. Ол 1955 жылдан бері жүр екен. Әулиеге адал қызмет еткен кісі. Ішіндегі дүниелерді сақтап қалуға бар күшін салған.

Өзбекәлі 1978 жылдың қыркүйегінде кесенені мемлекеттік музейге айналдыру жөнінде қаулы шығарып әкеліпті. Десе де, қаулыны шығару оңай емес. Ол үшін өкімет басшысы да бұл қаулыға мүдделі болуы керек. Өкіметте Бәйкен Әшімов отырған. Қаулы шығарып алуға ықпал еткен сияқты.

Өзбекәлі қаулыны алған күннің ертесіне Түркістанға келді. Келе сала қара жұмысқа қойып кетті. Ол кезде кесененің едені қара топырақ болатын. Зияратшылар тәбарік деп киелі топырақтан ұстап ала беріп, еденін ойдым-ойдым шұңқыр қылып жіберген. Команда жиналған бойда кесене ішіндегі топырақты зембилмен сыртқа шығара бастады. Өзбекәлі балағын түріп, орамалының төрт бұрышын түйіп, басына киіп алды да, іске кірісті. Бірде зембилдің бір ұшын ұстады. Кейде топырақ толы арбаны тысқа сүйреді.

Біз шешем екеуміз кесененің ішіне кірдік. Жарық жоқ, алагеуім қараңғы. Жел соқса, шаң-топырақ бұрқ етіп көтеріледі. Шешем:

– Мына жердің бастығы кім? – деп айғайлады. Шаң арасынан балағын түріп алған, бет-аузы шаң-шаң бір жігіт ағасы шықты да:

– Мен! – деді.

– Әлгі Өзбекәлі деген сен бе?

– Иә, апа, бұйыртса біз боламыз.

– Болсаң мына баланы жұмысқа ал! Алматыдан оқуын кеше бітіріп келді. Әкесі болса соғыс ардагері...

– Мамандығы не?

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

- Шет тілін біледі.
- Жақсы, қызыңыз осында қала берсін. Жұмыс жетеді.
- Әй, ең болмаса, үйге барып киімін ауыстырып келсін.

Мынаның іші шаң-топырақ екен.

– Апа, қызыңыз әлі бұдан да әдемі көйлек киетін болады. Уайымдамаңыз, – деді әлгі кісі.

Сол күні жұмысқа кірісіп кеттім. Кесененің топырағы тазаланып, экспозиция жұмысы басталып кетті. Түрлі жапқыш пен пердені қолдан тіктік. Киізбен қапталған сандық бар еді. Ескі кітаптар бұрын сонда сақталыпты. Сандықтың жапқышына түйетабан деген оюды қызыл жіппен кестелеу керек болды.

Институтта оқыды деген атымыз ғана, бірақ қыз болып, кесте тігуді білмейді екенбіз. Оны Өзбекәлі аға бірден байқады. Бірнеше қыз-келіншекті отырғызып қойды да: «Көк иненің көтін түртуді білмейтін өңшең олақтар», – деп зілсіз ұрсып алды. Сосын үнін жұмсартып: «Қарандар, басынан бастап көрсетемін. Инені қадап, жіпті былай ілесіңдер», – деп кесте тігуді үйретті. Сөйтсем, өзі кәсіби тігінші екен. «Мынау ілме кесте, мынау тұртпе кесте», – деп тігіншілік өнердің түр-түрін таратқанда аузымыз ашылып қалды.

Бірде сыпырғымен үй сыпыруды үйретті. «Оқтау жұтып алғандай қақиып тұрып сыпырмаңдар, шаң қыласыңдар! Еңкейіп, сыпырғышты жатқызып сыпырыңдар», – деп сыпырғыны алып, үлгісін көрсетті. Бес жыл оқыған неміс тілім жайына қалды. Таңнан кешке дейін кесте тігіп, еден сыпырамын. «Апа, бес жыл Алматыда оқығанда тапқан жұмысым осы болды ма?» – деп күнде үйге жылап келемін.

Атам Қарамырза Яссауи ілімін оқыған діни сауатты кісі болыпты. Оны жұрт «қалпе» деп құрметтейтін. Құсшы атадан Түркістанға жаяу келіп, қырық күн оңашада құлшылық қылып, шілханаға түскен екен. Ол кезде Яссауидің қылуы 1940 жылдарға дейін жұмыс істеп тұрған. Ол кісінің кемпірі, яғни менің әжемнің көзі тірі еді. Әжем: «Жүре бер, қы-

зым, жүре бер. Жұрт Яссауиге зиярат еткен адамның етегіне тәу ететін. Ал сен соның ішінде жүрсің. Жұрттар сенің етегіңе тәу етеді», – деп жұбатты. Ал шешем болса: «Кесенеге қанша адам келіп жатыр? Көз бар, сөз бар. Ауырып қаласың», – деп ескіше ем жасап, басымнан тұз айналдыратын.

Осы жұмысқа тұрар алдында түс көргем. Түсімде атам аян беріп, маған қарап тұрды. Түсім емес, өңім сияқты. Сәл тұрды да, әкем жатқан бөлмеге өтіп кетті. Мен қорыққаннан сү тер болып ояндым. Аянды жақсылыққа жорыдым. «Киелі мекенге қызмет етесің. Лайықты бол!» – деген атамның ишарасы сияқты. Себебі атам еске түссе, кесене ассоциация болып елестейтін. Мүмкін ол кісі кесенеге жиі баратын болғасын ба, білмедім. Кейін, 1996 жылы осы кесененің қылуат бөлмесі музей болып ашылғанда оның шілханасына түсуге дәтім шыдамады. Себебі атамның әруағы күзетіп жүргендей сезілетін. Атам мен Яссауидің отырған жерін аяқ асты еткім келмеді.

1978 жылдың қыркүйегінде музей ашылды. Музейдің ашылуы кесененің солтүспк жағындағы есік алдында өтті. Атқамінер әкім-қара түгел жиналды. Ірі-ірі тұлғалар сөз сөйледі. Ашылудан бір күн бұрын Өзаға бізді жинап «Экскурсоводқа кім лайық?» деп емтихан алды. Бәрімізді тізіп отырғызып қойды. Кадр бөлімінің бастығы таныстарын тықпалап, мені «техничка» деген штатқа лақтырып жіберіпті. Өзбекәлі сұрақ қойып бастағаннан-ақ үміткерлер тоңқалаң асты. Кесененің арғы-бергі тарихын жарытып білмейтін болып шықты. Арнайы дайындаған экскурсоводтың ешбіріне көңілі толмады. Шетте тұрған маған қарап: «Енді сен сөйле!» – деді.

Бағыма орай Орынбай Дастановтың киелі жерлер жайлы жазған кітабын оқып жүргенмін. Өзім Түркістанның тумасы болсам да, кесенеге кіріп көрмеппін. Пионер, комсомол болу абырой еді. Соның бұымен жүре беріппін. Өзбекәлі аға

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

айт дегесін аттың басын жібердім. Кітаптан оқып алған ақпаратты ақтарып салдым. Сосын орысшаға аударып айттым. Себебі Мәскеуден де қонақтар келетін.

Екі ұл, екі қыз экскурсовод болып бекідік. Өзаға Алматыға арнайы барып, велюр матадан экскурсоводтың киімін тіктірді. Нымшаға қазақ оюлары жіңішке өрнекпен кестеленген. Басымызға үкісі жоқ қызыл тақия кигізді. Сары темірден әдемі салпыншағы бар екен. «Бұл не?» – дейміз таңырқап. Өзаға: «Бұрынғы қазақ қыздары тақиясына тана таққан», – деді де, біз еспмеген бір әңгіменің тиегін ағытты. Бір қызығы, сол тана тағу дәстүрі 2022 жылы қайтадан сәнге айналып, қазақ қыздары жаппай тана тағылған тақия кие бастады.

Халық кесененің ашылуын күтіп жүргендей лап қойды. Бір күнде он сегіз рет экскурсия жүргіземін. Сенбі-жексенбіде демалыс жоқ. Ол кезде жасым жиырма екіде. Жастықтың жігерімен шаршауды білмейміз. Күні бойы сөйлеп, кешке үйге зорға жетіп құлаймыз. Қалай десең де, орыс тілі ана тіл емес. Арасында грамматикалық қате жіберіп, қысылып қалатынбыз. Өзағам оны байқамаған болып: «Әй, орысшаң қандай жатық еді. Сенің жасыңда дәл бұлай орысша сөйлей алмайтынмын. «Ұстаздан шәкірт озады» деген. Сен оздың-ей!» – деп мақтап қояды. Мақтаған сайын шаршауды білмей шабыттанып шаба түсеміз. Мүзейді ашып, іске қосып бергенше Өзаға басы-қасында жүрді.

Мәскеуден қонақтар келсе, көбіне экскурсияны мен жүргіземін. Қазақ хандарының құлпытасын таныстыратын бөлмеге кіргенде Абылай ханды айтып көсілемін. Көсілген сайын қаным қызып, арқам қозып кететін сияқты. Рұхтанып, жігерленіп сала беремін. Әдетте мұндай қонақтарды жергілікті партия жетекшілері ертіп жүреді.

Бір күні олар мені былай шығарып: «Әй, қыз, сенен қазақ хандарын сұрап жатқан ешкім жоқ. Сол хандарыңды айтпай-ақ қойсаң болмай ма? Әсіресе Абылай хан жайлы

әңгіменді қысқартшы», – деп сыпайы ескертіп кетп. Ал Өзаға керісінше қорықпайтын. Экспозиция жасағанда хандар шежіресі мен тарихын насихаттауға тырысты. Алматыдан шығыстанушы Әбсаттар Дербісәліні алдырып, кезі талғанша ескі жазуды оқытып қоятын. Әбсаттар аға тісі ауырып жүрсе де, Өзбекәліден қорыққаннан лам деместен, күндіз-түні жұмыс істейтін.

Тастағы кей жазу жартылай өшіп кеткен. Анық оқылмайды. Соған қарамастан Өзаға: «Мынау Тәуке ханның құлпытасы, анау Салқам Жәңгірдің белгітасы», – деп экспозицияға шығара беретін. Мамандар оған: «Өзеке, шежіре қате. Жазулар анық оқылмады. Бұл ол ханның тасы болмауы мүмкін», – деп шыр-пыр болады. Сонда Өзағам: «Сен басты қатырмай, тастарды қой деген жерге қоя бер. Қате жазуды жеңдеп оқу – кейінгі ұрпақтың еншісі. Қазір маңыздысы – тарихтың шығуы. Кесенеге келген халық хандары болғанын біліп, атын естіп кетсін», – деп ез дегенін істететін.


Музей ашылар алдында жиһаз жетіспей, жұмысшыларды қинап жіберді. Үстел мен орындық жетіспеді. Музей директоры Ырысбек Әбдікәрімовті қанша жұмсаса да, жиһаз таппады. Ол кезде МежРайБаз деген мекеме болатын. Жиһаздар осы кеңсенің базасында тұрды. Соны мемлекеттік кеңселерге лимитпен таратады. МежРайБаздың бастығы түрлі сылтаумен жиһаз бермей, істі соза берді.

Бір күні мекеме бастығы кесенеге келді. Өзаға оны келіп: «Әй, бәсеке, сені мына жерге келіп, бізбен бірге қызмет қыла ма деп едік, болмашы жиһазды кешіктіріп жібердің ғой. Отыратын орындық таппай қиналып кеттік. Енді бермесең, әулиенің әруағына тікелей телефон соғамын. Сосын жағдайың қиын болады», – деді әзілдеп.

Совет заманы болса да, әулиенің әруағынан қорқатын қазақы мінез елмеген еді. МежРайБаздың бастығы шошып кетіп, ертесі күні жиһаздың жеті атасын үйіп тастады. Сонда Өзаға: «Ойпырмай, жиһаздың езін Ахмет атамыздың абы-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

ройымен алдық. Атамыз болмаса, бір тірлігіміз бітпейді екен», – деп күліп отыратын. Кейде оны, шынымен де, Әзірет Сұлтанның шарапаты желеп-жебеп жүретіндей көрнеді».



ӘУЛИЕГЕ ҚҰРМЕТ

«Әзірет Сұлтанның мәңгілік болмысы Өзбекәліге болысып, медет беріп тұрады» деген түсініктің тамыры жоқ емес. Себебі оның әулиеге құрметі шынайы һәм ерекше болды. Музей ашу ісіне тікелей араласқан кісінің бәрі мынадай деректі сөзсіз растады. Кесененің ішін тазалап жатқанда Өзбекәлі: «Бабаның жасыл тасына жоламаңдар! Оны өзім жуамын», – деп ескертеді. Сосын дәрет алып келеді. Таза шелекпен жылы су алдырады. Қабірханаға кіріп, «біс-миллә» деп жасыл құлпытасты жууға кіріседі. Оның осы ісін куәгерлер әліге дейін аңыз қылып айтады.

Өзбекәлінің бұл іске бөтен біреуді жолатпай, бастан-аяқ өзі атқарып шығуының себебі бар: ол ауыл ақсақалынан діни білім алған. Демек «әулиенің басында дәретсіз жүруге болмайды» деген шариғат талабынан хабардар. Бірақ бұл ғұрыпты ашық айта алмайсың. Бөтеннен талап етуге және

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

келмейді. Сондықтан бұл міндетті құпия түрде өзі атқарған болуы кәдік.

Өзбекәлінің мүзей ашатын кезде қолына күрек ұстап, жұмыс істеп жүргені жайлы естелік көп. Сол заманда кесенедеген жүрген, зиярат етіп келген жұрттың бәрі мұны көріп қайран қалған. Тіпті Түркістанның аудан басшысы В.Троян деген шенеунікке де күрек ұстатып, зембіл көтертіп қойғанын аңыз етеді.

Өзбекәлінің қарапайым болмысына қайран қалған адамның бірі – Әбсаттар Дербісәлі. Ол 1978 жылы Түркістанға келген оқиғасын былай баяндайды:

«Жазғы демалыста университет ректоры Өмірбек Жолдасбеков шақырды. Бардым. Бөлмесіне кірген бойда:

– Сен Өзбекәлі Жәнібекті білесің бе? – деп сұрады.

– Білмеймін, – дедім. Біраз жыл сыртта жүріп, ел өмірінен қол үзіп қалғасын болар, расымен танымадым.

– Ол – Мәдениет министрінің орынбасары. Биыл біздің елде бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының конгресі өтеді. Соған келген делегаттың бір тобы Түркістанға барады. Өзекен Яссауи кесенесін реставрациялауға басшылық жасау үшін Түркістанға іссапармен кетті. Сапар алдында маған телефон соғып, араб тілі маманын жіберуді өтінді. Кесенедеген сен айналысатын жұмыс көп екен, – деді.

Бұл шілде айының басы еді. Шымкентте болсам да, Түркістан мен Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне барып көрмеппін. Түркістанға жеткенше асықтым.

Түркістан қала деуден гөрі үлкен ауылға ұқсайды. Аудандық атқару комитетінің шағын мейманханасына орналасқан соң Баба кесенесіне келдім. Күн ыстық. Кесене іші қара көлеңке. Іште біраз кісі зембілмен сыртқа топырақ шығарып жүр. Кездескендерден Мәдениет министрінің орынбасары Өзбекәлі Жәнібекті сұрадым. Біреу зембілдің екінші жағын көтеріп бара жатқан кісіні нұсқады. Министрдің орынбасары дегенге жуан қарынды, қолына папкі ұстап, жұртты жұм-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

сап жүрген біреу шығар деп ойлағанмын. Олай болмай шықты. Әлгі зембіл көтерген кісі сырттан қайта оралған соң барып сәлемдесп. Ол қабағы қатыңқы, аз сөйлейтін жан екен.

– Иә, келгенің жақсы болды. Кесененің сыртқы дуалы мен ішкі қабырғасында, есіктер мен біраз құлпытаста арабша жазу бар. Соларды қарап, зерделеп, қазақ тіліне аудару керек. Уақыт аз, жұмыс көп, – деді қысқа сөйлеп.

Өзағамен таныстығым осылай басталды. Әуелі кесенені аралап шықтым. Жарық әлсіздеу екен. Жазулар әрең көрінеді. Іске кірісіп кеттім. Қажет кезде Өзағадан ақыл-кеңес сұрап тұрдым. Бірде ол:

– Оңтүспк Қазақстан ислам жәдігеріне бай. Кейбір ғалымсымақтар «қазақ халқы тугелдей көшпелі болды, біздің көзімізді Октябрь революциясы ашты» деп жүр. Қалай ойлайсың? Шынында солай ма? – деп сауал қойды. іштей сынап тұрғаны байқалады.

– Олай емес. Қазақстан ислам жәдігеріне бай дедіңіз ғой. Осы пікіріңіз дұрыс! Әйтпесе Түркістан, Тараз, Сығанақты кім салып берді? Онда кімдер тұрды? Ол шаһарларда ежелден ата-бабамыз мекендеген деп ойлаймын, – дедім.

Ол кісі жауабыма қанағаттанды. Осылайша ортақ әңгіме, ортақ пікір пайда болып, сөзіміз жарасып кетті. Түркістанда бір ай жүрдім. Өзағаның біреуге дауыс көтеріп ұрсып, жекіргенін көрмедім. Аз сөйлеп, бұйрықты емеурінмен білдіріп жүрді. Күрек ұстап, зембіл көтеріп, реставрацияның қара жұмысына да араласып кете беретін».

* * *

Әзірет Сұлтанның мұрасы сөз болғанда Өзбекәлінің еңбегі орасан. Оны Яссауи ілімін алғаш зерттеушілердің бірі деп танысақ та қателеспейміз. 1976 жылдан бастап ол «Диуани хикмет» кітабын іздей бастады. Кейін музей ашылғанда ауыл-ауылды аралап, көне кітап, қолжазбаларды өзі

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

жинаған. Бұл жайлы Әбдікерім Манаповтың мынадай естелігі бар:

«Бала кезімде ауылға ұзын бойлы, сұсты, бұйра шашты кісі келді. Әкем Манап Көкенов елге танымал айтыскер еді. Әлгі бұйра шашты кісіні үйге қонақ етті. Ол дастарқан басында әкеме қарап: «Мәке, өзіңіз білесіз, Әзірет Сұлтан бабамның жоғалған дүниесін түгендеп жүрміз. Мұражай ашып жатырмыз. Ауылдарды аралап, көне кітап жинап жүрген жайым бар. Қожа деген аттарыңыз бар. Осы жағынан маған көмек қолын созсаңыздар», – деп өтініш айтты.

Әкем осыдан біраз жыл бұрын тау бөктеріндегі ауыл маңында бір құдықтан біршама ескі кітап көргенін айтты. Әлгі кісі жас балаша қуанып, асты да жөнді ішпей, көлікке мінді де, сол жаққа тартты. Әкемнен сұрасам, біздің үйге қонақ болған кісі – Мәдениет министрінің орынбасары Өзбекәлі Жәнібек екен.

Араға едәуір уақыт салып ол қайта келді. Еңсесі түсіп кеткен. Кітаптарды таппапты. Шамасы біреулер әкеткен-ау. Көрген бойда жинап әкетпегені үшін әкеме ренжіді. Совет заманында діни кітаппен қолға түсу қауіпті. Әкем содан сақтанып жоламапты.

Өзбекәлі дастарқан басында көңілсіз отырды. Кенет базыналыққа басып: «Мәке, құлақты елең еткізіп, ескі кітаптар жайлы айтып, мені «ауру» қылған өзіңіз. Енді дауасын да табасыз, дерттен жазасыз. Қалай да көне кітаптарды тауып, музейге жеткізіңіз», – деп әңгімені төтесінен қайырды. Өзбекәлі кеткен соң әкем ауыл ішінен сұрастырып, ескі кітап іздей бастады. Қожа тұқымы болғасын туыстардың үйінде бірен-саран кітап сақталатын. Әкем соларды сұрап, музейге жеткізді».

* * *

Әзірет Сұлтан музейін құрастыру кезіндегі Өзбекәлінің еңбегі жайлы Бибіаждар Зиябекова да қызық естелік айта-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

ды. Ол сол уақытта музейдің бухгалтері болып жұмыс істеген.

«Өзаға музейдің ғылыми қызметкері Елгезек Қымбатты жұмсап, ауыл ішін арбамен аралатты. Сандық, жүкаяқ, кебеже, шайсандық, қобдиша, асадал, бесік, күбі, келі-келсап секілді ескіден келе жатқан тұрмыстық заттар мен бұйымдарды, көне кітаптарды жинатты. Ортақ істен шет қалмайын деп мен де самаұрын, құмыра, киіз басатын ши секілді бұйымдарды, түйенің жүнінен иірген екі көрпе мен түйе жүн шекпенді музей қорына өткіздім.

Өзбекәлі музейдің әр бөлмесіндегі экспонаттардың орналасуына ерекше талғаммен қарайтын. Алдымен бірнеше қалыпта қойып көреді. Қашан түпкілікп орнықтырғанша тыным таппайды. Мұндайда жәдігер шағын, өзінің шамасы жететіндей болса мақұл, әйтпесе екі-үш кісі көтеретіндей ауыр экспонатты әрі-бері қозғай беру кімге ұнасын? Кейде жұмысшылардың зықысын шығарып жіберетін.

Менің жолдасым Шора Есмолдаев Өзбекәлінің фанаты еді. Оның сонау Торғайда істеген ерлігін тамсанып айтып отыратын. Ол Өзбекәлінің Түркістанға келгенін еспген бойда оны бір көріп, әңгімесін тыңдауды арманға айналдырды. «Сәті келгенде қонаққа шақырайық», – деп маған қоймады. Өзағама ойымды айтып едім, бірден келісті.

Кесенеде керамика құрамын анықтаумен айналысып жүрген ғалым, минерология ғылымдарының кандидаты София Сүлейменқызы мен Баян Анарбаеваны да шақырдық. Дастарқан басында Өзаға қазақ халқының ұлттық биі жайында әңгіме қозғап, әр бидің қимыл-қозғалыс ерекшелігін саралап, зор ықыласпен баяндады. Сөйтсем ол кісі қазақ биінің бірнеше түрін қайта жаңғыртып, түлеткен екен. Өзбекәлі сияқты біртуар азаматты көргеніме, оған қолғабыс етіп, көмегіне жарағаныма ризамын. Аллаға сансыз шүкіршілік етемін. Ағамен бірге істеген кездерім өмірдегі сәтті күндерім шығар.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

Кесенеге жұмысқа тұрарда анам жарықтық: «Бибіажар, музейде жұмыс істейді екенмін деп ғимараттың төбесіне, жоғары қабатына шығушы болма! Ол жерде небір қасиет қонған, дүйім қазақты аузына қаратқан хандар мен сұлтандар, билер мен батырлар жатыр. Солардың киесінен қорық! Әрдайым таза жур, асылық сөйлеме, әулиенің бір тиынына да қызықпа, аузыңнан тәубаң түспесіні!» – деп құлағыма құйып отыратын».

* * *

Осы кітапты жазу кезінде Түркістанға барып, бірнеше кейіпкермен бетпе-бет тілдеспек. Сол замандағы қарапайым қызметкердің қазақы дүниетанымына қайран қаласыз. Олар совет идеологиясының ми шаятын октябрат, пионер, комсомол сузгісінен өтсе де, киеден қорқатын, әулиені құрметтейтін, дінге тіл тигізбейтін қазақы менталитетін сақтап қалған. Мәселен, 1972 жылдан бастап реставрацияға қажетгі глазурь материалын жасаумен шұғылданған Рахима Кәрімбекованың әңгімесін тыңдасаңыз, ол дәл осындай менталитетпен жұмыс істеген. Кейіпкер бүй дейді:

«Мен – Жаңақорғанның қызымын. Оқуды Таразда бітірдім. 1972 жылы Яссауи кесенесін жөндеу үшін мені жұмысқа тартты. Хабарды естіген бойда шешем үйге шақыртты. Бардым. Шешем: «Қызым, сен қайда жұмысқа тұратыныңды білесің бе? Анау-мынау емес, Әзірет Сұлтан әулиенің басына барасың. Ол жер тек тазалықты талап етеді. Тәнің де, ниетің де кіршіксіз болсын. Әулиенің басынан пайда көрмін деп бір шегесін алушы болма. Әулиеге қылдай қиянат қылатын болсаң, өмірің кул-талқан болады», – деп ақылын айтты. Сосын уәдемді алып, батасын беріп шығарып салды.

Зейнетке шыққанша уәдеме берік болдым. Өзбекәлі аға да сол үшін мені қатты жақсы көрді. Глазурь жасауды үйреніп келсін деп Үндістанға оқуға жібермекші болды. Бірақ сол жылы үшінші балама аяғым ауырлап, мүмкіндіктен қа-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

ғылдым. Есесіне әулиенің де, Өзбекәлі ағаның да разылығын алдым деп ойлаймын. Мәнді өмір кештім. Бала-шағам өсіп-өнді».

* * *

Яссауидың дүрбесінің өсігінде мынадай сөз жазылған: «Әулиелердің есігі – бақыттың кені. Әулиелерді жақсы көру – бақыттың кілті». Мұндай сөздер әдетте пафоспен айтылмайды. Бәрі – практикадан алынған шындықтар. Жаратқанның жамалына ғашық болған, елді рухани аздырмаймын деп топырақ мінезбен халыққа қызмет қылған, дүниеден иман байлығымен ғана өткен кісілерде қасиет бар. Оны Шәкәрім қажы әдемі сипаттайды.

Анық асық — әулие,
Кереметке сол ие.
Жаны құрбан жарына,
Керексіз оған дүние.

Жарынан бөлек жаны жоқ,
Табатын басқа жары жоқ.
Асықтан аяп қалатын
Иманы, малы, ары жоқ.

Жарының жаны — жандары,
Жалынға жанбас тәндері.
Дозақтың отын өшірер
Жүректен аққан қандары.


«Шын қасиет соларда», —
Дегенім күнә болар ма?
Құбылма мінез, тайғақ ой,
Екі сөз болмас оларда.

Әулиеге құрмет көрсеткен жанның бәрі берекелі ғұмыр кешіп, ұрпағымен өсіп-өнген. Бұл ақиқат күні бүгінге дейін тоқтаусыз айналып тұр.

Бір қызығы, Әзірет Сұлтанның әруағын қорлап, «Керек

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

болса, Құдайға серік келтіретін кесенені түбірімен сүріп тастаймын», – деп қорықпай мәлімдеме жасаған қазақтар да болған. Қазір олардың басына түскен күнді Құдай басқаға бермесін. Олар тура мағынасында елден безіп, атақ-абыройы барі жермен-жексен болып, ай-күннің амаңда басы дау-шардан арылмайтын болды. Мұны қазақша «әулиенің киесі ұрды» деп айтады.



ДАҢҒАРА

МАЙДАН ШЕБІ АЛМАТЫҒА АУЫСТЫ

1984 жылы Өзбекәліні Мәдениет министрінің орынбасары қызметінен алып, Алматы облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметіне бекітті. Бұл қызмет – Торғай облысында атқарған хатшылық міндеттен де төмен лауазым. Себебі Торғайда істегенде облыстық комитеттің хатшысы болды. Қазіргі түсінікпен айтқанда облыс әкімінің орынбасары. Ал ендігі қызметін, тағы да біздің түсінікпен тарқатсақ, мәдениет басқармасының басшысы деңгейінде. Яғни бұған дейін атқарған қызметтерінің ішіндегі ең төменгі лауазым. Оны тағы да «мәдени айдауға» ұшыратқан – Алматыдағы кәрі коммунистер.

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Мұндай «айдаудың» бір жаманы – бастамаларың мен жобаларың аяқсыз қалып кетеді. Яғни тыңғылықты жұмыс істеуіңе мүмкіндік бермейді. Бірақ Өзбекәлі мұның алдын алып отырды. Ол басқа қызметке ауысқан сәтте бұрынғы жобаларын сенімді бір адамға тапсырып кететін. Мәселен Өзбекәлі Торғайдан кетіп бара жатып, сондағы мәдени істерін Еркін Әуелбековке аманаттаған. Ол жайлы Мұхтархан Манаповтың мынадай естелігі бар:

«Өзекең Торғайдан кеткесін де Арқалықтағы жағдайымыз жаман болған жоқ. Себебі Сақан Құсайыновтың орнына 1978 жылы бірінші хатшы болып Еркін Әуелбеков келді. Ол да арда туған азамат. Өнер мен мәдениетке қамқоршы болды. Әртістердің үйін Польшадан келген сапалы жиһазбен жабдықтады. Өзбекәлі сияқты театрға келіп, жағдайымызды жиі сұрап тұратын.

Өзекең де Мәдениет министрінің орынбасары болып тұрғанда бізді назарда ұстады. Еркін Әуелбеков пен Өзбекәлінің қамқорлығының арқасында шығармашылық қырымызды дамыттық».

Өзбекәлі мен Еркін Әуелбековтің тағдыры ұқсас. Екеуі де ұлт үшін жанын беретін жанашыр әрі іскер тұлға. Заманында Алматыдағы кәрі коммунистердің тепкісін бірдей жеді. «Мәдени айдаудан» көз аспады. Болашақта Е.Әуелбеков туралы қалам тербеп жатсақ, оның да ұлт үшін жасаған ерліктерін кеңінен баяндаймыз.

Өзбекәлі Алматы облысына кетіп бара жатқанда «Жұлдыз» журналынан «Ұйқыдағы арудың оянуы» деген очеркті оқып қалды. Бұл шығарманың авторы – Әбіш Кекілбаев. «Қазақтың ескісін бір білсе Әбіш білер, тарихи ескерткішін бір қадірлесе Әбіш қадірлер» деп өз орнына – Мәдениет министрінің орынбасары етіп Әбішті қойып кетті. Себебі Өзбекәлі министрдің орынбасары қызметінде отырғанда республика бойынша 25 мың тарихи-мәдени ескерткішті тізімге алып, 15 мың музей жәдігерін жинаған. Енді осы

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

жұмыстардың шашауын шығармай, әрі қарай жалғастыратын сенімді адам қажет еді.

* * *

Бұл жылдары Совет Одағы саяси жағынан да, экономикалық тұрғыдан да ауыр дағдарысқа кірді. СССР-дің басхатшылары кәріліктен қаусап, бірінен соң бірі өліп, Кремльдің миы ашып жатты. Ауған соғысы үшін халықаралық ұйымдар СССР-ге санкция салды. Әлемдік нарықта мұнай бағасы құлдырап, бюджет тапшылығы қатты сезілді. Қазақ ССР-де жартылай анархия орнады. Сол кезеңде өмір сүрген жұрт жақсы біледі. Ел ішінде жартылай салынып, соңына дейін соғылмаған ғимараттар қаптап кетті.

Осындай әлемтапырық жағдайда Өзбекәліні жүйесіз жұмысқа қасақана жекп. Жүз жерден білікті басшы болсаң да қираған, күйреген, тұйыққа тірелген ситуацияны аз уақытта реттеп үлгермейсің. Ол жаңа қызметіне кіріскен шақта обком бюросында Өзбекәлінің мәселесі қаралды. Облыста он бес жыл бойына істелмеген шаруалар үшін оны орынсыз айыптап, қатаң сөгіс жариялады. Бұл – Өзбекәлінің өмірінде алып тұрған алғашқы сөгісі.

Шамасы Алматыдағы кәрі коммунистер: «Бірің қалмай Өзбекәліні бас көтертпей жаншып тастандар!» – деп жасырын бұйрық түсірген тәрізді. Себебі Бюро мүшелері асқан ұйымшылдықпен кірісті. Өзбекәлінің абыройын қорғап, ешбірі болыспады. «Арнайы тапсырыс» екенін содан біл, құрылысқа жауапты хатшы мен басшының ешбірі жазаланбады. Құрылыс саласын басқармаса да, бәріне кінәлі Өзбекәлі Жәнібек болып шыға келді. Оның қызметке жақында келгені де есепке алынбады.

Ол кезде Алматы облысының бірінші хатшысы Марат Меңдібаев деген шенеунік еді. Өзбекәліге қарсы облыстағы саяси интриганы сол ұйымдастырды. Өзбекәліден жасы кіші екеніне де қарамады. Құдды бір тапсырма алған адам

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

құсап Өзбекәлінің кез келген бастамасына кедергі болды.

Мұндай ырың-жырыңға ынтасы жоқ Өзбекәлі бірден Қонаевтың қабылдауына кіріп, қызметтен босатуды сұрады. Алайда оларға да істің көзін білетін маман керек. Бірақ маманның илгіш, көнгіш мінезі болуы шарт. Бұл шартты Өзбекәлі қабылдамады. Оның ар-ұяттан басқаға бас имес қайсар мінезін көргесін олар да кері шегініп, мұның шарттарына көнді. Мәселенің бетін ашып алған соң Өзбекәлі Торғайда жинаған тәжірибесін енді Алматы облысында қолданды.

Адам өз жұмысын шабытпен атқару үшін оған әманда шығармашылық қатынас керек. Ал шығармашылық мәдениетпен тығыз байланып тұр. Демек экономиканы көтеру үшін жұрттың мәдени деңгейін өсіру керек. Осы идеяға құлай берілген Өзбекәлі Алматы облысындағы қараусыз қалған тарихи-мәдени жәдігерлерді мемлекет қарауына өткізді. Тізімге іліккен ескерткіштің бәріне жеке паспорт жасап, біржола хаттап қойды. Жамбыл, Сүйінбай, Үмбетәлінің кесенесі мен музейін жасап шықты.

Өзбекәлінің Алматы облысында жасаған жұмысы жайлы Зақаш Камалиденов мынадай естелік айтады:

«Бірде іссапармен Еңбекшіқазақ ауданында болдым. Бір совхоздың жақында ғана құрылысы біткен мәдениет сарайын көріп тамсандым. Өзекеңнің қолтаңбасы байқалды. Ондай сарай көптеген аудан орталығында әлі жоқ. Өзбекәлі мәдениет үйінің орындығына дейін өзі тандапты. Оны да беделін салып, басқа республикалардан алдырған сияқты. Сапасы көзге ұрады. Өзекеңнің бір қасиеті – ол алыстан басқармай, қызметке тіке араласатын. Кез келген құрылыс басында өзі жүреді».

* * *

Өзбекәлі Алматыдан «Ұлт аспаптары» музейін құрды. Бұл кезде қазақтардың ұлттық идентификациясы әбден әлсіреп,

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

біржола құруға айналған еді. Басқаны айтпағанда бір заманда қазақ өнерін өркендету үшін құрылған Құрманғазы атындағы ұлттық консерваторияда дәстүрлі ән, күй, жыр өнерін үйрететін ұстаздар мен студенттердің беделі күрт төмендеді. Музыка саласының мамандары бала-шағасын жаппай еуропалық музыкаға бейімдеп жатты. Тіпті Ахмет Жұбановтың кезінде ауыл-ауылды сүзіп жүріп жинаған экспедиция материалдарын консерватория басшылары «ескінің сарқыншағы» деп қарады. Олар жиындарда: «Ұлттық өнермен тұйықталып қалдық. Біз Еуропаға бет түзеуіміз керек. Жалғыз домбырамен өнер құрылмайды. Сондықтан дәстүрлі өнерге қаржы сұрай бермеңдер», – деп бәрін ықтырып сөйлейтін. Осылайша ұлттық аспаптар көзден де, көңілден де өшуге айналған.

Бірақ консерваторияда Болат Сарыбаев сияқты ғалымдар өзінің күрескерлігіне табан тіреп, көне аспап жинаумен шұғылданды. Алайда арнайы музей болмағасын ол аспаптарды бабында сақтау қиын еді. Сол үшін Өзбекәлі «Ұлт аспаптар» музейін ашты. Болат Сарыбаевтың өмір бақи жинаған мұрасын өкімет сатып алу үшін арнайы келіссөз жүрді. Осының нәтижесінде қазіргі «28 панфиловшылар паркінде» «Ұлт аспаптар» музейі дүниеге келді.

* * *

Марқұм әнші Мәдина Ералиева мынадай естелік айтты: «Егер Өзбекәлі Жәнібек болмағанда әнші ретінде бағым жанар ма, жанбас па, бір Құдай біледі?! Бір мен ғана емес, бар қазақтың бағын ашуға барын салған ағамыз көреген ғой, көреген.

Қызылордадағы музыка училищесін бітірген соң Алматыдағы қыздар педагогика институтының музыка факультетіне оқуға түстім. «Ақбаян» әнімен ел алдына шығып, бір рет танылдым да, қайта көріне алмадым. Қос дипломым болғанмен жұмыс таппадым. Бармаған жерім, қақпаған есігім

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

жоқ. Мені ешкім жұмысқа алмайды, не «Қазақконцерт», не филармония, не театр...

Бәрінің айтатыны: «Дауысың баланыкі сияқты. Детский дауыс», – дейді. Тауым шағылғасын ағалардың ақылымен кандидаттық диссертация қорғау үшін Ғылым академиясына жұмысқа тұрдым. Тақырыбымды белгілеп, Ғылым академиясының архивінде отырсам, Өзбекәлі аға өтіп бара жатыр екен. Жүгіріп барып амандастым. Шырамытып тұрған кісідей бетіме қарап тұрды да:

– Мәдинасың ба? – деді. Мен бас изедім.

– Мұнда неғып жүрсің? – деді.

– Диссертация қорғайын деп жүрмін, аға, – дедім.

– Сенің бағың ғылымда емес, сахнада. Диссертация қорғамай-ақ қой, көп болса Қазақстанда бір ғалым кем болар. Ертең сағат он бірде маған кел! – деді.

Жүрегім алып-ұшып айтқан уақытында жетпм. Ол кезде Өзағаң Алматы облыстық атқару комитеті төрағасының қатардағы орынбасары болатын. Бағым жанды. Өзағаң құрған «Адырна», «Сазген» фольклорлық ансамблінің белді мүшесі болып, әлемді шарладым. Гастрольдік сапармен шетелдік көрерменге концерт қойдық. Бір күні Өзағам:

– Халықтың жүрегінен туған «Айқаракөзді» орындап көрсең қайтеді? – деді. Күтпеген нәрсем. Ойланбастан:

– Ой, аға, ол – өте күрделі ән. Менің даусыма келмейді! – деп басымды ала қаштым.

– «Айқаракөз» сені шыңға шығарады. Орында! – деп нұсқау бергендей сыңай танытты.

Тәуекелге бел буып дайындалдым. Репетицияма өзі қатысып, қадағалады. «Мына жерін олай айтпа, былай айт!» – деп қоңыр даусымен қосылып әндеткенде біраз нәрсені білмейтініме ұялдым. Сөйтсем, ол кісі Торғайда жүргенде «Айқаракөз» әнін тыңдаған екен. Халық жадынан ұмытылып кеткен бұл ән «Торғай әуендері» фестивалінде қайта жаңғырыпты».



ШЫҢРАУМА

ҚАЗАҚ БИІ ЖӘНЕ ОЛЬГА ӘЖЕЙ

Өзбекәлі халық биін жаңғырту үшін «Алтынай» халық биі ансамблін құрды. Оның шығармашылық ұжым болып қалыптасуына Ольга Всеволодская-Голушкевич есімді педагог-балетмейстер үлес қосты. Ол жиырма жыл бойы қазақ биіне қатысты мағлұмат жинапты. Бидің ел арасында сақталған үлгілерін, тіпті элементіне дейін прнектеп құрап, қайта тулеткен екен. Өзбекәлі кітабында Голушкевич жайлы жылы естелік айтып өтеді. Бірақ кеңірек тоқталмайды. Біз оқиғаны тереңірек білгіміз келіп, мәлімет жинадық. Бағымызға орай Тойған Ізім есімді кәуегерді кезіктірдік. Ол мынадай естелік айтты:

«1970 жылдары республикалық эстрада-цирк өнер колледжін бітірген соң мені кәсіби биші ретінде Арқалыққа жіберді. Басшылар бұрынғы қонақұйдің бірінші қабатын босатып, бізге жеке бөлме етіп берді. Ол кезде жаспыз. Жатуға тоқымдай жер болса, соның өзіне мәзбіз.

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Арқалықтағы Мәдениет үйінің ғимараты тар еді. Ол жерде түске дейін театр әртістері дайындалды. Сосын кешкі алтыға дейін екі сеанс кино көрсетп. Алтыдан онға шейін театр артістері спектакль қойды. Түнгі сағат он бірден бастап филармонияның қыз-жігіттері репетиция жасады. Кейде таңғы бес-алтыға дейін кідірдік. Бір қызығы, түнгі репетицияны Өзбекәлі келіп бақылайтын. Сонда біз: «Мына кісінің үйі жоқ па? Бұдан басқа ісі жоқ па? Білдей бір обкомның хатшысы емес пе?» – деп күңкілдеп, жақтырмай жүрміз.

Ол кісі қарап отырмай жиі сынайтын. «Әй, сен қыз бұрын сахнаның мына жағынан шығушы едің. Бүгін неге басқа тұсынан шықтың?» – деп қадалып сұрайтын. Бір жолы жастық жігерімен өзімді тежей алмай: «Ағай, билеп жүрген сіз емес. Сахнаның иесі біз емеспіз бе?!» – деп айтып тастадым. Батылдығым ұнап кетті ме: «Е, онда сенікі дұрыс. Қалаған жағыңнан шыға бер», – деп бірден жеңіле салды.

Өзаға Арқалықта эстрадалық ансамбль құруға барын салған. Бірақ дегені болмады. Алматыдан келген жас әншілер Арқалыққа тұрақтай алмай кері көшті. Сосын Өзбекәлі «Шертер» фольклор ансамблін құруды қолға алды. Алматыдан Болат Сарыбаев ағамызды алдырды. Оразғазы Бейсембаев деген аспап жасайтын шебер мен Малғаждар Әубәкіров есімді сазгерді қоса шақыртты. Режиссер Қадыр Жетпісбаев «Шертердің» алғашқы бағдарламасын құрды. 1974 жылғы 7 наурызда «Шертер» ансамблі ашылды.

«Қазақта би болмаған» деген әңгіме сол заманда өршіп тұрды. Әсіресе орыс зиялылары тарапынан айтылатын. «Тағдыр тағылымын» оқысаңыз, Өзбекәлі би өнеріне ерекше тоқталады. «Қазақта би болмаған», – деп кемсітіп сөйлеуге өлердей қарсы. Былай қарасаң, әлем мәдениетінің жауһары – опера мен балет өнері де әуелде еш халықта болмады. Оның бәрі – заман дами келе жетіліп шыққан адамзаттық құндылық.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

Ол кезде Мәскеу мен Ленинградқа барып би өнерін оқып келген қазақтар болған. Бірақ оларда ұлтшыл мінез бен намыс жоқ. Қит етсе ақша сұрап, жағдай айтып шыға келетін. Өзбекәлінің бір мінезі – ондай мәңгүрттермен істеспейді.

1972 жылы Арқалық театрының әртістері еуропалық бір қойылымды сахналады. Олар Мәскеудегі Щепкин атындағы театр училищесін бітіріп келген талантты тулектер еді. Спектакль премьерасын тамашалауға осы әртістердің Мәскеудегі ұстазы – Владимир Смирнов қатысты. Өзбекәлі оны Арқалыққа арнайы шақыртқан. Смирнов қойылымның сапасы мен биік деңгейін көріп риза болды. Осыдан соң Смирнов пен Өзбекәлінің достығы беки түсті. Дастарқан басында Өзаға: «Маған қазақ биін теориялық тұрғыдан зерттеп, академиялық бағытын шегелеп беретін ғалым тауып бер», – деп Смирновқа қолқа салды. Қонағы келісп. Көп ұзамай Өзбекәліні Мәскеуде тұратын Ольга Голушкевичпен таныстырды. Ольганың әкесі театр өнерін зерттеуші әйгілі ғалым, ал шешесі мықты мүсінші болыпты.

Өзаға мені Ольга апайға шәкірт етіп бекітті. Онымен жиырма жылдай жұмыс істедім. Ол МХАТ-та 1956 жылдан бері мұғалім екен. Маған сабақ беру үшін Мәскеуден Арқалыққа келіп жүрді. Арасында Мәскеуге мен бардым. Өзағам соған қатты мүдделі болды. «Бір кісі ескіше би қимылын біледі» дегенді құлағы шалып қалса, ол заматта астыма көлік беріп сол ауылға аттандыратын.

Бір күні Өзбекәлі Ольга апайды қолқалап: «Сүгірдің «Шалқыма» деген керемет күйі бар. Соған би қойып берсең», – деп өтінді. Айтқаны екі болмады. Ольга апай «Шалқымаға» әдемі би жасап берді. Билейтін ұлттық киімді Өзбекәлі Мәскеудегі «Большой театр» шеберханасында тіктірді. Көздің жауын алатын әсем киіммен иығыма торсық қойып сахнаға шықтым. Түрлі қимыл-қозғалыспен көшпелі халықтың мәдениетін сипаттадым. Соңында оркестрде

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

отырған қыз-жігіттерге қымыз құйып бердім де, биді илтипатпен аяқтадым. Жұрт өнеріме риза болды. Кейін «Қобыланды батыр» спектаклін қойғанда да Ольга апайым қойылымның құнарын ұлттық би элементімен байытты.

Кейін Өзағаның қызметі Алматыға ауысты. Мен тұрмыс құрдым. Ол кісі Мәдениет министрінің орынбасары болған кезде Алматыда «Ұлт аспаптар» музейін құруды қолға алды. 1982 жылы мені Алматыға көшіріп, өкіметтен үй бергізді. Музей үйінің сахнасы бар екен. Сол жерде ұлттық би түрін дамытуды қайтадан қолға алдық. «Айда бипылым», «Жезтырнақ», «Байжігіттің жұптасып билеуі», «Келіншек биі», «Ортеке», «Айқосақ», «Қылышпан», «Құсбегі» сияқты ел арасында ұмыт болған би түрлерін қайта жаңғырттық.

Өзбекәлі музей есігін Яссауи кесенесінің қақпасына ұқсатып принципті түрде қолдан ойып жасатты. Кейін түсініксіз себеппен ол есік ауысып, түпнұсқасы жоғалды.

Ольга апай біздің салт-дәстүрді зерттеп, одан би жасауға жиырма бес жыл ғұмырын арнады. Мәскеудегі «Ленин» кітапханасында қазақ жұртының тіршілігі жайлы жазылған том-том кітапты үтір-нүктесіне дейін қалдырмай оқып шығыпты. Сөйтіп жүріп «Пять казахских танцев» деген еңбек жазды. Қазақтың бес биін бүге-шігесіне шейін қалдырмай, соқырға таяқ ұстатқандай етіп жазып шықты. Онымен тоқтамай «Школа казахского танца» деген тағы бір еңбекті жарыққа шығарды. Бидің қимыл-қозғалысын суретке түсіріп, ақ қағазға қара сиямен мәңгілікке таңбалап тастады.

Өзбекәлінің осы ісін көре алмаған күншілдер: «Сендер қайдағы жоқ еврей қатынға жабысып алдыңдар. Соны әлдеқандай қып жүрсіңдер», – деп өсекті бұрқырататын. Енді қараңыз, қазақ биін теориялық тұрғыда дәл бұлай терең зерттеген еңбек жоқ. Қазір жылдан жылға ұлттық өнерге деген сұраныс артып келеді. Жас бишілер ұлттық бидің мәнін ұғып, сахнаға шығарғысы келсе, Ольга Голушкевич жазған екі кітапты оқуға мәжбүр.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

Өзаға Ольга апаймен кездескен сайын «Қазақта бұрын мынадай болған», – деп тұрмыс-тіршіліктегі құнды элементтерді айтып отыратын. Ольга оны ести сала кітапханаға барып, тубін қопарып, содан би қимылын шығарып, оған философия сіңіріп, сахнаға алып шығатын. Кейбір мәселеде келіспей қалса, екеуі дауласып кететін. Ондай кезде Ольга бірінші шегнеді. Сөмкесінен шылым шығарып, асықпай шегіп ойланады. Сосын: «Жарайды, Узбеки Джанибекович, уәжің дұрыс», – дейді де іске кірісіп кетеді.

Алматы облысына келген соң Өзбекәлі Ольга апайды алдырып, мені қасына қосып, «Би жинап келіндер!» – деп жұмысқа жекті. Ұзынағаш жақта Үмбетәлі ауылында жасы тоқсаннан асқан Жамал Қырғызбаева есімді әже тұратын. Тоқсаннан асса да, әжеміз тың еді, киіз басады. «Қарияның киіз басу өнерін соңына дейін бақылап отырындар!» – деп Өзбекәлі бізді Үмбетәліге жіберді. Өзі телефон соғып әкімдерге ескертіп қойды. Ольга апай жүнді шыбықпен сабаудан бастап оны түту, тарау, жаю, ою салу, шиге орау, ыстық су құю, білектеу, соңында жігіттердің киізді домалатып шыққанға дейінгі процесін ерінбей бақылады. Бақылаған кезде «ұйқымды келтіріп, жалқаулыққа сүйрейді» дей ме, кім білсін, тамақ ішпейтін. Шылым шегіп, кірпік қақпай отыра беретін. Тіпті арасында Жамал әже екеуі қол ұстасып билеп те кететін.

Бір кезде шаруа аяқталды. Су жаңа киіз буы бұрқырап, оюлары жалт-жұлт етіп дайын болды. Бұдан соң Ольганың ісі басталды. Жадына тоқып, көкірегіне түйіп алған әрекет-қозғалысты театрға келген соң көркем түрге түсірумен әуре болды. Біраз уақыттан кейін әженің қимылы көркем би болып сахнада сөйлеп тұрды.

Міне, «Алтынай» би ансамблінің репертуары ұлттық бимен осылай толысқан. Ольга Голушкевич 1993 жылы дүниеден өтті. Оның аяқтай алмай қалған «Бақсылар биі» еңбегін Өзбекәлі өзі аяқтап, жарыққа шығарды».



ҚОШҚАРМҮЙІЗ

НАУРЫЗДЫҢ ОРЛУЫ

Орта Азия – ежелден-ақ түрлі өркениет пен мәдениеттің сапырылысып, тоқтаусыз синтезделіп жататын, қайырлы мекені. Ұлы Жібек жолының осы өңірді басып өтуі көшпелі халықтың экономикалық қуатынан бөлек, мәдени құнарын да байытты. Иран және Тұран өркениеті ұдайы әсерлесіп отыратын. Сол себепті «наурыз» сөзінің шығу тегі парсыша болғанымен, ішкі мазмұны келе-келе мұсылманданып кетп. Бұл мейрам Құран мен сүннетте тікелей аталмаса да, жақсылық пен жаңалықтың жаршысы болғасын ислам тарапынан тыйым да салынған жоқ. Керісінше бірлігі ыдыраған ел-жұрттың басын қосып, рұхани үгіт-насихат жүргізуге таптырмайтын себеп еді. Сондықтан қазақ топырағында наурыз мерекесі көшпелі халықтың салтымен араласып, өзіне ғана тән әдемі реңге боялды. Кейін ұлыстың мерекесі ретінде міндетп түрде тойланатын болды.

1917 жылы Ресейдегі төңкерістен соң әлем тарихымен бірге қазақ мәдениеті де сойқан өзгеріске ұшырады. Ақ

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

патшаны төңкеріп, совет өкіметін орнатқан большевиктер 1926 жылы СССР құрамындағы Орта Азия елінің бәріне наурызды тойлауға тыйым салды. Себебі бұл күні жұрт рухани бірігіп кететін. Халық жаппай жиылып, діни қисса, тарихи жыр айтып, ән-күй шырқайтын.

Бұл кезде большевиктер «совет адамын» жасай алмай малтығып жатқан. Сондай сәтте наурыз тойлаған халықтың тарихи жады оянып, мәдени идентификациясы қозып қоя беретін. Осындай көзге көрінбейтін тегеурінді кедергіні біржола жою үшін наурызды тойлауға түбегейлі тыйым салуға тура келді. Ал Құрбан айт, Ораза айт одан кейін төрт жыл өмір сүрді. 1930 жылы оларға да кезек келді.

Наурызға тыйымның қатты болғаны сонша, 1988 жылға дейін Орта Азияда «наурыз тойлайық» деп бастама көтеруге ешбір шөнеуіктің саяси жігері жетпеген. Бұл ерлік Өзбекәлі Жәнібекке ғана нәсіп болды. Бұл жерде бір нәрсені ескеру керек. Наурыз ресми тойланбаса да, біржола тоқтап қалмаған. Әсіресе қазақтар тығыз қоныстанған өңірде бұқара халық жиналып, тойлай беретін. Олар текеметін далаға төсеп, көже пісіріп, бауырсақ жасап, көк шалғынның үстінде әңгімесін айтып, батасын қайырып, бетін сипап тарасатын. Бірақ солтүстік аймақта бұл мереке ұмытылып кетті десе де болады.

Әдетте саяси сауаты бар адам кез келген қоғамдық толқу мен халықтық өзгерістің артында қозғаушы «біреу» тұратынын сезеді. Оны саяси қайраткер деп атайды. Шынайы қайраткер өзін күрескер ретінде мақтанып көрсетпейді. Ол қоғамдық тұлғалардың басын қосып, бір мүддеге жұмылдырады. Ал өзі мемлекет тарапынан олардың бастамасын қолдаған сыңай танытып отырады. Өзгеріс осылай жасалады. «Наурыз мерекесін кім қайтарды?» деген сұрақ пайда болғанда «Оны алғаш мен қозғадым», – деп бірнеше қаһарманның шыға келетіні осыдан. Себебі саяси қайраткер жекелеген тұлғаға сыбырлап, билікке қарсы ұсыныс

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

тастады. Ұсыныс қабыл болғанда әлгі тұлғалар «қозғаушы күш» расымен де өзім екенмін деп ойлап қалады. Осылайша бір бастаманың бірнеше авторы пайда болады.

* * *

Наурыздың ерте оралуына 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы тікелей әсер етті. Көтерілісте қан төгіліп, бірнеше студент нақақ сотталды. Мәскеу билігі көтерілісті аяусыз жаншыса да, Алматыда бәрібір өзге атмосфера қалыптасты. Ұлттың оянуы бұрынғы орыстану ережесін бірден тежеді. Қонаевтың орнын басқан Г.Колбин ыңғайсыз жағдайда қалды. Келмей жатып беделінің күл-талқаны шықты. Ол абыройын көтеру үшін ұлтшылдардың мұң-зарын тындауға мәжбүр болды. Сүйкімді көрінгісі келгені сонша, тіпті репе-титор жалдап, қазақ тілін үйренуге барын салды.

Құрметті оқырман! Осы жерде бір нәрсені айта кетейік. Колбин басшы болып келген соң Өзбекәлінің қызметі қайтадан жоғарылады. Ол төрт айдай Мәдениет министрі, сосын республиканың идеология бойынша хатшысы болып тағайындалды. Құлбек Ергөбектің сөзімен айтқанда: «Өзекеңнің жолына тор құрып, қызметте құлатамыз деп жүрген пенделер – басы Меңдібаев болып қызметтен алынып, берекесі қашты». Ал бұқара жұрт үшін Өзбекәлінің Алматыға қайта оралғаны әділдік салтанат құрғандай әсер етті. Мұхтархан Манапов мынадай естелік айтады:

«1987 жылы Өзекең министр болғанда «Мәдениет министрі болуыңызбен құттықтаймын. Тарихи әділдік ақыры жеңді!» – деп телеграмма жібердім. Кейін Алматыға барғанымда Өзекең кабинетінде қабылдады. Кіре сала телеграмманды көрсетіп: «Сенің мынауың нө? Сен тентек қашан адам боласың? Өстіп те телеграмма сала ма екен?» – деп қағазды көрсетіп ұрысқан болды. Бірақ сағынғаны да көрініп тұр. Құшақтасып көрісіп, өнер жайында біраз сұхбаттастық».

Әдетте басшылық өзгерген кезде кадр құрамы қоса ауы-

сады. Былайша айтқанда әр басшы өзінің командасын құрады. Мұның бір жақсы жері: бақталастар қазған ор ішінде тұншығып жатқан Өзбекәлі сияқты ақжүректердің кең тыныстауына жол ашады. Колбин келген соң Алматының кәрі коммунистері ұзақ жыл отырған жылы орнын бір күнде босатты.

Билік тізгіні қолға тиген күні-ақ Өзбекәлі оны ұлт мүддесіне тиімді пайдаланды. Соның бірі – Наурызды қайтару операциясы. Ол үшін ұсыныс жоғарыдан емес, төменнен түсуі шарт. Яғни жұрт сұрап жатқан сияқты оқиға түзу керек. Өзбекәлі танымал тұлғалардың аузымен Наурызды қайтару жайлы әңгімені қарша боратты. Халық алдында абырой жинауға мұқтаж Г.Колбин бұл ұсынысты амалсыз қабылдады.

Осылайша әз Наурыз алғаш рет 1988 жылы Алматы қаласында тойланады. Мереке күні қаланың көрнекі жерлерінде ұлттық киім киген ансамбльдер көктемде құлпырған қызғалдақтай жайқалып шыға келді. Бейне бір ертегі кейпкеріндей ұсталар мен зергерлер көше-көшенің бойында дүкен құрып, темірден түйме түйіп, халыққа ұсынып жатты. Алматыда ана тілінде сөйлеуге зар болып жүрген қазақтар мәдени мұрасымен табысқанда эйфорияға түсіп, естен танды. Республика сарайының алдында алтыбақан құрылды. Жастар ғашықтық әнін шырқады. Киіз үйлер тігіліп, тегін наурыз көже таратты. Балуандар белдесіп, жігіттер жамбы атты. Ұлттық киім киген қазақтар көшеде бір-бірімен қауқылдасып, көрісіп бір жасап қалды. Өзбекәлінің жары Қалихан апамыз бұл күндер жайлы бұй деп толғайды:

«1988 жылы Наурыз өткізерде Өзағаң қатты қобалжыды. «Не болар екен, қалай өтер екен?» деп түнімен ұйықтамады. 22 наурыз күні таңертең көшеде мерекелік көңіл күй пайда болды. Далада серуендөген жұрттың көбі ұлттық киім киіпті. Жастар алтыбақан теуіп жүр. Көше мен саябақта қазақша ән айтылып жатты. Біз қазіргі Достық көшесімен жоғары көтерілдік. Кенет үлкен концерттік бағдарламамен әр-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

тістер керуені көш тартты. Керуеннің басында әдемі шапан киген, ақ боз ат мінген жас жігіт келеді. Бұл жігіт Мұхтар Шаханов еді.

1988 жылы Наурыз өткізуге тәжіктер мен өзбектер де ынта білдірді. Әлі есімде, сол жылы таудағы үйде тұрғанбыз. Кешке жақын Өзбекәлі жұмыстан келісімен телефон қоңырауы шырылдай бастады. Бәрі наурызға арналған той жайында білгісі келді. Елдеглер: «Не көмек керек?», «Қандай тапсырма бересіз?» – деп соқты. Көрші елдің мәдениет басшылары: «Тәжірибемен бөлісіңіз», – деп хабарласып жатты».

Наурыз түркіге ортақ мереке болғасын оны тойлауға бауырлас елдер де ниет білдірген. Өзбекәлінің бастамасы бәрінің ұлттық идентификациясын оятып жібергендей. «Қазақтар Наурыз тойлайды» дегенді еспгеннен-ақ олар да жарысып, Наурыз тойлауға кірісіп кетті. Бірақ республика деңгейінде ауқымды етіп тойлаудың бағдарламасын білмеді. Бірақ соның білгірі – Өзбекәлі Жәнібек екенін олар да мойындайды. Бізбен сұхбаттас болған Өзбекәлінің тұңғышы Ниетжан мынадай естелік айтады:

«Бір күні үйдегі телефон безілдеп қоя берді. Тұтқасын көтерсем, Өзбекстанның Мәдениет саласының шенеунігі екен. «Бұл Өзбекәлі Жәнібековичтің үйі ме?» – деп сұрады. «Иә» – деп жауап бердім. «Бірнеше күннен бері әкеңнің қызмет телефонына түсе алмай жатырмыз. Болмағасын үйіне соғуға тура келді. Әкең үйде болса, тұтқаны бер!» – деді. «Әкем үйде жоқ, жұмыста. Не айтайын?» – дедім. Ол: «Біз де 1926 жылдан бері наурыз тойлай алмай келе жатырмыз. Алматы мемлекеттік деңгейде тойлайын деп жатыр екен. Бұрынғы тыйымды қалай сындырды? Мәскеумен қалай келісеміз? Соларды сұрап, мүмкін болса, Өзбекстанда Наурызды тойласақ деп едік», – деді. Мен: «Жақсы, әкеме айтайын. Өзі хабарласар», – дедім. Меніңше, кейін олар өздері сөйлескен сияқты».

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

* * *

1988 жылы өзбектер Наурызды тікелей тойлай алмады. Оның атын өзгертіп, «Навбахор» деген мереке өткізуге Мәскеуден әрең рұқсат алды. Екі жылдан соң ғана Наурызды тойлады.

Тәжіктердің Наурыз тойлау әдісіне үңілсеңіз, Өзбекәлінің қолтаңбасын байқайсыз. «Маориф ва маданият» деген газетінің редакторы Буринис Бердиев наурыз жайлы мақала жазады. Оны Идеология хатшысы көріп қойып, түсініктеме алу үшін партияға шақыртады. Кейін бұл мәселе Тәжік Жазушылар одағында талқыланады. Одақтың төрағасы Мирзо Турсунзода бастаманы мақұлдап, Наурыз тойлау туралы партияға ұсыныс түсіреді. Идеология хатшысы оны қолдайды, сөйтіп олар 1990 жылы тойлайды.

Не үшін Өзбекәлінің қолтаңбасы деп айтып жатырмыз? Себебі біздегі Наурыз тойлау сценарийі осыған ұқсас. Өзбекәлі 9 ақпанда Идеология хатшысы қызметіне отырады. Арада бір апта өтпей «Лениншіл жас» газетінің «Тікелей телефон» айдарында Мұхтар Шахановпен сұхбат болады. Онда Наурыз туралы мәселе көтеріледі. Газетке көлемді мақала шығады. Өзбекәлі сол мақаламен ойда жоқта танысқан болып, газеттің редакторы Уәлихан Қалижанды түсініктеме беру үшін өзіне шақыртады. Сосын наурыз айының басында Жазушылар одағында жиын болып, «Наурыз» мәселесі көтеріледі. Жиынға Өзбекәлінің өзі де қатысады. Зиялы қауымның ұсынысын жинаған болып, Г.Колбиннің алдына кіреді. Қарап отырсаңыз, тәжіктердің рұқсат алу сценарийі біздікімен бірдей.

Түркімен мен қырғыздар бұл науқанға 1991 жылы қосылады. Бізше олар да Өзбекәлімен кеңескен шығар деп ойлаймыз. Бір қызығы, әзірбайжандар Наурызды 1967 жылы тойлаған. Бірақ оның саяси астары бар еді. Себебі 1968 жылы СССР Бас хатшысы Л.Брежнев Иранға іссапармен барады. Екі ел арасындағы мәдени достықты нығайту үшін

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Иранмен шекарадағы Әзірбайжанға наурыз тойлауға рұқсат берген. Бірақ бұл мерекенің ғұмыры бір-ақ жылға созылады. Келесі жылы тыйым салады. Содан соң араға жиырма бес жыл салып, 1992 жылы қайтадан тойлана бастайды.

Түркияның өзінде Наурызды 1991 жылдан бастап тойлады. Әлде посткеңестік түркі елдерінен үлгі алған шығар. Бізге анығы, Наурызды СССР-ге мойындатқан екі адам бар. Оның бірі – Тұрар Рысқұлов. Ол 1920 жылы қаңтарда Түркістан республикасы Орталық атқару комитетінің төрағасы болып сайланады. Билікке келе сала Мәскеумен келіспестен, Наурызды мемлекеттік мереке етіп белгілеп, бұйрық шығарады. Сөйтіп 1920 жылы Орталық Азияда алғаш рет Наурызды ресми тойлайды. Бұл тойлау 1926 жылға дейін созылады.

Ал екінші адам – Өзбекәлі Жәнібек. Егер байқасаңыз, ол «Ұлыс күнін» өткізуге рұқсатты наурыз айының алғашқы аптасында ғана алады. Күн мен түннің теңесуіне он бес шақты күн қалған. Бірақ дайындыққа осы екі жұманың өзі жететін еді. Себебі Өзбекәлінің жоспары мен бағдарламасы әуелден дайын. Кабинетіне келді де, телефон тұтқасын қолға алды. Заматта жан-жаққа тапсырмалар беріп жатты.

Құлбек Ергөбек жинаған бір естелікте Өзбекәлінің ұстазы Құтым Ордабаев бұй дейді: «Өзбекәлі бір демалыста ауылға келіп, Арыстан бабқа зиярат етіп, анасының басына Құран оқыды. Сосын ауыл қарияларының ортасында отырып бір игілікті әңгіме бастады. «Наурыз мерекесі көп болды, тойланбай кетті. Наурыз жайлы көп ізденіп, зерттедім. Оны атап өтуге Орталық комитет қарсы емес. Жақында арнайы қаулы шығады», – деді. Бұл хабар бізге қуаныш лебін әкелгендей сезілді. Сөз соңында Өзбекәлі «Наурызға дайындала беру керек» деген тапсырманы да ескертті. Мен ол кезде аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі едім. Өзекенің қуанышты хабары барлық мектепке жеткізілді. Дайындық ісі қолға алынды».

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

Осындай естеліктерді оқып отырып, «Наурыз» өткізу жайлы идея әуелден Өзбекәлінің жоспарында болған деген тұжырымға келесіз. Әйтпесе 9 ақпанда қызметке отырған адам небәрі қырық күн ішінде Наурыз өткізуге рұқсат алып, әрі оны жоғары деңгейде тойлап үлгере ала ма? Үлгеру үшін не істеу керек? Біздіңше, ол Наурыздың сценарийін баяғыда-ақ жазып қойған. Есіңізде болса, 1971 жылы Торғайда «Проводы русской зимы» деген атпен наурызды тойлап жүрген. Республика деңгейінде тойлауға қолында билік тізгіні болмады немесе Алматыдағы кәрі коммунистер мүмкіндік бермеді. Сәті келгенде бір сағатты да босқа кетірмей, өзі сызған сценариймен жүріп шықты.

* * *

1988 жылы қайта оралған Наурыздың бұрынғы наурызға ұқсамас тұсы көп. Айталық, бұрынғы көшпелі халық өз мәдениетінің ішінде өмір сүріп жатқасын «көрме ұйымдастыру», «ұлттық киім кию» сияқты шоу форматындағы элементтен ада болған. Себебі олардың ұлттық киімнен басқа киері жоқ және шеберхана, ұстахана, киіз үй, қазан, ошақ сияқты дүниені күнде көріп жүр. Ал СССР кезінде отырықшы халыққа айналған соң өз мәдениетінен алшақтады. Көбісі ұмытып қалды.

Өзбекәлі үшін оларды өз мәдениетімен тұтастай таныстырып қалатын мүмкіндік наурызда ғана туады. Сондықтан ол наурыз тойлаудың тың концепциясын жазып шықты. Қазақ мәдениетінің элементін паш ететін қандай өнер түрі бар, соның бәрін Наурызда жаппай көшеге шығарды. Мереке бір күнде жылт етіп, бітіп қалмас үшін Алматының әр ауданы кезегімен бөлек-бөлек тойлады. Мәселен, Ұзынағашта 1988 жылғы наурызды 24 сәуірде өткізген. Бір ай ішінде қала қазақтары санасына жабысқан мәңгүрттік дерттен айығып, рухани сауығып қалатын.

Наурыз айында Өзбекәлі Торғайда жиған тәжірибесін

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

республикаға қолданды. Барлық аудан мен ауылда көше тазалап, тал егуден жарыс ұйымдастырды. Мереке біткесін аймақ басшысы көп тал еккен, көшесін таза ұстаған тұрғындарды марапаттап, сыйлық беретін. Соның арқасында Қазақстан қоқыстан тазарып, күзеннің терісіндей жылтырап шыға келетін.

Өкінішке қарай қазақтардың Наурызда жаппай өркеніет пен мәдениетке талпынуы Өзбекәлінің кезінде ғана болды. Ол биліктен кетіп, ықпалы әлсіреген соң Наурыздың құнары да сұйылды. Сұйылғаны сонша, 2022-23 жылдары «Наурыз» мейрамы – тегін тамаққа таласып, бір сәт қарын тойдыратын деңгейге құлдырады. Әсіресе наурыз көжеге таласып, бір-бірін таптап, ұрсып-айғайласып жатқан видеолармен ғана есте қалды. Жұрт наурыз тойлауды қайтадан ұмытып қалды.

Осындай іс-шаралар кезінде Мәдениет министрлігінде Өзбекәлі сияқты тұлғаның жоқтығы білінеді. Халықты рухани деградациядан алып шығып, ең құрығанда тамаққа таласпауды үйрететін бір шенеунік табылмады. Әрине, қоғамда немесе билікте ұраншыл, ұлтшыл қаһармандар бар. «Мына мерекені ұлт пен ұлыстың басын қосатын деңгейде тойлап бер», – деп солардың қолына билік пен бюджетті ұстатсаң, ішіп-жеммен аяқталатын тойдан артық ештеңе жасай алмайды.

Ол үшін Өзбекәлі сияқты жеті қырлы, бір сырлы болуың керек. Ол этнография ғылымымен сол үшін тыңғылықты айналысты. Қазақ мәдениетінің ұсақ-түйек элементіне шейін шашау шығармай жинап жүруге бейімделді. Одан бөлек осынша мәдениетті бір уақытта жарқ еткізу үшін мемлекеттік деңгейде мерекенің концепциясын жаза алатын потенциалы болды. Және ойына алған жоспарын қорықпай жүзеге асыратын саяси жігері мұқалмады.



ТАЙҚАЗАННЫҢ ТАҒДЫРЫ

Өзбекәлінің және бір үлкен ерлігі – Тайқазанды қайтаруы. Өзбекәлі болмаса Яссауи кесенесінен Тайқазанды көру бақыты бізге бұйырмас еді. Әрине, тәуелсіздік алған соң, Наурызды бәрібір қалпына келтіріп, тойларымыз анық. Ал Тайқазанды қайтару қиын. Ол да Кенесары ханның бас сүйегі сияқты тылсым аңызға түрткі болып жүрер ме еді, кім білсін?!

Өзбекәлі қолға тиген биліктің мүмкіндігін мүлт жібермей, Тайқазан үшін күресті бастады. Ол жайлы сәл кейін тоқталамыз. Алдымен Тайқазанның Эрмитажға қалай кеткені жайлы тарихты тарқатып көрейік.

1935 жылдың 11-16 қыркүйегінде Ленинградта «Иран өнері мен археологиясына» арналған халықаралық конференция өтті. Конференция кезінде Эрмитаждың 84 залында Шығыс мәдениетіне арнап көрме ұйымдастырды. Сол көрмеге қою үшін Яссауи кесенесінен Тайқазан мен оннан аса жәдігерді уақытша әкетеді. Бір қызығы, осы әрекеттің бәрі ресми құжатталып, архивте сақталған. Тайқазанның тарихи отанына сәтпен оралуына осы құжаттың да әсері болды.

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Конференцияға Австрия, Англия, Ауғанстан, Германия, Голландия, Дания, Иран, Испания, Палестина, Польша, Сирия, АҚШ, Түркия, Финляндия, Франция, Чехословакия, Швеция сияқты 17 елден 188 ғалым қатысқан. СССР тарапынан академик А.Ю.Якубовский «Темір дәуіріндегі Орта Азия шеберлері» атты баяндама оқиды. Баяндамада Әмір Темірдің Кесенеге сыйға тартқан Тайқазан мен алты шырағдан және есіктерге орнатылған төрт балғасы жайында айтады. Тайқазан расымен де көрмеге келген жұртты баурап алған теңдессіз жәдігерге айналыпты. Оны сол замандағы газет жаңалықтарынан байқауға болады. Көлемі жағынан әлемдегі ең үлкен қазанның қазақ мәдениетінің ошағынан табылуы арқауы үзілмес абырой болыпты.

Заман тыныш болса бұл құнды жәдігерлер ың-шыңсыз Түркістанға оралар еді. Бірақ 1936 жылы сталиндік репрессияның ызғары басталды. Бір жыл бұрын Сталин өзінің басты бәсекелесі С.М.Кировты қастандықпен өлтірді. Сосын өзге конкуренттерге қысымды күшейтті. СССР кеңіспінде «халық жауларын» анду, қамау, қинау, соттау, жер аудару сияқты үрейлі атмосфера қалыптасты. Міне, осындай жайсыз көңіл күй игі жақсылардың мәдени мұраларды тугендеуіне мұрша бермеген сияқты. Себебі Қазақстанда да жақсы мен жайсаңды «халық жауы» деген түсініксіз айыппен жаппай атып, тірілерін Сібірге айдады.

Репрессияның қарқыны басыла бергенде ІІ дүниежүзілік соғыс басталды. Соғыс біткен соң 1946 жылы СССР Министрлер Кеңесінің төрағасы Г.Маленков тарапынан қысым басталды. Қазақ, татар, башқұрт зиялыларының еңбектері цензураның қатаң сүзгісінен өтті. Ол аяқтала бергенде 1952 жылы «Правда» газетіне шыққан атышулы мақала кесірінен Е.Бекмаханов бастаған қазақтың маңдайалды азаматтары сотталып кетті. Бірі қызметінен алынып, бірі Мәскеуге қашып, тарыдай шашырады. Сталин өліп, қуғын-сүргін тоқтай бергенде 1954 жылы Қазақстанның бірінші

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

хатшысы Пономаренко қаулы шығарды. Совет өкіметі енді киелі жерлерге қарсы күресті бастап кетті. Баянауылдағы Мәшһүр Жүсіптің кесенесі осы кезде қиратылды. Халықтың әулиеге зиярат ету ғұрпына тыйым күшейеді. Мәшһүр Жүсіптің кесенесінен соң басқа да киелі орындарға шабуылдады.

Н.Хрущевтің кезінде егіс даласына жаппай жүгері егу науқаны басталды. Мүмкін болған жердің бәріне жүгері екті. Кейбір әулиенің кесенесін сүріп тастады. Кейбірінің кесенесіне тақап тұрып еге салды. Мәселен, сондай науқанның кесірінен Арыстан бабтың кесенесі құзданып, бір шеті құлап қалған. Киелі Қаратау қойнауында жатқан Ысқақ баб кесенесі астық сақтайтын қоймаға айналды. Сол күйі тұра берер ме еді, кім білсін?! 1959 жылы Мұхтар Әуезов ата-бабасына зиярат етіп, осы өңірге келеді. Ленин дік сыйлық алған абыройының арқасында Ысқақ бабқа ара түсіп, кесенесінің ішін артық заттан тазалайды.

Әулиелердің мазары осылайша тепкі жеп жатқанда Тайқазанды іздемек тұрмақ, Яссауи кесенесіне кірудің өзі мұң болған. Соның кесірінен Қазақстандағы советтік мектептің жаңа буыны кесенеде Тайқазан болғанын ұмытып қалған. Тіпті Түркістанда тұратын халықтың есінен шығып кеткен. Тек ғайыптан тайып тарихта мұндай оқиғаның болғанын жадында берік тұтқан санаулы қайраткер қалған. Соның бірі – Өзбекәлі Жәнібек. Бұл асырып айтқандық немесе Өзбекәліні шексіз мақтау үшін жазылған сөз емес. Оны сол замандағы естеліктерден анық байқайсыз. Мәселен, 1988-95 жылдар аралығында «Әзірет Сұлтан» музейін басқарған Нұрмахан Назаров мынадай естелік айтады:

«Тайқазанның Эрмитажға уақытша көрмеге кеткенін алғаш Өзбекәліден естідік. 1967 жылы ол Бүкілодақтық комсомол хатшысы Е.Тяжельниковті Түркістанға ертіп келді. Сол шараға жас комсомол ретінде мен де қатыстым. Сонда Әзірет Сұлтан кесенесін аралатып жүріп, Тайқазан жайлы

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

әңгіме айтты. Оның бұрын қай жерде тұрғанын қолмен көрсеткені әлі есімде. Кейін аупарткомда нұсқаушы болып жүргенімде Өзағанның тапсырмасымен Мәскеуге бара жатқан депутаттарға, делегаттарға Тайқазанды қайтару жөнінде бірнеше рет хат дайындадым. Бірақ нәтиже болмады».

Түркістанның тумасы болса да, Нұрмахан Назаровтың Тайқазан жайлы ақпарат білмеуі қалыпты жағдай. Себебі ол 1944 жылы дүниеге келді. Ал Тайқазан Эрмитажға 1935 жылы кетті. Тіпті 1930 жылы туған түркістандық тұрғынның өзі Тайқазан кеткенде бес жаста болған. Яғни ес жинап үлгермеген сәби еді. Ал 1989 жылы Тайқазан елге оралғанда әлгі бес жасар сәби зейнетке шығып жатты. Байқасаңыз, арада үш-төрт буын ауысып үлгерді. Тайқазанды ұмытып қалатындай да жөні бар.

* * *

Қазір Әзірет Сұлтанның абыройы асқақтап, оған зиярат етушілер жылдан жылға көбеіп келеді. Кесенеге кірген жұрт Тайқазанға таңғала қарап, оның тарихын сұрап жатады. «Ленинградтан Тайқазанды қайтарып алған қандай батыр?» деген сауал да еріксіз қойылады. Бірақ соның жауабын іздегенде біраз қиындыққа ұшырайсыз. «Өлеңге де әркімнің бар таласы» дегендей мұндай іске таласушы тұлғаның қарасы көп. Осы тақырыпты қазып, ізденетін болсаңыз, «Тайқазанды қайтарайық!» – деп мәселе көтеріп, Ленинградқа хат жазған мен едім» деп басталатын сұхбат пен естелік жетіп артылады. Тіпті біреуі қызды-қыздымен: «Осыны кезінде Өзбекәліге айтқанмын. Кабинетінде салқын қабылдады. «Қайтесің соны?» дегендей сыңай танытып, шығарып салды», – деп келетін сұхбат жариялады. Назарбаев дәуірінде Елбасына жағымпаздану дерті асқынған шақта «Тайқазанды біздің Нұрекең тікелей араласып алдырған», – деп те пікір айтты.

Бұл кітапта біз ол пенделерді айыптап, әшкере қылмай-

мыз. Себебі жақсылы-жаманды олардың да «Тайқазанды қайтару операциясына» жанама түрде қатысқаны рас. Кейбірі бұл операцияға Өзбекәлінің қатысы барын білмеген. Себебі бас ұйымдастырушы, әманда, көлеңкеде қалуға тырысқан. Ол Ленинградтағы Эрмитаж басшыларының жүйкесін жұқартып, қарсылығын азайту үшін Қазақстандағы мәдени мекемелердің атынан түрлі талап-арызды қарша боратқан. Кейбір тұлғаларды Эрмитажға дүркін-дүркін жұмсаған. Бұл жайлы Мырзатай Жолдасбековтің мынадай естелігі бар:

«Өзбекәлінің тапсырмасымен екі рет Ленинградқа Эрмитажға бардым. Бірінші рет барғанда Эрмитаждың директоры Пиотровский деген шал, жасы сексеннен асқан шағы еді. Ол: «Сіздерден баяғыдан хат, өтініштер келіп жатыр. Қазір береміз деп айта алмаймын», – деді. Ол кезде Пиотровский СССР Мәдениет министрлерінің сөзін шыбын шаққан құрлы көрмейтін.

Екінші рет Өзбекәлі арнайы жіберді. Әуелі біреулермен сөйлесіп алды. Сосын «Енді барып жолықсақ болады» деді. Бұл жолы Пиотровскиймен ұзақ әңгімелестік. Сөз арасында: «Тайқазан кеткелі қазақтан ырыс, береке кетті. Қазір халықтың жағдайы нашар. Тайқазан елге оралса, бірлік-береке, ырыс-несібіміз қайта кірер деп үміттенеміз», – дедім. «Солай ма? Ендеше бұл сұрақты шешеміз», – деді директор.

Дәл осындай өтінішпен Пиотровскийдің кабинетіне тарихшы Зікірия Жандарбек те, музей қызметкері Рахия Жүзбаева да, Түркістанның сол кездегі қалалық кеңесін басқарған Еркін Жорабеков те, Кеңес Одағының батыры Расул Есетов те барған. Камал Смайыловтың естелігін оқысаңыз, Өзбекәлі оны да жанына А.Устиновты қосып, Эрмитажға жұмсаған. Пиотровский мұндай мәдени шабуылдан шаршаса керек-ті. «Құжаттарды түгендеңдер де, көлікпен тиеп әкете беріндер. Қарсылығым жоқ», – дейді».

* * *

Шешуші шайқас архивтен 1935 жылғы құжат табылған кезде басталды. Онда Тайқазанды уақытша алғаны тайға таңба басқандай жазылыпты. Өзбекәлі бұл іске архивистерді де жеккен еді. Құжат табылған соң «Тайқазанды қайтарып беріндер!» деген қысымды күшейтп. Беделін салып, СССР Мәдениет министрлігіндегі сөзі өтетін қызметкердің бәрін өз тарапына шығарды. Соның арқасында ғана СССР Мәдениет министрі В.Г.Захаровтың «Тайқазанды қайтарыңдар!» деген қаулысы шықты.

Жәдігердің Түркістанға оралатыны әбден белгілі болған кезде оның атағы мен абыройын іліп түскісі келетін мекеме басшылары Эрмитажға хат жазып, «батырлар» тізіміне ілініп кетуге тырысқан. Бір жағынан Өзбекәлі де «Тайқазан операциясының» авторы ретінде өзін жарияламады. Иесі жоқ олжа, әлбетте, көп азғырады. Бірақ сол кездегі «Әзірет Сұлтан» музейінің директоры Нұрмахан Назаровтың естелігін оқысаңыз, Тайқазанды қайтару операциясының «шын иесін» байқайсыз:

«1988 жылдан бастап Мәскеуге Тайқазанды қайтару туралы қоғам, әдебиет және өнер қайраткерлерінің қолы қойылған хаттар жөнелтіп бастадық. КПСС басшылығына, СССР Жоғарғы Кеңесіне Түркістаннан сайланған делегаттар мен депутаттар арқылы талап-тілектер жолдадық. Әділін айтсақ, бұл істің басында Өзбекәлі Жәнібек тұрды.

Біз де Өзағаның қамшылауымен 1989 жылғы 6 шілдеде «Әзірет Сұлтан» ұжымы атынан, «темірді қызған кезінде соқ» дегендей, СССР халық депутаттары сиезіне жеделхат жолдадық.

Онда былай делінді: «СССР Жоғарғы Кеңес төрағасының бірінші орынбасары А.И.Лукьянов жолдасқа. Екі мың жылдық тарихы бар ежелгі Түркістан қаласының еңбекшілері Ленинград Эрмитажындағы Қазанды өзінің заңды иесіне – Ахмет Яссауи музейіне қайтару туралы Жоғарғы Кеңестен

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

бірнеше рет өтініп сұраған едік. Мәскеу біздің өтінішімізді қанағаттандырады деп сенеміз. Ахмет Яссауи музейінің директоры Н.С.Назаров».

Осыған қоса және бір жеделхат жолдадық. Оның да мәтінін келтіре кетейік: «Қазақ ССР депутаттары – Н.Назарбаев, О.Сүлейменов, М.Шаханов жолдастарға. Түркістан қаласының еңбекшілері тоқырау және қайта құру жылдарында СССР Жоғарғы Кеңесіне Ленинград Эрмитажындағы Қазанды өзінің заңды иесі – Ахмет Яссауи музейіне қайтару туралы сан рет өтініш жасаған еді. Осыған ықпал етулеріңізді сұраймыз. Осындай жеделхат А.И.Лукьяновқа да жолданды. Ахмет Яссауи музейінің директоры Н.С.Назаров».

Сол күні Жоғарғы Кеңес хатшылығындағы Воропаевтың атынан «жеделхаттарды алдық» деген жауап келді.

Сөйтіп Құдай сәтін салды. Ұзамай СССР Мәдениет министрі В.Захаровтың «Тайқазанды Түркістанға қайтару туралы» бұйрығы шықты. Қасыма бір милиционер қосып, екі жүргізушіні отырғызып Ленинградқа бардық. Тайқазанды «КамАЗ» жүк көлігіне тиіп, түрлі өткелден өтіп, неше мың шақырым жол жүріп елге алып келдік. Оның өзі ұзақ сонар қызық әңгіме.

Осылайша елу төрт жылдан соң Әзірет Сұлтан кесенесінің бас жәдігері өз еліне, өз ошағына оралды. Сөйтсем бұл Тайқазан көп кешікпей келетін Тәуелсіздігіміздің қарлығаш хабаршысындай болған екен-ау!

Тайқазан оралғанда Түркістан халқының қуанышында шек болмады. Талай жиын өтті. Академик Зейнолла Қабдолов, түркістандық Кеңес Одағының Батыры Расул Есетовтің толғана сөйлегені көз алдымда. Зейнолла Қабдоловтың: «Бұл қазан – халқымыздың ырыс қазаны. Қазақ жерін мекендеген халықтың жиғаны да, иманы да – осы Тайқазан», – деген сөзі ерекше тебіреніп. Менің де қуанғаннан жүрегім тулады. Аузымнан өлең шумақтары төгле берді:

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Тарих – баян, сыр қылып,
Айтып келем, Тайқазан!
Елу төрт жыл қыдырып
Қайтып келген, Тайқазан!
Әмір Темір кезінде
Сыйға тартқан Тайқазан.
Таусылмайтын несібе
Ғимаратқа, Тайқазан!
Айт дегенде, ағайын,
Арқам қызған, Тайқазан!
Таңдайына талайдың
Нәр тамызған, Тайқазан! –

деп жырлай жөнелдім.

Өзағам екі жарым айдан соң жетті. Келе сала Тайқазанды құшағына алып, ұзақ тұрды. іштей егілді ме, кім білсін?! Көзіне қарасам, кірпігі суланыпты.

Шыны керек, қасиетп Тайқазан Өзбекәлінің тоқтаусыз төбелесінің арқасында қайта оралды. Егер ол сәл шегініп тоқтағанда Тайқазанды елге қайтарып үлгермес едік. Себебі санаулы айдан соң 1990 жыл есік қағып кірді. СССР-дің іргесі сөгіліп жатты. Он бес мемлекет бөлініп, шекарасын шегендеп алған соң өзге елден жәдігер тасымалдау қиынға түсер еді...

Осы орайдағы ең бір аталы сөзді академик Өмірзақ Айтбаев айтты: «Қазақ – ырымшыл халық. Тайқазанның оралуы арқылы елдің ырысы, дәулеті қайта келді. Қазақтың қасиеті қайтып келгендей сезілді. Мен Өзбекәлі Жәнібектің ең ұлы ісінің бірі осы деп есептеймін», – деді ол».

* * *

Тайқазан артылған «КамАЗ» кесененің алдына ырсылдап кеп тоқтағанда оны күтіп алушылардың ішінде музей

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

қызметкері Рахия Жүзбаева да болған. Ол сол күнді былай еске алады:

«Мен экскурсия жүргізіп жүргенде келушілер бір нәрсені сұрай беретін. Ол – Тайқазан. Шамасы бір-бірінен естіп алған. Көзімен көрмесе де: «Мына жерде Тайқазан болған дейді. Соны әкелмей ме?» – деп сұрай беретін. 1982 жылы музейге Д.Қонаев келді. Жұрт қаумалай қоршап, сұрақтарды жаудырып жатыр. Арасында мен де тұрдым. «Тайқазанды қайтарып алмаймыз ба?» – деген сұрақ Қонаевқа тікелей қойылды. Ол кісі: «Бәлкім, қайтпағаны дұрыс шығар. Эрми-таж оңай жер емес. Тайқазанның сонда тұруы біз үшін абырой. Оны әлемнен мыңдаған турист кеп көреді. Біздің елімізді сол арқылы таниды. Түркістанда тұра бәрсе, турист көрмес еді. Сондықтан оны да ойлап қойған жөн», – деп жауап берді.

Ал Өзбекәлі аға олай ойламады. Тайқазан жайлы тақырыпты үзбей қозғай беретін. Оны қайтарудың жолын ойластырып, үнемі жоспар құрып жүретін. Кейін хатшы болып, биліктің бір тізгінін ұстаған күні-ақ жоспарын орындауға кірісті. Сызып қойған соқпағымен жүріп отырып Тайқазанды бір жылға жеткізбей қайтарып алды.

Бұл қуанышты күн 1989 жылдың 19 қыркүйегі еді. Тайқазан келген кезде жыламаған адам қалмады. Әжелер құрметті қонағын күткендей шашу шашты. Қариялар Тай-қазанның жанында тұрып бірінен соң бірі бата беріп жатты. Балалар шаттанып жүгіріп жүрді. Менің де жүрегім елжіреп кеткені сондай, тамағыма өксік тығылып, жылай беріппін. Себебі кесенеде жатқан Яссауи бабамыз орнынан бір аунап түсіп, әруағы қуанып жатқандай сезілді».



ҚЫҢЫРМҮЙІЗ

ҚАБІРЖАПҚЫШТЫҢ ТАҒДЫРЫ

Өзбекәлінің бір қасиеті – істеген ісін ешқашан бадырайтып көрсетпейді. Және соны біреудің мақтап айтқанын ұнатпайды. Сондықтан оның өміріне қатысты материал жинағанда кәдімгідей терең қазуға тұра келді. Айталық, ол өзінің «Тағдыр тағылымы» кітабында мынадай қысқа дерек береді: «Сөз орайына қарай айта кететін жайт – манағы музей бұйымдары арасынан Ахмет Яссауи қабірінің көне жамылғысы табылды».

Былай қарасаң, елеусіз ғана бір сөйлемнен тұратын жаңалық сияқты. Ал терең үңілсеңіз үлкен әрі маңызды жәдігер болып шығады.

Өзбекәлінің кпапта айтып отырған оқиғасы мынау: бұрын қазақ әйелдері «қасаба» деп аталатын баскиім киетін болған. Өзбекәлі сол қасабаны тірлту үшін көне нұсқасын іздеп жер-көктің бәрін ақтарады. Бірақ еш жерден таппайды. Көне деректерде аты жазылғаны болмаса, киім үлгісі сақталмаған.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

1978 жылы Өзбекәлі Орталық музейдің көне қоймасын ақтарады. Қоймада күйе жеп, тозып кеткен көне заттарды музей мамандары акт жасап, жойғалы жатыр екен. Өзбекәлі үстінен түседі. Екі білегін түріп жіберіп, күйе жеп қойған жәдігерлерді бір тексеріп шықпақшы болады. Бір қызығы, әлемді шарқ ұрып іздеп жүрген ескі қасабасын сол қақыс арасынан табады. Кенет тағы бір жәдігер көзіне оттай басылады. Қараса, Қожа Ахмет Яссауидің қабіржапқышы екен.

Заманында Әмір Темір Әзірет Сұлтан кесенесіне арнап бірнеше сыйлық жасатады. Соның біреуі – Тайқазан, біреуі – Лауһы, біреуі – әулиенің қабірханасында тұрған шырағдандар, енді біреуі – осы қабіржапқыш.

Қабіржапқыштың тарихы XV ғасырдан басталады. Яғни Әмір Темір заманының күәгері. Білген жанға бұл – тарих үшін бағалы жәдігер. XX ғасырдың басына дейін ол әулиенің құлпытасының үстінде жабылып тұрған. Бірақ совет өкіметі орнаған соң Кесенеден үшті-күйлі жоғалып кетеді. «Зер қадірін зергер білер» дегендей, Өзбекәлі құнды дүниені бірден тани кетеді. Оны қоқыстан алып, Түркістандағы Әзірет Сұлтан музейіне қайтарған.

Өзбекәлінің кітапта бір сөйлеммен түртіп өткен оқиғасы осы. Бір қызығы, қазір кесенеге барсаңыз, қабірхана бөлмесінде қабіржапқыш жоқ. Яссауидің құлпытасы әліге дейін жалаңаш тұр. Сонда Өзбекәлі қайтарған қабіржапқыш қайда? Оның тағдыры не болды?

Біз осы сұраққа жауап іздедік. Сөйтсек, киелі қабіржапқыштың аянышты тағдыры әлі бітпепті. Оны Алматы қаласында тұратын ісмер Айжан Абдұбаит былайша баяндап берді:

«Бір туыс ағам екі мыңыншы жылдардың ортасында Шымкенттен мешіт соқты. Оны түрік шеберлеріне салдырды. Бір күні сол мешітті тамашалауға бардым. Кенет қабырғаға әдемі өрнекпен түскен Құран аятына көзім түсті. Әлгі жазуды кестелеуге аңсарым ауды. Аяттың көшірмесін

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

қағазға көшірдім де, матаға кестелеп шықтым.

2010 жылы Түркістанға зиярат етіп бардым. Әлгі кестені Яссауидің кесенесіне сыйға тарттым. Бір кезде Рахия Жүзбаева есімді қызметкер кестені көрді де: «Мәссаған, мынау біздің қабіржапқыштың жазуынан аумады екен», – деп таңғалды. Сөйтсем осыдан екі жыл бұрын музей ұжымы қабіржапқышты қалпына келтірмек болып мәселе көтеріпті. Сол жерде «Алматыда Айжан Әбдубайт есімді шебер бар. Бір істесе сол ғана қалпына келтіре алады. Соны шақырайық», – деп ұсыныс айтылыпты. «Іздегенге – сұраған» деген, сұратпай мен де дәм-тұз айдап музейге келе қалыппын.

Білуімше, 1946 жылы Түркістандағы қабіржапқышты біреу Алматыға апарып, Орталық музейге өткізіп, сол үшін 25 рубль ақша алған екен. Қабірді жауып тұратын киелі кілем қоймада сол жатқаннан мол жатқан. Қолданысқа жарамай, іріп тұрғанда Өзбекәлі Жәнібек үспнен түсіп, жапқышты Түркістанға қайтарған. Оны музей қызметкерлері бірнеше рет қабырғаға жайып, іліп те көрген. Бірақ оның тозғаны сонша, шіріген тұсы үгітіліп, жерге түсіп шашыла берген. Жұмысшылар оларды сыпырып-сыпырып қорқысқа лақтырып тастайды екен.

Музей ұжымы жәдігерге жаны ашыса да, қалпына келтірудің амалын таба алмаған. Мәскеу мен Петерборға да хабарласып, сол жақтың шеберлерінен де жәрдем сұрапты. Олар да: «Материал тозып кеткен. Қалпына келтіруге жарамайды», – деп жауап беріпті. Жаны аштын кейбір кісілер: «Музейде мұндай кереметтің барын Елбасы Н.Назарбаевқа неге айтпайсыңдар? Президент пәрмен өтсе, қабіржапқыш тез-ақ қалпына келеді», – деп ақыл айтыпты. Музей ұжымы бұл ақылды құп көреді.

2010 жылы Кесенеге президент келетін болды. Музей қызметкерлері қабіржапқышты көрмеге шығарып, Елбасына көрсетуді ойлайды. Бірақ сол кездегі Мәдениет ми-

нистрі: «Шіріген шұберекті құртыңдар! Президенттің көңіл күйін түсіреді», – деп алдырып тастапты.

2011 жылы музей директоры Мәулен Садықбек мені Түркістанға шақырып, қабіржапқышты көрсетті. Кереметті көргенде жүрегімді ерекше сезім билеп, шаттықтан құлап қала жаздадым. Киелі жапқышты бес күн бойы шыр айналып жүре беріппін. Орта ғасырда кестеленген өрнектерге есім кетіп ғашық болдым. Ақылымның істен шыққаны сонша, уақыттан жаңылдым. Бес күннен соң музей директорының кабинетіне кіріп: «Қалпына келтіруге болады. Қолға алайық!» – дедім. Ол менімен келісімшарт жасады да, істі бастауға рұқсат етті.

Қабіржапқышты маған дейін де біреулер жасап көрген екен. Бірақ профессионалдық деңгейі жетпеген. Олар көне материалдың үстіне қазіргі заманның арзанқол матасын жамапты. Әйтеуір шашылып қалмасын деп іле берген сияқты. Әріптер бірінің үстіне бірі шығып, ығы-жығы болып оқылмай қалған. Соның бәрін реттеу үшін әрбір жіпті қайшының ұшымен мұқият кестім. Матаның үгіндісін пинцетпен қысып, орындарына қойдым. Сөйтіп ұзын сөйлемді құрап шығардым.

Ою-өрнектер бір ізбен кестеленіп, тонның ішкі бауындай байланып жату керек. Мен сөгілген бөлшектерді су жаңа материалдың үстіне төсеп, қайтадан құрай бердім. Негізі мұндай істі кең әрі жарық шеберханада жасау керек. Ал музей басшылары онсыз да үгітіліп жатқан кілемді бөлмесінен шығарғысы жоқ. Амал жоқ, талапқа көніп, ауыр жұмысты сол жерде атқаруға тұра келді. Алматыда өзімнің шеберханам, қыруар шаруам да бар. Бір апта онда, бір апта мұнда жүрдім. Әзірет Сұлтанның әруағы үшін осы қиындыққа көндім. Істі өндіру үшін музей ішіне қонып жұмыс істеуге тұра келді.

Жазу мен өрнектерді жаңа материалға көшіру үшін эскиз сызу қажет. Өшіп, үзіліп, қиылып кеткен жазу мен ою-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

ды дәлме-дәл сызып алуға бірталай уақыт жұмсадым. Ендігі жұмыс Алматыдағы шеберханада жалғасуы керек. Сосын дәл сондай немесе соған ұқсас матаның түрін табуға тиіссің. Бірақ ондай мата Қазақстанда жоқ.

Қабіржапқыштың астарындағы матаны «мәуіті шұға» дейді. Бұрын Алматыда мәуіті шұға шығаратын арнайы фабрика болған. Кейін жабылып, ғимараты сатылып кеткен. Бағыма орай Оңтүстік Кореядан мәуіті шұға алдырып сатытын кәрістің отбасын таптым. Содан екі рулон шұға сатып алдым. Ендігі кезекте ол матаны түпнұсқаға жақын жасыл түспен бояуым керек. Ол да Құдайдың азабы екен. Ұзындығы алты жарым, ені төрт жарым метр матаны қандай ыдысқа салып бояйсың? Сол үшін 50 литрлік үлкен ыдыс сатып алдым. Ыдыс отқа төзімді болуы шарт. Себебі астына шоқ қойып қыздырасың. Әбден тәжірибе жинағанша қателесіп бір рулон матаны бүлдіріп алдым. Ақырында күйіп-пісіп жүріп, өзім қалаған түсті қолыма түсірдім.

Мүзей берген болмашы қаржыға қарапайым материалдан жасалған қарабайыр көшірме ғана жасап бере алдым. Ал қабіржапқыштың түпнұсқасы алтын жіппен өрнектелген болатын. Мүзей әкімшілігі «толық шығынды өтей алмаймыз» деп істі орта жолдан тоқтатты. Ал министрлік керек қаржыны өлсе де бөлмейді.

Мұндай істің қызығына кірген соң шыға алмайды екенсің. Қабіржапқыштың алтынмен кестеленген үлгісін жасап шығайын дедім де, амал жоқ, өз қаржымды салып жібердім. Оның инесі мен алтын жібі түгелдей шетелден келді. Удай қымбат. Сонда да әулиені риза ету үшін осындай қадамға барып, шығын шығаруға мәжбүр болдым. Көз майын тауысып жеті ай кесте тіккенде үлкен кілемнің тоғыздан бір бөлігін ғана қалпына келтіре алдым. Толық қалпына келтіру үшін 34 миллион теңге керек болды.

Қазір дамыған заман. Қабіржапқышты толық қалпына келтіруге мүмкіндік бар. Ақтоты Райымқұлова Мәдениет

министрі болып тұрғанда Президент Түркістанға келетін болды. Музей ұжымы көрме ұйымдастырды. Қабіржапқыштың алтын жіппен кестеленген фрагментін көрмеге қоюды сұрады. Мен қуанып кеттім. Президенттің назарын аударып, қабіржапқыштың жағдайын баяндауға мүмкіндік туды деп ойлады.

Президент Кесенеге кіріп, Құран оқып шыққанша бүкіл шебертырпетпей қатаң қарауылдық жіті қадағалауымен далада сіресіп тұрдық. Бір кезде көптен күткен президент те жетті-ау, ақыры. Ол жапқышты көріп: «Мынау не?» – деп сұрай бергені сол еді, А. Райымқұлова ауыз аштырған жоқ. Алдымды орап: «Президент мырза, бұл – қабіржапқыш. Біздің кестеші қыздар жасаған. Қазірдің өзінде 80 пайызы бітіп тұр. Көп ұзамай толық аяқталады», – деп бәрін білетін білгір құсап, ділмарси жөнелді. Президент болса: «Е, бітсе жақсы екен. Тағы не бар?» – деді де, әрмен қарай аралап кете барды. Осылайша қасиетті қабіржапқыш шалапұла күйінде тағы да жайына қалды.

«Кілемді толық аяқтауға қажетті қаржыны министрліктен сұрайық!» – деп директорға талай айттым. Директордың діни сенімі басып: «Астанадағы шенеуніктер пара (откат) бермесең, соқыр тиын ұстатпайды. Құр босқа арам тірлікке араласып, әулиенің әруағын қорлаймыз», – деп жоламай отырып алды. Себебі Мәулен Садықбек те, командасы да шынайылықпен күресіп жатты. Ұжымдағы жұмыс аурасы да жағымды еді.

Былай қарасаң, біздің әкім-қаралар түкке тұрмас нәрсеге миллиондап ақша шашады. 2018 жылы Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек шетелден шебер шақырып, Атакент алдындағы алаңға сабаннан тиіннің алып мүсінін қойды. Соның өзіне 20 миллион теңге жұмсалған. Қазақтар үшін оның соқыр тиын пайдасы жоқ. Не тарихи, не мәдени, не рухани шежіресінен хабар бермейді. Сол сабан тиін Атакентте бір жыл тұрды ма, тұрмады ма, көзден ғайып

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

болды. Ал мынадай тарихи тамыры терең, түркі нәсілінің рухани пірі болған әулиенің құлпытасын жауып жатқан қасиетп жәдігерді қалпына келтіруге бір тиын да бөлмейді. Осындайда билікте Өзбекәлі сияқты ұлтшыл қайраткерлердің жоқтығы қатты білінді».

* * *

Құрметп оқырман! Егер сіз Түркия, Иран сияқты рухани діңгегі мықты елдерге бара қалсаңыз, олардың әулиелерінің кесенесіне соғыңыз. Құлпытасында міндетті түрде қабіржапқыш болады. Мәдина шаһарына жолыңыз түссе, Әзіреті Мұхамбет пайғамбардың да қабірін зиярат ете барыңыз. Онда қабіржапқыш бар. Жалпы пайғамбар деп танылатын немесе әулие деп әспеттелетін адамның құлпытасында қабіржапқыш болады. Бұл – Ислам өркениетінің дәстүрі. Қабіржапқыштың өзін арнайы тігіп, әулиеге құрмет ретінде құлпытасқа жабады. Зияратқа барғанда мына нәрсені байқайсыздар ма? Әулиенің мазарына келген жұрт ақ шүберекті құлпытастың үстне бейсаналы түрде жауып жатады. Мәнін сұрасаң, ешкім білмейді. Бірақ сондай дәстүр халықтың архетипінде сақталып қалған. Соның бәрі «қабіржапқыш жабу» дәстүрінен шыққан.

Қазір Яссауи бабамыздың құлпытасы жалаңаш тұр. Ал оның үстіне жабылатын қасиетті қабіржапқыш Өзбекәлі сияқты қаһарман қайраткерін күтіп қоймада әлі жатыр. Қайсыбір саяси қайраткердің батылы жетіп, осы киелі жапқышты қалпына келтіріп, Әзірет Сұлтан құлпытасының үстіне салтанатты түрде жабатын болса, екі дүниенің де абыройын иеленіп шығады.



ҚОЙШЫ МЕН МИНИСТР

1987 жылдың күзінде Г.Колбин Өзбекәліні Мәдениет министрі етіп тағайындаған. Ол бұл қызметте бес-алты ай отырды. Сосын оны 1988 жылы 9 ақпанда Орталық комитеттің Идеология хатшысы етіп тағайындады.

Бұл бір шетінен ежелден бар классикалық айлакер әдіс саналады. Бұрынғы басшының қырына іліккендерді оң жаққа отырғызады. Осы арқылы олардың жүрегін тез жаулайды. Екіншіден, Г.Колбин беделін жылдам көтеру үшін халықтың көңілін табатын мықты менеджерге мұқтаж. Оның Өзбекәлі туралы пікірі жоғары болған. Одан бөлек, кремльдегі Бас хатшы М.Горбачевтың да Өзбекәлі жайлы пікірі жақсы еді. Оны Өзбекәлінің «Тағдыр тағылымы» кітабынан да байқайсыз. Шымкентте болған бір кездесуде Г.Колбин оны мақтап сөз сөйлейді. Сонда: «Сіздердің жерлестеріңіз Орталық Комитетке хатшы болып сайланғалы аса келелі проблемалардың дәйекті шешімін табуға бетбұрыс жасалды», – дейді.

Кітаптың екінші бір естелігінде Г.Колбиннің ағынан жа-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

рылып, Өзбекәлі мен Назарбаевқа: «Сіздер, ең потенциалды екі қазақ, мені қолдамайсыздар», – деп ренжитін жері жазылады.

Осы қиқымдай екі дерекке қарап-ақ, Колбиннің Өзбекәліні қандай деңгейде мойындайтынын және іштей онымен санасып отыруға мәжбүр екенін анық білесіз.

Өзбекәлі Мәдениет министрі креслосына отырған сәттен-ақ бір сағатын бос жібермеді. Тарихи ескерткіштер мен жәдігерлерді тугендеу ісін қарқынды жүргізді. Облыстық мәдениет басқармалары мен музей директорларын шақырып, Алматыда жиналыс өткізді. Сол жиналысқа қатысқан Ақтөбе облысы музейінің директоры Рысжан Ілиясова мынадай естелік айтады:

«Өзбекәлі министр болып келген бойда жан-жақтан музей қызметкерлерін жинады. Бәрімізге тапсырма беріп: «Қазақтың тарихына қатысты дүниелерді қазірден бастап жинаңдар. Асығындар! Құрып барады. Жинап қалыңдар, ертең таппай қаласындар, асығындар!» – деді.

Ұрыста тұрыс жоқ. Жер қарайса, арқаланып алыс ауылдарға кетеміз. Көлік жоқ. Қапшықтап, вагондап тасимыз. Ол кездің адамдары қандай мәрт еді! Қазіргідей битін сатып, пұл қылайын деп ойламайды. «Ойбай, қарағым, осы басқұр үшін сонау жерден келдің бе? Ала ғой, тек әкемнің аты музейде тұрса болды, ала бер», – деп қолымызға ұстатып жіберетін».

Кейбір естеліктерді қарап отырып, Өзбекәлінің министр кабинетінде көп отырмайтынын да байқайсыз. Дәл Торғайдағыдай ауыл-ауылды аралап, жұрттың кітап оқуын, қазақша газеттерге жазылуын қадағалап жүретін. Тіпті шалғайда жатқан қойшы қыстауына дейін барып, олардың тыныс-тіршілігін бақылап кететін.

Жазушы Қуандық Түменбайдың «Боямасыз көріністер» деген естелік-әңгімесі бар. Онда мынадай қызық оқиға баяндалған:

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

«Совхоз директорының «УАЗигі» шопан қыстауының қасына кеп тоқтады да, алдыңғы есіктен орта бойлы, шымыр денелі, орақ тұмсық жігіт ытқып шығып, екеудің алдына түсіп, қойшының қарақожалақ қыстауын бір айналды. Сосын мал қораға таман тұрған жалақ итаяқты көтеріп әкеп, кіреберіс есіктің оң жағына қойды.

– Қой бағатын сіз бе? – деді «Беломор» тартқанына мәз болып тұрған шопан жігітке.

– Мен, – деді таңғалып.

– Ныспыңыз кім?

– Асанбай.

– Асанбай, менен үлкенсің бе, кішісің бе, білмеймін, «Ит – жеті қазынаның бірі» дегенді білетін шығарсың?

– Білгенде қандай!

– Итаяқ кіреберістің оң жағында тұруы керек. Қазынаң мол болады.

– Айтқаның келсін!

– Газет-журнал келе ме?

– Аптасына бір рет, – деп парторг алға шығып кетті.

– Асанбай, өзің айт!

– Мен мектепке бармағам...

– Жұбайың, бала-шағаң оқымай ма?

– Қатын қара танымайды. Бала-шаға қашан болады деп күтіп жүрміз.

– Автоклуб келе ме?

– Автоклуб деген не?

Сұрау салушы парторгтың бетіне бір қарады да, бұрылып кетті. Қойшы парторгтен:

– Мынау өзі не істейтін адам? – деді.

– Мәдениет министрі...

– Мәдениет министрі дейсің бе? Осындай да министр болады екен-ау, – деп Асанбай аузын ашты.

Бір жетіден кейін желбезек көйлек пен зәлетке киген қыздар қыстауға келіп ән айтып, би биледі. Асанбайдың

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

аузы ашылып қалды. Движокты от алдырып, түнде «Гауһар-тас» деген кино көрсетті. Қойшы туралы екен. Асанбай өзін көргендей болды. Үш аптадан соң үлкен движок күн бата парылдап, қыстауда жарқырап шам жанды. Асанбай өркеніетке жалғанғандай болды. Колхоз бригадирі бір қорап газет пен кітап әкеліп тастап кетті. Кешке қойды қораға қамаған соң Асанбай шам жарығымен ежелеп кітап оқып отырды. Ара-арасында шам жарығына шүкірлік көзбен қарап қойып: «Осындай да міністр болады екен-ау!» – деп таңғалды.

Жылдар өткен соң газеттен Өзбекәлі Жәнібек туралы қазанама оқып отырып, министрді суретінен таныды».



ҚҰСТҰМСЫҚ

БЕС АРЫСТЫ АҚТАУ

Өзбекәлі Жәнібек 1989 жылы Орталық Комитеттің Идеология жөнінде хатшысы болып тағайындалған соң қауіпті майданға кірді. Ол – БЕС АРЫСТЫ ақтау кезеңі. Дәл осы кезде интрига да қызып, Өзбекәліні жан-жақтан жұлмалап, тірсегінен тістеп, желкесін қиғысы келетін қарсыластары да қаһарына мініп тұрған. Осындай қауіпті алаңға кірген Өзбекәлі дұшпанға алдырмас үшін нық бекініп, қатал мінез көрсетті. Мұны «Тағдыр тағылымы» кітабында ашық жазды. Кпабын қарап отырсаңыз, Өзбекәлі бірнеше майданда

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

соғысуға мәжбүр болған. Бірінші кезекте Бес Арысты ақтауды қолға алған. Екінші, Наурызды қайтарып, абыроймен тойлауды ұйымдастырды. Үшінші кезекте қазақ тілінің мәртебесін заңмен көтеруді ойлады.

Төртінші ретте Солженицин «Комсомольская правда» газетіне шовинистік пиғылдағы мақала жариялаған. Оған қарсы жауап беру де кезек куттірмеді. «Жау жағадан алғанда бөрі етекпен алады» демекші, Өзбекәлінің балағынан тартқан дұшпаны да айналасында өріп жүр. Оның игі істерінің бәріне тосқауыл қойып, «статус квоны» сақтап қалғысы келеді.

Өзбекәлі естелігінде: «Әсіресе Шәкәрім, Ахмет, Мағжан, Жүсіпбек, Міржақыптың «ісін» қайта қарайтын ОК-тің комиссиясы жұмыс істей бастағанда «алашорданы ақтап жатыр» деп өзіме шабуыл жасағысы келгендер неден болса да тайынар емес», – дейді.

Ол алаш зиялыларын ақтайтын комиссия жұмысына БЕС АРЫСТЫҢ жақтасы мен қарсыласын қоса кіргізді. Комиссияны академик Жабайхан Әбділдин басқарды. Комиссия құрамына М.Қозыбаев, М.Базарбаев, С.Байжанов, Ә.Әлімжанов, З.Ахметов, Р.Бердібай, Ш.Сәтпаева, С.Қирабаев, С.Зиманов, М.Қаратаев, Р.Сыздықова, Ә.Тәжібаев, Ә.Шәріпов, Ә.Кекілбаев, Ә.Қайдаров, С.Кеңесбаевтар кірді.

Комиссияның алғашқы мәжілісінде бірінші болып сөз алған Өзбекәлі: «Мен бұл кісілерді жалпылама білетінім болмаса, олардың шығармашылығымен таныстығым шамалы. Біз солай өстік. Істеген «қылмысын» біле бермейміз. Ал сіздер, алдыңғы қатарда отырған ағаларымыз – академик С.Кеңесбаев, М.Қаратаев, Ә.Тәжібаев, Ә.Шәріпов, кімнің кім екенін жақсы білесіздер. Бұлар не қылмыс істеді? Нені бүлдіріп қойды? Айтыңыздар! Қазір айтпасаңыздар, қашан айтасыздар? Оны да біліп алайық. Қашанғы жабылған қазан жабулы күйде қала береді? Мен Мағжан мен Жүсіпбекті оқымаймын деп жүрген жоқпын. Кітаптарын табу қиын,

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

сирек қордан әлдеқашан алынып тасталған. Архивтен марадымды ештеңе таппадық. Ендігі үміт – ел қолында сақталған құжаттарда. Бірігіп жұмыс істесек Прокуратура, Сот, ИМ, КГБ бізге көмектесер деп ойлаймын. Көп істің бетін ашуға болады. Ұсынысты соза бермей, тезірек дайындаңыздар!» – дейді.

Міне, Өзбекәлі бұл қадамның қалай басталғанын осылай еске алады. Бірақ мәжіліске қатысып отырған ақсақалдар ләм деп ауыз ашпайды. Орта буынның өкілдері болса: «Осылар құрымай жақсылық болмайды», – деп ақсақалдардың атына ауыр сөз айтады. Шыны керек, Өзбекәлі өзі бастап: «Ал, жігіттер, қимылдап қалыңдар. Шабатын кездерің келді», – деп мүмкіндік беріп тұрса да, ешкім озып шықпаған. 1937 жылдың үрейі әлі де олардың психикасына үстемдік етіп тұрыпты.

* * *

Алаш зиялыларын ақтау ісінде оқиғаның бастан-аяқ куәсі болған Серік Қирабаев мынадай естелік айтады:

«Бұл кезде мен Ұлттық ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтында директор болып істедім. Партияның бұрынғыдай емес, қаһарының қайта бастаған кезі. Соны пайдаланып, қазақ оқырманының бір тобы Шәкәрімді ақтау жөнінде ұсыныс білдірді. Ұсыныс бойынша Орталық Комитет арнаулы комиссия құрды. Құрамына тарихшылар мен әдебиетшілер кірді. Комиссия бастығы – Жабайхан Әбділдин. Мен сол құрамда болдым. Қанша дегенмен ескі стильдің беті қайтып болмаған кезі ғой, біраз айтысып-тартысып, ақыры Шәкәрімді ақтауға келістік. Шәкәрімге КГБ таққан айыптар дәлелсіз көрінді. Соған қарамастан олар таласып бақты. Ең соңында Орталық Комитет бюросына барып таластық. КГБ төрағасы В.М.Мирошник: «Комиссия қорытындысымен келіспейміз. Ш.Құдайбердиев ешқандай ағартушы емес. Ол – контрреволюционер. Совет өкіметіне

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

қарсы оқ атқан адам. Кулактарды көтеріліске бастаған. Сол қақтығыста мерт болды. Баласы Қытайға қашты. Құдайбердиев – Алаш Орда партиясының мүшесі. Алаш Орда – буржуазияшыл, ұлтшылдар мен контрреволюционерлер партиясы», – деп қарсыласты. Біз Шәкәрімнің ол кезде жасы жетпіс бес жаста болғанын, көтеріліске қатыспағанын дәлелдедік. Сол замандағы оқиғаға куәгер болған 300-ден аса адамға сұрау салдық. Оларды кезінде қорқытып жалған құжат жаздырғанын көрсеттік. Оның өлеңдерінде де совет өкіметіне қарсы ешқандай дерек жоқ екенін айттық.

Өзбекәлі дәл осы тұста Орталық Комитетке хатшы болып келген. Оның бір мінезі – ұлт мәселесіне келгенде жанып кететін және мәселені тез шешетін. Сөзі аз, тындырары мол. Көп сөзді, нақты ұсынысы аз адамды ұнатпайтын. Сөйлеушіні мысымен басып тастайтын. КГБ өкілі алыстан орағытып келе жатыр еді, Өзбекәлі оған тыжырынып қарады да, қабағымен ықтырады. «Қысқа сөйле! Нақты айт, не айып тағасың?!» – деп шүйлікті. Қарсы тарап күмілжіді. Осылайша Шәкәрімді ақтап алдық. Өзбекәлі болмағанда Шәкәрімді ақтап алуымыз қиын болар еді».

Бұл оқиға 1988 жылдың сәуірінде болған. Яғни Өзбекәлінің қызметке отырғанына әлі екі ай толмаған. Бірақ екі айдың ішінде екі ғасырда істелетін шаруаны шешіп тастады. Біріншісі – Наурызды қайта әкелді. Екіншісі – Шәкәрімді ақтап алды. Салыстырып көріңіз, біздің қазіргі Мәдениет министрлері креслода ең кемі алты ай, ұзағы алты жылға дейін мызғымай отырса да, бір шөптің басын сындырмаған күйі қызметтен кетеді.

* * *

Серік Қирабаев оқиғаның әрі қарай қалай өрбігенін былайша баяндайды:

«Шәкәрімді абыроймен ақтап шықтық. Бұл біз үшін үлкен жеңіс еді. Бірақ Өзбекәлі үшін толық жеңіс емес сияқ-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

ты. Ол Шәкәрімді ақтау бойынша құрылған комиссияны жинап алып, Ахмет, Мағжан, Жүсіпбектің ісін қарауды тапсырды. Бұл іс – Шәкәрімге қарағанда қиынның қиыны. Себебі үш жазушыны ғана ақтап алумен шектелмейсің. Олар мүше болған Алаш қозғалысы, Алашорда үкіметінің қызметін жаңаша бағалауға тура келеді.

Әдепкіде біз Алашорда ісіне тиіспей, үш жазушының еңбектерін, олардың қайшылықты деген тұстарын қарадық. Шығармасын түгел жинап оқыдық. Комиссияның қарауына салдық. Сөйтіп олардың әдеби, қоғамдық, саяси қызметінде «кеңестік құрылысқа қарсы ештеңе жоқ» деген шешім қабылдадық.

Комиссия қорытындысын жазар алдында Жабайхан Өзбекәлімен ақылдасуға кеткен. Бір кезде асығыс келіп, мені шақырды. КГБ Ахметтің 1922 жылы жазылған «Қалам қайраткерлеріне» деген мақаласынан «ұлтшылдық» элементін тауыпты. Оны Орталық Комитетке арыз етіп түсіріпті. Құдай абырой бергенде Ахметтің бұл мақаласы менің архивімнен табыла кетті. Алыстан іздеп әуре болмадық. Ертеректе сол мақаланы көшіріп сақтап қойған едім. Мақаланы оқып, оның қайшылықты деген ойларын түсіндіріп, хат жаздық. Ақыры бұл мәселе де шешілді. Комиссия қорытындысы Шәкәрім ісінде таласқа түспей Өзбекәлі алдынан да, Орталық Комитеттің бюросынан да тез өтті.

Бұл 1988 жылдың желтоқсанында болды. Ахмет, Мағжан, Жүсіпбек үшеуін ақтаған соң олардың еңбектері шыға бастады. 1990 жылы 26 ақпанда Тіл білімі институтына Ахмет Байтұрсынұлының аты берілді. 1992 жылы Ахметтің «Тіл тағылымы» деген кітабы шықты.

* * *

Серік Қирабаев естелігін әрі қарай бұй деп жалғайды:
«Міржақып Дулатовтың ісі қаралды. Бұл ең қиыны еді. Өзбекәлімен оңаша пікір алыстық. Себебі Амангелді-

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

нің өліміне Міржақыптың қатысы бар деген әңгіме тараған. Сондықтан Міржақыпты батыл көтеруге жүрек дауаламады. Өзекеңе «Қоя тұрайық, артынан көреміз» дестік.

Бір күні Өзбекәлі шақырды. Бардым. Ол әңгімені төтесінен бастады. Міржақыптың қызы Гүлнәрдың келіп кеткенін айтты. Ахметтерді ақтағанда өмірін сол кісімен бірге өткізген әкесін тастап кеткеніне реніш білдіріп кетіпп. Әкесі туралы біраз құжат пен қағаз әкеліп тастаған екен. Өзекең «Танысып шық!» – деп оларды маған берді. Өзі де қарап отырмай, Қауіпсіздік комитетіне Амангелдінің өліміне Міржақыптың қатысы бар-жоғын анықтап беруді тапсырыпты. Біздің комиссияға Міржақыптың әдеби шығармаларын қарап, қорытынды жасауды жүктеді.

Жабайханмен ақылдаса отырып, Міржақыптың әдеби мұрасы жайлы хат дайындадым да, Өзекеңе әкелдім. Ол кейбір жерін қаламмен толықтырды. КГБ Амангелдіні өлтірушілердің тізімінен Міржақыптың есімін таппады. Сөйтіп Міржақып та оңай ақталды. Егер Орталық Комитеттің идеология тізгінін Өзбекәлі емес, басқа біреу ұстаса, осы іс ойдағыдай шешілмес еді. Құдай абырой бергенде «Бітер істің басына жақсы келер қасына» дегендей, Өзекеңнің осы қызметке келуі қазақтың бағын көтерді, арыстарын ақтады, жоғын толтырды. Ендігі кезекте ақталған арыстардың шығармаларын ойдан, қырдан – Мәскеу, Ленинград, Қазан, Ташкент – тағы басқа жерлерден іздедік».

«Өзбекәлі болмағанда Алаштықтарды ақтау қиынға соғар өді» деген сөзді Шерхан Мұртаза да қуаттай түседі. «Біз қазір Шәкәрім, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытовты қолымызға түетіп ұстап жүрсек, оның қайнар көзі бастауында Өзбекәлі Жәнібек тұрды. Соның қайсарлығымен ғана тарихи зор істі абыроймен атқардық», – дейді.

Партия әлсіреп, совет билігі өз қылмысын өзі әшкерелеп жатқанда Өзбекәлінің де осы ситуацияны ұлт мүдде-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

сінде шебер пайдаланғаны байқалады. Алаш арыстарын қай өкімет соттаса, оларды сол биліктің өзіне ақтатып алу – жеңістің белгісі. Бәз біреулер «Өзбекәлі асықпаса да, СССР тарап, олар онсыз да жарыққа шығар еді ғой», – деп таяз ойлайды. Әсте олай емес. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған соң авторитарлы режимнің қол астында жаншылып отыз жыл жатты. Бұл кездегі басшылар Өзбекәлінің СССР кезінде бітірген ісінің жартысын да тындыра алмады. Қайта керісінше, архивке түсіп, ашаршылық пен репрессия құрбандарын құжат түрінде түгендеуге тыйым салды. Бұл тыйымның бәрі «Қанды қаңтар» оқиғасынан кейін ғана әлсіреді. Алаш жетекшілеріне арнап Астанада ескерткіш ашылды. Фильмдер түсіріле бастады. Аштық пен құғын-сүргін құрбандарын зерттеу, анықтау, түгендеу бойынша мемлекеттік комиссия құрылды.

* * *

Өзінің арыстан жүректі мықтыларын жауға бермейтін менталитет қазақтарда көне түркілік дәуірден басталған. Орхон жазуларында да ел үшін құрбан болған ерлерін ұлықтайды. Бұл дәстүр СССР кезінде де үзілген жоқ. Партия күшінде тұрған жылдары Жұмабек Тәшенов басын бәйгеге тігіп, «үш бәйтеректі» ақтап алған.

Ол 1957 жылы «Қазақстандағы 30-50 жылдардағы зұлмат құрбандарын ақтап алу» комиссиясын басқарды. Бейімбет, Ілияс, Сәкен үшеуін ақтап, олардың кітаптарын қайта бастырып, шешім шығарды. Соның арқасында «Шұғаның белгісі», «Құлагер», «Күй», «Күйші» сияқты шығармалар оқырманмен табысты. «Үш бәйтерекпен» бірге елуінші жылдары репрессияға ілінген Ермұхан Бекмаханов, Бек Сүлейменов, Есмағамбет Ысмайылов, Хамзә Есенжанов, Зейін Шашкин, Сейділ Телжанов, Мұхамеджан Қаратаев сияқты зиялыларды түрмеден босатты. Жұмабек болмағанда Сталин кезінде нақақ сотталған осы азаматтар түр-

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

менің қапасыңда ұзақтау жатар ма еді, кім білсін?! Оның тағы бір көзсіз ерлігі – Мағжанның жесірі Зылиқа апамызға үй беруі. Ол кезде Мағжан әлі ақталмаған еді.

Санадағы осы тарихи тізбек үзілмей, Өзбекәлінің бойында қайнап жатты. Қолына билік тізгіні тиген бойда ол Жұмабектің жұмысын жалғастырды.

Серік Қирабаев «Бес арысты» ақтау ісінің соңғы этапын былай баяндайды:

«Мен Өзбекәлінің азаматтық ерлігін, елсүйгіш сезімін, ұлтшыл мінезін осы тұста ерекше таныдым. Алаштың бес арысын ақтап алған соң сәл де болса күшке міндім. Осыдан соң институтта өзіміздің ғалымдармен ақылдасып, 1947 жылы Орталық Комитет шығарған «Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателіктер туралы» қаулысының күшін жою жөнінде мәселе көтердім. Алдымен институттың Ғылыми кеңесінде қарап, оның шешімін алдық. Содан соң Ұлттық ғылым академиясының президиумына шықтық.

Президиум мұны өз бетінше шеше алмады, жоғарыға ұсыныс беруге де жалтақтады. Бірде бізді Өзбекәлі жиналысқа шақырды. Шағындау кеңес екен. Сол біткен соң артынан қалып, жаңағы мәселені көтердім. Ол тез түсінді де: «Қане, ұсынысың қайда?» – деді. Мен қағазсыз келіп едім. Оның ұспне академияның басшылығы жалтақтаған соң одан асып ұсыныс беруге ыңғайсызданғаным бар. «Оларды қой, өзіме алып кел! Тез!» – деді ол. Мен ертеңіне-ақ жеткіздім.

Өзбекәлі шұғыл Сейіт Қасқабасовты шақырды. Ол сол кезде Орталық Комитетте істейтін. «Бір қаулының ғана күшін жою қиын емес. Осымен байланысты тағы қандай күшін жоюды қажет ететін құжаттар бар?» – деді Өзбекәлі.

Біз ақылдаса отырып, 1950 жылдары «ұлтшылдық» науқаны кезінде қабылданған біраз қаулыны еске түсірдік. Олардың ішінде Жазушылар одағының жұмысы жайлы,

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

қазақ тілі мен әдебиеті оқулықтары туралы, тағы басқа басыағы бес қаулыға тоқталдық. Өзбекәлі оларды тауып әкелуге партия тарихы институтына кісі жіберді. Сейітке ескі қаулылардың күшін жоятын жаңа қаулы әзірлеуді тапсырды. Ақыры ол да іске асты».

Құрметті оқырман! Осы жерде бір нәрсені еске сала кеткіміз келеді. Қазақ ғалымдарының сорына біткен Маленковтың бір қаулысы бар. Ол қаулының шығуына себеп болған 18 беттік арыздың қазақша аудармасын «Қуыскеуде» кітабынан толық оқи аласыздар.

1959 жылы Жұмабек Тәшеновтың орындай алмай кеткен бір арманы бар еді. Ол – Бауыржан Момышұлына Совет Одағының Батыры атағын әперу. Ол бірнеше рет Мәскеуге ұсыныс беріп, дегенін өткізе алмады. Бір шетінен Бауыржанның өзі де мұндай атақты алуға ынта танытпаған. Екіншіден, кедергі де көп болды. Оған бұл атақ 1990 жылы 24 желтоқсанда берілді. Ең қызығы, оған осы атақтың ресми берілгенін мемлекеттік мінберден Өзбекәлі Жәнібек мәлімдеді.

* * *

Өзбекәлінің кәсіби мамандығы – тарихшы. Ол қазақтың бергі тарихы былай тұрсын, арғы тарихын да терең білетін. Кез келген жер-су атына қарап, оның тарихын тарқататын білімі болған. Мырзатай Жолдасбеков мынадай естелік айтады:

«Бір күні Өзбекәлі екеуіміз Алматыда «Үлкен Алматы» өзенінің жағасында біреуді күтіп тұрдық. Ойламаған жерден Алматыны жарып ағатын өзен жайлы әңгіме басталып кетті. Арықтағы судан басталған әңгіме ақыр аяғында Алатаудың етегіне жетіп, шыңымен аяқталды. Маған бейне бір Алатаудың әр түйір тасымен тілдесіп шыққандай әсер қалдырды. Уақытқа қарасам, екі сағат зымырап өтіпті. Оның білімпаздығы сондай, кез келген тасты түртіп қалсаң, со-

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

ның тарихы жайында сағаттап лекция оқып беретін».

Мінекей осындай білім иесі СССР кезіндегі қалындығы пышақ жүзіндей «Қазақстан тарихы» оқулығын көргенде қорланатын болған. Қазақтардың жасық болып, ұлттық мүддеге келгенде намысқа шаба алмай шабан тартуы – төл тарихы мен мәдениетін білмеуінен. Өзбекәлі Орталық Комитетке хатшы болып келген соң, бұл мәселені де қолға алды. Мәймөңкелеп уақыт созбай СССР кезінде-ақ қазақ тарихын түгендеуді бастап кетті. Сол мақсатта «Қазақстан территориясы: тарих және қазіргі кезең» деген тақырыпта республикалық конференция өткізді.

Кәсіби тарихшы ретінде ол СССР-дің тарамай қоймайтынын алдын ала білген. Оны Көпен Әмірбектің мына бір естелігінен анық байқаймыз:

«28 тамыз. Өзағаның туған күні. 1991 жылы Өзаған Мұқағали Мақатаев армандаған асқар таудай алпыс жасқа толды. Қазақстан Жазушылар одағы ішіндегі «Қаламгер» мейрамханасына бір атадан тараған ағайындар кешкі сағат алтыда жиналды. Бір қызығы, ортамызда той иесінің өзі жоқ. Көкеміздің туған күнін қалай атап өтпекпіз?

Бір сағат күттік. Жоқ. Екі сағат күттік. Жоқ. «Бір шұғыл шаруа шығып қалған шығар, тойды бастай берейік, кешіксе декеп қалар», – деп жаюлы дастарқанға жайғастық. Көкеміз әлі көрінбейді. Кімге тілек айтамыз? Алқа-қотан жиылған ағайындар бір-бірімен шүйіркелесіп, әжік-күжік әңгімеге көшті. Той ортасынан ауғанда алпысқа толған ағамыз жарқ етіп көрінді-ау әйтеуір. Бәріміз қол шапалақтап қарсы алдық. Өз тойына өзі кешігіп келген себебін бір-ақ ауыз сөзбен түсіндірді.

«Орталық Комитеттегі жиналыстан қазір шықтым. Совет Одағы тарады!» – деді.

Үш ұйықтаса түсіне кірмес тосын хабарды естіген елдің бәрі урпиісіп қалды. Әуелгіде «Әкең өлді!» дегендей естілді. Сенбедік. Аузымыз ашылып, аңтарылды. Төбемізден

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

жай түскендей болды. Бір сәт Өзағамыздың түріне қарасақ, о, ғажап! Арқасы кеңіген адамдай арқа-жарқа. Жүзі жайдары. Коммунистік партияның құз басынан құлағанын құаттағандай өкініш табы өңінен байқалмайды. Сыр алдырмас сырбаз ағамыздың ішінде ұлт мүддесінің байыпты бағдарламасы жатқанын ол кезде аңғармадық».

* * *

Тарай қалған күннен бастап Ресейдің көрші елдерге территориялық талабы болуы мүмкін екенін түйсікпен болжаған. Сондықтан бұл түйінді СССР тарамай тұрып шешіп алуға тырысқан. Оның болжамы дәл шықты. Ресейлік шенеуніктер «қауіпті тақырыпты» оқтын-оқтын қозғай бастады. Тіпті отпен ойнап бірнеше көрші елдің басы бәлеге қалды. Керісінше тәуелсіздік алған соң «бізде бұрын астана, шекара, мемлекет болмаған» деген жөнсіз әңгіме Елбасының аузынан сирек те болса естіліп тұрды.

Өзбекәлі қазақ тарихын тірлту арқылы мемлекетшілдік санасын да нығайтуға болатынын білді. Еш кедергіге қарамастан «Қазақ тарихын» тереңдетіп оқытуға жол ашып берді. Мұны тарихшы Аманжол Күзембайұлының естелігінен байқайсыз:

«СССР кезінде мектепте «Қазақстан тарихын» оқытуға елу сағат бөлдi. Оның өзi 7-8, 9-10 сыныптарда СССР тарихына қосымша пән ретiнде оқытылатын. Егер тарихқа 480 сағат бөлінсе, қазақ тарихының лимитін есептей беріңіз.

Оның өзін бір мұғалім өткізсе, екіншісі өткізбейтін. Себебі мектеп мұғалімінің ішінде қазақ тарихын білетіндер жоқтың қасы. Үлес салмағы тым мардымсыз.

Қазақстанның жоғары оқу орнында да қазақ тарихы оқытыла бермейді. Сөйтіп жүргенде Орталық Комитеттің идеология хатшысы болып Өзбекәлі Жәнібек тағайындалды. Осыны пайдаланып оған 1989 жылдың 22 қыркүйегінде хат

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

жаздық. Көп өтпей, тарихқа берілетін 480 сағат уақыттың 240 сағаты «Қазақ тарихына» бөлінді.

Осы күні «Қазақстан тарихын оқыту – тәуелсіздікпен келді» деген жаңсақ пікір бар. Мұның басында сол кездегі қисық-қыңыр саясаттың қыспағында жүрген Өзбекәлі сияқты азаматтың ерлігі екенін біреу білсе, біреу білмейді».

СССР тараған соң халықаралық сарапшылардың көбі «Қазақстан бейбіт ел бола алмайды. Өзге ұлттың саны басым. Ұлтаралық қақтығыс болмай қоймайды» деп болжаған. Осындай сараптамаға сүйеніп, ел ішінен бүлік шығаруға ұмтылған ұсақ ұйымдар да болды. Ондай кезде Ұлы тұлғаларды мемлекеттік деңгейде тойлау арқылы ғана ұлттың біртұтастығы мен мемлекеттің унитарлы республика екенін паш ете аласың. Ірі мәдени шаралар елді бүліктен аман сақтап қалады. Халықтың жігерін оятып, дұшпанның меселін басады. 1995 жылы Қазақстанның экономикасы әлсіз кезде Абайдың 150 жылдық мерейтойын дүркіретіп атап өтудің астарында осындай мемлекеттік мүдде жатты. Есіңізде болса, 1936 жылы Қазақ ССР-і мәртебесін алатын кезде де Темірбек Жүргенов дәл осындай мәдени майданның айла-тәсілін қолданған.

Серік Қирабаев бір естелігінде осы шараның басты ұйымдастырушысы ретінде Өзбекәлінің есімін атайды.

«Абайдың туғанына 150 жыл толу тойының дайындығы басталды. Осының бәрі Өзбекәлінің тікелей басшылығымен өтті. Осы шаралар арқылы ол Қазақстанның шекаралас аудандарын қосып алғысы келетін ұлы орыстық кертартпалыққа, іштегі орысты бізге қарсы қоюға бағытталған теріс пікірлерге тойтарыс беруді ұйымдастырды».

1995 жылы Алматы қаласында осы тойды көзбен көрген куәгерлер «Торғай әуендері» фестиваліндегі сценарийді жазбай таныды. Алматының бас көшесі – Абай даңғылымен қазақ мәдениетінің сән-салтанаты мен қазақ ұлтының айбынын көрсететін ұзын-сонар көш жүріп өтті.



ЖҰЛЫЗГҰЛ

«ӨЗБЕКӘЛІНІҢ ҚЫЗДАРЫ»

Ел болғасын халық ішінен танымал ақын да, жазушы да, басшы да, шенеунік те, ғалым да шықпай тұрмайды. Бұқара жұрт оларды төбесіне көтеріп, құрмет көрсетіп, илтипатын аямайды. Себебі қоғам идеалсыз өмір сүре алмайды. Атағы шыққан жақсыны тұлғаға айналдырып, жаңа буынға үлгі етіп, соған еліктеуге тырысады. Бірақ идеалға айналған тұлға ішінде, әсіресе, ер адамның абыройын айрандай төгетін бір «әлсіздік» және бар. Ол – қыз-қырқынмен орынсыз ойнап-күлу, күйеуі бар келіншектің басын айналдыру, біреудің отбасын бұзу, жас қыздардың тағдырын ойрандау.

Осы әлсіздігін ақтау үшін әлгі идеал тұлға ақылды афоризмдер ойлап тауып, мінсіз болуға барын салады. Бірақ қанша жерден ақталса да, осы бір кемдігі асқақтаған абыройына дақ түсірмей қоймайды.

Өзбекәлі Жәнібекті осы тұстан тексерсеңіз, жарқыраған болмысы бірден көзге түседі. Ол президент болмаған. Көтерілген ең биік сатысы – Орталық Комитеттегі үшінші хатшылық. Бұл қызметте екі жыл еңбек етті. Мәдениет ми-

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

нистрі болып жарты жылдай жұмыс істеді. Соның өзінде ықпал ету аймағы өрісті болды. Айтқаны өтіп, атқаны тиді. Мәдени жарылыс жасады. Тіпті Мәскеудегі атқамінерлер онымен санасты. Кейбір бастамасын Алматыдағы кәрі коммунистер іштарлықпен тежесе, қажетп пәрменді Мәскеуден түсірткізді. Бүкіл кедергіні қиратып өтті. Оның мұншама ықпалды болуының бір сыры – «әлсіздікке» алдырмау.

Өзбекәлі тағдыр жазуымен Қалихан жеңгейге үйленген соң романтикалық тақырыпқа қайта айналып соқпаған. Бойдағы қуатын ұлт мәдениетін көтеруге жұмсады. Абыройы мен қызметке мас болып, «қылық» шығармады, «қызық» құмады. Құмарлығын тырп еткізбей ұстады. Өзбекәлі жайлы естелік жинағанда тірі куәгерден де, жазылған деректен де оның оғаш «жүрісін» байқамадық. Керісінше, қыз баласына қамқор болған ағалық мінезін көрдік.

* * *

Қазақстанның Халық әртісі, даңқты биші Гүлжан Талпақованың естелігі:

«Өзбекәлімен алғаш жүздескенде мінезі қатал көрінді. Кейін бірге жұмыс істедік, сапарлас болдым. Сонда оны терең тани бастадым. Пішіні суық көрінгенмен, жүрегі жұмсақ екен. Ісінен де, сөзінен де жанашырлық, қамқорлық сезіледі. Оның жанында жүргенде бейне бір қауіпсіз аймаққа еніп кеткендей боламын. Себебі қыз балаға сұқтанып қарамайтын. Әйтпесе оның айналасында қуыршақ сияқты сұлу қыздар өріп жүргенді. Оларға ағасы сияқты елжірей қарап, келешегін ойлап, мүмкіндігінше қамқорлығына алғысы келіп тұратын. Нағыз ер-азаматтың бейнесі сондай болса керек-ті».

* * *

Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, даңқты биші Тойған Ізімнің естелігі:

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

«1998 жылы «Өзбекәлі Жәнібек өмірден өтті» деген қаралы хабар жетті. Сол күні шешемнің жылағаны әлі есімде. Ол алдымнан шығып: «Қызым-ау, жетім қалдың ғой. Енді сені кім желеп-жебейді?» – деді.

Мен әкесіз өспім. Әкеден алмаған мейірімді Өзбекәлі ағадан сезіндім. Бірде Ольга Голүшкевичтен би үйрену үшін Мәскеуге барып қонақүйде жатқан едім. Сол уақытта Мәскеуге іссапармен Өзбекәлі аға келді. Ұмытпасам, ол «Спутник» деген қонақүйде жатты. Ертесіне кешке профессорым телефон соғып:

– Тойғанжан, бөлмедесің бе? – деді.

– Иә! – дедім.

– Өзбекәлі Жәнібекұлы бір құжат сұратып еді. Соны қонақүйде жатқан ағаңның нөміріне апарып бере аласың ба? – деді өтініп.

Ол кезде жаспын. Шаршау деген атымен жоқ. «Сол да сөз болып па?!» – деп ойладым.

– Иә, әрине. Дайындап қойыңыз. Қазір сізге соғып, алып кетемін, – дедім елп етіп. Ол кісі қуанып кетп де:

– Рақмет, айналайын! Кел, күтіп отырмын, – деді.

Киініп жатқанымда телефон тағы шырылдады. Көтерсем, әлгі профессор апайым екен:

– Тойған, сен әлі бөлмедесің ғой, иә? – деді.

– Иә! – дедім.

– Ой, жақсы болды. Бөлмеңнен шықпай-ақ қой. Өзім апарып тастаймын, – деді көндіккен дауыспен.

– Неге, апай? Сізді әуре қылғанша апарып берер едім ғой. Метроға мінемін де, зыр етіп барып келемін, – дедім.

– Иә, білемін. Бірақ сені жұмсағаным үшін қазір ғана Өзбекәлі Жәнібекұлынан сөз естідім, – деді.

– Не үшін? Не бүлініп қалды? – дедім таңғалып.

– «Жас қызды кешке қонақүйге неге жұмсайсың? Оның үстіне қазақ қызы. Кешке қонақүйге кіріп шыққан соң соңынан жаман сөз ілессе қайтесің? Өсек тарап, тағдыры күл-

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

талқан болмай ма? Тойғанға айт, бөлмесінен шықпасын! Құжатты өзің әкеліп таста!» – деп ұрсып тастады. Саған рақмет, айналайын. Өзім барармын, – деді профессор».

* * *

Қоғам қайраткері, педагогика ғылымдарының кандидаты Никара Абаеваның естелігі:

«Мен 1960 жылдары Семей қаласының комсомол ұйымында істедім. Кейін Алматыға ауысып, Өзбекәлі Жәнібектің қол астына келдім. Ол сияқты пейілі таза, арлы азаматты алғаш көруім. Жұмыс бабымен жиі ұрсып қалатынбыз. Себебі менің қазақшам нашар. Өзбекәлі болса: «Сенің кесіріңнен қазақ жастары орыс болып бара жатыр. Орысша сөйлей бермей қазақ тілінде де баяндама жасап үйрен!» – деп талап қоятын.

Оның қаталдығы мен талапшылдығы маған ауыр тиетін. Жазып апарған хатымды лақтырып: «Мынау не халтура? Осылай да хат жаза ма?» – дейтін. Кабинетінен қанша рет жылап шыққаным есімде жоқ. Бір хатты он бес рет қайталап жазып, әрең өткізуші едім.

«Неге басқа бөлімге ауысып кетпейсің? Не үшін оның қол астында жылап-еңіреп жүре бересің?» – деп ақыл айтқандар да болды. Кетпеуімнің бір ғана себебі бар: Өзбекәлі аға қыз балаға сұқтанып қарамайтын.

Жасыратын несі бар? Ол кезде сұлулық та, сымбат та бір бойымнан табылды. Мың жерден коммунист болсаң да, еркек басшылармен жеке қалуға қорқатынбыз. Кейбір арсыздары кабинетіне шақырып алып, екі көзімен «ішіп-жеп» отыратын. Мұндай сұқ көзден қай бөлімге ауыссаң да, құтыла алмайсың. Ең қауіпсіз жер – Өзбекәлі Жәнібектің айналасы.

Кейбір іс-шара қарсаңында жұмыс қайнайды. Өзбекәлі үйге қайтпастан кабинетіне түнеп, жұмыс қарқынын тоқтатпайтын. Біз де жұмыста қонып қаламыз. Сонда бірде-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

бір қыздың жүрегіне қорқыныш кірмейді. Жанында ағасы жүргендей өзін қауіпсіз сезінеді.

Талай сиезде іссапармен бірге жүрдік. Қонақүйге түскенде Өзбекәлі әйел затын бөлмесіне кіргізбейтін. Сөйлесетін әңгіме болса, ресепшннің жанында талқылайды. Дұшпанның өсек шығаруына мүмкіндік бермейтін. Сол мінезінен болар, көп шенеуінік одан аяқ тартып тұратын. Сондықтан жұмыс кезінде жер-жебіріме жетіп ұрысса да, оны осы қасиеті үшін кешіріп, ренішімді ұмытып кетемін».

* * *

Қазақстанның мәдениет қайраткері, сазгер Мұхамеджан Рүстемовтің естелігі:

«Өзбекәлінің қыз балаға деген қамқорлығы айрықша. Оның тәрбиесін молынан көрген комсомол комитетінің хатшылары: Мағауия Есмағанбетова, Зәуре Қадырова, Дина Абдрахимова, Зүра Шаұтаева, Нина Бөлепова, Дүйсенкүл Бопова, Ғайникен Бибатырова, Рая Ахметова, Никара Абаева сияқты көптеген қыздар бар.

Оларды «Өзбекәлі Жәнібектің қыздары» деп атайтын. Жігіттер «Өзбекәлінің қыздарымен» қалжыңдасуға, қырындауға тартынып тұратын. Тіпті тіл қатса да ойланып, абайлап сөйлесетін. Өзбекәлінің өнегелі тәрбиесін көрген бұл қыздар келе-келе салиқалы басшы, мемлекет және қоғам қайраткері деңгейіне дәйін көтерілді».

* * *

Мырзатай Жолдасбековтің естелігі:

«1989 жылы Талдықорған облысында үлкен бір жиын өтті. Соған Орталық комитеттен біраз басшы бардық. Жергілікті әкім-қаралар өзен жағасына үй тігіп, Өзбекәлі екеуімізді сонда түсірді. Қонақ күтулерінің кемдігі жоқ. Аста-төк дастарқан. Өнерпаздың неше атасы ән мен күйді төгіп-ақ тұр.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

Қас қарайған соң жиылған жұрт тарасып өзіміз қалдық. Бір кезде әкімшіліктен бір жігіттер келді де, Өзбекәліге: «Өзеке, мына жер – тау етегі, өзен жағасы. Түнде жаурап қаласыздар. Таң атқанша мұздай тізені құшақтап жатқан қалай болар екен? Қойын жылытатын «бірдеңе» ұйымдастырып жіберейік пе?» – деді. Өзбекәлінің түсі бұзылып кетті. «Жігіттер, бұл сөзді қалжың деп қабылдайын. Екінші ретте бұлай әзілдеспендер! Енді еспмейтін болайын», – деп бетін қайтарып тастады. Пысық жігіттер қызараңдап кетті. Кешірім сұрап, дереу кері қайтты. Осылайша киіз үйде екеуіміз тунеп шықтық».

* * *

«Балық басынан шіриді» деген тәмсіл дұрыс айтылған. Себебі мәдениеттің ұшар басында тұрған жауапты тұлғалар моральдық императивтерге адал болса, халықтың да рухани саулығы мықты болады. Өнер ордасын «былықшылық» жайламайды. Әртістердің де отбасы ойран болмайды. Егер мәдениет саласының басшылары бір «былық» бастаса, соның инерциясы жоғарғы элитаны жайпап өтіп, қоғамның ең төменгі қабатына да оп-оңай өтіп кетеді.

Өзбекәлі Жәнібек сынды тұлғалар биліктен кеткен соң, Қазақстанның мәдениеті деградацияға ұшырады. Осы салаға жауапты қызметкердің өзі өсекке ілініп, соңынан сөз ілесті. Қол астындағы өнерпаз қыздарды «аулап», ар-иманды саудаға салған күйі ақырында «сүтенер министр» деген атақ ие болды. Мұндай жағдайда қазақтар «жара бет жазылды, қара бет жазылмайды» деп ауыр күрсінетін болған.



ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТІРІЛУІ

Көне заманнан тамыр тартқан қазақ мәдениеті рухани құнарын ана тілі арқылы алады. Тіл өлгенде мәдениет те қоса өледі. Себебі ұрпақ сабақтастығы үзіледі. Көкірегі шежіреге тұнған ата-әжелер институты сан ғасырлық тарихы бар мәдени құндылығын тілі орысша шыққан немересіне қотара алмайды. Орыс әлеміне жартылай сіңген дубара ұрпағы кейде қазақ мәдениетінің қас дұшпанына айналып кетуі мүмкін. Сондықтан да мәдени майданды ұтымды жүргізу үшін мемлекеттік тілді қазақ тілі етіп бекіту қажет.

Билігі күшейіп, ықпалы артқан соң Өзбекәлі бұл мәселені де қолға алды. Жазушы Құлбөк Ергөбек «Айқын» газетіне берген бір сұхбатында мынадай оқиғаны баяндайды:

«1988 жылы Алматыда Наурыз мерекесі тойланды. Жұрт Наурызды сағынып қалған ба, алаңда ине шаншар жер болмапты. Өзбекәлі мен Г.Колбин алаңға кірмей, мерекені сырттай бақылап тұрыпты. Халықтың көптігінөн үрейленген Геннадий Васильевич:

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

– Халықтың көбін-ай, «екінші желтоқсанға» айналып кетпес пе екен?! – дейді қаупін жасыра алмай. Сонда Өзбекәлі:

– Бұл – халықтың Наурызға деген сағынышы, салт-дәстүрге деген құрметі, билікке деген ризашылығы, – деп жауап береді.

– Ондай болса халықтың жаңғыртатын тағы қандай салт-дәстүрі бар? – деп сұрайды.

Өзбекәлі мүмкіндікті қалт жібермей, енді қазақ тілінің қолдану аясын кеңейтіп, тіл мерекелерін көбейтсек деген ұсыныс айтады. Колбин сол екпінмен «давайте» деп келісмін беріп жібереді».

Осылайша қазақ тілін насихаттау ісі басталды. Әбдуәлі Қайдар, Өмірзақ Айтбайұлы бастаған зиялылар: «Қазақстанда мемлекеттік тіл – қазақ тілі болсын!» – деп билікке үндеу жасады. Оны билік тарапынан Өзбекәлі Жәнібек қолдай кетті. Сөйтіп 1989 жылы 22 қыркүйекте Республиканың тұңғыш «Тіл туралы» Заңы қабылданды. Онда «Қазақ ССР-нің мемлекеттік тілі – қазақ тілі, ұлтаралық қатынас тілі – орыс тілі» деп жазылды.

Бір айдан соң, яғни 1989 жылы 22 қазанда «Қазақ тілі» қоғамы құрылды. 1990 жылы 22 наурызда «Ана тілі» газеті дүниеге келді. Бұл оқиғалардың қалай басталғаны жөнінде Әбдуәлі Қайдардың мынадай естелігі бар:

«Мен ол кезде институт директоры едім. «Қазақ тілі» қоғамын құрайық», – деп ортаға ұсыныс тастадым. Өмірзақ Айтбайұлы бастаған көзі ашық ғалымдар қолдай кетп. Мәселені көтеріп Орталық Комитетке Өзбекәлі Жәнібекке бардық. Ол бірден қолдады. Сосын халыққа арнап: «Қазақ тілі» қоғамын құрып, тілімізге араша түссек, бізді қолдайсыңдар ма?» – деп хат жаздық. Сол-ақ екен, халық қолдамақ түгіл, төбесіне көтеріп әкетті. Елдің әр түкпірінен хат қарша боранды. Өзбекәлі бізге: «Бұл хаттар тек оқылып бір жерде қалып қоймасын, сендер оны тіркеп, жинаңдар!» – деді.

Сосын Орталық Комитетте өзімен бірге жұмыс істейтін

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Мырзатай Жолдасбеков, Сейіт Қасқабасовқа тапсырма беріп: «Мына хаттар туралы қорытынды жазыңдар! Біз оны Колбинге табыс етейік», – деді.

Аз уақытта ел ішінен бір қап хат түсті. Халықтың ана тіліне қатты алаңдайтыны көрінді. Өзбекәлі сол хаттарды тізімдеп, Колбинге жеткізді. Содан кейін жиын мен митинг, тіпті конференция өткізуге жер-жерден рұқсат алып берді. Өзбекәлінің арқасында М.Әуезов атындағы драма театрда алғашқы мәслихатымызды өткізіп, «Қазақ тілі» қоғамын құру туралы мәселе көтердік. Бұл күн 1989 жылдың 29 қыркүйегі болатын».

* * *

Өмірзақ Айтбайұлы бүй дейді:

«Қазақ тілі» қоғамы өмірге келген соң «Ана тілі» газетін ашқымыз келді. Бір күні Өзбекәлі Әбдуәлі Қайдар екеуімізді шақырып:

– Қуанышты хабармен бөлісейін. «Қазақ тілі» журналы ашылатын болды! Басшыға қол қойдырып шықтым, – деді.

Біз таңырқап:

– Өзеке, жігіттеріңіз шатастырып отыр. Біздің сұрап жүргеніміз – «Қазақ тілі» журналы емес, «Ана тілі» дейтін газет. «Қазақ тілі» журналын Тіл білімі институты сұраған. Өртеніп тұрған қазақ тілінің проблемасын сал бөксе журналмен қалай көтереміз? – дедім.

Шатасып кеткеніне Өзбекәлі де таңырқады. Романов дейтін қызметкерін шақырып:

– Бұл қалай болды? Қане, анықтандар! Құжаттарды қарандар! – деп тапсырды.

Романов шығып кетті. Сәлден соң басы салбырап келіп:

– Бұл кісілер «Ана тілі» газетін сұрапты, – деді.

Өзбекәлі Колбинге кіріп, «Ана тілі» газетін шығару жөніндегі шешімге қол қойдырды.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

* * *

Құрметті оқырман! Бұл да «Наурыз», «Тайқазан», «Бес арысты ақтау» сценарийіне ұқсас. Қолында билігі бар адам ұсынысты жоғарыдан емес, төменнен келгендей етіп көрсетеді. Жалпылама шолсаңыз, расымен де солай. Сол замандағы көзі ашық, намысы өлмеген қазақ зиялылары ана тілінің тағдыры үшін шырылдап жүргені рас. Бірақ бұл жүгіріс жоспармен жүзеге аспаса, стихиялы күйде қалады. Әркім өз алаңында айғайлап барып басылар еді.

Біздің ойымызша, қазақ тілінің тағдыры үшін болған күрестің де көрінбейтін қолбасшысы – Өзбекәлі. Оның аты бадырайып көрініп тұрмайды. Бар екені жанама түрде сезіледі. Оны сол кезде аппараттың ішінде қызмет атқарған Қуаныш Сұлтановтың мына бір дерегі растайды:

«Өзбекәлі «Қазақ тілі» қоғамын құрып, оның мемлекеттік тіл болу идеясын қалыптастырды. Одақ шайқалмай тұрып, саяси қуғын-сүргінге ұшыраған арыстарды ақтау туралы саяси шешім қабылдау қажеттігін де алғаш көтерген сол еді. Петербордағы Эрмитажға әкетілген қазақтың киелі Тайқазанының елге оралуы да оның еңбегімен тікелей байланысты».

* * *

Алаш көсемі Әлиханның «Ұлтқа қызмет – білімнен емес, мінезден» деген сөзі өзектілігін жоймайды. Қазақ тілін көтеру үшін де алдымен табанды мінез керек. Ал мұндай мінез Өзбекәліде бұрыннан бар еді. Ол ұлт мәселесіне келгенде ақ алмастай кесіп түсетін. Көпен Әмірбек мынадай естелік айтады:

«Өзбекәлі Амангелді ауданында өтетін шопандар тойына бара жатып, қасқа жолдың қақ маңдайындағы «Добро пожаловать!» деген жазуды көрді. Алдынан шыққан аудан басшысына: «Келген меймандарды орысшалап қарсы алу қандай қажеттіліктен туды?» – деп сұрады.

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Аудан басшысы не жауап айтарын білмей, сасып қалды.

– Шопандардың алдында оқитын баяндамаң дайын ба? – деді Өзбекәлі қабағын шытып.

– Дайын, мінеки, – деді басшы.

Көз жүгіртіп қараса, орысша жазылыпты.

– Қанша орыс қойшы бар? – деді Өзбекәлі.

– Орыс қойшы жоқ. Бәрі қазақ.

– Қойшыларың қазақ болса, орысша баяндама жасауға не қажеттілік тұды? – деді де, баяндамасын көз алдында жыртып тастады. – Қазір барғасын қазақша сөйлейсің!

Аудан басшысы кінәлі баладай үнсіз қалды.

Шопандардың ортасына жеткен соң қара терге түсіп баяндамасын қазақша жасады. Тілінің ұшынан емес, жүрегінің ішінен шыққан шынайы сөзге шопандар риза болды.

Өзбекәлі Арқалыққа қайтып бара жатып артына бұрылып қараса, қасқа жолдың қақ мандайына «Қош келдіңіздер!» деп жазып қойыпты».

1970 жылдары кейбір қазақ шенеунігінің тарихи танымы өшіп, ұлттық намысы өліп қалған еді. Санасына үстем болған құлдық психологияға әбден бауыр басты. Олар орыс тұрмайтын шалғайдағы қазақ ауылына басшы болып барса да, мемлекеттік мекеменің маңдайшасы мен тақтайшасына орысша жазатын. Мәдени шаралардың орысша афишасын ілетін. Жиналысты орысша өткізіп, баяндаманы орысша жасайтын. Шындап келгенде олардан орысша баяндама жасауды қатаң талап етіп отырған орталық та жоқ. Бұл – ұлттық тамырынан ажырап қалған мәңгүрт шенеуніктің психологиясында болып жатқан қорқынышты құбылыс. Отыз қазақ отырған жиынға бір орыс кіріп кетсе, бәрі жапа-тармағай орысша сөйлесе жөнеледі. Темірбек Жүргеновтің 1935 жылы Орлов есімді музыка зерттеушісін қалай тұқыртқаны есіңізде шығар? *(86-бетте)* Дәл осындай намыс Өзбекәлінің көкірегінде қайнап жатқан. Осы ұлттық намыс оны құлдық психологияға құлатпай ұстап тұрды. Көпен Әмірбектің

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

Өзбекәлі жайлы естеліктерін оқысаңыз сол мінезге көз жеткізе түсесіз:

«1985 жылдың желтоқсан айында іссапармен Отар стансасына бардым. Шағын қонақүйде орын жоқ. Енді қайтпм? Қонақүйдің қожайыны:

– Люксте бір кісі жатыр. Соның ауызғы бөлмесінде диван бар. Соған жатасыз ба? – деді.

– Жарайды, – дедім де, сонда жайғастым.

Бөлмеде егделеу кісі жатыр екен. Аты-жөні – Тастемір Байтелиев. Жалын атқан жас кезінде Орталық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Өзбекәлі Жәнібектің құзырында бөлім меңгерушісі болып істепті. Қазір Жамбыл облыстық тұтынушылар одағының төрағасы екен. Жөн сұрастық.

– Қайдан келдің? – деді ол.

– Алматыдан, – деп жауап бердім.

– Туған жерің?

– Шымкент облысы.

– Оның қай жері?

– Шәуілдірден.

– Е-е, Өзбекәлі Жәнібектің ауылынан екенсің! – деді де әңгіменің тиегін ағытты. – Мәскеуде өтетін бүкілодақтық бір жиынға Қазақстаннан 150 комсомол баруы керек болды. Олардың қайсысы қай облыстан, туған жылы мен ұлтын көрсетіп жазылған тізімді Өзекеңнің алдына апардым. Ол шұқшиып қағазға уңлді. Қарасам саусақ бүгіп санап отыр. Нені? Кімді? Білмеймін. Бір кезде алдында жатқан дәу қара қайшымен әлгі апарған қағазды қидалап тастады да: «Мәскеуге баратын 150 делегаттың жүзге жуығы орыс ұлтынан. Бұл қалай? Мәскеудегі орыстарға орыс апарып таңғалдыра алмайсың», – деді жай ғана жабырқау унмен. Сосын сөзін жалғап: «Жүз орыстың орнына жүз қазақ дайындаңдар! Қалғаны басқа ұлт болсын!» – деді.

Айтты – бітті. Тапсырманы тастай қып орындадық.

1960 жылдары орыс мәдениеті өктемдік құрып тұрғанда

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Өзағаңның мұндай батыл қимылы ерлікпен парапар еді. Жүрекжұтқан адам ғой, – деді Тастемір Байтелиев».

* * *

Қазақ ССР-ін барынша әлсірету кремльдің негізгі приоритетіне айналды. Қалай десеңіз де, Қазақстан Орта Азиядағы қуатты республика саналды. Себебі Қазақ ССР-ін дүниеге әкелген Қазақ хандығы Алтын Орда империясының сынығы болатын. Империя кезінде жеткен жетістіктері мен өндірген рухани һәм мәдени құндылықтары толық жойылып кетпеген. Қаныш Сәтбаев құрған Академиядағы ғалымдар Алтын Орда дәуірінен қалған мәдени құндылықты алуан түрлі форматқа салып, ел-жұрттың көкірегін құндылықпен көмкеріп тұрды. Қазақ фольклоры мен этнографиясынан қуат алған қазақ халқы автоматты түрде күшейе бастап еді.

Бұл құндылықтың бәрі халықтың көкірегіне қазақ тілі арқылы ғана ақтарылатын. Сондықтан қазақ тілін тұншықтыру жоспарлы түрде жүзеге асты деуге негіз бар. 1960 жылдан бастап, объективті себебі болмаса да, қазақ мектебін жаппай жабу науқанға айналды. Он бес жылдың ішінде 700-ден аса мектеп жабылған. Бұл науқанның қарқынды жүргені сонша, 1980 жылдары Алматы қаласында бір ғана қазақ мектебі қалды. Оның өзін Шона Смаханұлы бастаған жазушылар жан-жаққа арыз жазып жүріп әрең ашқан.

Ұлттық намысы өлмеген зиялы қауым ғана жалғыз мектепке балаларын өлермендікпен оқытты. Оның өзінде үйі жақынырақ орналасқаны ғана баласын мектепке беретін. Ал алыстау жерде тұратын, баласын тұрақты апаруға мүмкіндігі жоқтары қысымға көндігіп, ұрпағын орыс мектебіне берді.

Осылайша отыз жылдың ішінде орысша сөйлейтін және орыс менталитетіне барынша жұтылғысы келіп тұратын жаңа этнос пайда болды. Бұлардың дені әкесінің қызметін

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

пайдаланып, тәуелсіз Қазақстандағы билік тармақтарына араласты. Осының кесірінен Қазақстан Республикасы ұлттық мемлекет құра алмады.

Дәл осындай қилы заманда Өзбекәлінің де үш баласы орыс ортада оқуға мәжбүр болды. Ол балаларының жүрегіне ана тіліне деген құрметтің дәнін егуге барын салды. Оны үлкен ұлы бүй деп баяндайды:

«Мен мектепке барғанда Алматыда қазақ мектептері жаппай жабылып, орыстану науқаны күшіне мініп тұрды. Қалада қазақша оқытатын жалғыз мектеп қалды. Орысша оқуға мәжбүр болдым. Әкеміз жиі іссапарда жүргендіктен үйде сирек болатын. Отбасына оралса да, күндіз-түні ғылыммен шұғылданып, бірдеңелерді жазып, жоспарлап, жобалап, кейде ою ойып, эскиз сызып отыратын. Ұмытпасам 1966-65 жылдары болу керек, менің орысшаға жұтылып бара жатқанымды көріп қатты қынжылды. Он бір-он екі жасқа келгенімде мені отырғызып қойып, салмақты әңгіме айтты: «Балам, жалқауланба! Ана тіліңді үйрен! Тілін ұмытып қалмасын деп қазақша газет-журналға жазылдым. Соны оқы! Орыс тілі өмір бақи үстем болып тұра бермейді. Көр де тұр, алда сондай заман келеді, қазақ тілі мемлекеттік тілге айналады. Оны білмеген қазақтың өмір сүруі қиынға соғады. Ақылымды жүрдім-бардым тындама, құлағыңа іл!» – деді. «Қазақылық бойына сіңе берсін» деп мені жиі-жиі ауылға жіберіп, қазақшамды күшейтіп отырды».

Дәл осындай қыспаққа Бауыржан Момышұлы да түскен. Ол жалғыз ұлы Бақытжанды жазғы демалыста «Артек» сияқты лагерьге жібермейтін. Демалысқа шыққан күні плацкарт пойызға отырғызып, Жуалыға аттандырған. Каникулдан оралғанда кілең дөкейдің бала-шағасы Ресейдің әдемі аймақтарын қалай аралап қайтқанын мақтана айтып жарысатын. Ал Бақытжан Жуалыдағы ауыл әңгімесінен аса алмайтын. Ол кезде Бақытжан әкесінің мұндай тәрбиесін терең түсінбейтін еді. Есейгесін барып ана тілінен нәр алып,

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Бауыржанның баласы деген атқа лайық болып өсті. Келіні Зейнеп Ахметова да күні бүгінге дейін қазақ мәдениеті үшін тоқтаусыз күресіп келеді. Олар батыр аталарының сол кездегі жанкешті тәрбиесіне өле-өлгенше қарыздармыз деп айтып отырады.

* * *

Өзбекәлі бастаған ұлтшыл қайраткерлер 1989 жылы 22 қыркүйекте Қазақстанның «Тіл туралы» Заңын қабылдауына ықпал етті. Онда: «Қазақ ССР-нің мемлекеттік тілі – қазақ тілі, ұлтаралық қатынас тілі – орыс тілі», – деп жазылды.

Ата Заңдағы осы бап өзгеріссіз тұра бергенде, әрі кетсе он бес-жиырма жылдан соң мемлекеттік мекеменің түгелге жуығы қазақша сөйлеп тұрар еді. Басқа ұлттар да қазақ тілін – ана тілі сияқты қабылдауға көндігер ме еді, кім білсін?! Әдетте мұндай оқиға ұлтшылдықтың емес, керісінше, әділдіктің тарихта салтанат құруы ретінде қабылданады.

Өкінішке қарай 1991 жылы Өзбекәлі биліктен кеткен соң құлдық психологиядан арылмаған шенеуніктер бұл бапқа опасыздық қылды. Олар алай-дүлей заманды пайдаланып, мемлекеттік тілді өздеріне үйреншікті орыс тіліне білдіртпей ыңғайлап алды.

1993 жылы 28 қаңтарда қабылданған Қазақстан Конституциясында Мемлекеттік тіл туралы 7-баптың 2-тармағына: «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген ережені енгізді.

Ол заманда қарапайым халықты айтпағанда, көзі қарақты қазақтың өзі мұндай ұсақ-түйек баптарды қатаң қадағалап отыра алмайтын. Қазақстан жаңадан құрылып жатқандықтан талқылайтын тақырып шамадан тыс көп. Сол кезде Әнұран, Елтаңба, Ту, теңге сияқты мемлекеттік рәміздер газет-журналда Құдайдың құтты күні қызу талқыланып жатты.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

Міне, осындай буырқанған саяси оқиғалар арасында орыс тілінің қалайша қазақ тілімен тең статусқа ие болып шыға келгенін қайраткерлердің көбі байқамай қалды. 1995 жылы Ата Заң өзгеріске ұшырағанда 7-бап мызғымады. 1997 жылы «Тілдер туралы» жеке Заң қабылданғанда бұл бап өзгермеген қалпы сонда барып жайғасып алды.

«Қазақ тілі» қоғамы құрылатын кезде Қазақстанның сол кездегі екінші хатшысы В.Г.Ануфриев: «Қазақ тілі» қоғамын «Тілдер қоғамы» деп өзгертіндер! Оның ішінде орыс тілінің де мүддесі қаралуы керек», – деп Өзбекәлімен ұстасқан еді. Кейін 1989 жылы «Тіл туралы» заң қабылдайтын кезде де: «Тілдер туралы» заң болсын! Сендер ұлтшылдыққа салынып кетпіндер!» – деп тірескен. Бірақ Өзбекәлі позицияны бермеді. Экс-президент Өзбекәліні зейнетке шығарып, биліктен алыстатқан соң В.Г.Ануфриев қалаған «Тілдер туралы» Заң қабылданды.

Арада отыз жыл өтті. Қазақ тілі демографиялық өсімнің есебінен ғана өліп қалмай келе жатыр. Соның өзінде қалаға шоғырланған ауыл қазағын орыс орта оп-оңай жұтып алады. Тіл жанашырлары қанша күрессе де, айтулы нәтижеге жете алмай жатыр. Ата Заңда негізгі бап қисық тұрған соң саяси конъюнктураның ығынан шыға алмайтын жігерсіз функционерлер қазақ тілінің көсегесін көгертпөйді. Қазақ тілі қарқынды дамуы үшін Өзбекәлілер өзгерткен бапты қайтадан қалпына келтіру қажет.





ШЫҒЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

Өзбекәлі Жәнібек ана тілін меңгермей, шет тілін үйренуге барын салатын мәңгурт типтерді аямай сынайтын. Оның позициясы айқын. «Ең бірінші қазақ тілін үйрен! Сосын барып шет тілдерін шамаң жеткен шекке дейін меңгере бер!»

Бірде мынадай оқиға болды. Өзбекәлі Түркиядан келген бір сәулетшімен жолығып, сөйлеспекші болады. Аудармашы қазақ қызы. Бірақ ана тілін білмейді екен. Ол Өзбекәлінің қазақша айтқан сөзін түсінбей, мүдіріп қалады. Кейін бұл оқиғаны Өзбекәлі «Тағдыр тағылымы» кітабында баяндап келіп: «Неткен бейшаралық десеңізші! Ол менің қазақша сөзімді түрік тіліне аударма алмады. Өзі Алматыда туып, түрік тілін Мәскеуде оқыған қазақ қызы екен. Амал жоқ, орысша сөйлеуіме тұра келді. Өз халқының тілін менсінбейтін адамнан не үміт, не қайыр?! Мұндайлардан бойды аулақ салған жөн болар», — деп жазады.

Түрікшесі жетік қыздың қазақша білмеуінің мынадай да себебі бар: Совет Одағында шығыс тілдерін үйрететін университет негізінен Мәскеу мен Ленинградта ғана болды.

Кейінгі жылдары ғана Тәшкен мен Душанбеде ашылды. Шығыс тілдерін үйренгісі келетін қазақ жастары амалсыз Ресейге барып оқитын. Ол жерде қазақ тілін білуге деген сұраныс та, талап та жоқ.

Әу баста Шығыстану ғылымы адамзаттың рухани, мәдени құндылыққа құмарлығынан тумаған. XVII-XVIII ғасырларда отты қарумен күшейген державалар жер шарын бөліске салды. Бұған дейін Шығыс өркениетінен жеңіліп келе жатқан Батыс жұрты енді әлемге үстемдік ете алатын алапат күшке ие болды. Бірақ кескілескен соғыс адам шығынын көбейтеді. Тиімді жолы – дұшпанды зерттеп, жұртқа жігер сыйлайтын мәдени құндылықтарын жойып жіберу.

Осы себепті бүкіл державада Шығыс елдерін зерттейтін мамандар дайындалды. Олар негізінен әскери офицерден тұрды. Бір офицер бірнеше шығыс тілін шебер меңгереді. Сондықтан да шығыстануға қатысты құнды дерек пен күнделіктерді әскери офицерлер жазып қалдырған.

Ресей империясы да өз отары – Орта Азия елдерінің этнографиясын бақайшығына шейін зерттеп тастаған. Киелі кітаптары мен әдеби-мәдени мұрасын Петербордағы мұрағатқа таси берген. Нәтижесінде Ресей Шығыстану институты қазақ тарихы мен шежіресін қазақтардан артық билетін дәрежеге жетті. Осы институттың арқасында кремль әліге дейін бұрынғы отар елдерін мәдени ықпалынан шығармады. Олардың тарихын бұрмалап, Ресей мүддесіне орайластырып жалған тарих жазып беру олар үшін түк емес. Орта Азиядағы туыс халықтардың көне тарихынан бір деректі суырып алып, оңай араздастырып қоя алады. Мәселен, қазақ хандары мен Шайбани әулетінің соғыстарын жиі қозғап, өзбек пен қазақ жұртын бәсекелес еткені сияқты. Немесе Кенесары ханның өліміне қатысты ақпаратты көбейтіп, қазақ пен қырғыз арасына өшпенділікті күшейтуі мүмкін. Мұндай ықпал мен үстемдікті уыстан шығармау үшін кремль Шығыстану ғылымын отар елдерінде ашқызбайтын.

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Ал рухани оянып, мәдени өрлеуге әсер етпейтін басқа пәндерді оқыта берді.

Империяның мұндай манипуляциясынан құтылудың жалғыз жолы – Шығыстану ғылымын өз еліңде дамыту. Жоғалған деректерді қалпына келтіресің. Тарихты ұлт мүддесіне сәйкес қайта жазып шығасың. Қасақана бұрмаланған тарихи деректі академиялық дәлдікпен орнына келтіру қажет.

Өзбекәлінің ендігі стратегиясы Шығыстану институтын ашуға қарай ойысты.

* * *

«Мәдени майдан» музей ашып, ескерткіштерді түгендеп, жәдігер жинаумен шектелмейді. Тіпті Тайқазанды әкеліп, Наурыз тойласаң да, бұл майданда жеңіп шыға алмайсың. Мәдениетіңді ғылыми ортада қорғап, Фараби, Яссауи, Баласағұн, Қашқари, Кердери сынды ойшылдарды дұрыс тануың керек. Оның үстне көне дәуірде Жібек жолын кесіп өткен саяхатшылар естеліктің көбін араб, парсы, қытай тілінде жазып қалдырған. Ал оларға қол жеткізу үшін Шығыстану институты керек. Алайда бұл жобаны жүзеге асырудың қиындығы бар еді. Азабы көп жұмысты ешкімнің арқалағысы келмейді. Партия да, Білім министрлігі де, университет ректорлары да құлық танытпайды. Олар үйреншікті орыс жүйесімен кете беруді жөн санаған. Өзбекәлі өз кітабында: «Тіпті осы мәселеге орай ҚазМУ ректоры Мейірхан Әбділдинмен қатаңырақ сөйлесуге тура келді», – деп жазады. Автор бұл оқиғаның әрі қарай қалай өрбігенін былай баяндайды:

«1989 жылы Мәскеуде өткен мұғалімдердің бүкілодақтық жиынында Қазақ ССР Жоғары, орта және арнайы білім министрі Шайсұлтан Шаяхметов пен ҚазМУ ректоры екеуін қатар отырғызып, Шығыстану факультетін ұйымдастыру жөнінде ұсыныс енгізуді талап етпм. Шығыстану факультетінің заттық-техникалық базасын дамыту арқылы оны бірте-бірте

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

арнайы институт деңгейіне көтеру қажеттігін ескерттім. Сөйтіп 1989 жылы 27 маусымда ҚазМУ-да Шығыстану факультеті ашылды. Күзде алғашқы студенттерін қабылдады. Оларға жағдай жасау үшін факультеттің оқу корпусы мен жатақханасын салу, «Қазақ университеті» баспасын ашу қажеттігін белгіледік. Қазақ тіліне жетік жастардың шығыс тілдерін оңай игеретінін ескере отырып, абитуриенттер таңдағанда қазақ мектебін бітіргендерге басымдық беруді ұсындым».

Автор кітаптың енді бір жерінде осы бастаманы жүзеге асыруға Әбсаттар Дербісәлі мен 1991-93 жылдары ҚазМУ-дың ректоры болған Көпжасар Нәрібаевтың үлесі зор болғанын ерекше атап өтеді.

Енді Әбсаттар Дербісәлінің естелігін келтірейік:

«1977 жылы филология факультетінің жанынан араб бөлімі ашылған. Бірақ оның күшімен шығыстану ғылымын қалыптастыра алмайсың. Урду, һинди, кәріс, жапон, қытай, түрік сияқты бөлімдер де қажет. Оның үстіне араб филологиясы кафедрасы бізге тарлық ете бастады. Арнайы факультет ашқымыз келді. Бірақ Мәскеу оған рұқсат бере қоймады. «Қазақстанға Шығыстану не үшін керек?» деумен болды. ҚазМУ-дың сол кездегі ректоры Меіірхан Әбділдин бұл іске үрке қарап, тіпті қарсы шықты. Неге олай еткенін білмедім.

1989 жылы Орталық Комитет хатшысы Өзбекәлі Жәнібекке келдім. Ол:

– Факультет ашуға ректор қарсы дейді ғой. Неге? – деп сұрады.

– Білмедім. Ол кісі физика-математика ғылымының маманы ғой. Шығыстану мәселесін түсінбейтін шығар, – деп жауап бердім.

– Жарайды. Министрмен де, ректормен де сөйлесейін, – деді.

Соңыра ол министр мен ректорға хабарласыпты. Ректор әдеттегідей қарсы шыққан. Әйтсе де Өзекең мәселені оңы-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

нан шешті. Көп ұзамай үкімет арнайы қаулы қабылдады. 1989 жылдың сәуірінде Өзекеннің қадағалауымен жаңа факультет ашылды».

* * *

Өзбекәлінің келешекті болжап, алыстан стратегия құратын сұңғыла қасиетіне қайран қалмасқа шара жоқ. Ол Шығыстану факультеті ашылған кезде «Қазақ мектебін бітірген абитуриенттер ғана қабылдансын» деген ереже енгізеді. Әдепкіде бұл талап қатаң сақталған. Шығыс тілдерін үйренетін нығмет қазақ мектебін бітірген оқушыларға ғана нәсіп болды. 1996 жылдары коммерциялық мүдде алдыға шығып, Өзбекәлі енгізген ереженің бір қабырғасын құлатты. Жапон, қытай, кәріс тілдеріне талапкерлер көбейіп, ақылы топтар ашылды. Осы кезде орыс мектебін бітірген оқушылар да «бұл аймаққа» өтіп кетті.

«Қолжазба оқитын төл маманымыз пайда болады. Олар қазақ мәдениетінің жоғын түгендейді» деген үміт оты сөне бастады. Керісінше, Шығыстану факультеті әдемі өмір аңсаған типтерді шетелге шығарып салуға көмектесетін «көпірге» ұқсап кетті. Шығыстанудың негізгі ұстыны болып саналатын араб, парсы тіліне қызығушылар азайды.

1990 жылдары Шығыстану факультетіне араб-парсы тілдеріне түсу престиж саналған. Лениншіл Рустемов сияқты ұлтшыл профессорлар Өзбекәлінің қойған стратегиясынан айнымайтын. Өкінішке қарай, мұндай профессорлар азайған соң жаңа буын коммерциялық мүддені көздейтін, бірақ мемлекеттік идеологияға тиімсіз позицияға ауысты. Әсіресе 2005-2022 жылдар аралығында араб және парсы тілдеріне сұраныс төмендеді. Кейбір оқу орнында парсы тілі кафедрасы жабылып қалды.

Қазір Алматы мен Астананың ірі кітапханасында жатқан қолжазбалар көп. Ал оларды оқитын маман аз. Сол аз маманның өзі бір кездері Шығыстану факультетіне Өзбекәлі-

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

нің «ережесімен» қабылданған еді. Мысал ретінде, Төрәлі Қыдыр, Өмір Тұяқбай, Ғалия Қамбарбекова, Айнаш Қасым, Гулшат Әбікова, Бақыт Әбжет, Ақжігіт Әлібекұлы сынды тұлғаларды атап өтсек болады. Олар әлі де «мәдени майданның» алдыңғы шебінде күресіп жүр. Сирек қорда жатқан қолжазбаларды араб, парсы, шағатай тілінен аударып, ішіндегі хикмет пен мазмұнды заманға лайықтап ұсынып келеді. Олар бүгінде тәуелсіз Қазақстанның егемендігін нығайтуға тікелей үлес қосып жатыр.

«Тікелей» деген сөзді не үшін қолдандық? Себебі Қазақстанның ұлттық идеологиясы араб және парсы мәдениетімен қоян-қолтық араласып жатуға мәжбүрлейді. Мұны тағдыр деп қабылдасақ та болады.

Бір заманда «араб тілі», енді бір дәуірде «парсы тілі» ғылым тіліне айналды. Сол кезеңдерде қазақ тарихына қатысты аса маңызды мемлекеттік құжаттар араб-парсы тілінде жазылған. Кез келген мемлекет өзінің болашағына дұрыс стратегия жасау үшін өткен тарихына сараптама жасайды. Сол үшін де Иран мұрағатында сақталып қалған көне деректерді қазақ тіліне аудару ұлттық мүдде саналады.

Есіңізде болсын! Ұлттық идеология XX ғасыр басында құбылыс ретінде көрінген Алаш шоғырымен ғана жасалынбайды. XIX ғасырдың екінші жартысында үркердей болып көрінген санаулы зиялы – Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіптердің шығармасын зерделеумен де бітпейді.

Ерте ме, кеш пе «Алаш арыстарына, Абай мен Шәкәрімге серпін берген рухани импульс қай дәуірден басталды?» деген сұрақ ортаға шығады. Шығыстанушы ғалым Әшірбек Муминовтың пікірінше бұл импульс Алтын Орда дәуірінен берілген. Ол кісі бұл дәуірді «исламның постклассицизм кезеңі» деп атайды. Әбу Ханифа мен Имам Матуриди шариғат пен сенім жүйесіндегі қарама-қайшылықтарды Құран рухына сәйкес етіп реттеген соң ислам рухани құндылық өндіретін жаңа кезеңге қадам басқан. Сол себепті

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Алтын Орда кезінде бұл топырақта «Гүлстан бит-турки», «Мұхаббатнама», «Құсырау-Шырын», «Қисса сұл-әнбия», «Қисса Жүсіп», «Хұсам Қатиб», «Жұмжұма», «Ташшұқнама» сияқты кітаптар жарық көріп, көшпелі жұрттың көкірегін құндылыққа толтырды.

* * *

Қазір мағынасыз өмірден шаршаған жұрттың классикалық құндылықтарға деген сұранысы артты. «Сейфулмәлік-Жамал», «Мұңлық-Зарлық», «Көроғлы», «Фархад-Шырын», «Ләйлі-Мәжнүн», «Тахир-Зухра», «Қырымның қырық батыры» сияқты эпикалық құндылықты іздеушілер көбейді. Әсіресе жұрт Алтын Орда дәуірінде жазылған құнды дерек, аңыз, шежіре, әпсана, қиссаны іздеп жүріп оқитын болды. Бір қызығы, Қазақстан ғылымында араб, парсы тілдерін білетін шығыстанушы мамандарға да сұраныс қайтадан өскен. Біреулер мұның себебін «Қанды қаңтар» оқиғасынан тарқатады. Енді бірі Еуразия аймағындағы геосаяси жағдайдың ушығуымен байланыстырады. Бұл екі себептің де тіріліп шыға келуі ұлттық мүддемен тікелей байланысты. Мемлекеттік тұғыры мығым болып, бір тілде сөйлейтін және мәдениетін тарихтың терең қабатынан тартпаса жылтырақ идеологияға негізделген мемлекеттің іргесі тез шайқалып, әп-сәтте күйреп қалуы мүмкін екенін көрсетіп қойды. Ал Алтын Орда дәуірі мәдениетінің терең қабатына араб пен парсы тілінің мамандары оңай сүңгі алады.



ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ МҰСЫЛМАНДЫҒЫ

Үшінші хатшы болып отырғанда Өзбекәлінің кабинетіне Рәтбек қажы Нысанбайұлы келеді. Ол ескі мешіттің әбден тозғанын айтып, жаңа мешіт салу үшін қаладан жер сұрап келгенін айтады. Өзбекәлі: «Оған қарсылық жоқ. Тек рұқсатты Министрлер кеңесінен (Н.Назарбаевтан) алу керек. Жерді солар бөліп береді. Бәлкім қаржы жағынан да жәрдемдесер. Ал біз мешітіңіздің сәулетті болуына көмектесейік. Сәулетшіңізді ертіп келіңіз, бірге ақылдасайық», – деп ұсыныс айтады.

Онымен тағы бір жолыққанда мешіттің архитекторын қоса отырып, жаңа құрылыстың құрамдас бөліктерінің қандай болатынын келіседі. Өзбекәлі өзінің ұсынысын сызып әкелген еді. Рәтбек қажы мен архитекторға көрсетіп:

«Менің ойымша мешіт төрт залдан тұрғаны дұрыс. Жұма намазы оқылатын залды «Жетісу залы» деп атайық. Қабырғасын Айша бибі құмбезіндегідей оюлы кірпіштермен қаптайық. Күнделікті намаз оқылатын бөлме «Түркістан залы»

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

болсын. Оны Әзірет Сұлтан кесенесіне ұқсас шыңылтыр қышпен, мозаика кескіндерімен безендірейік. Үшінші залды «Маңғыстау залы» деп атайық. Бұл әйелдер ғана намаз оқитын бөлме болсын. Ішін «Үзілмес», «Өткізбе» сияқты Каспий сыртының өрнектері шекілген ұлтас тақташаларымен ұқсатсақ. Соңғы залға «Сарыарқа» деп ат қойып, қазақтың өзіне тән, дәстүрлі қырма оюымен өрнектесек. Осылайша мешіттің төрт жағы – елдің төрт құбыласы іспеттес болып тұрады. Сонда бұл намаз оқылатын мешіт қана емес, халқымыздың ұлттық өнерінен мағлұмат беретін мәдениет орталығы болып шығар еді», – дейді.

Өзбекәлінің идеясымен екеуі де келіседі. Мешіттің ішкі бағаналарын және төбе жабынын ағаштан шабатын болады. Еденге төселетін жолақтар мен кілемді XVIII-XIX ғасырларға жататын «Шұғыла», «Қоңырат» үлгісімен жасатпақшы болады. Кілемнің бұл нұсқасы Ахмет Яссауи кесенесінде сақталған еді. Бір заманда Әзірет Сұлтан кесенесіне төселген болса керек-ті. Сол үлгіге қарап отырып Алматыдағы кілем фабрикасынан тоқытуды ойлайды.

Өзбекәлі зейнетке шыққанда бұл идея аяқсыз қалады. Ол «Тағдыр тағылымы» кітабында: «Өкінішке қарай мешіт құрылысы созылып кетті. Мен зейнетке шыққан соң мүфти де, сәулеткер де менімен ақылдасқысы келмейтін болды», – деп жазады.

Құрметті оқырман! Егер Өзбекәлінің осы жобасы іске асқанда ислам діні қазір әлдеқайда қадірлі болар еді. Ұлтшыл қазақтар мешіт ішінен «Жетісу», «Сарыарқа», «Маңғыстау», «Түркістан» сияқты атауды оқып, қазақы өрнектерді көріп, «Қоңырат» үлгісімен жасалған кілем үспінде отырса, мұсылман дініне бүгінгідей шүйлікпес еді.

Өзбекәлі сынды сұңғыла ойшылдың жоқтығынан Қазақстандағы мешіттің көбі араб әлеміне кең тараған архитектураның көшірмесін қайталады. Бұл онсыз да ислам дінінен қазақы элемент көре алмай діннен теріс айналуға

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

бейім тұрған қазақтарға қосымша сылтау болды. Тіпті Түркістанда «Керуен сарай» сияқты ғимараттарды соққанда да көне түркілік нақыштар ескерілмеді. Оны кейбір отандық архитекторлар сирек те болса сын ретінде айтып жүр. Түркістандағы Шығыс үлгісінде саламыз деген мұсылмандық үйлердің бәрі Таяу Шығыстың сәулет өнеріне жұтылып кетті.

Павлодарда ғана Дешт Қыпшақ стилінде соғылған Мәшһүр Жүсіп мешіті бар. Оны 2001 жылы Ғалымжан Жақиянов Павлодар облысының әкімі болып тұрғанда салдырды.

* * *

Жалпы Өзбекәлі Түркістандағы СССР кезінде тыйым салынып, қолданыстан шыққан діни орталықтарды жөндеп (оның ішінде Қылует те бар), халықтың күнделікті қолданысына беру керек деген ұстанымда болған. «Тағдыр тағылымы» кітабында бүй деп толғайды:

«Дәстүр бойынша Ахмет Яссауидің қабіріне барып, Аллаға құлшылық етушілер әуелі оның ұстазы «Отырарда отыз баб, Түркістанда түмен баб, Сайрамдағы сансыз баб, баптардың бабы – Арыстан бабі» деген атпен бүкіл Таяу Шығысқа танымал, кезінде «шайқылардың шайқы» атанған Арыстан бабқа мінәжат етіп қайтатыны белгілі. Бірде біз Арыстан бабқа барғанда Тәжікстаннан адамдар келіп, рәсімін жасап қайтты. Мұндағы мешітті «мазардың басында намаз оқуға болмайды-мыс» деген сылтаумен әкімшілік сот арқылы жауып тастапты. Садақаның қайда кететіні бір Аллаға ғана аян. Зияратшылар молдасыз-ақ қаңырап бос қалған мешітте намазын, Құранын оқып кетіп жатты. Сонда оны жапқан шешім кім үшін шығарылған?

Яссауи кесенесі де, Қаратаудағы Баба ата кесенесі де мешіттер емес пе? Жұрт мұндай мешітті Мекке-Мәдинадан, Мысыр мен Шамнан, Иерусалимнен кездеспіріп жүр емес

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

пе? Әлде ескі заманда әулиенің басына кесенеге жалғастырып мешіт, медресе, ханака тұрғызғандар мұсылманшылықтан бейхабар болғаны ма? Осыны көріп-біле тұра мұсылмандар басқармасы неге үнсіз отыр?»

Бұл ойын Рәтбек қажының көмегімен ішінара жүзеге асырғаны да бар. Біз Рәтбек қажымен сұхбаттасқанда ол мынадай дерек айтып берді:

«Өзбекәлі Орталық Комитетке хатшы болып келген соң, мені шақырып: «Арыстан баб кесенесінің мешіт бөлмесін халықтың пайдалануына берсек, қалай қарайсыз?» – деп сұрады. Мен қолдайтынымды айттым. Себебі Арыстан баб кесенесінің бір қапталында әулиенің өзі жатыр. Ал екінші қапталы – мешіт бөлмесі шаң-топыраққа көміліп тұр. «Егер оны мешіт етіп қайта жаңғыртсақ, халықтың өзі-ақ қамқорлығына алып, таза ұстайды», – дедім. «Ендеше, осы ойыңды айтып, Орталық Комитетке ұсыныс түсір!» – деді. Осылайша мен хат жолдадым. Ол хат жергілікті атқарушы комитетке тапсырма болып түсп. Арыстан баб мешіті қалпына келіп, жұма намазын өтейтін орынға айналды».

* * *

Жалпы Арыстан баб кесенесі 1980 жылға дейін жабық тұрған. Өзбекәлі Мәдениет министрінің орынбасары болып қызметке кіріскен соң 1979 жылы Отырар мемлекеттік археологиялық қорық музейін ашты. Есіңізде болса, бір жыл бұрын «Әзірет Сұлтан» музейі құрылған еді.

Қожа Ахмет Яссауи кесенесі мен Арыстан баб дүрбесі музейге айналған соң халық ол жерлерге қорықпай жиі баратын болған. Себебі совет дәуірінде олардың әулиенің мазарына барып зиярат етуіне тыйым салынды. Енді музей аралаймыз деген желеумен жұрт кесенелерге емін-еркін кіріп-шығатын болды.

Осы кітапқа материал жинау барысында Мұхтар Әуезовтың совет дәуірінде Арыстан баб дүрбесіне зиярат еткені

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

жайында қызық бір материалға кезіктік. Мұны да оқырманмен бөлісуді жөн санаймыз. Бұл материал Амантұр Мұсаевтың «Мұхтар-Мұхит» атты кітабында жазылыпты. Автордың өзі бұрын Отырар ауданында әкімшілік қызмет атқарған. 1960 жылы Мұхтар Әуезов оңтүстік өңірдегі мазарларға зиярат етіп, аралағанда қасында еріп жүріпті. Талай сапармен кездесудің куәсі болған.

Алпысыншы жылдары Шымкент аймағындағы ауыл-ауданда діншілдікпен күрес өршіп тұрған. Ұлтшылдыққа, сірә да, жол жоқ. Қазақ тілі тезірек өліп, бәрі орыс тіліне өтіп, он бес республика бірігіп, біте қайнасып, «СОВЕТ ұлты» деп аталатын бір халыққа айналсын» деген үгіт-насихат қарқынды жүріп жатқан. Алматыдан келетін арнайы комиссия аудандарды аралап, «дін, дәстүр, ырым-тыйым деген атымен болмасын» деп әкім-қараларға қайта-қайта ескерту жасайды. Басқа салтты былай қойғанда, басшыларға қой сойып, бас тартудың өзі «жеке басқа табынушылық» саналды. Тіпті аудандағы бір жиында қарт кісі елді еңбекке шақырып, бес жылдық жоспарды асыра орындауға жұртты үндеп, сөзін сөйлеп болып автоматты түрде «Аллаһу акбар!» деп бетін сипайды. Қасында тұрған аудан басшысы да бейсаналы түрде бет сипайды. Осы «қылмысы» үшін оны жоғарыдағы комиссарлар қатаң жазалап, қызметінен кетіріп, партиядан шығарып жіберді. Ал Шәуілдірде Атқару комитетінің төрағасы баласын сүндетке отырғызғаны үшін партиялық қатаң жазамен орнынан алынған.

Міне, осындай алмағайып заманда Отырарға Мұхтар Әуезов келген. Оның түпкі ниеті – Арыстан баб пен Әзірет Сұлтанның басына тәу ету және Қаратаудың теріскейінде жатқан әулиелерді аралап көру. Әлгіндей науқан жүріп жатқанда әулиенің басына зиярат ету – кәдімгідей қауіп. Қасындағы үш бірдей әкім-қараның «Мұха, Арыстан бабты қайтесіз? Сол жаққа соқпай-ақ қойсаңызшы», – дегуге жігері жетпей, амалсыз ілесіп жүре берген. Тіпті жолда Мұхаң бәлкім

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

ішіне кірмей-ақ алыстан қарап кете салар деген дәмемен: «Кесенесі мал түспейтіндей етіп қоршалған. Қазір жабық. Оның үстне бұл жөнінен тәртіп қатал», – деп біраз қипақтайды. Бірақ Мұхтар түк түсінбеген сыңай танытып, алдыға түсіп алып, кесененің ішіне қарай беттейді. Осы сәтті автор былай деп баяндайды:

«Мұхаң сағанаға жақындағанда күтпеген жағдай болды. Сағана есігі ашық, ішінде қалбақтап біреу жүр. Ол жол көрсетіп елпектеп келеді. Табалдырықты аттап ішке ендік. Алдымызда Мұхтар. Жаңағы адам: «Қане, әруақтарға бір дұға оқып жіберейік», – деп отыра қалып Құран аятын оқи бастады. Сасып қалдық. Не істерімізді білмей үш хатшы бір-бірімізге қараймыз. Әсіресе Әшекеңнің тіптен мазасы кетті. Қаржау болса езу тартып, әдетінше маған көзін қысып қойды. «Қане, тізе бүгейік», – деп Мұхтар Әуезов бір тізерлеп отыра кетті. Амал жоқ біз де соны істедік.

Сағананың іші-сыртын аралап көріп болғасын Мұхаң мәшинеге бет алды. Әшекең сәл кейін қалды да: «Мынау қайдан, неғып жүрген адам? Бір ұрғанды Құдай қос қолдап ұрады дегендей таза масқара болдық. Сұрап білші, кім екенін», – деп сыбырлады.

- Сіз кім боласыз? – дедім әлгі адамның жанына келіп.
- Алланың құлы, Мұхамбеттің үмбетімін, – деді ол.
- Қайдан, неғып жүрсіз?
- Құдай жолында жүрген пақырмын, – деді. «Дені сау ма өзінің, қалай-қалай сөйлейді?» деймін ішімнен.
- Қайда тұрасыз, енді қайда бармақшысыз? – дедім сосын.
- Бір Алла біледі. Әуелі Құдай үлкен, одан соң нан үлкен. Дәм-тұз айдаса, сонда барамын. Пендесі пешенесіне жазғанын көреді, – деді. «Қой, мұнымен сөйлесіп болмас» деп жүруге ыңғайланып едім, ол:
- Мына пенде кім, молда ма, Меккені көрген бе? – демесі бар ма Мұханды нұсқап.

– Ол кісі үлкен жазушы, – дедім.

– Мәртебесі биік болсын! – деді де, бір сәт күбір-күбір етіп бетін сипады. Көлікке жайғасқанымда Мұхаң:

– Кешіктің ғой, не сөйлестің жаңағы кісімен? – деп сұрады. Болған жайды айтып бердім.

Кейін әлгі пақырдың сөздерін ой елегін өткіздім. Бізге кездескен кім болды? Пері ме? Қыдыр ма? Ол Мұхтарға бағыттаған тілегінде «Мәртебесі биік болсын!» деп келте қайырды. Бәлкім «Өмірі ұзақ, ғұмырлы болсын!» дегенде заңғар Мұхтар арамызда әлі де жүре берер ме еді? Бірақ кім болса да, Мұхтардың о дүниелік екенін жазбай білді. Себебі жазушы бір жылдан соң қайтыс болды. Арыстан баб пен Әзірет Сұлтанға зиярат етуі оның соңғы сапары еді. Бірақ әлгі пақыр айтқандай мәртебесі барлық жазушыдан үстем болды».

* * *

СССР кезінде Құран кітабы дефицит еді. Себебі мүлде басылмаған. Кейде Ауған соғысына қатысқан сарбаздар елге қайтқанда Құран кітабын ала келуге тырысатын. Соның өзіне жұрт таласып қалатын. Тіпті құны қымбат ақшаға бағаланатын. Совет өкіметі тұсында халықтың 5-10 пайызы ғана Құран кітабын ұстап көрген шығар.

1980 жылдары Қызылорда облысы Шиелі ауданында Шаймерден Ташев деген кісі өмір сүрген. Мамандығы – дәрігер. Әкесі СССР кезінде үйінде Құран кітабын тығып ұстапты. Әкесі қайтыс болған соң алыстан бір қария іздеп келіп, Шаймерденнен Құран кітабын сатуды өтінеді. Дәрігердің діни сауаты болмаса да: «Қасиетті кітапты бере алмаймын», – деп бас тартады. «Мынау Құран ақысы, осыған риза болыңыз, ақсақал», – деп 50 сом беріп қайтарыпты. Елу сом ол кезде бір айлық жалақыға тең еді. Құранды сатпаса да, іздеп келген адамның көңілін қалдырмас үшін ақша төлеген.

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Өзбекәлінің Орталық Комитетте хатшы болып отырып және бір бітірген ісі – Құран Кәрімді қазақшаға аудартуы. Бір күні Рәтбек қажыны шақырып: «Хазірет, Құран Кәрімді қазақшаға аударатын уақыт жетті. Қазақ халқы да киелі кітабын ана тілінде оқып, одан ой қорыта алатын жаңа кезеңге қадам бассын. Өзіңіз білесіз, Қазаннан шыққан арабшасын оқи алатын ескінің көзі келмеске кетті. Ең болмаса жалпы мазмұнымен таныс бола берсін!» – дейді. Рәтбек қажы келіседі. Қасына бір көмекші алып, Құран Кәрімді қазақша аударуға кірісіп кетеді.

Әдетте мұндай іске асқан жауапкершілікпен кірісетін академик аудармашылар киелі мәтінді отыз-отыз бес жыл арасында аударды. Рәтбек қажы Құранды бас-аяғы екі-үш жылдың ішінде тәржімалаған. Бірақ шапшаң қимыл сапаға әсер етті. Мұқият редакция жасалмады. Филолог мамандардың сузгісінен өтпеді. Оны жазушы Асқар Сүлейменовтің сынынан көруге болады: «Крачковскийдің қырық жыл аударғанын Рәтбек пен Қыдырханов екі-үш жылда қотарма ғып періп шықты. Өсеров, Рәтбек пен Қыдырхановтың араб тілін қаншалықты білерін кім білген, ал қазақша білмейтіндеріне кәміл сенімдімін», – дейді.

Рәтбек қажының айтуынша, уақыт тығыз болған, тапсырыс беруші асықтырған. Себебі бұл кезде Совет Одағы ыдырап бара жатқан еді. Бар мақсат – Совет өкіметінің тетіктерін пайдаланып, Құранды мол тиражбен шығарып үлгеру. 1991 жылы Рәтбек қажы аударған Құран Кәрім 200 мың тиражбен жарық көріп үлгерді.

Дегенмен шұғыл атқарылған шаруаның да қайыры болды. 1980-90 жылдары діннен алыстап, ішімдікке шамадан тыс үйір болып кеткен қазақ жұртының шаңырағына киенің сәулесін енгізді. Жұрт Құранды жаппай сатып алды, мәтінін түсінбесе де, кие тұтты. Оны арнайы тігілген қалтаға салып, төрге іліп қоятын. Үлкендер дәретсіз ұстамайтын. Құран тұрған бөлме киелі саналды. Ол бөлмеде ішімдік

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

ішілмеді. Осылайша шаңыраққа руханияттың лебі ескендей ерекше күйге бөленді.

Өзбекәлінің ерлігі – қилы кезеңде осы қадамға қорықпай барғаны. Ол тарихшы ретінде киелі мәтіні жоқ халықтың рухани деградацияға ұшырайтынын жақсы біледі. Бұл шаруа да шетінен шешіле берсін деп трансцендентті маңызы бар қайырлы істі бастап беріп кетті.



ТОРҒАЙДЫҢ ТАҒДЫРЫ

1988 жылы 2 маусымда Торғай облысы Қазақстан Жоғарғы кеңесі Президиумының Жарғысымен жабылды. Президиумның сол кездегі төрағасы Зақаш Камалиденов болатын.

Осы арада бір сұрақ туындайды. Торғай облысы республика бюджетіне салмақ салып тұрды ма? Әлде экономикасы бордай тозып кетті ме? Әлде біз білмейтін қандай да бір объективті себебі бар ма? Ол жайлы қаржыгер Ғалым Байназарұлы бұй деп баяндайды:

«Торғай облысы құлдырау жолына кезігіп, болашағы болмаған соң жабылды» деген жалған пікірмен келіспейміз. Экономикалық тұрғыдан Торғай облысын жабуға ешбір негіз жоқ. Құрамында 9 аудан, 112 кеңшар, 2 колхоз, 1 станса

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

бар еді. Қу тақыр жерден жаңа өнеркәсіп, көлік, энергетика, тасымал, байланыс, құрылыс, сауда, білім мен денсаулық, мәдениет, қаражат, банк, сақтандыру сынды салалар пайда болды. Олар С.Құсайынов, Е.Әуелбеков, Ө.Жәнібек, Ю.Трофимов, Қ.Тұрысов, М.Сағдиев сияқты білікті басшылардың арқасында жедел қарқынмен дамыды. Халық саны 301 мыңнан асты. 121 мыңнан аса жұмыс орны пайда болды. Ауылшаруашылық өнімдері 77,5 пайызға, өнеркәсіп өнімдері 36,5 пайызға өскен. Қазақстандағы бидайдың сапалы сорты осы Торғайдан шығатын. Ет өндіру 73,3 пайызға, сүт өнімдері 86,3 пайызға артқан. Торғай облысы Қазақстандағы боксит рудасының 60-80 пайызын өндіріп отырды. Торғай боксит кені СССР кеңістігінде алдыңғы орынға шыққан.

1988 жылғы облыстың жабылуы әлеуметтік-экономикалық үрдіске үлкен соққы болды. Он мыңнан астам жұмыс қысқарып қалды, көптеген өндіріс орны, мекемелер тоналып, талан-таражға түсіп, жойылып кетті. Бұрынғы Торғай облысының экономикасын көтерген облыс басшылары, іскер мамандар, өндіріс жетекшілері басқа облыстарға кетуге мәжбүр болды. Бір кездері мәдениеті дүрілдеп, «Арқалықтың ақ таңы» шырқалып тұрған Торғай даласы қиын күндерді бастан кешті».

Бұл жерде осы саяси шешімдердің қақ ортасында жүрген соң кесімді жауап бере алмаймыз. Бірақ «Ескі Қазақстандағы» саяси режимнің қалыптасу тарихына қарап мынадай анализ жасауға болады. Торғай жабылардың қарсаңында Өзбекәлі Жәнібек пен Еркін Әуелбеков экс-президент Н.Назарбаевтың саяси бәсекелесі еді. Екеуінің де авторитеті Арқалықтың гүрілдеген экономикасымен тікелей байланысты. Екеуінің аты айтылса, Торғай қоса айтылатын.

Торғай облысын таратып, мәдениеті мен экономикасына күйрете соққы беру арқылы екі қарсыласының сағын сындыру да көзделген сияқты. Себебі экс-президент саяси

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

белсенділігі тым жоғары өңірлерді оп-оңай таратып, қаржылық қыспаққа тастай салатын. Мысалы Семей мен Алматы облысының Кеген және Нарынқол аудандары дәл осындай қаһарға ұшырап, даму динамикасын әлсіретіп алды. Бұдан бөлек Зақаш Камалиденовтың Жоғары Кеңесте бір жылға жетер-жетпес қызметте отыруы да түсініксіз. Ол осы жылдың жазында Торғай облысының жаназасын шығарған соң ұзамай қызмет ауыстырды.

Экс-президент екі қарсыласын саяси сахнадан ысырып, 1990 жылы 24 сәуірде Қазақ ССР-нің президенті болып таққа жайғасқан соң Торғайды қайтадан ашты. Бірақ қаржыгер Ғалым Байназаровтың пікірінше, Торғай бұрынғы экономикалық қуатын қайтара алмаған. Себебі екі жылдың ішінде өнеркәсібі тоналып, ауыл шаруашылығы күйреп қалған. Оның үстіне бұл кезең Қазақстан экономикасының әлсіреген жылдарына тұспа-тұс келді. 1997 жылы Торғай өңірі қайтадан тарап, Қостанай облысына қосылды. Соның кесірінен Арқалықтың айналасында өркен жайған қазақ мәдениеті даму қарқынын жоғалтып алды.

2002 жылдан бері қарай әлемдік нарықта мұнай бағасы өсіп, Ұлттық қорға қисапсыз қаржы құйылғанда Торғай облысының қалпына келмегені түсініксіз. Бұл өңір қазақтың тілі, әдебиеті, тарихы, мәдениетінің соғып тұрған жүрегі болатын.

Қазір Торғай жайлы сөз болса, Өзбекәлінің есімі аталмай кетпейді. Біреу Өзбекәлі жайлы естелік айтса, міндетті түрде Арқалықтан бастайды. Тіпті Өзбекәлі мен Торғай егіз ұғым сияқты еспледі. Біз бұл кітапты жазу барысында осы нәрсеге көз жеткіздік. Мұның себебін Мұхамеджан Рүстемов былай түсіндіреді:

«1970 жылдары Сейіп Кенжеахметұлымен кездесіп қалып, Өзбекәлі жайлы сұрағанымда:

– Мұха, сендердің Жәнібектерің біздің облыстың бағына келген хатшы болды. Біздің ел – көне тарихқа бай, қазақ-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

тың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы бұзылмай мол сақталған жер. Біз совет дәуірі тұсында бұқтырылып, қудаланып, бірте-бірте ұмытылып, жадымыздан шыға бастап, орыстануға жақындап қалып едік. Өзбекәлі келіп халықтың көзін ашты, жандандырды, қазақыландыруға күш-жігерін жұмсады».

Өзбекәлінің Торғай топырағына егіп кеткен мәдени «егіні» әлі де жемісін береді. Ыбырай Алтынсарин мен Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Бейімбет Майлин, Спандияр Көбеев, Бекет Өтетілеуұлы, Ғабит Мүсірепов, Ілияс Омаров, Сырбай Мәуленовтердің кіндік қаны тамған қасиетті топырақ қайраткер ұлдарды әлі де өндіре береді деп үміттенеміз.

* * *

Торғай облысы жабылған соң Өзбекәлі Жәнібек Арқалыққа келеді. Айтыскер ақын Қонысбай Әбіл оқиганы былай баяндайды:

«1988 жылы Торғай таратылған кезде «Елдің жайын ойлап жатырмын», – деп кеудесін ұратын басшылар мен оның жандайшаптары бір апта ішінде із суытып үлгерді. Кемесі жарға соғылып қирағандай әрі-сәрі күй кешкен халық қана қалды.

Сондай күндердің бірінде «Қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы Ж.Жаманқұлов сені шұғыл іздеп жатыр» деген хабар алдым. Келсем, хатшының кабинетінде қалалық мәдениет басқармасының бастығы Жұмағали Өмірбеков отыр екен.

– Қонысбай, ертең кешке Арқалыққа Өзбекәлі Жәнібек келеді. Ол кісіні жақсы білесіңдер, жабылған облыстан қонақасы жеу үшін келе жатпағаны анық. Халықпен жүздесіп, жағдайымызды көрейін деген шығар. Соған өзі құрған ұжым өнерпаздарының басын қосып, Жұмағали екеуің концерт әзірлендер. Ал сен, Қонысбай, сол концертті жырмен аш, ағамыздың көңілін көтерелік, – деді.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

Бұл расымен тосын жаңалық еді. Өйткені Торғайдың несібесі тасып тұрған кезде бірі келіп, бірі кетіп жататын мәртебелі қонақтар легінің сап тыйылғаны қашан. Тіпті кейбір жерлес ағаларымыздың «бағы тайған» Арқалыққа соқпай, Қостанай арқылы елге асып кеткен хабарлары да естіліп жатты. «Арық атқа қамшы ауыр» дегендей «жұртта қалған» Арқалықтың жарым көңіл жұртшылығы соның өзіне жудеп қалатын.

Өзекеңнің келе жатқаны көңілімізді бір көтеріп тастағандай, Жұмағали екеуіміз хатшы тапсырмасына құлшына кірістік. Алайда көңіліміз су сөпкендей басылды. Таңды таңға жалғап, таласа өнер көрсететін Торғай таланттарының елде қалғанын әрең жинап, ән-күйлерін бір сағаттық концертке жеткізе алмай қор болдық...

Ал енді «Концерттің беташар өлеңі қалай болуы керек?» дегенде пікір екіге жарылды.

«Арқалығын көруге асығып келе жатқан Өзекеңнің көңілін бұзып қайтесің?! Әдемі әзіл, айшықты сөзбен желпіндіріп айт!» – десп ақыл қосқан ағалардың біразы.

Алайда мен «Өзағаның өз қолымен құрған өнер ордalarıның хәлін суреттемей, түк көрмегендей желпілдетіп өте шыққаным қалай болады?» деп қиналдым.

Ертесіне қаладағы Кеншілер сарайына «Өзекең келіпті, концерт болады екен» деген хабарға халық қарақұрым болып шұбырды. Концерт басталғанда зал ішінде ине шаншар орын қалмады.

Біздің «құрама концерттерімізді» көрген соң-ақ жағдайды айтқызбай ұғатын Өзекеңе іштегі мұнды бір-ақ ақтарыын деп шештім де, өлеңді бастадым:

Облыстың барында астанам едің, Арқалық,
Сағыныса бас қосар бас қалам едің, Арқалық.
Өмірге жолды өзінде бастаған едім, Арқалық,
Жириеншенің қосындай баспанам едің, Арқалық.
Бақытты сол күндерін аңсағандай ма, Арқалық,

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Ажарың кетіп, базарың тарқағандай ма, Арқалық?
Ақының соны айтумен шаршағандай ма, Арқалық,
Топқа бір түссе өзіңді арқаланбай ма, Арқалық?
Қала едің қанша мақтауға сыятындай да, Арқалық!
Өзіңе жақсы, жайсаңды жиятындай да, Арқалық,
Қадірсіз бе еді біреуге қиятындай да, Арқалық?
Сүйсіне қол соғатын театр қайда, Арқалық ?
Найзағай түсіп сынды ма жел керіп жүрген желкенің?
Көзіңнен бұл-бұл ұшты ма ертегі сынды ертеңің.
«Алла қайғыдан сақта» деп айтпаушы ма еді ел тегін,
Неге үнсіз қалды атыңды әлемге жайған «Шертерің»?
Жақсы аға келді ортаға, көңілдің кілтін ашындар,
Ән мен жырын ауылдың шашу қып алдан шашындар.
Үзілген жібі моншақтай, кетп ғой тарқап асылдар,
Ұзатылған қыздай боп алыста қалды «Ғасырлар».
Тарыдай болып шашылып, таланттар кетп қаладан,
Еркесі еді бәрі де мақтанышына балаған.
Кінәлі жандай сезініп, қысылып тұрмын ағадан,
Шақырағын өзі көтеріп, ұығын қолымен қадаған.
Еңселім едің, еңбегі ерекше сіңген Торғайға,
Әруақтары бабаның жүрсінші жебеп, қолдай да!
«Орнында бар оңалар», қатары ертең толмай ма?
Ауылда қалған аз ғана өнерлім аман болғай да!

Жыр шашуымды айтып, алау-далау болып сахнадан түсіп келе жатсам бір атқамінер ағамыз қарсы жолықты. Түрі қатулы.

– Бала, сен бүлдірдің бәрін. Әлдеқандай жағдай болса, сен менімен өлең жөнінде ақылдасқан жоқсың, осыны ұмытпа! – деді ол.

– Сізбен ақылдаспағаным шындық қой, оған неге абыр-жыдыңыз? – дедім.

Рас, әлгі сөзден кейін кештің аяғына қарамай үйге кетіп қалдым. Ертесіне таңертең ертелетіп кешегі ағамыз телефон соқты.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

– Ау, саған Өзекең қатты риза болыпты. Концерт біткен соң сахнаға шығып, жұртқа жылы сөзін айтып біраз әңгімелесті.

Кейіннен Өзекең Қаратай Тұрысов ағамызбен Жезқазғанда жолығып қалғанда: «Әлгі Торғай ақынының өлеңі мөні ақыры жылатып тынды...» – деген көрінеді...

Ол кезде Өзекең Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде хатшы болып істейтін. Өзбекәлі Арқалыққа келіп кеткен соң кешікпей Мәдениет министрлігінен бірнеше адамды арнайы жіберіпті. Аз күннің ішінде Арқалық қалалық филармониясы ашылып, қалған өнерпаздарды тоз-тоз болудан аман сақтап қалды».

* * *

Өзбекәлі ашқан Арқалық театрының тағдыры жайлы Мұхтархан Манапов мынадай естелік айтады:

«1988 жылы Торғай облысы түрлі сылтаумен жабылды. Театрды Жезқазғанға көшірді. Мен туған жерім Семейге кетемін деп жүрдім. Тіпті Семей облысының басшысы Кешірім Бозтаев төрт бөлмелі пәтер бермекші болды. Өзекең мені шақырып: «Ұжымды бұзбай Жезқазғанға бар! Сен кеткесін бәрінің мазасы қашады», – деді.

Көнбей отырып алдым. Бір кезде Өзекең: «Құр босқа Бозтаевқа зияның тиеді. Себебі «Арқалық театры артистері Жезқазғаннан басқа театрға жұмысқа алынбасын!» деген қаулы бар. Қаулыны бұзатын болса, Бозтаев не қызметінен кетеді, не қатаң сөгіс алады. Құр босқа жақсы азаматқа кесірің тиеді. Сондықтан Жезқазғанға барып елдің мәдени деңгейін көтеруге атсалыс!» – деді.

Амалсыз келіспім. Жезқазғанда жаңа театр ашылды. Біз Арқалықтан бүкіл театр ұжымы үш-төрт автобус болып көшіп келдік. Жезқазғанның әкім-қарасы Өзекеңнің әмірімен бізді күтіп алуға салтанатты шара ұйымдастырыпты. Халық алаңда теңіздей толқып тұр. Улап-шулап қарсы алып жа-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

тыр. Бәрімізге су жаңа пәтер кілтін сыйлады. Аузымыз ашылып, есімізден танып қала жаздадық. Ленинградтың жобасымен салынған. Едені паркет, 120 шаршы метрлік төрт бөлмелі үй. Сөйтсек бәрін ұйымдастырған Өзбекәлі екен. Арқалық театрын шашау шығармай, Жезқазғанға көшіру де соның идеясы болып шықты».



ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ БИЛІК

1991 жылы 25 тамызда Өзбекәлі Жәнібек алпысқа толып, зейнетке шықты. Кейбір естеліктерде оның тезірек шығуына экс-президент мүдделі болды деп те айтылады. Себебі СССР тарап, Қазақстан егемен ел болды. Билік бір адамның қолына шоғырланып жатты. Экс-президент өзінен беделі басым тұлғаларды биліктен алыс ұстауға тырысты. Бұл барлық басшыға тән психология. Өзінен зор біреу шықса, биліктен айырыламын деп қауіптенеді. Осылайша Өзбекәлі Жәнібек пен Еркін Әуелбекті жылдам зейнетке шығарды. Тәуелсіз мемлекет құрарда екі қайраткердің тәжірибесін пайдалануға ықылас танытпады.

Өзбекәлі зейнетке шыққан соң оның саяси өмірге қайта араласқанын қалаған кісілер де болды. Тіпті партия құрып, қандай да бір қозғалысты жүзеге асырғысы келді. Бірақ Өзбекәлі «Біз қартайдық. Жастардың жұмыс істеуіне мүмкіндік берейік» деген желеумен билікке жоламады.

Біз қазір «Шіркін, Өзбекәлі сол кезде ықпалын азайт-

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

пай белсенді бола түскенде ғой!» деп армандаймыз. Бірақ Өзбекәлі – қазақ дәстүрін терең білетін сұңғыла. Дәстүр бойынша алпыстан асқан адам дүние ісінен қол үзіп, қалған ғұмырын рұхани жетілуге арнайды. Оның түркі даласындағы үлгісін Әзірет Сұлтан көрсеткен. Яссауи өз заманында қоғамға ықпалды адам болған. Бірақ 63 жастан асқан соң дүние ісін жастарға тапсырып, өзі алаңсыз қылуға түсіп, ілім өндіруге бет бұрған. Себебі ұрпақтың қайырлы соқпақтан шығып кетпей, тарихты тиімді сүрлеумен алып өтуі рұхани ілімге тәуелді.

Өзбекәлі мүмкіндігі бар кезде не істеу керек екенін ісімен көрсетп. Зейнетке шыққан соң ғибратты ғұмырын үлгі етті.

Әдетте кейбір кісілер: «Билік – есірткінің бір түрі. Дәмін алған адам өмір бақи қоя алмайды. Өлгенше билікке араласқысы келіп тұрады», – деп пайымдайды. Өзбекәлі осы сыңарезу көзқарасты сындырды. Жүрегін қызметке байламады. Болмысынан билікқұмар бейшара мінез көрінбеді. Зейнетке шыққан күннің ертесіне Алматыда трамвай мен троллейбұста жүрді. Қарапайым тіршілік етті. СССР-ден қалған дүниені тонауға, жекешелендіруге араласпады. Қалған ғұмырын кітап жазуға арнады. Міне, сол жазып қалдырған еңбектері отыз жылдан соң ұрпаққа жол сілтейтін шамшыраққа айналды. Алысты көздейтін стратег ретінде Өзбекәлі ұтты. Ал сол кезде жүрегін билікке байлап алған шенеуніктер абыройына дақ түсіріп, халық алдында беделін жоғалтты.

Осы кітапты жазу барысында заманында Өзбекәлімен қызметтес болған шенеуніктердің өміріне анализ жасап шықтық. Шыны керек, көбінің репутациясы сын көтермейді. Бір қызығы олар зейнет жасына шықса да, билікке жабысып, ұзақ жұмыс істеймін деп абыройын түсіріп алған.

* * *

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Әдетте БИЛІК бұқаралық мінез-құлық пен қоғамдық ой-санаға ықпал ету жағынан ең мықты ҚҰРАЛ саналады. Бұл ықпал дұрыс та, бұрыс та болуы мүмкін. Егер бұрысынан ықпал етсе, «билікті теріс мақсатта қолданды» деп шенеунікті айыптаймыз. Сондықтан биліктің мәні ашылу үшін оны әманда дұрысынан қолдануға міндеттіміз.

Осы нүктеде **«рухани билік»** және **«саяси билік»** деп екіге айырып түсіндіруге тұра келеді. Рухани билік – өзіңнің жағымды болмысың арқылы өзгеге әсер етіп, оны ортақ іске жұмылдыру. Саяси билік – ақшаның немесе қолда бар қызмет тетігімен біреуге әсер ету.

Айтпаса да түсінікті, рухани тұғыры нашар басшылар қызметін асыра пайдаланып, ә дегеннен сынға ұшырайды. Кейбір басшыны осы ісі үшін соттап жібереді.

Осыған қарап, биліктің терең рухани мәні бар екенін білуге болады. Яғни «билік беру арқылы Жаратұшы Иесі оны маңызды бір іске үндеп тұр» деп түсінсек қате болмайды. Демек қолында билігі бар басшы болу – халықтың шаруасына жүргретін қызметші болу. Биліктің бұдан басқа мәні жоқ.

Биліктің Мәнін дұрыс ұққан басшылар рухани түлеуге бейім тұрады. Оның мысалын Өзбекәлінің өміріне қарап білеміз. Биліктің бір тетігі қолына түссе, халқы рухани сілкініп шығады. Комсомолда жүргенде ізіне ерген жастар жігерленді. Торғайға барғанда Арқалық жұрты ояңды. Мәдениет министрлігіне келгенде өнер иелерінің көкірегінде үміп шамы жанды. Идеологиялық хатшы креслосына отырғанда қазақ халқы Тайқазанмен табысты, Наурызбен көрісті, Алаш арыстарын таныды. Яғни Өзбекәлінің рухани болмысы сарқылмады. Үнемі шабыттанып тұрды.

Биліктің Мәніне терең бойламаған типтер сарқылуға бейім. Олар биліктен шабыт алудың орнына үрейге жұтылады. «Бір нәрсені бұрыс істеп, басым бәлеге қалар» деп қауіптенеді. Сөйтеді де, бюрократияның иіріміне жұтылып ке-

теді. Ондай типтер биліктің рақатын көре алмайды, азабын ғана тартады.

Тағы да қайталап өтейік: Билік саяси және рухани болып екіге бөлінеді. Саяси билікте біреуді мажбурлеп, күштеп іске жегесің. Яғни жоғары жалақымен алдайсың немесе жұмыстан қуамын деп қорқытасың. Саяси биліктің кемеңгерлікпен байланысы жоқ. Оның ықпалы адам болмысынан шықпайды, ақша мен қызметтік тетіктен тұрады. Сол себепті мұндай билікті «баянсыз билік», «қолдың кірі» деп сөгіп жатады. Расымен де солай. Қолдан билік кетіп, бастан бақ тайғанда ешкімге сөзің өтпейтін бейшараға айналасың.

Рухани билікте біреуге өз болмысың арқылы ықпал етесің. Байлық пен мансаптың болуы шарт емес. Кеуденде мейірім, даналық, жомарттық, махаббат, юмор болса жетіп жатыр. Рухани билікті бай да, кедей де, батыр да, пақыр да ұысына түсіріп, рақатын қолдана алады. Оның басты көрсеткіші – **кішіпейілдік**. Мінезінді топырақ сипат деңгейге дейін тәрбиелейсің.

Биліктің мәнін ұқпасаң, ол саяси билікке айналады. Мәнін ұқсақ, мазмұны рухани сипат алады.

Адам биліктің мәнін ұққанда оны Құдайдың берген сыйы екенін түсінеді. Бойына құйылған күш-қуаттың ғайыптық сырын түйсінеді. Тәңірдің өз құдіретін адам болмысы арқылы көрсетіп тұрғанын анық сезеді. Ондай адамның болмысынан тараған алапат күш өлген соң да қоғамға ықпал етіп тұрады.

Мысалға Өзбекәлінің қай еңбегін алсаңыз да, мәңгілік сипаты бар. Қазақ мәдениеті мен руханиятының барлық саласында қолтаңбасы сақталған. Этнография жайлы сөз болса, оның есімі еріксіз айтылады. Жұрт Өзбекәлі ашқан мұражайларға барып, кеудесін құндылыққа толтырып қайтады. Қайбір зиялымен сөйлессең де, Өзбекәліні өнеге етіп, ерлік істерін баяндаудан жалықпайды. Қазақ жастары оның қажырлы болмысын үлгі тұтады.

* * *

Элетте рухани түлге деп кімді айтады, билесіз бе?
Саяси билікті паразатты жолмен итеріп, оны ізгілік жо-
лында шашу шығармай қолданған кісіні айтады. Оның
мықтылығы мына жерде: биліктің құдіретін көріп тұрса да,
жеке басының араны ашылмайды. Сын қазіргі құмарлы-
ғына басым-н жұтылмайды.

Адамның рухани қабілеті мен ақыретке деген иманы қо-
лына билік тигенде айқын болнеді: «Ақша мен билік – лас нәр-
се. Оған жоламау керек. Ол тазу дағды құртай қоймай-
ды» деген қазақтарас қате. Дұрысы, ақша мен билік – кімнің
көмегін айқын көрсетіп анықтауыш құрал. Егер билік
болмаса, Әзікеәлінің болмысы толық ашылмас еді. Сол би-
ліктің жоғары мінберінде оғыз жылдан аса уақыт жүрді. Бірік-
кы зметтің бұры мен мансабының болмысын бұза алмады.

Ол бала-шағасына дүние-мүлік қалдырмақ түгілі, өзіне
бір сабақ артық кіп жинамаған. Онымен қызметтес кісінің
барі Әзбәкәлінің үйінде кілап жинайтын сөре мен жау
үстелінен басқа жиһаз болмағанын айтады. Көпен Әмірбек-
тің мынадай естелігі бар:

«Өзгең зейнетке шыққаның сәң үкімет үш бөлмеі үй
сыйлапты деген әңгімені естіп жаңа «онысына іздеп бар-
дым. «Динамо» стадионының қарсы бетінде. Интернаци-
ональнй көшекі, 120 үй. Екінші қабағқа көтеріліп, екі қақ-
тым. Жеңешем ашты.

– Құтты болсың! – дедім.

Өзгеңнің өңне қарағам, енжар қалпы, еу теңеге қызы-
ғип тұрмаған сияқты. Сыртқы есіктің, ноңырыуы қатылды.
Кім көліенін білмеймін. Қалихан жеңгем есік ашты да, әлде-
бір әйелмен әжік-күжік әңгілеесті. Сосын ежуі бір бөлме-
ге кіріп кетті. Сәлден соң әлгі әйелді шығарып алып, әңгіме-
сін жалғастырды:

– Еркін аға Әзбәкәлінің үйіндегі жеңешем ғой, – деді.

– О кісілер көрші ғой, біздің үстімізде тұрады. Қарыз сұрап
келіпті.

Іштей таңырқадым. «Ой, Алла-ай! Кезінде Көкшетау,
Торғай, Қызылорда облысын басқарған қайраткер қазақ
Әзбәкәлінің әйелі қарыз сұрап жүр ме?»

– Бердіңіз бе?

– Бізде де ақша жоқ, қайдан болсын? – деді жеңешем.
– Құлына ұстаға құлатын теңгем жоқ. Сындығымда жинап
жүрген алтын жүзік, сырға, білезіктерімді бердім. Сатып, ақ-
ша қылыңыз. Қарыз елес, қайтармаңыз дедім.

Шіркін, қайра кер ағалағымыз қалай өмір сүргені бұл
елміз егемендік алған жылдардың басы болатын.

Өзбәкәлі де Бальжан Момышұлы құсип бала-шағасы-
на өз атағын, лауазымын пайдалануға мүмкіндік бермеген.
Оларға адал енбейтіндігі үшін ғана көрі еткен.

* * *

Өзбәкәлінің сырқаты асқынып, дертіне шипа іздегенде
емделетін ақша таппай қиналып, жан-жақтан жәрдем сұрап
хат жазған. Ондай хаттарды Құлбек Ербәк, Қали Сәрсенбай
жинаған естеліктерден оқи аласыз. Мысалы сондай естелік-
тің бірінде: «Өзекен сырқат. Зейнетақы төрт мың теңге. Бі-
рақ төрт мың теңге Өзекеннің дәрісіне жетпей қиналды.
Сол кезде қаржы министрі Коржоваға «Дорогая Наталья
Артемовна... зейнетақым дәріме жетпейді... Менің зейнет-
ақымды қайта қарауға болмас па екен?» – деп хат жазғаны
айтылады.

Қалихан ағамыз да бір естелігінде: «Бірде Өзекен Шоң
тұзына барып емделіп қайтпақ болады. Сонда барса, ау-
руынан айығып кететіндей көрінді. Бірақ Өзекенді онда
апаратын көлік жоқ не жолға қаражат жоқ. Ақырында ұл-
кен ұлым жұмысынан қаражатты да, көлікті де сұрап алып-
ты», – деп жазады.

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Осыған қарап таяз ойлы пенделер: «Атақты болғанын қайтеін, қолда билік бар кезінде дүние жинап алмапты. Бала-шағасына байлық қалдырмапты», – деп мүсіркеп жа-тады.

Өзбекәлінің ғұмырына үңілсеңіз, «Өмірдің Мәні» деген күрделі ұғымды оп-оңай түсініп, көңілің жұбанатын сияқты. «Е-е, осы екен ғой іздегенім», – деп күбірлейсің. Мәдениет үшін күрескен шын тұлғаның өмірі тұнып тұрған ғибрат. Пенденің өмірден Мән таппай тағдырын қор қылатын ақымақтығы мәдени, рухани құндылығынан безінгенде басталады.

Қазіргі жаңа бұын «өмірдің мәнін рақаттан іздеймін» деп тұзаққа тез түсіп қалады. «Адам бұл өмірге бақытты болу үшін көлген» деген түсінік бәрінің түбіне жетп. «Бақытты болудың» жылтырақ шарттары трансцендентп әлемнен келетін құндылықтарды өмір сахнасынан ысырып шығарды.

Қазір бұл дерт әлем жұртына бәле болып жабысты. Мысалы, 2000 жылы Батыста бақытты болуды үйрететін елу кітап шықса, 2008 жылы олардың саны төрт мыңнан асып кетті. Зауыт, фабриканың бәрі жылтыраған өнімнің сыртына «Бақыттың дәмін тат!» деп жазып қойып, жарнаманы шыр айналдырғанда ел есінен танады.

«Бақыт деген не?» деген сұраққа мемлекет басшылары: «Жалпы ішкі өнімнің артуы», – деп жауап береді. «Халықтың табысын арттырып, байыта түссек, бақытты бола түседі», – деген танымға табандап тұрып алған.

Қазір елдің дені соның соңына тұсті. «Бақытты бола қал!» дейтін ұран үстем шықты. Жетістікке жету адамның тандау құқығы емес, оның мойнына жүктелген ірі жауапкершілік сияқты хәлге келді. Ақшаны күреп таппайтын қарапайым жандар сол үшін бақуатты жора-жолдасынан сөз еститін жағдайға жетп.

Өмір заңы бойынша, **бақыт құсы** бақытты сарылып іздеген бейбақтың емес, мағыналы ғұмырды көздеген ақжүрек

жанның басына барып өзі қонуы керек. Адамның міндеті – бақыт құсын іздеу емес! Оның парызы – ар-иманы мен ақылын серік етіп, өмірдің мәңгілік мағынасын қуалау!

Ғалымдар бұл ойды буй деп талдайды: Бақытты ағылшынша «**HAPPINESS**» дейді. Түбірі «*hap*» сөзінен шығады. «Жарқ ете қалған сәтплік», «кездейсоқ олжа», «кутпеген тұстан кезіккен нығмет», «қона кеткен бақ» деген мағынаны береді. Яғни «**HAPPINESS**» сөзі әу баста іштегі рухани хәлді емес, ойламаған жерден бұйыра кеткен олжаны білдірген.

Ескінің адамы «Бақытты бақылауда ұстау мүмкін емес. Ол басқа бір Құдіреттің, Тағдырдың, Жаратушының қолында тұр. Кімге қандай олжа түсетінін ОЛ өзі шешеді. Біздің міндет – АР алдындағы борышты адалдықпен арқалау» деп сенген. Олар «Кім бақытты?» дегеннен гөрі «Кім мағыналы ғұмыр кешіп жатыр?» деген сұрақты қаперде ұстаған.

Осындай ой ұшпағынан соң ежелгі заманда бақытты адамдар көп болатын. XVIII ғасырдың басына қарай «бақыт» ұғымы өзгеріске ұшырады. Ол сырттағы факторды емес, ішкі көңіл куйді білдіретін жаңа мағынаға ауысты. АҚШ-тың үшінші президенті Томас Жефферсон «Тәуелсіздік декларациясын» қабылдағанда: «Адамның өмір сүруге, еркін болуға, бақытқа ұмтылуға ақысы бар», – деп жазды.

Осылайша «бақыт» ұғымы ресми түрде алғаш рет біржақты позитивті мағынада қолданылды. Жылдан жылға «бақыт» сөзі өмірде жетістікке жетіп, «жарқырап, шалқып, мақтанып журу» деген қате түсінікпен синтезделді. Бақытқа жету жарысы әлемдік сипат ала түсті.

1960 жылдан бастап Еуропада «бақытты болу – жеке адамның мұраты және жауапкершілігі» деген теріс түсінікке маталды. Мұндай көзқарасты қолдамайтын кісіні «бақытты» жандар жабылып сынап, ауыз аштырмайтын болды. «Ішкі сезімің рақатқа батып, бойың балқып отырса – бақыт деген сол!» деген мешеу мораль миға сінді. Мұның соңы ішіп-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

жеммен мақтанып, қаңғып, қыдырумен құрметп болғысы келетін надандыққа жол салып берді. Осы надандықтың жолына түсіп, бақытты болуға тырыспаған ақылды адамды «ақымақ» деп айыптап, түпп жеу сәнге айналды.

Неткен надандық десеңізші! Бақыт деп жүргені жай ғана тұрақсыз сезім болып шықты. Өмірдің кей қалтарыс тұсында түрлі рақаттан алған жағымды эмоциялардың жиынтығы екен. Әлбетте бойдың балқып, буын-буынның босап, сананың тәтті сезімге берілуі кімге де болса жағымды. Бірақ бақыттың мұндай түрі өмірге Мән дарыта алмайды. Көңілдегі үңірейген экзистенция вақұмын да бітемейді. Алған рақатың бойыңнан тараған сәтте көңіл күйің құлазып, аза бойың қаза боп шыға келеді.

Ескінің адамы осындай ақиқатты білгендіктен елдік мүддеге келгенде жеке бастың бақытынан оңай бас тарта алатын. Ең бастысы – мағыналы ғұмырды жоғалтып алмаса болғаны. Ежелгі Қытай жұртында мынадай түсінік болған: жеке басының материалдық жетістігі жұпыны адамға қоғам ерекше құрметпен қараған. Неге? Демек бұл адам дүние құмай, қандай да бір **ҰЛЫ ІСТІҢ** жолында өзін құрбандыққа шалған деп түсінген. Ел-жұртын немесе отбасы мүшелерін бір белеске жеткізу үшін барын салып, қартайғанда материалдық нығметтен құр қалған. Есесіне оның рухани бақыты тұрақты. Мешеу типтер құсап «бақытым тайып, бағым байланса не боламын?» деген үрейге таланбайды.

* * *

Өзбекәлі бала-шағасына не қалдырды?

Ол отбасына кіршіксіз АБЫРОЙ қалдырды. Қалихан жеңгеміз үйінің бетін көрмей күндіз-түні жортып, мәңгүрттермен айқасқан күрескер күйеуінің қиын өміріне шыдап берді. Одан жеңгеміздің жүйкесі түтіліп, тозып кеткен түгі жоқ. Ол кісі ұзақ жасап, 2019 жылы 87 жасында мәңгілік мекеніне абыроймен аттанды.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

Кез келген ортада балаларының маңдайы жарқырап жүреді. Ешкім оларға: «Сенің әкең кезінде ұлт пен ұлысқа мынадай опасыздық қылған», – деп айыптай алмайды. Керісінше ел-жұрттан еститіні тек қана алғыс! Ал Назарбаев дәуірінде шалқып өмір сүрген «бақытты» министрлердің жыл сайын тынысы тарылып келеді. Олардың бала-шағасы көпшіліктің алдына шыға алмайды. «Малтабар» әкесі бала-шағасының да, әйелінің де абыройын талқандап, келешегіне балта шауып құртқан. Әрине әуелден шетел асып, әбден мәңгүрттенген ұрпағының қарны тоқ, ұайымы жоқ болуы мүмкін. Бірақ олар **«ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ»** деген ең ұлы бақыттан мәңгілікке кесілді. Ақылман Аристотельдің айтуынша, адамға мәңгілік ғұмыр сыйлайтын рұхани ПОТЕНЦИАЛ ел-жұрттың қамын жеп, сол жолда күрессең ғана жарылады.

Тіпті экс-президенттің кеше ғана жайнап тұрған бақыты баянсыз, тұрақсыз һәм мағынасыз болып шықты. Конституцияның күшімен қорғалған жеке басының бақыты бір жылға жетпей шашылып қалды. Басынан бағы, астынан тағы тайған бұрынғы Елбасы әулетімен бірге күннен-күнге жоқтыққа жұтылып барады. Ал Өзбекәлінің бақытты БОЛМЫСЫ жұлдыздай жарқырап, тәуелсіз Қазақстанның жолбасшы идеалына айналды.

* * *

Кабинет пен креслоға құл болған шенеуніктер Өзбекәлінің өмірден пақыр болып өткенін көргенде кәдімгідей шошиды. Пақырлықтың астарында қандай хикмет жатқанын білмейді. «Ұлт», «ел», «мәдениет» деп сағым қуалай бермей, қолында билік тұрғанда үрім-бұтағына жететін байлықты басып қалу керек еді. Үш бөлмелі пәтерінен басқа дүниесі жоқ. Мына заманда кітаптарын кім оқиды?» – деп синайды.

Жемқорлықтан басқа идеология көрмеген шенеуніктің бұлай қиналуы заңды құбылыс. Пақырлықтың хикметін ту-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

сіну үшін Ибраһим Адхамның аңызын білу керек. Әлқисса, көнеден жеткен әпсана бүй дейді:

Есте жоқ ескі заманда Ибраһим Адхам есімді бір патша болыпты. Бір күні алтын тақта отырып «Осы жұрттың айтып жүрген Құдайы қайда? Бар болса неге көрінбейді? Мынадай ақ сарайға неге келмейді?» деп ойланады. Кенет сарай шатыры тарсылдап қоя береді. Біреу үй төбесінде жүгіріп жүрген сияқты. Адхам шатырға жүгіріп шығып қараса, алыстан қара көлеңке көлбендейді. Ол:

– Әй, кімсің? Неғылған жансың? Мұнда не істеп жүрсің? – дейді ақырып.

– Түйешімін. Бір түйем жоғалып, соны іздеп жүрмін, – дейді бір дауыс жайбарақат.

– Әй, есұас! Сенің түйең менің сарайымның төбесінде жайылатын ба еді? Патшаның сарайынан түйе іздегенді қайдан көрдің? – дейді Адхам ашуланып.

– Есұас мен емес, сенсің! Менің Құдайым жағымпаздық жайлаған патша сарайында не бітіреді? – дейді де көзден ғайып болады.

Сөйтсе бұл періште екен. Патшаға ой салу үшін келіпті. Осы оқиға Адхамға әсер етіп, ол патшалығын тастап кетіп қалады. Дәрүш боп ел кезеді. Ілім жолында азап шегіп, әбден қорлық көреді. Ақырында еңбегі өтеліп, Раббысы оның жүрек көзін ашады. Ғайыптан хабар алатын биік дәрежеге көтеріледі. Ол аузын ашса тілінен рұхани дүр-ғаухар сауылдап төгіле беретін болыпты. Мағынасыз ит тіршілік пен әділетсіз өмірден азар болған халық оның хикмет сөзінен қуат алып, жұбаныш тауыпты. Сол үшін оны әулие деп төбесіне тұтады.

Бір күні Адхам ел кезіп жүріп, тау етегіндегі керуенсарайға түнейді. Жанына бір жас дәрүш келіп, ол да керуенсарайға қонады. Байқаса жас жігіттің көңіл күйі жоқ, еңсесі езүлі екен. Адхам:

– Әй, бала, мазаң жоқ қой, не болды? – деп сұрайды.

– Әкеме ренжідім, – дейді жас жігіт.

– Неге?

– Баяғыда тұрмысымыз жақсы еді. Үш-төрт сиыр, он шақты қой, азын-аулақ егін-жайымыз болған. Әкем: «Ілім қуып, көкірек көзінді ашудан асқан бақыт жоқ», – деп мені пақырлық жолға салды. Ұстаздан ұстаз аралап, қаңғып кеттім. Енді міне, не мал жоқ, не байлық жоқ. Кедейлікке баттым. Бүйтіп диуана боп жүргеннен баяғы тұрмысым тәуір еді, – деп күрсінеді. Сол кезде Адхам ашуланып:

– Әй, ақымақ! Осы кедейшілік үшін қандай құн төлегенімді білесің бе? Тұтас патшалығымды бердім. Егер білсең, бұл – ең қымбат кедейшілік. Мұны сатып алуға екінің бірінің малы жетпейді», – депті.

Бір қарағанда діни фанатиктер жиналып алып, мағынасыз кедейшілігі жайында жарыса айтып, мақтанып отырғандай көрінеді. Әсте олай емес! Ар-иманның шамын жағатын ілім иелері елі үшін қызмет етерден бұрын «пақырлық мақамын» құн төлеп Раббысынан сатып алады. Бұл адамзат өміріндегі мағыналы, мәнді һәм пайдалы сауда саналады. Пайғамбарлар да бірінші кезекте осындай артық жүгінен құтылуға тырысады. Әзіреті Мұхамбет пайғамбар: «Пақырлық – менің мақтанышым!» – дейтін.

Ғалымдар осы пақырлық мақамына «профессионал кедейшілік» (professional poverty) деп атау берген. Шылқып баюға әлеуетің мен мүмкіндігің жетіп тұрса да, артық ақша ұстамайсың. «Ертеңге қор сақтау» деген ой миыңа кіріп-шықпауы тиіс. Басы артық байлықтан құтылғанда ғана ел-жұртты рухани һәм мәдени биікке көтересің. Мәдени деңгейі өскен ұлт міндетті түрде экономикалық дүмпу тұғызды. Мәдени тұрғыдан кедейленіп, рухани құндылығынан ажыраған халық жемқорлық пен надандыққа жем болады.

Өзбекәлі сол үшін де өкімет есебінен өзіне бір сабақ жіп алмаған. Бала-шағасына да мемлекет есебінен жағдай жасауға келіспеген. Бел баласына: «Денің сау, сауатың бар,

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

диплом алдың, енді өз күніңді өзің көр!» – деп ашық айтқан. Балалығы ұзаққа созылып кеткен екінші ұлын жылдам есейту үшін институтта оқып жүрген жерінен әскерге аттандырған. Ол замандағы шенеуніктер мүмкіндігінше баласын әскерге жібермей алып қалатын.

Енді мына парадоксқа қараңыз. Өзбекәлі биліктен кетіп, өмірден озған соң мәдениет саласына жауапты қатардағы қызметкерлерге шейін шылқып байыды. Діни салаға жауапты рухани жетекшілер де дәулеті шалқып шыға келді. Мәдениет пен руханияттың көсемдері кедейшіліктен құтылып, байлыққа кедергісіз батты. Тіпті «Азаттық радиосы» журналистері бұрынғы Мәдениет министрі Арыстанбек Мұхамедиұлының байлығын зерттегенде өздері таңғалған. Оның зәулім сарайлары мен қонақүйлері, газ құбырлары, Алматы мен Астанадан жекешелендіріп алған ғимараттары қоғамда шу туғызды. Мәдениет министрінің мұнша байлыққа кенелуі күдікті кушейтіп, оның үспнен қылмыстық іс қозғалды. 2023 жылы жемқорлық бабымен сегіз жылға сотталды.

Құрметті оқырман! Қалай ойлайсыз, мәдениет пен руханият саласын ұстаған қызметкерлердің жарысып дәулет жинауы неге апарып соқты?

Бұқара халық мәдениеттен жұрдай болды. Тұрмыстық тұрғыдан кедейленді. Жиырма бес жылдың ішінде жұрт шамадан тыс наданданып кетті. Еңбектің азабын тартып, мандай терімен береке тапқысы келетін жастар күрт кеміді. Бір сәтте байып кеткісі келетін рухани мугедектер қаптады. Бұлай кете берсе, мемлекет тәуелсіздігінен айырылып қалады. Сол үшін де мәдениет пен руханиятқа жауапты көсемдерге кесінді түрде шылқып баюға болмайды! Өзбекәлі сияқты пақырлық мақамында ғұмыр кешуі керек. Олар кедей болса, халық бай болады. Олар бай болса, халық кедей болады. Бар ақиқат осы.



ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ НҰРСҰЛТАН

Өзбекәлі Жәнібек «Тағдыр тағылымы» естелігінде экс-президент Н.Назарбаевпен қалай танысқаны жайлы мынадай мәлімет береді:

«Ол Украинаның Днепропетровск қаласында кәсіптік-техникалық училищеде оқыған. Сосын Қарағанды металлургия комбинатында шойын қорытушы болып жұмыс істеп жүрген. Комбинатта істеп жүріп тың жанындағы ВТУЗ-ға оқуға түскен. Сөйтіп жүріп ВЛКСМ-ның Орталық комитетіне мүшелікке кандидат болып сайланып алады.

Комсомолдың бір жиынына шақырылғанда бірінші хатшы ретінде жас делегаттарды теміржол вокзалынан күтіп алдым. «Нұрсұлтан, қалай?» – десем, Алматыда сиезде мені көргенін ұмытып қалыпты.

«Сіз кім боласыз?» – деген қарсы сұрақ естідім. Қасындағы жолдасы жеңінен тартып, құлағына сыбырлап бірдеңе айтып жатты.

Н.Назарбаевпен осылай танысқан едім. Бұл 1962 жыл-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

дың сәуір айы болатын. Содан 1970 жылдың аяғына дейін оның партия қайраткері болып қалыптасуы менің көз алдымда өтті. Ол кездегі тәртіп бойынша басшылар орнына қалдырып кететін резервтер дайындап жүруі тиіс. Резервтің біреуі міндетті түрде жұмысшылардан алынатын. Сондай резервтің бірінде Назарбаевтың да кандидатурасы болды. Тезірек ысыла түссін деген ниетпен қасымнан қалдырмай әртүрлі одақтық, республикалық жиындарға қатыстырып, үлкен мінберден сөйлетіп, үнемі өзіммен бірге алып жүрдім. Бір жолы Ленин мавзолейінің мінберінде де бірге тұрдық. Ол оқиға былай болып еді:

Бүкілодақтық пионерлер шеруі өткелі жатқан. КПСС Орталық комитеті Саяси бюросының мүшелері тұратын мавзолейдің мінберіне ВЛКСМ Орталық комитетінің бюро мүшелері де шақырылған. Кремльден шығып келе жатсақ, Никольск қақпасының аузында Нұрсұлтан мен механизатор Виктор Дубинин екеуі кездесе кетп. Нұрсұлтан мені көріп: «Аға, бізді Қызыл алаңға жібермей тұр!» – деді. Мен оған өзімнің пропускімді ұстаттым. Тек мавзолейдің мінберіне көтеріліп жүрме, ұят болады!» – деп ескерттім.

Қызығы содан кейін басталыпты. Бұл барып Қызыл алаңның қонақтар тұратын мінберіне жақындаса, кезекші офицер (КГБ офицері) пропускісін тексеріпті де: «Жігітім, саған мұнда тұруға болмайды, аңда бар!» – деп мавзолейді нұсқапты. Ол сол жаққа таман барып тұрса, әлгі офицер келіп: «Жігітім, өзің қандай дарақы едің. Адамға өмірінде бір рет Ленин мавзолейінің мінберінде тұруға тағдыр қоса ма, жоқ па, белгісіз? Ал сен болсаң ол жаққа көтерілгің келмейді. Мұның қалай?» – депті. Содан соң Нұрсұлтан мавзолейдің төменгі сатысына көтеріледі. Сол кезде ВЛКСМ Орталық комитетінің хатшысы Ю Торсуев Нұрсұлтанды (екеуі де бір-бірімен таныс) мінберге шақырып алып кетеді. Мен сыр білдірмей қасына барып едім, ол: «Шығуын шықсам да, мұнда кімдер тұрмады дейсің... Сталин де тұрды ғой деп толық-

сып тұрғаным», – деді сыбырлап. Мен оған: «Енді қымсына бермей тұзу тұр!» – дедім де орныма кеттім.

Ертеңіне таңғы сағат сегіз болмай жатып, Нұрсұлтан келді. Қолында «Пионерская правданың» кезекп саны бар, қуанышында шек жоқ. Фотоға түсіп қалғанын көрсетіп, кешегі көрген-білгенін айтып, ақтарылып жатты».

* * *

«Комбинатта жүргенде Назарбаевты Теміртау қалалық партия комитетіне нұсқаушылыққа ұсынып, артынша бекітеді. Бюро мәжілісінен шыға сала маған телефон соғып, осы жаңалығын айтты. Мен ренжіп: «Ау, сонда сені нұсқаушылыққа дайындап жүр ме едік? Горновой болу да мақтаныш еді ғой», – дедім. Ол кері барып: «Нұсқаушылықтан бас тартамын!» – депті.

Қалалық комитеттің хатшысы М.Катков Бюро мәжілісін шақырып, қызметтен бас тартқаны үшін Нұрсұлтанға қатаң сөгіс жариялап, есеп карточкасына енгізеді. Нұрсұлтан маған қайтадан телефон соғып, болған жайды баяндады.

Мен дереу бірінші хатшы К.Акулинцевке хабарластым. Ол орнында болмаған соң екінші хатшысы Сұлтан Досмағамбетовке телефон шалдым. «Егер жас коммунист көңілі соқпай ұсынған қызметтен бас тартса, оны дереу партиядан қуып немесе қатаң сөгіс жариялап есеп карточкасына енгізіп қою керек пе? Катковтың мұнысы сорақылық», – дегенімде ол шұғыл шара қолданатынын айтты. Осылайша бұл мәселе шешілген.

Кейін Н.Назарбаев «Оң бағытпен де, сол бағытпен де емес» деген кітабында Мәскеуге П.Павловқа телефон соғып едім дегенді айтады. Шамасы, жұмысбасты болып ұмытып қалған шығар. Шынында олай емес еді. Оны сол кездегі обком басшылары да жоққа шығара қоймас.

Бәлкім Елбасы өзінің қазіргі тұғырының биігінен осындай ұсақ-түйекте біз сияқтыларға «қарыздар» болып көрінуге

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

қымсынғандықтан Павловқа сілтеп отырған шығар. Сұлтан Досмағамбетов істің адамы еді. Сол күні-ақ төрт сағат өтпей жатып, обкомның секретариатын шақырып, Теміртау қалалық партия комитетінің Назарбаевтың есеп карточкасына жазылған қатаң сөгісті бұзып, Катковтың өзіне қатаң ескерту беріпті. Мұны да маған обкомнан бұрын телефон соғып Нұрсұлтанның өзі хабарлаған еді. Оның: «Аға, мұнан былай газощик болып істейтін болдым», – дегенін естіген едім.

Араға біраз уақыт салып Назарбаевты Теміртау қалалық комсомол комитетінің хатшылығына ұсындым. Акулинцев оны көндіре алмағанын хабарлады. Нұрсұлтанның өзін шақырып сөйлеспім. Ол: «Ұсыныстың сізден шыққанын білмедім. Оның үстіне өткен жолы ондай қызметке баруға болмайтындай ыңғай көрсеткен едіңіз ғой», – деді. Мен: «Ол кезде бойдақ едің. Институтты да бітірмеген едің. Стажың да, жалпы дайындығың да төмендеу болатын», – дедім.

Ол сосын барып мені түсінгендей болды. Сөйтіп қалалық комсомол комитетіне сайланды. Көп ұзамай-ақ Теміртау қалалық партия комитетінің екінші хатшылығына жоғарылады. Қарағанды металлургия комбинаты парткомына хатшы болып сайланды.

Дәл осы сәтте менің өзім де Торғай облысына партия қызметіне ауыстым. Арқалыққа кетіп бара жатып Нұрсұлтанмен жолшыбай Қарағанды әуежайында біраз әңгімелестік. «Саған үлкен үміт артып отыр. Қазақстан магниткасының парткомына анау-мынау адам хатшы боп сайлана бермейді. Мәскеудегі, Алматыдағы басшылардың қай-қайсысының болса да есігін теуіп ашып, кіре бересің», – деп күлдім. Ол да тағдырына риза екенін аңғартқандай болды».

Өзбекәлі Алматыға оралғасын да Нұрсұлтан екеуінің арасы өте жақсы болған. Оны Өзбекәлінің ұлы Ниетжанның мына естелігінен аңғарамыз:

«1975 жылы үйлендім. Ол кезде әкем Халықаралық байланыстар бөлімінің меңгерушісі болатын. Сол жылдары

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

Алматыда қазақы нақышта той тойлау атымен құрыған еді. Әкем арнайы домбырашы алдырып, келініне беташар жасап, барлық игі жақсыға илдіріп сәлем салдырды. Үйлену тойым ресторанда дүркіреп өткен жоқ. Бәрін қосқанда 90 шаршы метр болатын төрт бөлмелі пәтерде ұйымдастырдық. Ағайын-туыс тойға деп ауылдан бір қап күріш, бүгін бір қойдың етін арқалап келгені есімде.

Той алдында әкем тұлабойымызды өлшеп алды да, тігіншіге барып, ұлы мен келініне қазақша ою-өрнегін жарқыратып, ұлттық киім тіктіріп әкелді. Тойда келіншегім сәукеле киіп отырды. Әлі есімде, тойдың бірінші бөлімінде Мұхтар Шаханов тамада болды. Бірақ ол баяу сөйлейтін болғасын тойды қыздырып әкете алмады. Жақсы ақын болғанымен, мықты асаба емес екен.

Екінші бөлімде тамадалық тізгінді Нұрсұлтан Назарбаев алды. Ол нағыз асаба екен. Елдің бәрін күлдіріп, отырысты қайнатып жіберді. Жануардың жүріс-тұрысын салып, анекдот айтып, қонақтарды күлкіге қарық қылды. Ойын ойнатып ешкімнің ішін пыстырмады. Әсіресе әйелдер жағы тамадаға риза болғаны сонша: «Шіркін, қандай жігіт! Міне нағыз азамат!» – деп оның өнеріне тамсана қол соғып, аузының суы құрып әңгімеледі. Нұрсұлтан барлық қонаққа ерекше әсер қалдырды».

* * *

Өзбекәлі «Тағдыр тағылымы» кітабында мынадай дерек береді:

«1989 жылы маусым айында Г.В.Колбин қызметінен кетіп, оның орнына Жоғарғы Кеңестің төрағасы боп отырған Н.Назарбаев жайғасты. Қуанышымда шек жоқ! Бірге жүрген, бірге өскен жан досыңа осындай сенім білдіріп жатса, қалай қуанбассың?! Бірақ менің мінезімді әркім әрқилы түсінетінін білемін. Менде іштегі қуанышты сыртқа елірте салатын қасиет жоқ».

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Өзбекәлінің осы тұйық мінезі көбіне кері әсер еткен. Іштей қуанып тұрса да, асып-тасқан эмоциясын лақ еткізіп тысқа шығара салмайтын. Бірақ ар-ұяты мықты типтің бәріне осындай мінез тән. Себебі тым жария көрінген эмоция көлденең көзге жағымпаздық сияқты көрінеді. Осындай қолайсыз атмосфера тұғызбас үшін олар қолдауын сөзбен емес, іспен көрсетуге тырысады. Автор бұй деп еске алады:

«Мәскеуден келген инспектор Назарбаевты бірінші хатшы етіп тағайындамас бұрын Алматыдағы Орталық Комитеттің барлық Бюро мүшесімен жеке-дара кабинетте сөйлесіп, пікірлерін тындап шықты. Бюро мүшелері түгелдей М.Меңдібаевқа теріс баға берді. Менімен де жеке отырып бір жарым сағат сөйлескен инспектор: «Бірінші хатшылыққа кімді ұсынасыз?» – деп сұрады. Мен Назарбаевты ұсындым. Оны 1962 жылдан бері білемін. Көз алдымда үкімет басшысына дейін өсті. Экономиканы да жақсы біледі. Тәжірибесі жеткілікті. Қай жағынан алсақ та, дайындығы мол. Оған парпар келетін басқа адамды көріп тұрғаным жоқ.

Кейіннен Бюро мүшелерін Колбиннің кабинетіне шақырып, мәселені алдын ала талқылағанда, шамасы, Мәскеуден келген өкілмен бір жарым сағат сөйлескен соң, барлық ой-пікірімді айтып жеткізгендей болып тыныш отыра беріпін. Өзгелер болса жарыса сөйлеп, оны көкке көтере мақтап-мадақтап жатты. Мен сөз сұрайын дегенде кешігіп қалғанымды сездім. Қалай қарасаң да пендешілік қой. Нұрекең мені әдейі үндемей қалды деп ойлағаны ықтимал. Солай бола тұра мәселеге қайта оралып, жағымпаздана қалуды ыңғайсыз деп таптым. Ол да сыр білдірген жоқ».

Осы сәтте Өзекеңе сақтық керек-ақ еді. Қуыскеуде типтер кекшіл келеді. Олар мұндай үнсіздікті кешіре алмайды. Міндетп түрде ішінен: «Бағыммен таласпақшы. Мені көре алмай отыр. Жолымды кескісі келеді», – деп есептейді. Қолыңда билігі бар қуыскеуде пәнденің қырына іліктің бе, аман құтылам деп ойлама!

* * *

Өзбекәлі естелігін бүй деп жалғайды: «Колбиннің кейде «ағынан жарылса» ойына келгенін ақтара салатын әдеті бар-тын. Бір жолы Назарбаев үшеуіміз бірге отырғанда: «Сіздер, ең потенциалды екі қазақ, мені қолдамайсыздар», – деді. Мұндайда не айта қоярсың, үндемедік. Бірақ осы бір қас қағымда, бәлкім, маған солай болып көрінген шығар, Нұрсұлтанның жүзінде бұған дейін өзіме беймәлім сезім ұялағандай болды».

Осы естелікке қарап мына нәрсені ұғамыз. «Ағынан жарылғанына» қарағанда Колбин де саяси интриганы жаман ойнамайтыны көрініп тұр. «Ең потенциалды екі қазақ» деген екі ауыз сөзімен, екі лидерді екіге жарып жіберген. Әрине жүрегі таза, ниеті түзу, иманы мығым типтерге интрига әсер етпеуі керек. Бірақ ниеті қисайып, биліктің буымен санасы ұлана бастаған пендеге мұндай жеңіл «соққы» оп-оңай өтіп кетеді. Өзінің ең потенциалды екі қазақтың бірі екеніне көзі жете тұскен пенде, әлбетте, жалғыз бәсекелесін құртуға кіріседі. Ал ақжүрек АДАМДА арам ниет болмайды.

«О, пәни дүние-ай, мен бірінші басшылармен тепе-тең ұстауға тырмысып жүрген жан емеспін. Орталық Комитетке хатшылыққа сайлана қоямын деген ой да үш ұйықтасам түсіме кірмеген. Мен үшін Мәдениет министрлігінің лауазымы да жетіп артылады. Оған бұлар көне қойды ма? (Билікке тырмысу тегі әлсіздерге тән қасиет болса керек). Өзім таңдап алған өмірлік қағидам, мақсат, мүддем бар еді. Солардың ұштығынан шықсам да, маған аздық қылмайды. Аса потенциалды екі қазақтың қатарына қосып, мына кісі арамызға залымдықпен от салып отырған жоқ па деген ойда қалдым», – дейді Өзбекәлі.

Әлбетте, Колбин де сау сиырдың жапасы емес. Саяси ортаның мүшелерін қасақана шағыстырып қоюдың шебері болуы да кәдік. Бірақ бәленің бәрін оған жауып құтыла алмаймыз. Неге? Себебі мәселенің ұшы – билік тізгінін ұстаған

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

ер-азаматтың жүрегіне жабысатын ШЕРДЕ. Оны қазақша «ер-азаматтың ішіне ат басындай ШЕР қатады» дейді.

«Елдің ертеңі не болады?», «Ұлттық мәдениет пен тәуелсіздікті ұстап тұра аламыз ба?», «Орта жолда рухани азғындыққа ұшырап, кейінгі ұрпақ көрінгеннің есігінде жалшы болып қаңғып кетпей ме?» деген ұйым мен қайғы нағыз ердің көкірегіне ШЕР болып қатуы тиіс. Осы ШЕР ер мен ерді таныстырып, азамат пен азаматты ортақ істе табыстырады. Ішіне шер қатпаған билікқұмар типтерді ҚҰЫСКЕУДЕ деп атайды. Қуыскеуде басшы әманда өз жұртының сорына бітеді.

* * *

Өзбекәлі естелікті бұй деп жалғайды: «Шымкентте болған бір кездесуде Колбин мені мақтап сөз сөйлепті. Ұзақ қол шапалақтау үспінде қызметіме ризашылығын білдіріп: «Сіздердің жерлестеріңіз Орталық Комитетке хатшы болып сайланғалы аса келелі проблемалардың дәйекті шешімін табуға бетбұрыс жасадық», – депті.

Мұны еспгенде Нүрекеңе: «Апыр-ау, бірінші хатшыға осындай көпірме пікір айтудың қажеті бар ма? Оны әркім сан-саққа жүгіртіп жүрсе ше?» – дегенімде, ол: «Е, онда тұрған не бар?!» – деп күмілжіді де, қоя салды. Осыдан-ақ болашақ президенттің (оның сондай болатынына менің күмәнім жоқ еді) өзіме деген көзқарасының өзгере бастағанын сездім».

Бұл жерде де «Колбиннің сөзі аппақ болғанымен, ниеті қара. Бар ойы екі ірі қазақты шағыстыру болды» делік. Ендеше неліктен екі потенциалды қазақтың біреуі оның ықпалына түсіп, ағасына көзқарасы суи бастады?

Естелікті әрі қарай оқысаңыз, экс-президенттің пиғылына түскен салқындықты анық байқайсыз:

«Менде бақталастық пиғыл болмағанымен бәсекелес адам болып көріндім бе, қайдам?! Әйтеуір арамыздан шы-

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

найылық кеткенін, бұрынғыдай ақылдасып, бірлесе қимылдаудан қалғанымызды аңғаруға болатын еді. Болашақ Елбасының «бәрін білемін» деп өз ой-түйсігіне сенгенімен, адамдардың өзара қарым-қатынасының бір сөзбен айтып жеткізуге болмайтын осал жақтарын ұғынуға іс-тәжірибесі жете бермейтін. Әйтпесе мен өзімді «елдің жағасы, ұлттың ағасы» ретінде (кейбіреулер осылай деп «дәріптеген» екен) көрсете қояйын деп жүргенім жоқ. Мұны түсіне қоймайтыны лөпірме жастықтың әсері шығар дейін десем, ол азамат та алпысқа қарай кетіп барады...

Бірінші хатшымыздың (Н.Назарбаев) қаламаған кісісін қабылдамайтынын, қабылдаса да көп күттіріп, діңкөсін құртып қалжырататынын бұрыннан білетінмін. Бірде алдын ала келісіп барғанның өзінде сынықты сылтау етіп, мені де қабылдау бөлмесінде ұзақ отырғызып қойғаны бар-тын. Кабинетіне кіріп барғанымда (басқасын былай қойғанда, жасым үлкен ғой) кешірім сұраудың орнына: «Кейде, Өзеке, осылай бола береді», – дегенді айтты. Келесі бір жолы тағы да сондай қылық көрсеткен соң көмекшісіне: «Керек болсам, айтарсың», – деп кетіп қалдым. Бірақ мені іздеткен жоқ».

Құрметп оқырман, өзіңіз де байқаған шығарсыз. Саяси екі қайраткер сол күйі тізе қосып қимылдай алмаған. Тізе қосу үшін екі тұлғаны қосатын ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, ЕЛДІК САНА деген ұғым көкіректе нық бекіп тұруы керек. Сол кезде ғана мемлекет мызғымас тұғырға орнығады. Біздің сорымызға қарай сол жылы биліктің тізгіні ҚУЫСКЕУДЕ пенденің қолына өтіп кетті. Ал жүрегінде шері бар нағыз қаһарман көкірегі өкініштен өртенген күйі бір шетте ығысып қала берген.



ТӨРТКҰЛАҚ

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ ҚАЙСАР РУХ

Қазір көкіректен ғайып болған ұғымның бірі – ҚАЙСАР РУХ! Оның орнын жігерсіздік, жылауықтық, қайратсыздық, табансыздық, жауапкершілік арқаламайтын ездік, еркіндікке ұмтылмайтын бейшаралық, саналы түрде сілкінбейтін еріншектік басты. Қайсар рухты мүсіркеу тілейтін, жыламсақтықты семірте түсетін оңбаған бір термин ауыстырды. Ол – **«балалық травма»!**

Қазіргі заманда құндылыққа қанбай өсіп, жастай ойынсауыққа ілініп, өмірдің мұратынан көз жазып, ақырында экзистенциялық фрустрацияға (іштей іру, ыдырау) ұрынып, болмыс ретінде бөлшектене бастаған типтер көбейді. Ондай кісіге оқығаны да, оқымағаны да «Бейсанаңда психологиялық жарақат бар», «Шешең сені сәби кезінде сабаған ғой», «Үлкендер ауыр жұмысқа жегіп, сенімен санаспаған, содан басылып қалғансың» деген сыңайдағы қыңыр диагнозды жаппай қоя береді. Мұндай қате көзқарас неліктен тез тарады? Жауабы қарапайым. Күрескерлікті жек көретін жалқауларға мұндай диагноз майдай жағады. Олар осы диагноздың саясында өзінің ит мінезін ақтап алады.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

Әсілі, адам жай ғана биологиялық жаратылыс емес. Оның бойында Ғайыптан енген рух атты қуаттың ұшқыны бар. Діни мәтінде мұны бұй деп айшықтаған: «Адамды балшықтан жаратқан соң ұлық Алла өзінің БОЛМЫСЫНАН оған рух сәулесін үрледі. Соның күшімен адам періштеден үстем түсіп, Ібілістен басқасы адамның алдында иіліп тәжім етті».

Ғибратты ғұмыр үшін талас басталғанда рух сәулесі пендені инстинктің ығына жібермей, трансцендентті әлемге өршелене ұмтылуға үндейді. Өмір үшін күрес сол кезде қызды. Осылай күреспесе адам жанұарға ұқсап қалады.

Бірақ мұндай күрестен делебесі қозатын адам саны қазір кеміді. Қиындықпен айқаса кетудің орнына «Кім менің басымнан сипап мүсіркейді?!» деп жылаңқы көзімен айналасына жауғанда қарайтын еркектер қаптады. «Пана болатын еркегіміз мұндай жылаңқы болса, жетіскен екенбіз», – деп әйелдер жағы одан сайын түңілді.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Еуропада позитивизмнің күшімен діни институттар күйрегенде рухтың қайсарлығы жайлы түсінік қоса қирады. Сосын біздегідей Ба-тыста да қиындықпен күресуге ыждағатсыз еркектер қаптап кетп. «Қайсар рух» ұғымы жоғалған жерде Зигмунд Фрейдтың «балалық травма» жайлы тың теориясы күмәнсіз ақиқат боп шыға келді.

Қиын заманда өмір сүрген кез келген адамның бейсанасында психологиялық жарақаттың болуы қалыпты құбылыс. Бала жастағы қорлықтан адам еңсесі басылып қалатыны да рас. Кәнігі мамандардың да өмір лентасын артқа айналдырып отырып, бейсанадағы қандай да бір жарақатты жұлып алатыны ғылыммен дәлелденген шындық. Бірақ бұл амал барлық адамға жүрмейді.

Қоғам алдында жауапкершілік арқалаудан өлердей қорқатын қоянжүрек типтер «бейсанамда балалық травма бар» деп өзіне тиімді диагнозды қойып алады. Ондай кісі-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

ге: «Сенің мынауың не? Кері кеткен ситуацияны бетімен жібергенше, күреспейсің бе?» – десең басың бәлеге қалады. Сол заматта өмірден көрген қорлығын айтып боздап қоя береді.

Осындай жылауық мінезден мезі болған логотерапия ілімі «Қайсар рух» ұғымын ғылыми айналымға қайта әкелді. «Өмірде бәрі болады. Тіршілікке түскен соң, бірде ауырамыз, банкрот боламыз, апатқа ұшыраймыз, арбаға таңыламыз. Кейде ажырасуға тұра келеді. Енді біреу тумап жатып жетім қалады. Яғни адам қасіретпен ұшыраспай тұрмайды. Сол кезде бізге не керек? Оларды қорықпай қиратып, бұзып, жарып өтетін ҚАЙСАР РУХ керек!» деген девизді көтерді.

* * *

Бала жастағы ауыр «травма» адамды өсірмей, тағдырын бірден анықтап, дереу жаншып тастайтыны рас болса, ол соққыдан Өзбекәлі Жәнібектің өмірі жанбай жатып сөнер еді. «Тағдыр тағылымы» мен басқа да естеліктерді қарасаңыз, оның балалық шағы ауыр өткен. Айтуынша шешесі 1936 жылы ерте дүние салған. Өзбекәлі жастайынан тұрмыс тапшылығын көреді. 1932 жылғы аштықтың салқыны әлі соғып тұр еді. Ол заманда тойып тамақ ішу – мұң. Үйден кетіп, интернатқа ауысқан соң да талқан үшін талас-тартыс тоқтамаған. Жалпы 1920-1950 жылдары Өзбекәлі ғана емес, әлем жұрты тойып тамақ ішуге зар боп қалған. Әлемді шарпыған екі бірдей дүниежүзілік соғыс экономиканы күйретіп жіберген. Сондықтан осы кезеңде өмір сүрген кез келген жазушының кітабын оқысаңыз, аштық пен ас-ауқат шығарманың басты тақырыбына айналады.

Бұл кітапта Өзбекәлінің өмірден көрген қиындығын тізіп жазып, мүсіркеуді көздемейміз. Бала кезінде оған салқын қараған ағайын-туысын да жазғырып, сыртынан үкім оқып соттамаймыз. Сол заманда туып, қиындықтың ішінде жүр-

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

меген соң тоқ заманның күшімен қандай да бір баға беруден аулақпыз.

Шындап келгенде бізді Өзбекәлінің бала кезінде қалай қиналып, жаншылғаны емес, осыншама ауыр кезең мен тұйық ситуацияны қалай жарып шыққаны қызықтырады.

Адам болмысының қандай қиындыққа салып езең де, сол қасіретті түбінде өз пайдасына шешіп алатын құдіреті бар. Мысалы, өгей шешесі Өзбекәліге кейде тізесін батырып жіберуі мүмкін. Болмашы балалығы мен шалалығы үшін ауыр сөз естіп, бәлкім, шапалақ жеуі де кәдік. Осындай қауіптен сақтану үшін ол барынша қателеспей, әр істі мінсіз атқаруға мәжбүр болған. Бұл мінез оның бейсанасына сіңіп, әр сәтте сақ отыруға, шамадан тыс кірпияз болып, тапсырған істі мінсіз атқаруға тырысатын адамға айналдырды. Себебі онымен әріптес болған кісінің бәрі бүй деп шағымданады: «Өзбекәлі бізді ит қылушы еді. Әсіресе концепциялар мен қызметтік хаттарды тексергенде қанымызды ішетін. Алдына апарған құжатты үлкен қайшысымен қидалап: «Жөндеп жазып кел!» – деп бетімізге лақтыратын. Бір хатты он рет жаздырады», – дейді.

Біздің ойымызша, мұндай талапшылдық пен перфекционизм өгей шешенің қысымынан құтылу үшін бейсанасында қалыптасқан қорғаныс механизмі болса керек-ті. Барынша аз ұрыс естіп, мейлінше тыныш жүру үшін кез келген тапсырманы шырқау-шегінен асырып орындауға міндетп. Осы мінезі миында шарттанып, есейген соң өлгенше серік болған шығар деп пайымдаймыз.

Несі бар, өгей шешенің тепкісі де жеме-жемге келгенде қазақтың пайдасына шешілді. Шешейге қарсы қалыптасқан қорғаныс механизмі кейін келе мемлекеттік істерді мінсіз атқаруға себеп болды. Шешесіз өскені де, тұтас алғанда, қазақ мәдениетінің пайдасына шешілді. Киім-кешегін өзі тігетін әдеті министр кезінде ұлттық киім үлгілерін жасай алатын шеберлік қырын дамытып жіберді. Зейнетке шыққасын

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

да немересінің концертке киетін ұлттық киімін өзі пішіп, өзі тікті. «Әзірет Сұлтан» музейіндегі жұмысшы қыздарға кесте тігуді өзі үйретп.

Түптеп келгенде Өзбекәлінің де бейсанасында психикалық жарақат бары күмәнсіз. Бірақ мұндай жарақат адам тағдырын түбегейлі шешпейді. Себебі психика – адамның өзі емес, болмысының бір бөлшегі. Сан түрлі соққы алған психикаға оппонент болып болмыс ішінде РУХ сәулесі тұр. Мәселе – рухтың қайсар мінезін іске қосып, жанына жабысқан жарақатты игілікті іске жұмсауында. Оның өзін ердің ері, жігіттің жігіті жасай алады.

* * *

Болмыстағы рух сәулесі әманда тәуелсіз. Ол кез келген кедергіні қиып өтуге қабілетті. Ол үшін Құдай алдында, Ар алдында, Халық алдында моральдық жауапкершілік арқалап, «мәдени майданға» қорықпай кірсе жетіп жатыр. Сонда ешбір жарақат адамды орға құлата алмайды.

Қоғамда мынадай да парадокс бар. Пысық ата-аналар «баламды білімді қыламын» деп қымбат мектепке беріп, репетитор жалдап, қайдағы жоқ пәндерді жастайынан сіңіріп әлек. Бірақ осындай балалар он алты-он жеті жасқа жеткенде ерік-жігері мен құлшынысын жоғалтып алады. «Елдік сана», «мемлекеттік мүдде» деген ұғымды білмейді. Тіпті қара басын сүйрей алмай масқара болады.

Өзбекәлі бірінші сыныпқа барғанда Екінші дүниежүзілік соғыс басталып, мектептің мазасы қашады. Бір сыныпта төрт-бес оқушы ғана қалған. Дәптер жоқ. Үй тапсырмасын газет шетіндегі таза жолаққа жазуға мәжбүр. Алматыға келгенде орыс тілінен емтиханды әрең тапсырған. Осындай жұпыны жолмен білім алған жас өреннің отыз жасында орда бұзып, қырыққа жетпей СССР деңгейіндегі көрнекті көсем болуын немен түсіндіресіз? Бала кезінде көрген

қиындығы неліктен ауыр тағдырын тұйыққа тіремеді?

Осындай фактілерді сараптай келіп ғалымдар «ҚАЙСАР РУХ» ұғымын ғылыми ортаға қайта әкелді. Өзбекәлі бала кезінде алған бүкіл психологиялық жарақатына болмыстағы рухтың қайсар мінезін қарсы қойды. Қазақы тәрбиемен бойына сіңген ұлттық құндылық пен туған жерінің бай тарихы да оған болыса кетп. Арыстан баб пен Қожа Ахмет Яссауи сияқты әулиенің топырағында дүниеге келуі де өмірдің асыл мұратын дұрыс көздеуге септесті. Арғы атасының бірі – Елқонды датқаның қырық жеті жасында Қоқан хандығына қарсы күресте қаза тауып, Әзірет Сұлтан кесенесінің ішіне жерленуі де оның рухани оянысын жылдамдатты. Туған жері – Сарықамыстағы ауыл қарияларының көне аңыздан тартатын құнарлы әңгімесі де көкірегін хикметке толтырды. Ауыл ақсақалдарының қатал һәм діни тәрбиесі де моральдық принциптерге бекем болуға жәрдемдесті. Оның осындай рухани қазынасы қазақ мәдениеті үшін күрескенде ұлт пайдасына шешілді.

Өзбекәлінің бойынан көрінген ақыл-парасаттың бәрі **қайсар рухтың** шарапаты деп білеміз. Өзінен таяныш сұрап келген туыстың бәріне қарасып бақты. Шәуілдірдегі ағайындарын жиі зияраттап тұрды. Мектепте бірге оқыған сыныптастарын да ұмытқан жоқ. Ауылына барғанда о дүниелік болған марқұмдардың үйіне кіріп, көңіл айтып, Құран бағыштап шығуға тырысатын. Тағдырдың айдауымен Алматы облысындағы Есік қаласына көшіп кеткен ағайындарын іздеп барып, үйінде түстеніп кететін. «Тағдыр тағылымында» есімі аталатын Абан інісінің қызы Айғанымды студент кезінде жатақханаға тұрғызбай, пәтерінде жатқызып оқытты. Ет жақын туыстарын аралап, сұхбаттасып көрсеңіз, Өзбекәліден көрген қамқорлығы мен жақсылығын сағаттап айтуға дайын.



ҚЫРҚМҮЙІЗ

ҰЛТҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУ – МІНЕЗДЕН

Патшалық Ресейден мирасқа қалған шовинизм сырқаты советтік орыстарға да жүкпай қоймады. «Ұлы орыс халқына шексіз қарыздармыз. Бізді адам қылған солар!» деген оңбаған идеология орысқа орасан зиянын тигізді.

Басқа ұлтты ашықтан-ашық кемсітіп, оларға екінші сортты халық деп қарайтын рухани кеселге ұшырады. Онысына ешқашан ұялмайтын. Бейне бір жер жаралып, сү аққалы адамзаттың тарихы осы ережемен жүріп келе жатқандай қабылдайтын. Осы кесел 1970-80 жылдары даңқы дүркіреген ресейлік әнші Алла Пугачеваны да ондырмай түсірген. Ол 1981 жылы Алматы қаласына гастрольдік сапармен келеді. Сол кезде концертте болған күәгерлердің жазып қалдырған деректеріне сүйенсек, оқиға былай болған:

1981 жылы сәуірде Алла Пугачева Алматыдағы Ленин атындағы сарайда (қазіргі Республика сарайы) екі күн концерт береді. Әншінің езінен бұрын даңқы жетіп, билет түгел сатылып кетеді. Концерт аншлаппен өтеді. Концерттің бірінші күні залдың алдыңғы орындығына шенеуніктер келіп жайғасады. Олар концертте салмақты отырып, қатты қол шапалақтай қоймады. Ал әнші соны байқайды да, сахнада тұрып: «Сендер пленумның жиналысына келдіңдер ме,

әлде концертке келдіңдер ме? Қанекей, қол соғып отырамыз», – деп сөзбен қағытып өтеді. Ертесіне «Вечерняя Алма-Ата» газетіне Харченко деген журналистің «Звёздная болезнь ли?» деген мақаласы шығып, әншінің сахнада көрерменге ескерту жасаған сөзін хулигандыққа балайды.

Алла Пугачева екінші күнгі концертін береді. Концерт кешкі сағат жетіде басталады. Ән айтпас бұрын әнші сахнаға шығып, газеттегі өзі жайлы шыққан мақаланы жұртқа оқып береді. Сосын тілшіні жер-жебіріне жетіп балағаттайды да, газетті көрерменнің көзінше жыртып, лақтырып тастайды.

Әншінің әдепсіз мінезі мұнымен бітпейді. Концерт басталады. Ән айтылады. Жұрт қол шапалақтап, оның өнеріне құрмет көрсетеді. Тіпті көрермендер бір әннен соң «Тағы ән болсын!» деп қол соғып тұрып алады. Әнші сахнаның сыртына шығып кеткен сәтте: «Oh, как надоели мне эти бараны!» – деп айтып қалады. Микрофон қосулы еді. Жұрт оның сөзін анық естіп отырды. Залдың алдыңғы жағы гу етіп барып басылады. Бірақ халық сабыр сақтап, концертті соңына дейін тыңдайды.

Пугачеваның сөзі ертесіне Өзбекәліге жетеді. Ол бұл кезде Мәдениет министрінің орынбасары еді. Телеарна мен радио басшыларына хабарласып, дереу концерттің жазбасын алдырып, бастан-аяқ тыңдап шықты. Пугачеваның сөзі анық жазылыпты. Ертеңіне КПСС Орталық Комитетін бұл оқиғадан хабардар етеді. Кейбіреудің «толеранттыққа» салынып, араша түскен сөзіне қарамай, сол күннен бастап әншінің Қазақстанда концерт беруіне тыйым салады. Бұдан соң «Союзконцерттің» Қазақстандағы гас-трольдік бағдарламасынан Пугачеваның есімі сызып тасталып отырды. Қазақстанның телеарналары мен радиосынан оның әндері берілмеді.

Өзбекәлі биліктен кетіп, ықпалынан айырылғанша Алла Пугачева Қазақстанға аттап баса алмай қалған. Өзбекәлінің көкірегінде қайнап жатқан ұлттық намыс әншіні елге

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

кіргізбей қойды. 1994 жылы «Бүтә» компаниясының егесі Болат Әбілов Пугачеваны Алматыға алдырып, Республика сарайында концерт бергізді.

* * *

Ыдырыс Жұмабекұлы есімді азамат Аұқадиев айтып беріп еді деп мынадай естелікті баяндайды:

«1980 жылдары Өзбекәлі Германиядан келген қонақтарды үйіне шақырды. Шамасы мәдениет саласында істейтін шенеуніктер болса керек-ті. Олармен бірге лауазымды қазақтар да қоса келді. Ішінде Нұрсұлтан Назарбаев та болды. Бәрі жиналып болғанша жеңіл шай ішіп отырдық. Асүйде асылып жатқан етпң иісі мұрын жарады.

Бір кезде тамақ келетін уақыт жақындады. Бірақ дастарқанға шанышқы, қасық, пышақ секілді саймандар қойылған жоқ. Өзбекәлі: «Ал ас пісті. Қол жұып дастарқанға жайғасамыз», – деді. Бәріміз қол жұып келдік.

Өзекең қонақтардың мәртебесіне қарай жілік пен сүйекті тарата бастады. Сосын ол жілікті не үшін олай таратқанын, оның астарында қандай мән-мағына жатқанын әңгімелеп отырды. Ет тұрап болған соң: «Ал бісмиллә, асқа қарайық», – деді. Шанышқы болмаған соң бәріміз етке беттей алмай, сасып қалдық. Бір-бірімізге қарап, ымдап, «Не істейміз?» дестік. Бір-бірімізді аңдып отырмыз. Сол сәттеп психологиялық күйді сөзбен жеткізе алмайсың. Бір-екі минуттай үнсіздік пайда болды. Соны байқады ма, Өзекең өзі бастап, «бісмиллә» деді де, тамаққа қол салды. Сосын барып үстімізден бір жүк түскендей жан-жақтан етке қол салдық. Ашпыз ба, әлде ұлттық кодымыз оянып кетті ме, ол жағы белгісіз? Немістер де қарап тұрмай бізге илесіп, етті жалаң қолмен жей бастады. Осылайша Өзбекәлінің үйінде қолмен ет жедік».

Құрметті оқырман! Біз үшін «етп қолымен жеу» деген дәстүр бұрыннан бар сияқты көрінеді. Өзбекәлінің үйінде

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

шенеуниктердің етп жалаң қолымен жей алмай, сасып қалғаны біз үшін түсініксіз. Бірақ жазушы Бекежан Тілегеновтың мына естелігін оқысаңыз, мәселенің төркіні ашылады:

«Әңгіме Н.Хрущевтен басталған. Бас хатшы 1957 жылы Манеж алаңында өткен көркемсурет көрмесіне барған. Өнерді түсінбейтін қарабайыр Н.Хрущев сурет әлемінің тың бағытын көріп шошып кетеді. Ол көрмеде тұрып, аузына келген жаман сөздермен жас таланттарды сөгеді. Қысқасы, өнер мен шығармашылықтың тыңнан шыққан салаларын «советтік реализмге жат» деп боқтап-боралай берген.

Оның осы топастық ауруы басқа республикаларға да жұқты. Сол кезде Қазақ ССР-нің бірінші хатшысы Исмаил Юсупов, Идеология хатшысы Нұрымбек Жәнділдин болатын. Оларға насихат бөлімінің меңгерушісі Логинова деген әйел қосылды. Осы үштік қазақ әдебиеті мен мәдениетіне жойқын «соғыс» ашты.

Бір күні өкіметтің үлкен жиынында И.Юсупов пен Н.Жәнділдин ұзын-сонар баяндама жасады. Қазақ мәдениеті тарихындағы ең бір масқара жиналыс осы болар-ау. Екеуі де мәдениет пен әдебиетке аямай күйе жақты. Қазақ мәдениетін масқаралауға келгенде бірінен бірі асып түсетіндей жарысып, таласа сөйледі.

Н.Жәнділдин қазақ өнерін еуропалық деңгейге жеткіземін деп талпынатын. Озық өнерге кім талпынбайды? Бірақ оның қателігі – қазақ өнері мөн дәстүрін еуропалық мәдениетпен ауыстырмақ ниеті. Қазақ мәдениетін құбыжық көрді. Халықтың ет тамағынан, қасық-шанышқы қолданбауынан, жерге отырып тамақ жеуінен, басқа да әдет-ғұрпынан кемшілік іздеп, кертартпалықтың белгісін тапты.

Қазақ дәстүрінен үрке қашу жалғыз Жәнділдиннің емес, сол замандағы өкімет басындағы қазақ азаматтарының, партия қызметкерлері мен шенеуниктердің де әдетіне айналды. Еуропалық мәдениетке қол жеткізуге құлшынып, ұлттық дәстүр мен ұғым-қасиетті тұрмыстан аластатты.

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Бұл заңды құбылыс еді. Өздері кеше ғана кедей шаруадан шықты. Қазақтың мандайалды жайсандары сталиндік репрессияда ажал құшқан соң солардың орнына әрең қолы жетп. Олардың білімі де таяз еді. Көрген-білгені де аз. Шенқұмарлығы жойқын. Қазақ дәстүрінен іргесін барынша аулақ салуға тырысты. Шүлдірлеп шала сөйлесе де, орысша тіл қатуды мәдениет санады. Үйінде балаларымен орыс тілінде ғана тілдесті.

Бұл замандағы коммунист шенеуніктердің сиқы осындай болатын. Олар елдің өнерін қастерлеп, дәстүрін сыйлап, өмірін көгертетін жандар емес еді. Жанділдин – осындай көп мәңгірт басшының бірі. Сондықтан оның қазақ дәстүріне, өнеріне, әдебиетіне қарсы шығуы заңды нәрсе.

Ол ең алдымен домбыраға өшікті. Жиналыстағы ұзақ баяндамасында қазақ домбырасы мен оркестрінің рөлін кемсітіп, төмендетуден бастады. Оркестрді таратып, симфониямен ауыстыру керекін, сол арқылы «еуропалық мәдениеттің дәрежесіне жету қажеттігін» дәлелдеуге тырысты».

Міне, енді бәрі түсінікті шығар. 1960 жылдары қазақ мәдениеті осындай қиын кезенді бастан кешті. Шенеуніктер қазақты дәстүрді жойып жіберуге барын салып жатқан. Сол кезде қазақтың бағына Өзбекәлі туып, мәдениетті жантаңмен қорғауға көшті. Ұлттық позициясына мығым болғаны сонша, ол Еуропадан келген қонақтарға да етті қолымен жегізіп, құрт қосылған ыстық сорпа беріп, мәртебелі сүйегін мүжітіп, үстіне шапан жауып шығарып салды. Етті қолмен жеуді жабайы мәдениет санайтын қазақ шенеуніктерінің де психологиялық үрейін сындырды.

Осы отырыс немістерге қатты ұнаса керек, олар Өзекеңді жұбайымен бірге Германияға шақырады. Ағамыз бен жеңгеміз «шақырған жерден қалмайық» деп шетел асады да, Германияны екі апта армансыз аралап, тынығып, елге тың қуатпен оралады.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

* * *

Өзбекәлі қазақ мәдениеті мен ұлттың намысын қорғау үшін қорықпай батыл қадамдарға баратын. Өзбекәлінің ұлы Ниетжан мынадай естелік айтады:

«Әкемнің қызметі жоғарылап, 1961 жылы Республикалық Комсомол ұйымының бірінші хатшысы болды. Қызметі Алматыға ауысты. Жұмысқа кіріскен соң Алматы қоғамында асқынып тұрған орыстың шовинистік мінезімен бетпестелік келді. Ол заманда Гүлнәр, Гүлсім, Гүлназ, Гүлмира сияқты қазақ қыздары студент атанып, Алматыға келгенде оларды шовинистер «Гуля» деген лақап есіммен атайтын. Сағымбек, Салқынбек, Сартайлар бірден «Сашаға» айналды. Қасымбай, Қамбарлар «Коляға» өзгеріп сала беретін. Жарылқасын, Жүрсінбай, Жомарттар «Жора» деген жаңа атты қабылдауға мәжбүр болды.

Қазақтарды өз атымен атамай, ыңғайына икемдеп алатын орыстың осындай әдепсіздігі әкемнің намысына тиетін. Бір күні ол комсомол орыстардың қазақтарды лақап атпен атап жүргенін естиді. «Ат қоюшыларды» кабинетіне шақырып алып:

- Сенің атың кім? – деп сұрайды.
- Михаил, – деді ол ойында түк жоқ.
- Бүгіннен бастап Михаил емес, Майкөтен боласың! – дейді әкем.
- Сенің атың кім? – дейді келесі бір орысқа.
- Константин, – дейді ол марқайып.
- Ендеше сенің есімің Көтібар болады, – дейді.
- Сенің атың кім? – дейді тағы бір кербез комсомолға.
- Мария, – дейді ол маңғаздана.
- Сенің атың Маубасгүл болсын! – дейді әкем.

Осылайша орыс комсомолдарға қазақы есімдерді жомарттықпен таратып береді. Басында олар түк ұқпайды. Иықтарын қиқаң еткізіп жүре береді.

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Бір күні комсомолдың кезекті жиыны өтеді. Жиналыста әкем оларды өзі қойған есіммен атап сөз бере бастайды. Мұндай қорлыққа шыдамай олар:

– Жолдас Өзбекәлі Жәнібекович, неге бізді бұлай мазақ етіп отырсыз? – дейді бұрқылдап. Сонда әкем:

– Ұнамай ма? Ендеше саған қазақ есімдерін бұрмалап айтуға кім рұқсат берді? «Сізді осылай деп атасам бола ма? Сізге ұнай ма?» деп неге әріптестеріңнен рұқсат сұрамайсындар? – дейді түсін суытып.

Олар жым болады. Осы жиыннан соң әлгі «ат қоюшы» орыстар әкемнен кешірім сұрап, қазақы есімдерді бұрмаламай айтуға уәде береді.

Бұл оқиғаны әкем зейнетке шыққан соң шай басында отырғанда айтып беріп еді».

* * *

Мәдениет – қисапсыз құндылық кетіпін тауып, бір-бірімен ұлттық нақышта өрілгенде пайда болатын Тәңірдің таңғажайып туындысы. Оның туын құлатпай ұстау үшін мәдениеттің әрбір элементін көздің қарашығындай күзетуге міндеттісің! Жер атауы, адам атауы, адам атауының қазақша әріптері, қыл аяғы қазақша есімдердің соңғы дауысты дыбысына түсетін ЕКПІНГЕ шейін мұқият болуың шарт! Оларды бөтен жұрттың ыңғайына беіімдеп, бұрмалауына жол беруге болмайды. Мемлекеттік түсініктің мығым тұруына септесетін кез келген қадірлі, қастерлі, аяулы ұғымдар қатаң күзетте тұрсын! Өзбекәлі қазақ мәдениетіне шабуыл жасалып, орыстану процесі қарқынды жүрген дәуірде осылай ашық күресті. Енді мынадай масқараға назар аударыңыз!

Соңғы кезде халық үшін мағынасы қою, тамыры тереңге кеткен, әр қазақ үшін қастерлі есплетін «ШЕШЕ» ұғымын бөтен біреу емес, қазақтардың өзі талқандауға көшті. Тұтас бір мұсылман қауымына діни ұағыз айтып отырған рухани жетекшілер киелі ұғымдарды қасақана қирата бас-

тады. Ел ішінде «пәленше ұстаз», «тугенше имам» атанған танымал уағызшылар «ШЕШЕ» сөзін ғылыми негізсіз қаралады. Қазақ әдебиеті мен тіл тарихынан бейхабар имамдар: «Баланы туып, оған білім не тәрбие бермей далаға қаңғытып қоя беретін ақымақ, жауапсыз әйелдерді шеше деп атаған», – деп былш еткізді.

Жоспарлап қойғандай молдалар бұл тақырыпты бірінен соң бірі насихаттай жөнелді. Сәл болмағанда қазақ ұлтының тупсанасына сіңісті болған қастерлі ұғымды діни уағыздың күшімен жойып жіберуге шақ қалды. Мұндай мұқтаждық неден туғаны түсініксіз. Әлде «шеше» сөзінен тыйылып, жаппай «ана» сөзіне ауысса, қазақ қоғамы рухани гүлдену дәуірін бастан кеше ме?

«Ана» сөзі бұрыннан бар. Бірақ оның пафостық сипаты басымдау. Ақындар мен кинорежиссерлер оны шығармашылығында орнымен қолданып келген. Ал практикалық жағынан алғанда «шеше» сөзінің қолданылу аясы тым кең және санамызға құндылықтар арқылы сіңісті болған. Күйші Құрманғазы да, ақын Мұқағали да шеше ұғымын киелендіруге барын салды. Ортағасырлық жырларда «шеше» сөзі молынан қолданыста болған.

Міне, елдің өз мәдениетінен ажырап, тәуелсіздігінен айрылып, бөтенге құл болу трагедиясы осындай қарапайым ұғымды алмастырудан басталады.

Экзистенциалист ғалымдар адам болмысына мынадай анализ жасайды: «Әдетте адам – еркін жаратылыс. Бірақ оның еркіндігі тупкі ядросында анық көрінеді. Ол үшін адам өзін матап тұрған ситуациядан ой қуатымен тебініп шығады да, ситуацияны және ол жерде қамалып тұрған өзін сырттай ойша бақылайды. Тұйықтан шығатын жол мен мүмкіндіктерді есептейді. Мұны ғылымда «адамның өзінен өзі трансценденция жасауы» деп атайды. Осы қабілеті неғұрлым өткір болса, кез келген ситуацияны жарып шығады. Бірақ оның да шарты бар. Ғайыпқа самғап, трансцен-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

денция жасау үшін символдар керек. Ал символдар киелі мағына мен қасиетті сөздерде болады. Адамның сөздік қорында киелі символдар неғұрлым мол болса, ой қуатымен өткен шаққа да, келешекке де қиналмай сапар шеге береді».

Ана тілі тоқырауға ұшырап, иләһи символдарынан ажыраған халық қиын ситуацияны бұзып шығуға қауқарлы болмайды. Олар езіліп жаншыла береді. Мысалы, соңғы жиырма бес жылда халық «ӘРУАҚ» дейтін киелі сөзінен алыстап кетті. Өлген кісіге құрмет көрсеткенде «пәленшенің әруағынан ұят болмасын» деп қобалжып тұратын. Ел ішінде «Алла соққан оңалады, әруақ ұрған оңалмайды» деген киелі ұғым да бар еді. Думшелер «әруақ» сөзін еш қисынға келмесе де, «Бұл – Аллаға серік қосу», – деп мағынасын десакрализация жасады.

Халық «Әулие Құдай емес, Құдайдан былай емес», – деп жүрек көзі ашылған адамды ерекше категорияға қосатын. Думшелер бұл ұғымды да киесінен айырып: «Әулиені Құдайға теңестіруге болмайды», – деп жойып тынды.

«Арыстан бабқа түне, Яссауиден тіле!» деген таным да салафиттік уағыздың екпінімен езілді. «Түркістан – екінші Мекке» деген ұлттық мақтанышы бар еді. Думшелер оның да мағынасын бұрмалап, «Мекке – аманда біреу» деген желеумен Түркістанның киелі мәртебесін жерге құлатты. Бұрын «Мәдинада – Мұхамбет, Түркістанда – Қожа Ахмет», – деп пайғамбар бастаған ізгілердің көшіне Яссауидің беделімен жалғанатын. «Қожа Ахметті пайғамбарға теңеуге болмайды», – деп оның да киелі мағынасын теріс бұрмалады.

Қазақ мұсылмандығында ерекше дарынды адамдар: «Бала кезімде Қыдыр ата көрінді. «Өлең аласың ба, көген аласың ба?» – деп тандау жасатты. Сосын батасын беріп осы қасиетті бойыма дарытып кетіп еді», – деп бойға біткен өнерін киелі әлеммен байланыстырып отыратын.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

Дүмше молдалар: «Бұл ешқандай да Қыдыр емес. Оларды жын иектеген», – деп терістеді. Сөйтіп қазақ әлемін киеден жүрдай қылды.

Қазақ мәдениетін әлем халықтарынан даралап тұратын «келіннің сәлем салуы», «жеті шелпек тарату», «марқұмға Құран оқыту», «домбыра шерту», «әулиеге зияраттау», «қол жайып бата беру», «нан қиқымын теріп жеу», «адыраспан», «босағаға қарі жілік ілу» сияқты әдеп-ғұрыптар да мансұқталды. Әлі де жалғасып жатыр.

Қазақ үшін киелі болған қастерлі ұғымдарды қорғайды деген молдалар, керісінше, ұлттың бітіспес дұшпанына айналып шыға келді. Халықтың осынша мәдени байлық пен рухани құндылықтан тапа тал түсте тоналып қалуы қалай жүзеге асты? Біздіңше, билік басында Өзбекәлі сияқты мәдениетке жанашыр басшылардың жоғынан тұады.

* * *

Өзбекәлі Жәнібек – өмір бақи Коммунистік партияның мүшесі болған шенеунік. Қатардағы шенеунік емес, партияның өте белсенді мүшесі болған. Бірақ оның өмір жолы мен атқарған ісін сараптаған адам оны коммунист деп айтпас еді.

Ол күрескерлік ғұмырын партияның сыртында емес, ішінде өткізген. Айласын асырып, партияның аса қуатты ықпалын қазақ мәдениетінің өркендеуіне жұмсаған. Партияның саяси маховигіне қарсы тұрып, құр босқа тұралып, тапталып, сотталып кеткенше сол маховиктің күшімен ұлтсыздану науқанын тұралатып тастауды дұрыс деп есептеген. Шартты түрде коммунист саналғанымен, жан-жүрегі мұсылман, бағыты ағартушы, ұлтшылдық болғаны күмәнсіз.

«Тағдыр тағылымы» еңбегінде ол дін жайлы да керемет ойлар айтады: «Имандылық жөнінде айтсақ, оның негізін діннен қарастыру тым қысқа қайырғандық болар. Оған қазақ халқының барлық игі қасиеті мен әдет-ғұрпының

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

тікелей қатысы бар. Осы ретте мұсылман қауымына тән наным-таным сатылары – шариғат, тариқат, хақиқат, мағрипатпен үйлесім табуы қажет-ақ.

Өтті ғұмырым, шариғатқа жете алмадым.

Шариғатсыз тариқатқа өте алмадым,

Хақиқатсыз мағрипатқа бата алмадым, –

деп бабамыз Қожа Ахмет Яссауи толғағандай, осы төртеудің бірлігі ауадай қажет. «Шариғатқа бой ұсынып, тариқатқа сеніп, хақиқатқа жүгінген, мағрипатқа жете алғандарда иман да, ар да, ұят та болады» деген екен бұрынғылар.



ҚҰСҚАНАТ

ТАРИХИ ҚҰЖАТ

Өзбекәлі тарихшы һәм мемлекәтпк биліктә болған басшы ретінде бір нәрсені кәмил түсінген. Түсінген нәрсесін китаптан оқып қана қоймай, практикада қолданыстан өткізген. Мәлім болған ақиқат мынау: киелі нәрседен басқаның бәрі тұрақсыз. Тұрақтылық талап еткен болмыс киенің қасиетімен суарылуы керек. Сонда ғана өткінші мәдениеттің (transient culture) ықпалына ұшырамай, уақыт пен кеңістікпң әсеріне берілмей сау-саламат тұра береді.

Ол 1995 жылы Конституция өзгөріп, билік бір кісінің қолына шоғырланып, мәдениет саласына мәңгүрт шенеуніктер тағайындалған сәтте-ақ көсемнің елді жақсылыққа жетелемесін түсінген. Мұндай теріс бағытқа түскен билік жүйесі бір күні жарға соғылады. Сол кезде бәрі күйрейді.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

Осындай күйреу кезеңі туғанда жұрт есін жиып, тарихи тізбегін іздейді. Мәңгілік мұратын анықтау үшін жанталаса күрескенде Әзірет Сұлтанға бет бұруға мәжбүр. Себебі тарихтың мәні мен мемлекеттің мұратын шенеуніктер белгілей алмайды. Оны әулие-әнбиелер ғана белгілейді. Мемлекеттің тұғыры – Ар алдында тізе бүккен ақжүрек жандар. Олар бағытын айқындағанда Яссауиден медет тілейді.

«Халық өмірлік мұратынан көз жазып қалмасын» деп Өзбекәлі соңғы сағатына дейін Әзірет Сұлтан жайлы жаза берді. Мұны Ғайникен Бибатырованың естелігінен анық білеміз:

«Өзаға ауруханаға жиі түсуші еді. Оны ауру қажытып, нашарлаған кезінде мен ауруханаға көңілін сұрауға барған едім. Ол етпетінен түсіп, Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне қатысты жазбаларын түзетіп жатыр екен. Өзі ентігіп, әрең демалады. Отыруға шамасы жоқ.

– Аға, денсаулығыңызды неге ойламайсыз? Қоя тұрсаңызшы! Сосын жазарсыз, – деп едім, бірден шарт кетті:

– Мен қоя тұрсам, мұны кім жазады?! Менің енді қанша жасайтыным белгісіз, кімге сенемін? – деді.

– Жарайды, жақсы. Шамаңыз келсе жаза беріңіз, – деп жыламсырап шығып кеттім.

Екі күннен соң ол дүниеден озды. Өмірінің соңына дейін Ахмет Яссауидің мұрасын түгендеп жатты».

Өзбекәлінің жанталасып жазып жатқан еңбегі – Әзірет Сұлтан кесенесінің вакуф құжаты. Мұны бір заманда Әмір Темір өсиет етіп қалдырған еді. Ол Қожа Ахмет Яссауиге зәулім кесене салған соң оны қалай сақтап, пайдалану керекін жарлық етіп жазады. Совет өкіметі орнағанға дейін бұл құжат маңызын жоғалтпаған. Заманында Түркістанға билік еткен хандар мен сұлтандар да Әмір Темірдің жарлығын бұзбаған. Большевиктер билікке келген соң қасиетті құжат күшін жоғалтты.

1901 жылы шығыстанушы ғалым А. Диваев жергілікті

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

қожалардан бұл құжаттың нұсқасын тауып алып, орысша аударып, «Туркестанские ведомости» журналына жариялаған. Кейін бұл құжаттың іздеушісі болмай, архивтің бір қатпарында сарғайып қала берген. Қазақстан тәуелсіздігін алған соң, Яссауи мұрасын түгендеуге, оны ұлттық идеология етіп көтеруге құлық танытпады. Осыны байқаған Өзбекәлі хал-қадерінше өзі жинақтауға көшеді. Сөйтіп дуниеден озарына санаулы сағат қалғанда Әмір Темір жаздырған вакуф құжатын қазақша аударып бітеді. Файни-кен Бибатырова келгенде Өзбекәлі сырқатына қарамай етпетінен түсіп, жасап жатқан жұмысы осы еді. Осылайша ол Кесенені қорғап, сақтап, ілімін насихаттайтын бағзыдан келе жатқан тарихи тізбекті қайта жалғап кетті.

Оның бұл стратегиясы өте ұтымды шықты. 2015 жылдары ар-ұяттың дефицитінен қазақ қоғамы құрдымға кете бастағаны сезілді. Үкімет басшылары қанша жерден өздерін «прагматик», «материалиспіз» деп санаса да, тұйыққа тірелгенін білді. Тіпті биліктен басқа құдірет барына сенбейтін экс-президенттің өзі 2017 жылы «Рухани жаңғыру» жобасын жариялады. Бұл жоба сәтімен жүзеге асып, діттеген мақсатына жете алмады. Дегенмен, Әзірет Сұлтан нұсқаған ақиқатқа **ғашық болу дерті** мен соқыр болған **жүрек көзін ашу** жайлы хикметтердің мемлекет тәуелсіздігі үшін қаншалықты маңызды екенін жұрт түсіне бастады.

2018 жылы Түркістан облыс орталығы болды. Әзірет Сұлтанның кесенесін күтіп ұстау маңызды міндетке айналып шыға келді. Оның қабіріне зиярат ететін халық саны күрт өсті. Уақыт өткен сайын оның іліміне қызығушылық артып келеді. Қазақ жұрты «Қаңтар оқиғасынан» кейін ең ұлы нығметі – Тәуелсіз мемлекеті екенін терең ұғынды. Бұл түсінік оларды еріксіз Түркістан тарапына бет бұрғызды. Өзбекәлінің жанталаса аударып кеткен тарихи құжаты мемлекеттің маңызды құндылығының біріне айналып шыға келді.



ҚОСТУМАР

АРЫСТАН БАБҚА ТҮНЕ...

Өзбекәлі дүниеден өтерде баласы Бауыржан мен келіні Гауһарға бүй деп өсиет етіпті: «Қолдарыңнан келсе, денемді Арыстан бабтың басына жерлендер! Киелі қорықта анамның жанына жатайын», – дейді. Себебі Өзбекәлінің өміріне мән дарытып, биік белестерді бағындыруға жігер сыйлаған адамның бірі, туған шешесі Қаныша Томашқызы еді. Бес жасында дүние салған шешесін Өзбекәлі жиі сағынып, еске алатын. Ол 1984 жылы шешесінің қабіріне қазақша нақышпен өрнектелген ақ тас орнатқан. Тасқа «сенің жарқын бейнең ұлыңның жүрегінде мәңгі сақталады» деген сағынышқа толы бір ауыз сөзді ойып тұрып жаздырған.

Аманатты бұлжытпай орындауға Қырымбек Көшербаев кіріседі. Ол бұл істі президент Н.Назарбаевпен ақылдасу керектігін ескертеді. Себебі 1975 жылдан бастап Арыстан баб қорымына кісі жерлеуге заңмен тыйым салынған. Мемлекеттің қарауындағы айрықша жер саналады. Сол күні президент іссапармен Жапонияда жүрген екен. Қырымбек президентке телефон толғап, Өзбекәлінің аманатын айтады. Президент пәрмен береді. Ертесіне оның мүбәрак денесін Отырарға қарай алып шығады. Оған ілесе шыққан алматылық қарақұрым халықты ілестіре кету үшін жолаушылар пойызына қосымша үш вагон тіркеледі.

Қара жамылған көш ертесі күні Шәуілдірге жиналады. Аймақтағы ағайын-туысы түгел келеді. Далаға киіз үй тігіліп,

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

денесі мейрам суымен жуылып, ақ кебінмен аруланып, Құрбан атаның қасына қимастықпен жерленеді. Көп ұзамай оның басына шағын күмбезді әдемі кесене салынады. Қазір оның кесенесі Арыстан баб дүрбесінің қарсы алдында жүз елу метр қашықтықта менмұндалап тұр. Оны білетін момындар Арыстан бабтың басына Құран оқып шыққан соң Құрбан ата мен Өзбекәлі Жәнібектің басына соқпай кетпейді.

* * *

Елдік санасы нығайып, мемлекеттік тұғыры қалыптасқан ұлыстың бәрі қаһарман хандарын қалай болса солай жерлемеген. Ұлт пен ұлысты бір идеяға ұйыстырып, халықтың өркениетке ілесуіне үлес қосқан игі жақсысын да құрметпен арулаған. Оларға кейінгі ұрпақ тағзым етіп тұруы үшін ұлттық пантеонға жайғастырған. Пантеонға келген жаңа буын ата-бабасының тарихи тізбегін қиналмай көре алады. Олардың қандай мақсат пен мұрат жолында өмірін сарп қылғанын түсінеді. Сол сәтте өзінің де көкірегінде «Елім үшін мен не істей аламын?» деген сұрақ пайда болады.

Қазақ халқы үшін тамырын тереңнен тартатын ең ардақты һәм аяулы пантеон – Түркістандағы Яссауидің қабірі. XIX ғасырдың ортасында қазақ даласын аралаған Янушкевичтің естелігінде мынадай дерек бар:

«Дәулетті қазақтар Әзірет Сұлтанның зиратына өзінің сүйегін, кейде жақындарының денесінің бір бөлшегін жібереді. Баянауыл округіндегі әйгілі Шоңның балалары оның аяғының жартысын кесіп алып, қымбат кездемемен орап, қасиетті адамдардың сүйегімен қатар қою үшін Әзірет Сұлтанның кесенесіне жіберген. Қасиетті жерлердің күзетшілеріне берілетін ағыл-тегіл садақа өз алдына».

Мирча Элиаденің пайымынша киелі мекені болмаса, ешбір қауым ұйысып өмір сүре алмайды. Қауымның басы біріккен соң олар «Біз үшін тіршілікте не нәрсе маңызды?»

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

деген сұрақ қояды. Маңыздысы – мәңгілік тіршілікке кепіл болған тәңірлік әлемнен құйылатын ырыс пен құт. Бірақ құт барлық жерде шашылып жатпайды. Тәңірдің назары түскен ерекше мекенде болады.

Ежелгі адамдар не үшін құт дарыған киелі даланы іздеуден шаршамайды? Себебі дүниенің қауіпті екенін білді. Дүниеге хаос үстемдік етіп тұр. Кез келген сәтте елдің іргесін сөгіп, жұрттың ырысын шайқап жіберетін түрлі катаклизм бар. Ол құтпеген тұстан тап беріп, бәрін жайпап өтуі мүмкін.

Міне, осындай апатқа ұрынған халық бүлік біткен соң есін жинау үшін киелі мекенге жиналатын. Сол жерде қайтадан бас құрап, хаосқа қарсы тұратын береке мен бірлікті тылсым әлемнен тартып алуға барын салады. Мұндай менталитет қазақтың арғы атасы Ер Түріктің заманында да болған. Көне түркілер қаһарман ұлдарын алтынмен киіндіріп, олардың мүрдесін Өтүкен тауындағы арнайы обаларға, сағаналарға жайғастырған.

Орта ғасырда исламның келуімен бұл дәстүр трансформацияға ұшырады. Баһадүрлерді бұрынғыдай алтын киіммен көмбейді, бірақ кебінге орап әулиенің басына құрметтеп қоятын жаңа дәстүр орнықты. Түркістандағы пантеон қалыптасқанға дейін Ұлытау мен Сарайшық та осы міндетті атқарған.

Ислам келіп Түркістан топырағынан Яссауи атты әулие-ғұлама шыққан соң бұл орын көшпелі ұлыстың Алладан береке мен бірлік тілейтін киелі қаласына айналды. Қазақ хандығы дербес орда болып құрылған соң Әзірет Сұлтан-ның кесенесін өздерінің рухани астанасы етіп бекітті. Бұл олардың тарих сахнасындағы миссиясын анықтауда өмірдің мәңгілік мұратын меңзеп тұратын рухани темірқазығы саналды. Содан бастап Кесене қазақ жұртынан шыққан бай-бағлан мен асыл текті төрелер, қара қылды қақ жарған би мен батырдың мәңгілік мекеніне айналды. Бұл дәстүр халық санасында тұтастық менталитетін күшейтті. Олар

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Ұлы Даланың шалғай мүйісінде жүрсе де, жүрегнің түбінде Әзірет Сұлтанدى мемлекетпң мәңгілік тіршілігіне кепіл деп таныды. Әр қазақ Түркістаннан бастау алған құт береке түрлі апатқа қарсы тұра алады деп сенді.

* * *

Әзірет Сұлтан кесенесінде қазақтың 21 ханы, 8 сұлтаны жерленген. Қырыққа жуық биі мен жетпістен аса батыры жатыр.

Қазақтың игі жақсылары Түркістаннан шалғай өмір сүрсе де, дүниеден өтерінде мүрдесін Әзірет Сұлтанға апарып жерлеуді аманат етіп тапсырып кететін. Мысалы, Шоң би тірісінде: «Торайғыр (Сұлтанмахмұт Торайғыровтың бабасы) екеуіміздің Құдайға берген уағдамыз бар. Дүниеден қайтып жатсақ хазіретке апарыңдар!» – деп өсиет еткен екен. Шоң бидің мәйітін Сілтіннің бойында аманат сүресіне сақтап қояды. Қырық күндік асы беріліп жатқанда Торайғыр би де қайтыс болады. Екеуін бірге Әзірет Сұлтанның басына әкеліп жерлейді.

Марқұм қыс мезгілінде дүние салса, мәйітп ұақытша сақтап қоятын. Күн жылына бастағанда Түркістанға жол тартатын. Марқұмды бұлай жерлеу қазақ арасында қалыпты құбылыс. Игі жақсыларды Әзіреттің басына жеткізу үшін ішек-қарнын алып, бөлек көмеді. Денесін былғарыға орап сөреге қояды. Сөрені «аманат орны» деп те айтады. Қазірше – морг. Шарты – марқұмның денесі жерге тимей, сөреде тұрады.

Этнограф Жамбыл Артықбаев мынадай дерек айтады: «Қазыбек би қайтыс болғанда оны Әзіреті Сұлтанға апарып жерлейміз деп ұақытша аманатқа қойыпты. Сол маңнан төрт ірі тасты тігінен жерге бекітіп, үстінен кереге жайып, сөре жасап, оның үстіне алты қанат үй тігеді. Бабаның сүйегін былғарымен орап, қаптап сол сөренің үстінде қыс бойы сақтайды. Көктем туғанда Бекболат

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

бастап, елу жігіт Әзірет Сұлтанға алып жүреді. Қаз дауысты Қазыбек бабамыздың сүйегі 1763 жылы көктем айында қасиет дарыған Қожа Ахмет Яссауи кумбезіне жерленді».

Бөгенбай батырдың да жерленуі осыған ұқсас. Батыр Торғай өзені бойында қайтыс болады. Мәйітті ұақытша сөреге сақтайды. Күн жылына бастағанда денесін ақ түйеге салып, қырық бес күн жол жүріп, Әзіретке әкеліп жерлейді. Бөгенбай батырдың денесі ұақытша сақталған «аманат орын» бүгінде «Бөгенбай сәресі» деп аталып кеткен.

Шыңғыстауда тоқсан жеті жасында дүниеден қайтқан Мамай батырды да ұақытша сақтаған. Себебі батыр күздің аяғында қайтыс болды. Ұрпағы денесін Әзіретке апарамыз деп ұйғарады. Алды қыс. Амалсыз батырдың ішкі құрылысын қасап жолымен бөлек алып, Орда тауының етегіне жерлейді. Денесін шөптен жасалған дәрі-дәрмекпен сылап, сөреге қояды. Тұыстары кезек-кезек күзетеді. Қар еріп, жол ашылғанда зембілге салып, Түркістанға әкеліп жерлейді.

Мұндай оқиға мен деректер өте көп. Тіпті аңыз-жырларда да көрініс тапқан. Мысалы, Шекті Тілеу батыр жоңғарлармен соғысып жүріп, Сайрам жеріндегі бір ұрыста шейп болады. Оның денесін баласы Жолдыаяқ батыр Кесенеге әкеліп жерлейді. Бұл оқиға «Тілеу батыр» жырында былай өрнектеледі:

Қалмақтар Жетісуды көктей өтіп,
Сайрамды жермен жексен ойран етті.
Жан алып, жан беріскен осы ұрыста
Батыр Тілеу ат үстінде қапы кетті.
Сарбаздары кеңесіп, ақылдасып,
Сүйегін сонау жерден алып келіп,
Яссауидің дүрбесіне табыс етті.

Жолдыаяқ батыр да дүниеден өткен соң, Яссауидің мазарынан тыныс табады.

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

1884 жылы 9 наурызда Түркістан генерал-губернаторы фон Кауфман Әзірет Сұлтанға мәіт жерлеуге тыйым салатын жарлық шығарды. Заң бұзғандарды айыппұл салып жазалады. Мұның себебін тарихшы Нұржан Сәдірбек былай тарқатады: «Ресей патшалығы түркі халықтарының Түркістанмен рухани байланысын үзуді көздеген. Себебі Сарыарқадан бастап Қоқан, Бұхарадан бері қарай жұрт игі-жақсыларын Кесенеге жерлейтін. Олар мәітп жерлеп қана қоймай, марқұмның асын беруге, моласына зиярат қылуға жыл сайын келіп тұратын еді. Арқа мен Шығысты мекендейтін қазақтар Түркістанға жай келмей, жергілікті ишан-молдалармен келіссөз жүргізіп, өзімен бірге қожалар әулетін көшіріп әкететін».

Әзірет Сұлтан кесенесі қазақтардың рухани тулеп, қайта бірігуіне, ынтымағы мен бірлігін нығайтуға қатты ықпал еткен. Кесененің осындай әлеуетін байқаған Ресей патшалығы 1884 жылдан бастап Түркістанға мәіт әкелушілерге қарсы күрес бастайды. Дегенмен, Кауфманның жарлығынан соң Яссауидің басына адам жерлеу кәдімгідей сирей бастайды. Қазақ арасына Түркістандағы қожалардың ықпалы да әлсірейді.

* * *

Өзбекәлі профессионал тарихшы ретінде бұл шежірені жақсы білетін. Әзірет Сұлтанды қайтадан пантеонға айналдырғысы да келді. Өкінішке қарай ол кезде оның замандастары мұндай тарихи танымнан жұрдай еді. Олар үшін Кеңсайға жерлену абырой саналды. Сондықтан Түркістандағы пантеонды тірілту мүмкін болмады. Қолдаушы аз болды. Өзбекәлі биліктен кеткен соң бұл бастама өшіп қалды.

Совет өкіметі тұсында қазақ зиялылары Алматыдағы Райымбек батыр жанындағы Орталық қорымға жерленген. 1970 жылы мазаратта орын қалмай, пантеон Кеңсайға көшті. Ең жаманы бұл пантеонның киелі қасиеті жоққа тең еді.

Себебі ол жерде ешқандай әулиенің қорымы жоқ. Адамға рухани шабыт бермейді, тылсыммен байланыстырмайды. Кім болса сол жерлене беретін. Жемқор шенеуніктермен бір қорымда жатқысы келмеген кейбір зиялы кісілер бала-шағасына: «Дүние салып жатсам, денемді туып-өскен ауылыма апарып жөрлендер!» – дөп өсиет айтып, мәйітін Кеңсайға жерлетпей қойды. Осылайша кейбір ақын-жазушы адамдардың зираты өз ауылынан жай тапты.

Өзбекәлі де өлер шағында: «Мені Арыстан бабтағы ата-бабамның қорымына апарып қоярсыңдар!» – деп өсиет қалдырған. Өсиеті орындалып, Арыстан бабтың жанынан мәңгілік мекен алды.

Уақыт өте күрескер тұлғаларды жерлейтін арнайы қорым болмаса, мемлекетшілік санаға зақым келетіні белгілі болды. Қазақтың бұрынғы хан, сұлтан, би, батырлары сияқты бәрі бір мөкенде жатпаса, елдің бірлігі ыдырай түседі. Осы проблеманы шешу үшін тарихи танымы таяз шенеуніктер Астанадан пантеон саламыз деп шабылды. Тіпті оған бөлінген бюджеттің ақшасы қоғамда айғай-шү туғызды. Себебі пантеон салуға бюджеттен 958 млн теңге бөлінген еді. Одан бөлек пантеонды күтіп ұстауға жыл сайын 110 млн теңге тағы бөлінді.

Астанадағы пантеонға негізінен министрлер, президентке тікелей бағыныштылар, облыс және Алматы, Шымкент, Астана қалаларының әкімдері жерленеді.

Бұдан бөлек мемлекет басшысы мен оның отбасы мүшелері, премьер-министрлер мен олардың орынбасарлары, Парламент палатасының төрағалары мен орынбасарлары, мемлекеттік хатшылар, Конституциялық кеңес мүшелері, Жоғарғы сот пен Ұлттық банк төрағасы да пантеонда жерленетін құрметті азаматтар тізіміне енді. Қарапайым халық ішінен «Халық қаһарманы», «Қазақстанның Еңбек Ері», «Алтын Қыран», «Отан» сияқты үлкен марапатқа ие болған тұлғаларға ғана рұқсат береді.

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Қазіргі кезде бұл «пантеонда» орын тапшы. 2023 жылы 18 шілдеде Астана қаласының Мәслихат отырысында Есіл ауданы әкімінің орынбасары Дәрменияр Қыдырбекұлы пантеонда төрт орын қалғанын хабарлады.

* * *

1990 жылдары Өзбекәлі Құрбан атасын Арыстан бабтың жанына «қадам жай» дәстүрімен қайта жерлеген еді. Оның оқиғасы былай болған. Өзбекәлінің өзінен үш-төрт жас үлкен Малдыбеков Ыспанқұл деген тұысы һәм жерлесі болған. Ол Жетісай, Келес аудандарында және Алматы қалалық комитетінде басшылық қызмет атқарған. Өзекең оны ерекше құрметтеп «хатшы аға» деп атаған. Сол Ыспанқұлдың Сапар деген тұған ағасы бар. 1990 жылдары Өзбекәлі Сапар ағасына «Құрбан ата қорын» құруды тапсырады.

Артынша Отырар ауданындағы игі жақсылар Созақтағы Қарабураның басына барып, аруақтарға Құран оқытады. Сол жолы Құрбан атасының қабірінен бір ұыс топырақ алып, Арыстан бабтың басына әкеп көмеді. Яғни «қадам жай» дәстүрін жасайды. Топырақ көмілген жерге мазар тұрғызады. Мұның бәрі ар-иманның айнасы болған әулие бабаларынан кейінгі ұрпақ көз жазып қалмасын деген ізгі ниетпен жасалған болатын.

Құрбан атаның денесі Созақтағы Қарабура әулиенің қорымында жерленген. Оның да қызық тарихы мен аңызы бар екен. Әзірет Сұлтан бабамыз Түркістанда дүние салғанда оның сүйегіне Қарабура түседі. Ұлық әулиенің мүбәрақ денесін мейрам суымен жуындырып, ақтық сапарға шығарып салу оның еншісіне тиіпті. Кейін уақыты жетіп Қарабура дүние салғанда оның сүйегіне Құрбан ата кіреді. Қарабура соңғы сәтінде: «Күндердің күнінде Құрбан да паниден бақиға аттанар. Сол кезде оның денесін менің басыма аманаттап қойындар. Оның ұрпағы өсіп-өніп Қаратаудың екі бетін

жайлайды. Тұқымдарынан ел қамын жейтін ерлер шығады», – деп өсиет етіпті.

Құрбан ата да жүрек көзі ашылған әулие болған. Өлетін шағында Киікші, Тіней, Жары, Жартыбас, Сасық, Көтен атты алты баласын шақырып:

– Бейсенбі күні таңға жақын өмірден өтемін. Жұма күні жамбасым жерге тисін! Денемді Қарабұраның басына апарып қойыңдар! – деп аманатын айтады. Жерлейтін жер шалғай болғасын балалары:

– Жұма күні жер қойнына тапсырып үлгереміз бе? – деп ойланып қалады. Сол кезде Құрбан ата:

– Ол істі Ұлық Алла құдіретімен реттейді. Сендер ниет етіп жолға шығыңдар! Киікші балам, үйдің үлкені өзіңсің. Бас болып, түйені жетекке ал! інілерің қасыңда еріп жүрсін! – дейді де таң сахарда жан тапсырады. Балалары уақыт оздырмай мәйітті түйеге артып жолға шығады. Жолда алдынан бес-алты аттылы кісі шығып:

– Жігіттер, жол болсын! Қайда шықтыңдар? – деп жөн сұрайды.

– Діптеген жеріміз алыс. Созақтағы Қарабұра әулиенің басына бүгін намазшамға деин жетіп жығылуымыз керек. Марқұм әкеміз аманат тапсырған соң, амал жоқ тәуекел етіп сапарға шықтық, – дейді олар. Аттылы кісілер:

– Әкенің аманатын орындаған балалар бақытсыз болмайды. Құдай қаласа өсіп-өнесіңдер! Сапарларың сәтімен аяқталады. Уайымдамай жүре беріңдер! Біз жаназадан қайтып келеміз, – дейді де жүріп кетеді.

Ағайынды жігіттер артына бұрылып қараса, әлгі кісілер ізім-қайым жоғалыпты. Жолай тағы да бірнеше танымайтын атты жолаушылар ұшырасады. Екі жақ жөн сұрасады. Бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай, бәрінің жауабы бірдей. Жаназадан қайтып келеді екен.

«Не де болса мынау тегін емес. Мұнда бір сыр бар», – деп жігіттер ойға қалады. Түйені сол жерде шөгеріп, киізді

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

ашып қараса әкесінің мүрдесі жоқ. Түйе жол бойы құр киізді арқалап келе жатыр екен. Сонда барып әлгі жаназадан қайтып келе жатқан жолаушылардың сыры шешіледі. «Дәу де болса әлгілер періште болар. Әкемізді қасиетті топыраққа өздері жерлеп, жаназасын шығарып, қайтып келе жатқан беті екен», – дөп жориды ағайындылар.

Осылайша олар бірнеше күн жүріп Қарабураның мазарына жетеді. Келсе әулиенің жанында топырағы кеппеген жаңа қабір пайда болыпты. Жұрттан сұраса, «Құрбан атаның моласы. Өткен жұма күні жаназасын шығарып, осында жерлеген», – деп жауап береді. Балалары сол жерде әкесінің басына Құран оқып, құлпытас орнатып кетіпті».



ҚОСМҮЙІЗ

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ ӨЛІМНІҢ МӘНІ

«Өмірдің Мәні» деген бұлыңғыр тақырыпты бірден түсіну қиын. Оның мәні ашылып, санаға сәулесін шашу үшін оның сыңары ӨЛІМ жайлы толғауға тұра келеді. Өмірдің Мәні өлімнің аясында ашылады. Адам тірісінде өлімге қатысты қандай позиция ұстанады? Соған орай өмірі мағыналы болып құнарланады немесе құнсызданады.

Адамды биологиялық басқа түрден айырып тұрған ерекшелік мынау: АДАМ ғана өлетінін сезіп жүреді. Өзге тіршілік иесінде ондай қасиет жоқ. Детерминизм заңдылығы-

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

мен зерттесең, жануардың тағдыры әуелден анықталып, не істеп, не қоятыны білініп тұрады. Адамда керісінше, оның болмысы химия, физика, биологияның тар шеңберіне сыймайды. Яғни оны жаратылыстану ғылымының күшімен зерттей алмайсың.

Пенденің тағдырын өмірдің МҰРАТЫ анықтайды. Оның мазмұны неғұрлым қою болса, өмірдің сапасы соғұрлым мәнді болады. Бала жастан қандай мұратқа ұмтыласың, соған қарай тағдырың сомдалады. Енді мынадай сұрақ тұады: «Баянды мұратты қалай анықтаймыз? Қалай болжап білуге болады?»

Жауабы былай: Оны өткен тарих пен ата-бабаның жүріп өткен мәдени, рухани сұрлеуіне қарап қана белгілей аласың. Тарихта қайсыбір идея өміршең болып, елді ынтымаққа ұйытса, ҚҰТ дарытса, сол идеяның ізіне түсу қажет.

Өзбекәлі өмірлік мұратын осылай анықтаған. Өзіне дейінгі хан-сұлтан, бай-бағлан, би-шонжар, батыр, әулие, ишандардың өмірін зерделеген. Олар өшпес із қалдыру үшін қай ЖОЛҒА адал болса, Өзбекәлі сол сұрлеуді саналы түрде тандады. Бұл тандауы халқы үшін құт болды, өзі үшін ажалы жоқ өмірге айналды.

* * *

Өмірдің мұратын анықтаудың тағы бір жолы бар. Ол жолды адамның ақылы емес, АР-ҰЯТЫ табады. Себебі ақыл субъективті арман-мақсатты ғана белгілейді. Ал жалпыадамзаттық бағытты АР-ҰЯТ көрсетеді.

Ожданның үнін тұншықтырған пенде адасуға бейім тұрады. Ұяттың жетегінде жүрмеген ақыл талғамсыз келеді. Не болса соны мақсат етіп ала береді. Өзбекәлінің ұтысқа шығып, ажалды жеңіп кетуінің ірі себебі осында жатыр. Ол қызметте өсіп, телегей-теңіз білім жинаса да, ар-ұяттың талабына қарсы келмеді. Ауыр талап оны жұпыны тұрмысқа байлады, есесіне мәңгі өлмес БОЛМЫСҚА айналдырды.

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Өлім бізге осы нүктеде сенімді серік, жанашыр жолдас боп шыға келеді. Ажалдың арқасында мәңгілік мұратты қатесіз анықтауға ұмтыламыз. Екіншіден, өлім қашан және қай тұстан бас саларын адамға айтпайды. Демек әр сәтте асыл мұраттан көз жазуға болмайды. Қапыда қаза жетіп, өмірді қиып түссе, бәрі зая кетуі мүмкін. Үшіншіден, өлеріңді білген соң арқалаған міндетінді орындап қалуға асығысың. Ажал айдамаса, пенде шіркін бейғамдыққа салынып, бүгінгі істі ертеңге ысырып, ғұмырын ішіп-жеммен қор қылады.

Өлім жайлы толғанған сайын адамда мәңгі бақи өлмей қалуға деген экзистенциялық құлшыныс оянады. Яғни адам болмысы ажалмен жекпе-жек шыққанды жақсы көреді. «Мына құндылықты бойыма сіңіріп, осындай іс атқарсам сен мені жоқ қыла алмайсың» деген жігер жүрекке қуат береді. Керісінше, өлім тақырыбын тұншықтырған сайын болмыстың жойылып кету ықтималдығы арта түседі.

Жоқтық жайлы ойдың қорқынышты болатыны сонша, ақымақ адам соның үрейінен құтылам деп баянсыз қызыққа бата түседі. Мұны байқаған Карл Густав Юнг: «Өлім жайлы толғана алмайтын пенденің психикасын әртүрлі жүйке ауруы жайлап алады», – деген еді.

Өзбекәлі күші таусылып, санасы сөніп, соңғы демі үзілгенше қолына қалам алып, құндылық өндіре бөрді. Оған жігер сыйлаған не нәрсе? Жауабы қарапайым: әуел бастан өлімге дайындықтың жемісі. Қызық пен құмарлықты өмірдің мәні деп түсінген мешеу пенденің санасында өзін-өзі тыстан бақылап тұратын (self-reflection) сергектік қасиет өліп қалады. Сосын өзінің не сөйлеп, не қойғанын бағамдай алмайды. Кейбір шенеуніктердің биік мінберден немесе журналистерден қашатын себебі осы. Олар мейлінше сақтанып сөйлесе де, тіл мен жағы сүріне береді. Ондай шенеуніктің сөйлеген сөзі талай рет халықтың ашуын тұғызып, қоғамдық талқыға да түсті.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

Ақылды адам терең оймен назар салса, өлмесің әдісін ақыры тауып алады. Биологиялық өмір үзілгенде, онымен қабаттаса жүретін ішіп-жем мен ойын-қызық та қырқылады. Тіршілікті биология деңгейінде түсінетін таяз типтердің өлімді жек көруінің себебі осы. Ал экзистенциялық қабатта жүріп жататын әділдік, ар-ұят, махаббат, жауапкершілік, еркіндік, жомарттық сияқты рухани өмірді биологиялық өлім тоқтата алмайды.

Демек, мәңгі өлмеу үшін биологиялық тіршіліктің баянсыз қызығынан шектелу қажет. Рақат пен қызықтан табиғи үлесінді ғана алып, артығынан тыйылып, мәңгілік МАҒЫ-НАНЫ талап етсең – өлмейтін өмір сенікі! Адамның есейіп толысуы деген осы. Есеймесе бүкіл қоғам жаппай балалыққа қалып қойып, ойын-сауықтың ұйығынан шыға алмайды. Мысалы, Өзбекәлі сияқты кесек ойлы тұлғалар бар кезде қоғам да соған беімделіп олар ұмтылған биікке еріксіз талпынады. Мемлекетшілдік сананы күшейтетін маңызды тақырыптарды жаппай талқылауға қатысады. Әу баста дара тұлғалардың кабинетте көтеріп бастаған жобалары уақыт өте келе тұтас қоғамның қозғалуына түрткі болды. Мысалы, 1980 жылдардан бастап ұлттың тарихи жадын оятатын телехабарлар там-тұмдап шыға бастады. Қарапайым ғана айтыс пен терме өнері де сол кезде эфирге жол тартты. Осындай оярудың соңы желтоқсан оқиғасына ұласты. Ұзамай тәуелсіздікке жалғанды.

Ескі Қазақстанда кесек ойлап, тереңнен толғайтын шенеуніктер қалмады. Олар мемлекет деңгейінде тойланатын ұлттық мерекенің бәрін даңғаза шоуларға теңестіріп жіберді. Жоғарыдан басталған жеңілтек менталитет қоғамның барлық қабатына дерт сияқты тарады. Телеарналар тілі мен жағына сүйенген сайқымазақтардың ойсыз бағдарламасына толды. Сөзінде іліп алар мағына жоқ кулекеш қызжігіттер саяси қарьера да жасай алатын деңгейге құлдырады.

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

Биліктің өзі өлімді ыңғайлап, «Биыл біздің елде пәлен адам қайтты. Оның пәлен пайызы қарттар, түген пайызы балалар» деген сияқты құрғақ статистикаға айналдырып алады. Жыпырлаған цифрдың көлеңкесінде «Өлімнің Мәні не?» деген тақырып талқыланбай қалды. Негізінде әр адамның өлімі мемлекет үшін маңызды құбылыс болуы шарт. Мағынасыз өмір сүріп, мәнсіз өлетін адамның ажалы – бір шетінен мемлекеттің ішіндегі мәдениетке қатысты саясаттың қаншалықты сапалы жүріп жатқанын көрсетіп тұратын барометр.

* * *

Кейбір пенде ажал жайлы ойламасам көңілім тыныш болады деп есептейді. Бірақ бұл тыныштықтың да өтеуі бар. Өзіңнен жаттанып, болмысыңды бөтенсіп, оны қабылдай алмай қаласың. Тағдырыңа жаны ашымас ақымаққа айналасың. Өзіңнің емес, құдды бір қас дұшпаныңның өмірін сүріп жүргендей бағалы күндеріңді қалай болса солай өткізесің. Өкінбей өлгің келсе, ар-ұяттың қуатымен өмірлік МҰРАТ пен МАҚСАТЫҢДЫ айқындап алуға міндетпсің.

Әдетте өлім сағаты тақағанда Құдаймен ісі жоқ кісінің көңілін ұайым басады: «Мен өліп қалсам бала-шағамды кім асырайды?», «Бұларға кім қорған болады?», «Бала-шағаның жағдайын жасап кететін әлі де күшім бар еді», «Өмірдің қызығы тез бітіп қалды. Аман қалсам тағы да рақатқа батар едім». Яғни олар алдағы болатын оқиғаны емес, артта қалып бара жатқан жағдайға көбірек басын ауыртады.

«Өлім мен өмірдің Мәні не?» деген сұраққа жауап іздегенде кейбір типтер өлім үреінен қорғану үшін дінге ойсыз жабысып алады. Бес парызды орындап жүрсем өмірім жақсы болады» деп діннен ұйықтатын рұхани дәрі (моральное снотворное) жасап алады. Бірақ діннің ішіне бүккен МҰРАТЫ мен ХИКМЕТІН ұстай алмай, жансыз құлшылыққа ойсыз маталады. Олар да ажал сәті жақындап, үрейлі сағат-

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

тың соңғы минуты соға бастағанда қорқыныштан қалшылдайды. Олар көбіне «Тозаққа түсіп кетсем не болады? Құдай күнәмді кеше ме?» деп байбаламға салады.

Бұл екі топқа қосылмайтын Өзбекәлі сияқты таңғажайып типтер сирек те болса кездеседі. Өлім жақындаған кезде бұлардың көңілінде жалғыз алаң болады. Ол – ЕЛДІҢ АМАНДЫҒЫ. Ажал сағаты тақаған сайын көңілін невроз жайлайды. Бірақ бұл – пайдалы невроз. «Қап, қысқа жіптің күрмеуге келмей тұрғанын қарашы. Ұрпаққа жол көрсететін шамшырақ еңбекті молынан өндіру керек еді. Алла бір күн ғұмыр берсе, оны да осы іске пайдаланып қалар едім. Елімнің тәуелсіздігі мығым бола ма? Кейінгі ұрпақ ұйысып, елдік сананы көтеріп кете ала ма?» деген сыңайдағы сұрақтардың талауына түседі. Мұндай алаңның мысалын көргіңіз келсе, Ілияс Омаровтың соңғы хатын оқыңыз (*63-бетте*). Осындай сұрақтардың талауына түскен кезде адам өзінің шексіз бақытты болмыс екенін саналы түрде түсінеді.



АРҚАРМҮЙІЗ

ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ

Қазақ халқы Алтын Орда дәуіріндегі айбыны мен қайратын қайта тапқысы келсе, тарихтан сабақ алуға міндетті. Ол үшін саяси сауатты әрі бөлсенді болуға бет бұруы тиіс. Саяси енжарлық авторитарлы немесе тоталитарлы режимді дем-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

де тіріліп жібереді. Бұл екі режимнің қаупі мынада: басшылар елдің санасына «тарих менен басталады» деген жалған идеологияны сіңіреді. Мұндай сана орныққанда мәңгіртенген халық өзінің тарихи тамырына бойлағысы келмейді. Көз алдында пайда болған көсемге «Осының арқасында ел болып отырмыз», – деп көзсіз табына береді. Өзбекәлінің өзі де авторитарлы режимнің құрбаны болды.

2005 жылғы президент сайлауынан соң билігін біржола бекіткен экс-президент өлі-тірі бәсекелестерін тарихтан біржола сызып тастауға барын салды. Тірілері екі рет жүрегінен, бір рет басынан атып, «өзіне қол салды». О дүниелік болғаны кітап болып басылу құқығы мен мүзей, ескерткіш болып ашылу мүмкіндігінен айырылды. 2006 жылдан бастап қазақтың көсемдерін насихаттау кілт үзілді. Есесіне Елбасының авторлығымен жүзден аса кітап жарық көрді. Ескерткіштері ашылып, деректі фильмдер түсіріліп жатты. Университет, мектеп, әуежай, мемлекеттің астанасы экс-президенттің есімімен аталды.

Осындай қараңғы жылдарда Өзбекәлінің аты барлық жерден өшірілді. Қаламгер Қалаубек Тұрсынқұлов бүй дейді:

«Қазақ энциклопедиясы» баспасы «Түркістан» энциклопедиясын жарыққа шығарды. Кітап дүкенге түскен күні қуана құшақтап үйге әкелгенмін. Кешкілік жұмыстан келсем, сол кітапты парақтап ашып көрген жолдасым Нағима: «Мына кітапта неге Өзағаң жоқ?» – деп дүрсе қоя берді.

Алғашында сабыр сақтап, бәлкім, ғалымдардың бәрін енгізуге мүмкіндік болмаған шығар деген оймен кітапты мен де парақтай жөнелгенмін. Жоқ, ғалымдар бар екен. Саны аз да емес, тек Өзбекәлі Жәнібек ішінде жоқ болып шықты. Келесі күні қызметтестеріме айтқанда олар да таңғалды. Өзбекәлі неге жоқ?!

Бір кезде ұмыт болып бара жатқан Яссауидің мавзолейін қасиет санап, үн көтерген Өзбекәлі емес пе еді? Мұны ешкім жоққа шығармас. Табылса, тәңір сазайын тартқызар.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

Өзбекәлінің осы ғимарат пен көне Түркістанды ту етіп ұстау үшін жасаған әрекеттерін сонау Оңтүстік Қазақстан облыстық комсомол комитетінде бірге істеген кезден білемін. Кейін Мәдениет министрінің орынбасары, министр, Орталық партия комитетінің хатшысы болып тұрғанда Түркістан үшін, жалпы қазақ мәдениеті үшін жасаған еңбегін бүкіл қазақ біледі. Сөйте тұра мына энциклопедияға енбей қалған».

* * *

Сыншы ғалым Құлбек Ергөбек бұй дейді:

«1998 жылы Өзбекәлі дүниеден өткен соң жылдық асына дейін Өмірзақ Айтбайұлы бас болып елге сауын айтып, естелік жинадық. Баспагер Ғарифолла Әнес өз қаржысына «Өзбекәлі Жәнібек» деген атпен кітап шығарды. Өзбекәлінің туғанына 75 жыл толғанда «Рух сардары» деген естеліктің келесі кітабын жарыққа шығардым. Демеуші өзім.

Оның 80 жылдық мерейтойында естеліктер жинағының кезекті толқынын жинақтап, «Қазақпарат» баспасына тапсырдым. Мәдениет министрлігі арқылы қаржы бөлдірдік. Баспа басшысы Қонысбек Ботбай, неге екенін қайдам, «Рух сардары» деп атап тапсырған естеліктер жинағын «Рух сарбазы» (2011 ж.) деген жұпыны атпен, көріксіз безендіріп, тығыз басып, оқылмайтын керексіз кітап етіп шығарды.

Айтулы азаматтың 90 жылдық мерейтойында 650 беттік қолжазба әзірледім. Соны «Кітап етіп шығарайық, орайын келтіріңдер!»—деп Отырарауданының әкімі Әбдіғани Жүнісовке хат жаздым. Ол орынбасары Сейтжановтың артына тығылып, маған жауап жіберіпті. «Қаржы қаралмаған! Ө.Жәнібек жайындағы кітапқа демеушілік жасай алмаймыз...»

Бары осы. Өзекеңнің кіндік қаны тамған аудан әкімі: «Қаржы қаралмаған!» — дейді. Сонда бұл әкім халықтың даңқты перзенттері Қажымұқан, Өзбекәлі, Шәмшінің мерейтойларын күні бұрын ойланып, қамданып қимылдай алмағаны ма?

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

«Өзекеңнің кітабына демеушілік іздеп әкімге қайырылуымның өзі қате екен. Олар Өзекеңді қадірлесе, осыдан екі жыл бұрын қоғамдық негізде ашылып, экспозициясы жап-жақсы жасалып, тәп-тәуір жұмыс істеп тұрған «Өзбекәлі Жәнібек» музейін жабар ма еді, шіркіндер?»

* * *

Өзбекәлінің жұбайы Қалихан апамыз бұй дейді:

«1998 жылы Нұрлан Балғымбаев Премьер-Министр болып тұрғанда, Өзбекәлінің есімін мәңгі есте сақтау туралы алты пункттен тұратын Үкімет қаулысы қабылданды. Ол ең алдымен «Шәуілдір ауылындағы «Отырар» мемлекеттік археологиялық қорығына Өзбекәлі Жәнібектің есімі берілісін!» деп басталған еді.

Бұған қоса, онда мектеп, көше атауларын Өзбекәлінің есімімен атау, оның тұрған үйінен мұражай ашу, Алматы облыстық филармониясының «Сазген» фольклорлық-этнографиялық ансамбліне Өзбекәлінің есімін беру секілді мәселелер қозғалған.

Бірақ оның бірі де орындалмады. Одан кейін 2002 жылы ма еді, Мәдениет министрлігіне қарасты Түркістандағы тарихи-этнографиялық музейге Өзбекәлінің есімін беру туралы өтініш хат жазғам. Бірақ сол кездегі министрдің орынбасарынан: «Археологиялық музей дербес музей емес, ол «Әзірет Сұлтан» қорық мұражайына кіретін көптеген музей объектілерінің бірі. Сондықтан оған Өзағаның атын беру тым аз» деген жауап алдым. Оның орнына 2003-2004 жылдары Түркістан қаласындағы сәулет ескерткіші «Анарбай көпес үйінен» Өзбекәлінің музейін жасаймыз деген. Ол уәде де сөз күйінде қалды».

* * *

Құрметті оқырман! Біз жансыз деп есептейтін тарихтың өзі әділетсіздікке төзбейді. Соған қарап тарихтың да тірі

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

екенін, оның да белгілі бір мақсатта жаралғанын түсінуге болады. Тарих әділдікті сүйеді. 2018 жылдан бері Түркістан шаһары облыс орталығына айналып, елдегі ең әсем қалалардың қатарына енді. Оны дамыта тусу үшін бюджеттен қисапсыз қаржы бөлініп жатыр. Бірақ осынша төгілген тер мен жұмсалған ақшаны тарихтағы әділетсіздік бұзып тұр. Ол – Түркістан қаласын дамыту кезінде Өзбекәлі тұлғасының еленбей қалуы. Оның атында жарқырап жатқан көше жоқ. Орталық аланда қала жұртының көңіліне дем беріп тұратын еңселі ескерткіші бой түземеді. Керуен сарай қалашығын соққанда оның атын жаңғыртып тұратын ғимарат не сарай салынбады. Жаңадан салынған саябақтарға да оның есімі бұйырмады. Келешек ұрпаққа оның қасиеті Кесенені сақтап қалу жолындағы жанкешті еңбегін дәріптейтін музей және жоқ.

Яссауи дүрбесінің кішкене құжыра бөлмесінде «Өзбекәлі Жәнібек» көрмесі қалт-құлт етіп әрең тұр. Кемеңгер тұлғаның еңбегін дәріптейтін жәдігерлері өте аз. Оның өзі Кесененің жиі ауысып тұратын директорларының көңіл күйіне тәуелді. Бұл орынға тарихи танымы таяз, елдік санасы төмен қуыскеуде басшылар отырса, көрменің жабылып та қалуы мүмкін. Музейге реставрация жиі жасалады. Жөндеу кезінде Өзбекәлі бөлмесі де уақытша жабылуға мәжбүр. Бір қызығы, Өзбекәліге арналған осы бір жалғыз көрменің өзі мемлекеттің қолдауымен ашылмаған. Берік Байболов есімді қатардағы қызметшінің жанкешті еңбегімен жасалған дүние. Ал ресми мекемелер керісінше қаржыдан қысып, Отырардағы Өзбекәлінің атындағы музейді жауып тастады.

* * *

«Әзірет Сұлтанның» ішінен Өзбекәліге арнап көрме жинастырған Берік Байболов мынадай естелік айтты:

«Ұмытпасам, шілде айы болатын. Түскі үзіліс. Жұмыста жалғыз қалдым. Әріптесімнің біразы еңбек демалысында,

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

қалғаны түскі асқа кетті. Өткенде бастаған кітабымды аяқтап тастайын деп ойладым. Ол Өзбекәлі Жәнібектің «Тағдыр тағылымы» кітабы болатын. Оны оқыған сайын көзге жас үйіріледі. Сол үшін де кітапты жалғыз қалып оқуды ұйғарған едім. Әттең, неткен ғұмыр... Балалық шақтың қызығы мен қиындығы қатар жүрген Өзағамның тағдыры осындай болған екен-ау деп те қоямын. Ол тағдырға төтеп беріп, білімін шындап, мақсат құрып, соған өзін-өзі жетелеген.

Әріптестерім түскі астан келгенше кітапты аяқтадым. Өзағам біршама мақсатына жеткен. Халықтың мәдениеті мен өнерін әлемге танытқан. Соның жолында аянбай тер төккен. Жүздеген мұражайды өз қолымен жасаған. «Әзірет Сұлтан» мұрасының тірілуі де Өзағамның арқасы.

Кітапты аяқтаған соң санамда сілкініс тұды. «Біздің елде Өзбекәлінің еңбегі неге насихатталмай жатыр? Халқы ер азаматын ұмытқан ба? Неге ол жайлы айтпаймыз, дәріптемейсіз?» деп ойладым. Сосын мұражай басшысына барып «Өзбекәліге көрме ашсақ қалай қарайсыз?» деп ұсыныс айттым. Басшы қарсы болмады. Өкініштісі, мұражайда Өзбекәлі ағамыздың өзі өткізген кітап сөресі мен «Қоңырат» кілемі ғана бар екен. Екі жәдігермен көрме өткізе алмайсың. Өзағамның үйінің телефонын тауып, қоңырау шалдым. Тұтқаны Қалихан апамыз көтерді.

– Апа, амансыз ба? Түркістаннан хабарласып отырмын. Есімім Берік. «Әзірет Сұлтан» музейінде жұмыс істеймін, – деп өзімді таныстырдым.

– Жайшылық па, балам? – деп сұрады.

– Көмегіңіз қажет. 28 тамыз Өзбекәлі ағамыздың туған күні. Соған орай көрме ашсақ деп ойлап едім, – дедім.

– Шынымен көрме жасайсындар ма? – деді. Байқағаным тамағын өксік қысқандай апаның дауысы дірілдеді.

– Осы күнге дейін Өзекеңнің жәдігерлерін алған мұражайлар көрме жасамады ғой, балам, – деп мұңын айтты.

– Апа, көресіз, мен жасаймын, қолымнан келеді, – де-

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

дім. Қалихан апа күйеуінің көп жәдігерін Орталық музей мен «Отырар археологиялық қорық-мұражайына өткізгенін, өзінде азғантай дүниесінің қалғанын айтты.

Көп ұзамай апамыз Өзағаның көзі тірісінде тұтынған заттарын жіберді. 2009 жылы 28 тамыз күні Кесенеде «Өзбекәлі Жәнібек — мемлекет және қоғам қайраткері» деген тақырыпта көрме жасадық. Көрменің ашылуына Өзбекәлі ағамыздың зайыбы Қалихан апамыз бен ағайын туыстары, көзкөрген замандастары келді. Қалихан апа көзіне жас алып, риза болып, батасын берді. Сол сәтте өзімді бақытты сезіндім. Тіпті Өзағаның рухы шаттық сезімде болғандай әсер етп».



АЙЫР ӨРНЕСІ

КӘМІЛ БОЛМЫС

Кіріспеде БОЛМЫС жайынан сөз еткен едік. Есіңізде болса «Адамнан басқаның бәрі піскен болмыс» деп ескерттік. Енді соны тарқатып жазатын жерге жеттік. Адамнан басқа жан иелері тіршілікте өз болмысын жарып шығуға талпынбайды. Қалай туылды, солай қалады. Өлгенше өзгеріске ұшырамайды. Өзгере алмағаны үшін өкінбейді. Жануарда «БАР бола алмадым» деп өкінетін сана-сезім жоқ.

Бұ дүниеде АДАМ ғана шикі болмыс саналады. Шикі болғасын да өмір сахнасы оған толық пісіп, толысып, кеме-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

лине келуге берілген мүмкіндік алаңы болып есептеледі. Яғни адам өзін өзі болдыруға міндетті.

Тақырыпты ақылман Аристотельдің ойымен өрбпсек былай болады: Адам болмысында «ПОТЕНЦИАЛ» деп аталатын қуатты рухани энергия қоры бар. Ол энергияға «ұшқын» тиіп жөнімен жарылатын болса, оның рухани толқыны қоғамдағы қисық-қыңыр көзқарасты түгел талқандап, тарихтың дөңгелегін кері айналдырып жібереді.

Потенциалын елдің игілігі үшін жаратуға батылы жеткен пенде мәңгі бақи өлмейтін БОЛМЫСҚА айналады. Сол үшін де оны ағылшынша BEING деп атаған. Яғни БОЛУ (be) етістігіне ұдайылық мағынасын үстейтін көсемшенің ING (BE+ING) жалғауы жалғанады. Сонда ол «болып тұра беруші», «ұдайы болып тұра беретін», «болып тұру қабілеті үзілмейтін» деген жаңа мағынаны иеленеді.

Орта жастан асқан соң бізді экзистенциялық қысымға алып, жанымызды сығып жіберетін рухани ауру да осыдан шығады. Дүние қызығының тәттілігі сонша, мәңгі БОЛЫП тұра беруші болмыстық (being) сипатымызға ауыса алмай, баянсыз қызыққа маталамыз. Маталған сайын өлімнің бізді күйрете алатын күші барын жон арқамызбен сезе түсеміз.

Іштегі үрей осы қорқыныштан қуат алады. Себебі биологиялық денемізбен сезінетін рақат пен психологиямен алатын эмоцияның бәрі ажалға төтеп бере алмайды. Өлім бұл екеуін бір-ақ сәтте жойып жібереді. Болмысы өлгенше ашылмаған, потенциалы сәуле болып шашылмаған қуыс-кеуде типтердің қартайған сайын өлімнен қорқып қалшылдауы осымен байланысты.

Адамды жойып жіберетін ажалды рухани ПОТЕНЦИАЛ ғана тоқтата алады. Бірақ бұл потенциал сәтімен жарылып, өлімді жеңу үшін кісі баласы «КӨПТІҢ ҚАМЫН ЖЕУ» деген жаңа деңгейге өтуге міндетті. Өйтпесе потенциалын не болса соған жұмсап, әбден шашып-төгіп, ақырында ешкім-

ге керексіз бейшараға айналуы абден мүмкін.

Әдетте адамды ЕРКІН тіршілік иесі деп таниды. Расымен де адамның қалау мен таңдау еркіндігі шексіз. Осы шексіз еркіндіктің арқасында адам баласы кейде ойына не келсе соны істеп, жер-әлемді былыққа батырып жібереді. Сонда адамға бұл нығмет не үшін берілген? Шексіз еркіндігін қай жаққа жұмсаса бақытын табады? Себебі «еркіндігіме қол сұқпа! Не істесем де өзім білем» деп алқынған адамның көбі тағдырын жарға апарып соғады.

Мұндай залалы бола тұра әулие-кемеңгерлер неліктен еркіндікті алтын тажге теңейді? Дұрысы былай болса керек. Жаратушы адамға шексіз еркіндікті АР алдында, Халық алдында, Құдай алдында ЖАУАПКЕРШІЛІК арқалау үшін берген. Жауапкершілік арқалағысы келмейтін кез келген пенде дүниенің баянсыз ұйығына жұтылып кетеді. Ал, саналы түрде жауапкершілікті арқалаған кезде құпия потенциалдың жасырын қоймасына «от» тиеді. От болып жанатын бұл деңгей қып-қызыл уағыз бен құрғақ сөзді қабылдамайды. Мұндай өмір дамылсыз іс-әрекетті, ерлік пен күресті, амал мен айланы, айқас пен шайқасты, тауекел мен тәубені ұнатады. Мұндай майданда қуаныштан көрі қиындық пен қайғы басым болады. Себебі адам болмысы трагедияның төсінде шындалады.

«Адамзаттың абыройын парасат биігінен құлатпаймын, оның ең ұлы тіршілік иесі екенін ісіммен дәлелдеймін» деген Өзбекәлі сияқты өжет тұлғалар ғана ішкі потенциалын қорықпай жарып, оның қуатын сарқа пайдаланып, қайғы мен қиындықтың арқасында осы дүниеде абден пісіп, кемеліне келгенде болмыстық сипатына ауысып, ажалсыз аймаққа өтіп кетеді. Осы кезде адам боп туудың миссиясы оңымен аяқталды деуге болады. Ажалсыз аймақтағы БОЛМЫС тірілерге әсер етіп тұра береді. Олар біздің тағдырымыздың оңға қарай өрлеуіне кәдімгідей ықпал етеді. Ескі Қазақстанда отыз жыл бойына бағы ашылмаған қазақ

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

халқы өмірлік мұратын айқындап ала алмай тұйыққа тіреліп тұр. Ана тілі, құнарлы әдебиеті, терең тарихы, мазмұнды руханияты, киелі ұғымдары аяқ асты болып, намысы түгел қорланды. Тұтас мәдениеті құрып кете жаздап қыл үстінде әзер тұр. Осыншама ауыр қысымға қарамастан қазақ халқының әлі де сынып кетпей тыпырлап жол іздеуі үмітті күшейтеді. Өкінішке қарай көзі тірі көсемдерден қайран болмады. Биліктің тізгінін ұстаған тірілер отыз жылда жемқор жүйені дамытып, тәуелсіздік тұғырын шайқап жіберді. Ел-жұрт тұманнан жол таппай қиналып тұрғанда Өзбекәлінің мәңгілік БОЛМЫСЫ ғайыптан түскен құтқарушы жұлдыздай жарқ ете қалды. Амалы құрыған қазақ ұлысы енді Өзбекәлі болмысынан қуат алып, өмірлік мұраты мен мәңгілік бағытын айқындап алмақшы. Болмысқа айналған осындай тұлғалар болмаса біз өмірімізді дұрыс сүруді кімнен үйренер едік?

* * *

Құрметті оқырман! СССР кезінде фамилиясы ЖәнібекОВ деп орысша жалғаумен белгілі болған тұлғаны кітаптың басынан аяғына дейін «ЖәнібекОВ» деп емес «Жәнібек» деп қазақша жаздық. Ол біздің бастама емес немесе ұлтшылдықпен өзгерткен жоқпыз. Оның тарихы мен құпия сыры бар.

1991 жылы Өзбекәлі «өз еркімен» зейнетке шыққан соң өкпесіндегі кеселі күрт асқынып кетеді. Негізінде бұл адамды алып ұратын емі жоқ ауру емес-тін. Жөнімен емделсе жөнін тауып кететін көп сырқаттың бірі. «Өзбекәлі ұзақ жасайтын адам еді. Оны құртқан елдің ішкі саясаты. Қазақ мәдениетінің бес жылда бордай тозғанын көрген кезде бүкіл еңбегі зая кеткендей түңіліп кетті. Әсіресе экс-президент Н.Назарбаев Мәдениет саласына мансап пен байлықтан басқа мүддесі жоқ мәңгірт шөнеуліктерді тағайындай бастағанда депрессияға оңбай құлады.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

1991 жылы-ақ қазақ мәдениетінен мақұрым, ұлттық танымы тар, жағымпаздықтың майын ішкен, саяси ортада «циркач», «иллюзианист», «клоун» деген лақап атпен танымал болған Қанат Саудабаевтың Мәдениет министрі боп тағайындалуы Өзбекәлі үшін ауыр үкім сияқты естілді» деп замандастары естелік айтады. Ауруы асқынып, өмірі күрт қысқарып бара жатқанын сезген Өзбекәлі ел-жұрты үшін пайдалы боп қалатын игілікті істерді тезірек жүзеге асыруға барын салады. «Жаңғырық», «Уақыт керуені», «Жолайрықта», «Қазақ киімі», «Ежелгі Отырар», «Тағдыр тағылымы» деп аталатын кітаптар жазып қалдырды.

Әсіресе «Тағдыр тағылымы» атты өмірбаян еңбегін жанталаса жазып, 1996 жылы жарыққа шығарады. 1997 жылы баласы Бауыржанды шақырып: «Өмір бақи ЖәнібекОВ-пен орыс болып өмір сүрдік. Сол да жетер. Ең болмаса қазақ боп өлейік. Мә, мына паспортты алындар да, «Өзбекәлі ЖӘНІБЕК» деп қазақшаға ауыстырып әкеліңдер!» – деп бұйырды.

Ол 1998 жыл 24 ақпан күні мәңгілік сапарына аттанды. Бала-шағасының қолында сақталған паспортқа қарасаңыз «Өзбекәлі Жәнібек» деп анық жазылып тұр.

Өмірінің ең соңғы сағатында Әмір Темірдің Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне арнап шығарған вакуф құжатын қазақшаға аударып кетті. Өзбекәлі Жәнібектің Кесене үшін жасаған ең соңғы еңбегін назарларыңызға ұсынуды жөн көрдік.

* * *

Жаратқан Ием – жалғыз Алладан өзге көңілге ұялаған һәм мінәжат ететін құдіретіміз жоқ. Мұхамбет оның елшісі! Пір тұтатын пайғамбарымыздың шынайы әулетіне, үрім-бұтағымен оның жолын қуған ұмбеттің бәріне Алланың шапағаты жар болсын!

Бұл құтхана мешіт (Кесене) Алла тағаланың мейірімі мен рахымына кенелген әмірлердің ұлылығы, барша жұрт-

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

тың Патша ағзамы Әмір Темір Көрегеннің жарлығымен һәм мәңгі бақи бұзылмас вакуфпен тұрғызылды. Рақымы күшті Алла тағалам оны қарауындағы елге пана болуға жазсын!

Жаратқан Иеме құлшылық етіп, елшісіне бас иіп, бойсұнған соң сөзімді бастаймын.

Мұны әркім біліп қойсын! Егер Жарылқаушының һәм Қорғаушының шексіз ықыласы түсіп, құлдарының біріне қайырымдылық қоймасының есігін ашып, таусылмас қазынаға кенелтетін болса, оған қарсы келетін қол табыла қоймас. Өзі жарылқап, өзгелерден мәртебесін биік еткен, һәм осы күнәһар пендесіне мұны аян еткен Жаратқан иемнің қалаулысы – Әмір Темір. Алланың бұйрығымен бар күш жігерін, кеңпейілдігін асырып, қайырымдылықтың қаруымен бекзаттықтың дәнін себе бастаған тұста Ұлы дәуірдегі өрбу мен ырзықтың таңғажайып бастауынан нәр тататын кезең – рухы жұмақта жатқан Әмір Тарағайдың ұғылы Әмір Темір Көреген Баһадүрдың есімімен байланысты.

Жаратушының қалаған құлдарына қайырымдылық қоймасының есігін ашатын сәтті күндері көп. Алланың күнәһар құлы, оның әділ жазасынан үміткер пендесі Әмір Темір Көреген – ұлық тақуа, тақуалардың тәркі басшысы Әзірет Сұлтаннан, шындық пен ақиқаттың Сұлтанынан, Аллаға құлшылық етуде мүлтіксіздікке жеткен бейкүнә жандардың Сұлтаны – Қожа Ахмет Яссауидің қасиетп де тауықты, Алланың нұры түскен мүрдесіне арнайы дұға шығарып, тамұқтың тозақ отынан арашашы болуын тілеп, оның құрметіне бірнеше вакуф тағайындады.

Вакуф Қожа тумасы қайнарынан басталатын Жіңішке арық суы мен оның екі жағындағы егістік жерлерден құралады. Ақжар жолымен шектеліп, Әзіреті Құлқайыр Атаға қарай кетеді.

I. Осындай шегі айқындалған жерлерден түсетін өнім белгіленген мақсатқа жұмсалуды қажет. Егістіктің түсімі

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

қалтқысыз, айқын вакуфпен белгіленгесін игілікті іске ғана жұмсалсын. Олай дейтінім, вакуф мәңгілік, шектелмеген, ешқашан бұзылмайтын, баршаға міндетп һәм шариғатқа сай етіп жасалған. Жаратқан Иемнің кеңшілігіне ниет артатындай етіп орайластырылған шаруа. Вакуфты сатуға, меншіктеуге, біреуге мұра етіп беруге болмайды. Ол құжатта көрсетілген баптарымен сақталуы тиіс. Вакуф дүниенің ақырына дейін күшін сақтайды.

Вакуф жүргізушілерді тағайындау немесе босату – құрылтайшының еркі мен талабына сай жасалады һәм мұндай тәртіпті бұзуға ешкімнің құқығы жоқ.

II. Вакуфтан алынған түсім мынадай тәртіппен таратылады:

Ислам туын ұстаған, әулиелердің тақуасы һәм бабагөйі – Қожа Ахмет Яссауи рухына бағыштайтын, Алланың рақымы оның мүрдесін жарқыратып жіберетіндей етіп құран оқитын қарилардың еңбегін өтеуге жұмсалсын. Құран түсіретіндер әулиенің қасына жерленген, бақилық болған өзге кұнаһардың да жанының жай табуы үшін дұға оқысын.

III. Мір Әлі шайқы – Хасан шайқының ұғылы, Садыр шайқының ұрпағы. Садыр шайқы – Қылует деген лақап атпен де белгілі. Қожа Ахмет Яссауидің туған інісі. Мір Әлі шайқының тәні мен бетінде әулиелігін аян ететін һәм біреуге көмектесуге дайын тұратын парасаттылығын аңғарған соң, оны әулиенің жұпар иісті мүрдесінің қасында болуға лайық көріп, мұтавалий еттім.

Ол тағайындалған қызметін ойдағыдай атқарып, қаһарлы сот күні істеген ісіне дұрыс жауап бере алатындай болуы тиіс. Егер үйлестірушінің көңіліне жақпаса, ол шығыны мен ысырабы мол шаруаға бармайды. Мір Әлі шайқыдан соң мұтавалийлікке оның еркек кіндікті ұрпағы тағайындалсын.

IV. Қасиетп мүрденің жанында су тасушы, еден сыпырушы міндетін мүлтіксіз һәм адал атқаратын екі адам жергілікті ағайындардан тағайындалатын болсын.

V. Қожа тумасы қайнарына жақын орналасқан вакуфтық

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

жерге бау-бақша өсіруді жете меңгерген, қызметіне адал һәм мақтауға тұрарлық екі бағбан сайлансын. Оларға бақты көркейтп, ұлғайта түсу ісі міндеттелсін.

VI. Егер вақфты шайқалтуға немесе жоюға тырысатын зұлымдар табыла қалса, Мір Әлі шайқы оларды арам пиғылынан арылтуға қам жасауы тиіс. Егістік жерлерден алынған түсімді қалтқысыз сақтап, тәртіппен жұмсасын. Түсім белгілі ретпен жұмсалуды үшін мұтавалийдің қолына оның түгелдей түсуі қамтамасыз етілсін.

VII. Аптаның дүйсенбі, жұма күндері Әзірет Сұлтаннның кесенесінде Құран оқитын қарилар үшін және жарлы-жақыбай мен мүсәпірлерге, жетім-жесірге арнап «Хәлім-ботқа» пісірілсін. Оған екі жарым батпан бидай, екі батпан ет, қажет мөлшерде тұз және отын бөлінсін.

Күн сайын күлше пісіріліп пақырларға үлестірілсін. Оған қажетті ұн, тұз, ноқат жеткілікті мөлшерде жұмсалсын. Күлше жасау үшін бір жылда жүз батпан бидай жұмсалсын.

Ас дайындауға және күлше жабуға жыл сайын жүз есек отын дайындалсын. Егер вақфтан алынған өнім жаратылған мөлшерден артылып қалса, әулие мұрдесінің үстіне тұрғызылған ғимаратты жөндеуге жұмсалады. Бұл ғимарат осы жолмен сапар шеккен жолаушылар үшін аялдайтын орын болуы тиіс.

Уа, ізгі ниетті жарандар! Егер мұтавалийдің еркек кіндікті ұрпағы таусылса, онда вақфты басқару үшін қабілетті адам іздеу міндеті хәкім мен қазилерге жүктелсін. Мұтавалий – жағымсыз қылығы жоқ, кіршіксіз таза, дінге шексіз берілген пендеден болуы шарт. Мұндай жағдайда жауапкершілік хәкім мен қазидің ар-намысына жүктеледі. Олардан вақфтың мүлтіксіз орындалуы мен мұтавалийдің қызметіне тиісті бақылау қоюды талап етемін.

Жаратқан Иеме жалбарынып, вақфтың мақшар майданына дейін аман тұруын тілеймін.

Егер вақф жүргізуге құқығы бар өкілдің бәрі тоқтайтын

болса, Жаратқан Ием солай шешкендіктен, одан түсетін қаржы тіршілік тоқтағанша діндар қауымның қарамағында болсын. Олай дейтінім, Жаратқан Ием – жердегі тіршіліктің қожасы һәм қорғанышы, оған қуат беріп, қорғай алатын жалғыз құдірет.

VIII. Вакуфты ештеңеге айырбастауға болмайды. Билік бұл тәртіпті мұқият қадағалап отыруға тиіс. Түркістанда және оның айналасында тұратын жұртқа арнап қала маңында қанша арық болса да, олардың әрбірінен «Хәлім ботқаға» керекті су және екі көш жер алынатыны жайлы қосымша вакуф тағайындаймын. Ол вакуфта шын ақиқат жолын құған, шындықтың Сұлтаны, Жаратқан Иеме құлшылық ету-де мінсіздікке жеткендердің тәркі басшысы, әулилердің әулиесі – Қожа Ахмет Яссауидің әруағына бағышталды. Жаратқан Ием оның қасиеті мұрдесін шапағат нұрымен жарқыратсын! Кімде-кім қаһарлы сот күні тамұқта болғысы келмесе, вакуфқа зұлымдық жасап әуре болмасын!

Әрбір арықтан суы мен қоса екі көш жер бөліп берілетіні жайлы вакуфқа Мір Қарасу арығын жатқызамын. Ол Әзіреті Сағды-Баққасқа берілді. Сығанақ, Шорнақ арықтарының суы екі көш жерімен қоса Шорнақ Ата деген лақап атпен белгілі Қажы Мәлікке, дәруіш Әли Сығанақидің немересіне, Шайдай Сығанақи шайқының ұғылы Куиіндік Ата Сығанақидің ұрпағына белгіленеді.

Ақмаңғаз, Қарғас, Қарабұлақ, Сызатбұлақ, Ақтөбе, Мишпен қоса Үржар, Ақзіл қия бұлағынан басталатын Көктас қайнарларынан су тарататын Шорнақ, Сығанақ арықтары вакуфтың Сығанақ бөліміне жатқызылады.

IX. Ұлық Әзірет-Дәруіш Әли Сығанақи әулиелердің сұлтаны – Қожа Ахмет Яссауидің көзі тірісінде мешіт хатыбы етіп тағайындалған екен. Одан кейін де бұл қызметке дәруіштің ұрпақтары тағайындалып келіпті. Сол тәртіп сақталсын.

Жоғарыда айтылған әрбір арықтан Әзірет Сұлтанның

ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ

қасиетті иглігіне суымен қоса екі көш жер бөлінетіні жайлы вакуф мынадай арықтарды қамтиды: Қия шоқы Басарық, Шат, Дарбаза, Ташанақ, Шаға, Қосқорған.

Мешіт хатыбы осы арықтардан суымен қоса екі көш жер алып астық егеді немесе біреуге беріп, алынған түсімді қажетіне пайдаланады. Мұның ақысы үшін хатыб намаз кезінде вакуфтың құрылтайшысына ұзақ өмір тілеп дұға етсін.

Мутавалий вакуфта көрсетілгендердің оннан бір бөлігінің жартысын өз қажетіне пайдалана алады.

Вакуфта есімі аталған шайқы (Мір Әлі Қожа) белгіленген шартқа сәйкес екі қаридың арбіріне жыл сайын жүз елу батпан мөлшерде нан пісіруге жарайтын астық өнімін, ал су тасушы, бағбан, еден сыпырушылардың әрқайсына жүз жиырма батпан астық өнімін беріп тұруы тиіс.

Вакуфтан келетін барлық түсімді мутавалий өзі қабылдап, осы адамдарға үлестіріп отырсын. Ал батпан мөлшері Түркістанда қабылданған батпан мөлшерінің ең жоғарғысымен теңестірілетін болсын.

Х. Вакуфпен басқару тек мутавалийдің қолында болатынын ескертемін. Егер мутавалий вакуфты заңсыз жүргізіп жатыр дейтін пенде табылса, ондай пиғылды жүрегінен шығарсын. Шенді тұлғалар, хәкімдер, мансаптылар және қаратобырлар «вакуфты өзгертемін немесе өзге иглікке алмастырамын» деп әуре болмасын. Мұндай құлықтыларға қатаң жаза қолданылатыны ескертілсін. Вакуфтың қайсыбір шартын алмастырамын деп оның құқығына тиісетіндер табылса, ондайларды қарғыс атсын. Алланың қаһарына әулие, періштелердің, бүкіл елдің қарғап-сілеуіне душар болсын! Жаратушының мәңгілік азабына тап болсын!

1998 жыл, 22 ақпан

P.S. Екі күннен соң Өзбекәлі Жәнібектің жүрегі мәңгілікке тоқтады.

ЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

Құрметті оқырман, кітап осымен бітті. «Шіркін, мына кітап аяқталмай, жалғаса түссе ғой» деп өкініш сезіміне шырмалып отырғаныңызды сеземіз. Мұңаятын ештеңе жоқ. Кітап Өзбекәлі Жәнібектің өлімімен аяқталғанымен, осы нүктеден оның болмыстық (онтологиялық) өмірі басталады. Оның таңғажайып болмысы ішкі әлеміңізге ент, көңіл төріңізге жайғасты. Ол енді сіздің ақылшыңызға, қиналғанда ақыл сұрайтын ағаңызға, күрескенде медет тілейтін рухани тірегіңізге айналады.

Өзбекәлі мен оның шешесінің қабірі Арыстан баб кесенесінен жүз елу қадамдай жерде жатыр. Жол түссе, марқұмдардың қабіріне Құран оқымай кетпеңіз.

Бұл кітап дүшм жұрттың атсалысып, қаржылық қолдауымен жарыққа шықты. Демек, бұл игілікті істе сіздің де үлесіңіз бар. Құран Кәрімде «Момынның ізгілік жолында екен бір дәнін жеті жүзге көбейтемін» деген Құдайдың уәдесі бар. Олай болса жобаға үлес қосқан ақжүрек жандардың үшине кетпес береке дарып, мал-дәулеті мен құтырысы таси берсін! Кітаптың тезірек шығуына жәрдем қолын созған «Assyllas» қоғамдық қорына ерекше алғыс айтамыз.

Кітапта кездесетін кешіпкерлерді және Өзбекәлі ағамыздың сирек кездесетін фото-суреттерін QR код арқылы таманалай аласыз.

МАЗМҰНЫ

| | |
|-------------------------------------|-----|
| Өзбекәлі және мәдени майдан | 1 |
| Қыздарға қорған табылды | 8 |
| Ұрда-жық ұран | 11 |
| Мәдени майданның басталуы | 15 |
| Ғани Мұратбаев феномені | 20 |
| Құрбан болған дауыс | 27 |
| Ескерткіш үшін егес | 29 |
| Болгариядағы бүлік | 37 |
| Саудагер министр | 48 |
| Портреттің терең сыры | 71 |
| Мәдени айдау | 88 |
| Торғайдың тозуы | 92 |
| Торғайдың түлеуі | 96 |
| Өркениеттің оралуы | 101 |
| Торғай әуендері | 106 |
| Қазынаға ие болу | 109 |
| Музей мәдениеті | 112 |
| Нар тәуекел – ердің ісі | 117 |
| Торғай театрының тууы | 123 |
| Театрдағы тұлпар | 128 |
| Этнограф хатшы | 132 |
| Театрмен тәрбиелеу | 136 |
| Арқалықтың ақ таңы | 139 |
| Шәмшіге қорған табылды | 145 |
| Өсетін елдің ұландары | 159 |
| «Әуелі – мәдениет, экономика сосын» | 164 |
| Жер астынан жік шықты | 171 |
| Жақсыда жаттық жоқ | 176 |

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

| | |
|----------------------------------|-----|
| Туристерді тарту | 179 |
| «Қаралы хабарды» естірту | 188 |
| Киелі мекенге оралу | 192 |
| Екінші онкүндік | 200 |
| Алғашқы экскурсовод | 208 |
| Әулиеге құрмет | 214 |
| Майдан шебі Алматыға ауысты | 221 |
| Қазақ биі және Ольга әжей | 227 |
| Наурыздың оралуы | 232 |
| Тайқазанның тағдыры | 241 |
| Қабіржапқыштың тағдыры | 250 |
| Қойшы мен Министр | 257 |
| Бес арысты ақтау | 260 |
| «Өзбекәлінің қыздары» | 272 |
| Қазақ тілінің тірілуі | 278 |
| Шығыстану факультеті | 288 |
| Өзбекәлі және қазақ мұсылмандығы | 295 |
| Торғайдың тағдыры | 303 |
| Өзбекәлі және Билік | 310 |
| Өзбекәлі және Нұрсұлтан | 323 |
| Өзбекәлі және Қайсар рух | 332 |
| Ұлтқа қызмет ету – мінезден | 338 |
| Тарихи құжат | 348 |
| Арыстан бабқа туне... | 351 |
| Өзбекәлі және Өлімнің мәні | 360 |
| Жақсының аты өлмейді | 365 |
| Кәміл болмыс | 371 |

*Тұтас кітапты немесе кітаптың қандай да бір бөлімін
кез келген форматта авторлардың рұқсатынсыз
көшіріп басуға болмайды. Барлық құқықтары сақталған.*

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАЙДАН

Редакторы
Сәкен Нұрқабекұлы

Корректоры
**Арайлым Олжахан
Аяұжан Рысқұлқызы**

Дизайнер
Арман Гинаятұлы

Теруге 01.11.2023 жылы жіберілді.
Басуға 10.11.2023 жылы қол қойылды.
Пішімі 84x108 1/32 Шартты баспа табағы 24,0.
Таралымы 5000 дана.

«Отбасы» баспа үйі
Алматы қаласы, Шұғыла ш/а 340/3 к17
Байланыс телефоны +7 707 327 56 65

Міне, оқушым, осымен әңгілемізді
доғарсам деймін. Оқырманға қазақ
балысы мен тұрмысынан әңгіме-дүкен
құратын тұынды берсем деп армандаушы
едім. Соған қолым жетті ме, жетпеді
ме, оған төрелік айтатын өзін, боларсың.
Шағдыр жазса әлі де талай-талай
кездесерміз. Айтылғандардан, өсиет,
нақыл сөз болмаса да, әркім өзіне керегін
ала жатар. Азын-аулақ болса да біреуге
пайдалы болып, өнегеге жараса, өзімді
бақытты сезінемін.

Аман бол, өзіңе мал байлық, зор
денсаулық тілеймін!

Ш. Дысановтық

«Шағдыр тағылымы»



+7 707 327-56-65

otbasyhrestomatiasy

